мен тәжірибесін меңгерген білімді ұстаз Пулат Шариповты қосты. Сонымен, біздің факультет «Актер шеберлігі» пәнінен мемлекеттік емтихан тапсыру дәрежесіне жетті. Одан қалды, ол кезде факультетаралық, кафедрааралық жұмыстар қызу жүретін. «Өнер» телестудиясын ашып, хабарлар, кішігірім қойылымдар түсіріле бастағанда Аман Бекенұлы мен Қадырқұл Нысанбайұлы бірі студент актерларын, бірі бишілерін жіберсе, Керімбай Исаұлы студияны көркемөнер заттарымен көркемдеп, Сейтқали мырза Киім дизайны кафедрасында жүргізушілерге киім тіктіріп, Ағаш дизайны кафедрасында арнайы жиһаздар жасап беріп отырды. Айта кететін жәйдің бірі, бүгінде ел аузына ілігіп, актер атанып жүрген Нұрлан Әлімжан мен Әділ Ахметов сында бірталай жастар сол кезде осы телестудияда жарық, камера, микрофон дегендерді алғаш сезініп, студенттік қойылымдармен ауызданып, тәжірибе жинаған жастар. Осындай ауызбіршілік арқасында мен студент жастардың «Дидар» кинофестивалін де ұйымдастырып жолға қойған едім. Жігіттердің, әсіресе Аман Бекенұлының көмегі көп болды. Тіпті оқу Стандарттарын, Бағдарламаларын жасауда не ескерілу керек, студенттер жағдайын қалай реттеу қажет әрі кафедралар жұмысын жетілдіру қандай дәрежеде болуын осы кісіден үйрендім десем артық айтқандық емес. Үнемі осы оқу орнының әр бұрышында жақсылық болсыншы деп жанұшырып жүреді. Кешегі Рабиға апай мен Маман ағалардың «Аман аман болсын, біз сонда алаңсыз ана дүниеге кетеміз. Артымызда бізді жоқтайтын, театр өнерін көтеретін, ұрпақ тәрбиелеуді жалғастыратын, факультет, академия уығын тірейтін тірегіміз»,- дегенін өз құлағыммен талай естігенмін. Шынында да, соншалықты беріле, ерекше жанашырлықпен күйіп пісіп жүретініне таң қаласың.

Сол жұмысбастылығына қарамай, Аман Бекенұлы студенттерге арнап теориялық негізде бірнеше оқулықтар да жазды. Солардың қомақтысының бірі, «Актер шеберлігі: теория мен тәжірибе» деп аталады. Бұл толыққанды ғылыми еңбек бес көлемді бөліктен тұрады. Жалпы актер ғана емес, адам бойына қажетті Әдептен (кіріспе бөлімі) қомақты жұмыстарға кіріседі. Ол кісі ең алдымен К.Станиславский жүйесінің тууы және қалыптасу кезеңдеріне тоқталады. Бұл арада автор өзінің терең білімін, кезінде Мәскеуде аспирантураны оқыған кездегі ғұлама ұстаздардың да Константин Сергеевич жүйесінсіз қадам баса алмайтынын, жалпы Актер шеберлігінің қыры мен сырын, технологиясын жүйелеп кеткен бірден бір адам, сол -К.Станиславский екенін қазақ оқырмандарына, Актер немесе режиссер боламын деп жүрген талапкерлерге, жас ұстаздарға жеткізе білген. Ол жүйенің бүгінгі таңға дейін әлемдік актерлік мектептерде де қолданатынын біз жақсы білеміз. Сондықтан оқулықтың осы тараудан басталуы заңды.

Ал, екінші тарауға келсек, онда Эмоцияны сөз етеді. Әрине, бұл тараудың өзі бірнеше бөліктерден тұрады. Эмоцияға сипаттама бере отырып, Дифференциялы эмоциялардың теориясы, Қиял мен ерік, Қиял мен сезім, Көркем қимылдар, Шапшаңдық, ырғақ, өлшем, Мақсат. Бағыт, Мінез Құлық, Сөйлеу болмысы, Қайта жандану мен қайта айналу, Эмпатия тақырыптары

өздері айтып тұрғандай көп ізденістерден алынып ұсынылып отырған ғылыми тұжырымдамалар. Көптеген шетелдік әрі ресейлік ғалымдардың еңбектеріне баса назар аударылып, бүгінгі қазақ театр өнеріндегі актерлік шеберліктермен тоғыстырыла жазылған еңбек.

Келесі тарау Сахналық қайта жандандырудың имитациялық теориясы деп аталады. Онда Актердің екі қыры, Алғышарт (С.Михоэлс термині), Актер туралы парадокс, Өмірдің психикалық қоздырғыштары, Елестету мен күйзеліс театры деген салаларға таратып берген. Әрі осы тарауда сол театр педагогикасының, актер шеберлігінің теориясын негіздеген бірнеше кісілердің өмірі мен шығармашылығына егжей тегжейлі тоқтап өткен. Мысалға, К.С.Станиславский, Е.Б.Вахтангов,В.Э.Мейерхольд, Е.Гротовский, М.А.Чехов, Ә.Сығай есімдері театр өнерінің теориялық негізін жасап кеткен тұлғалар екені айқын.

Әрине, актер өнерінде Қиялдау және Еркіндік болмаса болмайды. Осы қомақты тақырып Аман Құлбаевтың еңбегінде келісті орын алған. Оны жан жақты саралау үшін Әбекең біреше салаға бөліп қарастырған. Айталық, Қиял мен сезім және Аффектік естелік. Актердың да адамның да басынан өтетін жәйлар жайында автор жаза келіп: Сіз басыңыздан өткен оқиға есіңізге түскенде бозарып, қызарып қала аласыз ба, өткен күйзелісіңізді еске алудан қорқасыз ба, онда сіздің жадыыңызда жоғалмаған сезім немесе эмоциональ - дық зейініңіздің бар екені белгілі - деп жазады. Сонымен қоса: Кейбіреулерде аффектік бейне әлсіз немесе жоқтың қасы,өзге кісіде қайта жанданып немесе толығымен байқалады. Зейіннің осы бір екі түрін ажырату үшін біз оларды құрайтын элементтері мен механизмдерін жекелеп алып қарастырамыз, -деп таратады.

Бесінші тарауға келсек, Сахналық күйзелістер сезімнің заңды шынайылығын тұтас қарастырады. Бұл тарау да Актерлік өнердің екі қыры, Сахналық қайта жандану ғаламаты, Сөйлеу болмысы немесе сөйлеу әрекеті сынды бірнеше бөліктерден тұрады. Әлемдік ғалымдар С.Рубинштейн, А.Леонтьев, П.Гальперин, Л.Выготскийлердің зерттемелеріне сүйене отырып, ғылыми тұжырымдамаларын негізге алған. Ғұлама ғалымдардың өзекті ойларын жеткізе білген. «Сөйлеу - бөтен біреумен араласу құралы ретінде ойда (ой, сезім, күйзеліс) болудың үлгісі немесе ойдың қатысу үлгісі» - деп жазады С.Рубинштейн. Ғылыми тілде Сөйлеу туралы «сөйлеу болмысы» немесе «сөйлеу әрекеті» деп атайды. Кейбір ғалымдарда осы ұғымдар біркелкі, келесілері «сөйлеу болмысын» -бихевиристік психология ұғымы-кең көлемде әрекеттердің (әрекеттер теориясы) бірі ретінде сөйлеу психологиясы ұғымында қалыптасқан. Әрекеттердің бағытын Л.Выготский мен оның шәкірттері жасаған. Ол бағыт мынадай көрініс береді: адам қоршаған ортада еліктеумен (жанарлар сияқты) өмір сүрмейді, күнделікті тұрмыста екпінділік танытып, әрекеттермен бағындыруға тырысады.

Қорытындылай келе айтарымыз, Аман Бекенұлының өмірбойы зерттеп, зерделеп келе жатқан Актер ойыны көп жағдайда өзінің қиындығымен де

қызықты, өйткені, актер мамандығы көп жағдайда жұмбақ материал болуымен қатар –өзіндік жұмысы, күнделікті психофизикалық әрекетке дайын болуы, соңғы кезеңдегі сахна өнеріне қызмет етеді. Актердан талап етілетіні, ол тұтастай кейіпкер бейнесіне енуі қажет. Дегенмен де кей кезде айдалада сырттай шеттеліп, бақылаушы болып алыстап кетпеуі керек. Оған кейбір сәтте тез тұтанып шынайы да, жалған да болуы мүмкін. Ол шын мәнісінде кейіпкер кейпінде бола біліп, әрі таза шындықпен сахналаық өтіріктегі әрекетте айта білуі керек. Ол оңайлықпен келмейді, бірақ, ол өте маңызды әрі ол жөнінде сахна қызметінен соң өз өмірі болмыстық қалпына түсуі сахна өнерінің ерекшелігі мен қасиетін танытады.

Осындай ізденіс жолында Аман Құлбаев әріптесімізге талмас жігер мен зор денсаулық тілеймін.

Ғайнижамал ӘБІЛДИНА, профессор

Секциялық мәжіліс / Секционное заседание
II – Секция
Жаһандану кезеңіндегі Қазақстанның заманауи театр және кино өнеріндегі пластикалық экспрессивтілікті оқытудың пәнаралық интеграциясы және технологиялары

ТЕЛЕВИЗИЯ ӨНЕРІНДЕГІ ПЛАСТИКАНЫҢ ОРНЫ

Абильдина Ғ.Б.
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясының профессоры
gainijamal_ulitau@mail.ru

Телевидениенің әртүрлі сипаттамасына тоқтала келіп, оның эстетикалық ерекшеліктерінің өркендеу негізінде шартты түрде екі топқа бөліп қарастырған жөн: бір жағынан телевизиялық бейненің онтологиясы мен оны қабылдау түйсігіне байланысты болса, екінші жағынан телевидениенің байланыстушы құрал ретіндегі ерекшелігі ретінде көрінеді. Осы сипаттамалар арасындағы алғашқы көрініс, әрине, телебейненің шапшаңдығы, электрондық мозаиканың байқалмауы көрерменді тартады. Соның өзінде эстетикалық тұрғыда кино мен телевидение арасындағы белгілі шекараның болуын үнемі әрі бәрі де бағалап, мойындай бермейді: кейбір зерттеушілердің байқауынша тіпті тікелей телебағдарлама да «кәдімгі кино», «кәдімгі фильм» сияқты қабылданады.

Сахнадан мәтін естіле бастаса – театральдық уақыттың жылжи бастағаны,экранда оқиға өрби бастаса – киноның уақыты кете бастайды. Телевизиялық уақыт – ол экрандық оқиғаның жүріп жатқаны, оның кадрдегі комментарийі және экран уақытымен сәйкес біздің де өткізіп жатқан субьективті уақытымыз. Көріністің монтажы бірнеше камералардан алынып беріліп жатқанын сезіп отырсақ та, обьект бірнеше қырынан көрініп жатқанымен, - бейнефильмнің монтажының классикалық тәсілінің осы екенін білеміз.

Телевидение – тек жалпы коммуникацияның құралы ғана емес, шығармашылықтың маңызды түрі де. Шығармашылықтың қай түрі болмасын өзінің арнайы көркем тілін – өз ойын іске асыру үшін шығармашылық адамы техникалық тәсілдер мен көркемдік құралдарын қоса пайдаланады. Шығармашылықтың техникалық жағын шеберлікпен шатастырғанымыз дұрыс емес. Сонда да техникалық құралдарды жетік меңгермейінше автор бағдарлама барысында ойының нақтылығы мен тереңдігін аша алмаған болар еді. Телевидение мен кино, экрандық көркемдіктің құралдары ретінде, ортақ

дүниемен – өз негізінде – ортақ «экран тілімен» деген жалпы атаумен ерекшеленеді. Экран тілін кинематограф қалыптастырғаны белгілі: телевидение бұл тілді экран шеберлері қалыптастырып әрі көрерменді оны қабылдауға тәрбиелеп қойғанда пайда болды.

Осы арада Сергей Эйзенштейіннің бір ғасыр бұрын айтқан тұжырымды ойын келтіре кетсек, ол «И вот перед нами живая жизнь в чуде телевидения, готовая взорвать еще не до конца освоение и осознанное опытом немого и звукового кинемтографа. Там монтаж, например, был лишь более и менее совершенным следом реального хода восприятия событий в творческом преломлении сквозь сознание и чувства художника. А здесь он станет самим непосредсредственным ходом в момент свершения этого процесса. Произойдет поразительный стык двух крайностей»[1]. Шындап келгенде Эйзенштейн бойынша кино мен телевидение бірімен бірі қайшылықта бола тұра шығармащылық бірлестікте дамиды. Ол сөзсіз, телевидение көріністі кино тәсілімен жасайды. Екеуінде де экран бар, тек аумақтары әртүрлі.

Экран сол сәтте көрсетілетін аумағына шектелген кеңістіктегі көріністі – кадр деп атаймыз. Көріністің экрандық құралдары - кино мен телевидение-тек кеңіс-тіктік қана емес, уақыттық қасиеттермен де бекітілген. Сондықтан да «кадр» ұғымы тағы бір қасиет – уақыт қашықтығын, яғни, экрандағы көріністің ұзақ-тығын қамтиды. Сондай – ақ, кадр деп фильмнің (немесе бағдарламаның) бөлігі ретінде камераның «бір қарағанда» түсіргенін де айтамыз. Яғни, камераның үзіліссіз жұмысы, басқаша айтқанда, - кинокадрдегі бір көріністің басынан аяғына дейін жүріп отыруы (немесе телекамераның эфирге қосылғаны мен хабар аяқталғанша қосылып отырған уақыт мөлшері). План деп кадр ішіндегі қамтылған көріністің ауқымын айтамыз. «План»ұғымы камера мен түсірілетін болмыстың ара қашықтығын объективтің көзінен әріқарай бейнелейтін пішіннің немесе заттың қаншалықты қомақты көрініс екенін де білдіреді

Өнер туындысының әлеуметке әсері эстетикалық тәрбиесінің тұтастығы жөнінде хабардар бірде бір шынайы суреткер шығарманы немқұрайлы жасауға жол бермейді. Қоғамдық көзқарастың ауқымын жете сезінген мықты режиссерлардың бірі С.А.Герасимов осы тұрғыда былай деген екен: «Я, когда снимаю современную ленту, всегда думаю, что она будет показана на телеэкране, поэтому не боюсь что –то удлинить, не боюсь крупных планов» [2]. Осы уақытқап шейін телевидениені киностилистикадағы, кинотіліндегі, кинематографиялыққөркемдіктегі болмысы жағынан қарастырып келеміз. Сонымен бірге киносипаттама апектілеріне де тоқталамыз: біздің көз алдымызда телевизиялық әсер беретін екпінмен қанықкан фильмнің мазмұны жоспары да пайда болады. «Кинофильм или телефильм принадлежит идеологической борьбе, культуре, искусству своей эпохи. Этими сторонами он связан с многочисленными, вне текста фильма лежащими сторонами жизни, и это порождает целый шлейф значений, которые и для историка и для

современника порой оказываются более существенными, чем собственно эстетические проблемы», - [3]

У.Н.Бернштейннің мынадай жазбалары бар екен: «Қозғалыс актісінің бағдарламасын тұтастай алғанда, біз оған басқа анықтаушы факторларды тауып, бейне немесе қойылым әрекеттерінің нәтижелерін (соңғы рет немесе сатылап), осы әрекеттердің туындаған қимыл – қозғалыстардың мақсаты деген тұжырым жасай аламыз...»[3] Қозғалыс актісінің жетекші өзегінің сипаттамасы үшін менің қызыққаным, сол бейне немесе қойылым психология кеңістігіне жататын әрекеттер нәтижесі ретінде физиологиялық механизмнің осы тұсын соның негізіне енгізе отырып қарстырғанымыз, біздің назарымыздың оның бар екеніне бұрылмағаны немесе өшірілгені деп қарауға болмайды. Қозғалысты жоспарлау және тзету процесінің үзілмейтін психофизиологиялық бірлігінде біз осы жағдайды осы уақытта түйсініп әрі белгілі термин арқылы жетекші фактордың психологиялық аспектісін қамтып, сол уақыттың өзінде, ол физиология ретінде мүмкін, қозғалыс әрекеттерін үйрену майданында қалдырып, әлі де физиологиялық аспепктісін ашық көрсете алмай жатқан болар. Дегенмен де ignoramus дегеніміз ignorabimus емес.[3] Н.Бернштейн.

Экранмен жұмыс барысында да және қиялмен әрекет жасағанда да біз «тегістеу әдістемесін» пайдаланамыз.Тегістеуді біз өзіміз процесс ретінде екі жағынан да қарастырамыз:бір жағынан, бейне – қиялды (эталон, бейне) өзіміздің ойымыздан шығатындай етіп, үнемі дұрыстап, келтіріп әрі ыңғайлап отырамыз; ал, екінші жағынан, біз үнемі Бейне-қиялға қатысты өз қимыл мен әрекеттерімізді түзетіп бағамыз.

Түзету үдерісі қалай жүргізілетіні туралы айта кетсек, «Жаңа қимыл – әрекеттерін меңгеру процесінің негізгі өзегі,- деп жазады Бернштейн, - ... бірте – бірте мақсат еткен міндеттерді орындауға қажет оптималды қимыл тәсілдерінен тұрады. Сонымен, дұрыс жолға қойылған жаттығулар бірнеше қайтара қайталанып, немесе басқаша қимыл міндеттерін тауып, осы есептерді шешу үдерісі болса, біренен кейін бірі өзгерсіке түсіп әрі әрекетті жетілдіреді. Қазірдің өзінде бәріне аян болғандай, «жаттығу өз кезегінде қайталаусыз қайталаулар» екені және сол жағдайды ығыстыратын қозғаушы күш ретінде механикалық жаттандылық – тәсілмен, баяғыда – ақ, педагогикада өзін жоққа шығарған болатын».

Жалпы сахна өнерінің реформаторы К.С.Станиславский өзінің қойын дәптерінде 1929-шы жылы былай «Ишаратпен сөйлесу керек. Ол, сахналық міндеттердің бірі сияқты рефлекторлық күйзеліс тудырады»,- деп жазыпты. «Ол дегеніміз Джемстің теориясы бойынша!» - деп бас саласыз сіз. Сіз дұрыс айтасыз. Станиславский Джемстің теориясын біледі, ештеңесін өзгертпейді – бірақ! – өзінің «жүйесінде» осы жазбалармен шектеледі. Станиславский Джемстің дұрыс айтқанын мойындайтын болса, ол өзінің «жүйесән» қайта қарап шығып және... жаңасын жасаған болар еді.

Тағы да У.Джемстің жаңалықтарына жүгініп, еске салып әрі оның теориясын есте сақтап қалайық. Джемстің бізді сендіргеніне қарағанда, реакция пайда болуына ол түйсікпен болсын, эмоционалдық үдерісте болсын, осы нысан бойынша немесе бейне туралы әшейін еске алудың өзі жеткілікті деп есептейді. Адам өзінің арына тиген сөз үшін өзі шынайы сезінбей жатып қатты ашуға баруы мүмкін. Джемс «эмоция ұғымы» ұғымын пайдаланып, оны оңды - солды сілтеп, сол бір жағдайларға сәйкес те, сол обьект нақты шынайы зат ретінде қызмет етіп, сонымен қатар, қашан қай обьект қиялмен берілген дүние сияқты жүре береді. Ол өзінің әсерлік көрініс теориясын ол кәдімгідей, дененің қозуы оны қоздыратын фактының міндетті түрде болғанына, әрі «сол қоздырғышты сол кезде біздің мойындауымыз дұрыс болса, және ол нағыз – эмоция». Мысал ретінде: біз мал – мүлкімізден айырылдық, қапаландық әрі жылап отырмыз, біз аюға жолықтық, қорқып кетіп әрі қашуға бекіндік, бізді жау таптады, жынымыз келді, намысымыз қысты әрі соған қарсы соққы бердік. Менің қорғап отырған гипотезамаға байланысты, - деп жазады Джемс, - бұл оқиғалардың тәртібі сәл өзгешелеу болуы керек еді; шындығында, алғашқы жан ауруы екіншімен аяқ асты ауыспайды: олардың арасында жан пайда болуы керек, сондықтан да тиімдірек былайша болады: біз қапалымыз, өйткені, жылап отырмыз, ашуымыз қысып отыр, өйткені, басқа біреуді ұрып жатырмыз, қорқып тұрмыз, өйткені, дірілдеп тұрмыз, бұлай сөйлемеу керек: біз жылаймыз, ұрамыз, дірілдейміз, өйткені, қапалымыз, ашуға тірелдік, қорқыныштымыз».

Осы гипотезаның пайдасы туралы У.Джемстің аргументі ешқайда бұлтартпайтындай мығым: Әрбір әсер белгілі физикалық әсер ретіндегі жолдар арқылы өз ағзамызға кеңінен таратылатын әрекеттер сияқты бізге эмоцияны тудыртып немесе эмоционалды бейнелердің пайда болуына әкеледі.«Егер біз орманда қыдырып жүріп, өзімізге қарай қозғалып келе жатқан қара бірдеңе (пәлені) көрсек, жүрегіміз алқымымызға тығылады, сосын дымымызды шығармай, әлі басымызға төнген қауіп туралы ештеңе ойлап үлгермей жатамыз», сонымен бірге «... қандай болмасын, дене қимылының өзгерісі,пайда болған кезде қалай болғанда да, анық немесе көмескі сезілінеді» Сонымен қоса, Джемс өзінің теориясының ең маңызды пунктін пардоксальды белгімен көрсетеді: «егер біз көз алдымызға қандай бір күшті эмоция түрін алып келсек және оны біздің санамыздағы осы жағдайдан біртіндеп шығаруды көздесек, онда денедегі соған қатысты симптомдардың бәрін сезініп, ақыр аяғында сол эмоциядан келесі эмоцияны тудыратын «психикалық материал» ретінде ештеңе қалмайды».

Эфирге шыққан кісі, ол мейлі репортер, мейлі коментатор болсын, негізгі міндеті - беріліп жатқан сюжеттегі ақпараттың шынайы екендігін растап немесе өз көзқарасын білдіріп, көрерменді иландыруы керек. Сондықтан кадрда жұмыс істеген кісінің сезікті күйі, тіпті дауысындағы діріл мен қаймығу көрерменге кері әсер береді. Әрине ол арада құбылудың қажеті жоқ.

Әңгіме ауыр драмалық не болмаса қайғылы жағдай туралы болып жатса, тілші өзін көтеріңкі көңіл күйде үстап, дауысы жарқын шыға алмайды.

Репортер үшін кадр сыртындағы мәтінді оқып түрғанның өзінде де дауысында өзіндік өрнек болуы керек. Кадр сыртындағы мәтінді оқып түрғанда екпінге көбірек назар аударылса, көрерменге тікелей жеткізілетін stend-ир әртістік қимылды көбірек қажет етеді. Кісінің өзін көрсетуі сол арадағы жағдайға байланысты ұстамдылықта болуы керек. Сырт көріністе өзін белгілі жағдайда оқшаулата білуі керек - әсіресе, стендаптың өзінде жеткілікті дауыс екпіні мен қимыл жеткілікті болып жатады, батылдық, тіпті кейде өзімшілдік, өзінің айтып тұрған сөзінің жаны бар екендігінен хабардар етеді. Оның бәрі егер де сіз сол оқиғаны електен өткізіп алып, зерттеп, саралап, бағыттап көрерменге айнымас айғақ арқылы ойды жеткізіп отырсаңыз оңай қабылданады. Ондай жағдайда сіздің жұмысыңыз сол арада театр немесе кино алаңында жүріп жатқандай шынайы көрінеді.Дегенмен де, жоғарыда айтылған көріністер, әрине, тамаша әрі тәжірибе жүзінде жиі кездесе бермейтін құбылыс.

Тілші немесе репортер үшін кәсіби актерлерден пайдалы кеңестер мен дәріс алған дұрыс.Өз ым ишараттарын меңгеру, әншейін, байқатпай, қимылмен басты, денені қозғау әрі сонымен қоса микрофонға айтатын сөзді нақты жеткізу сияқты дүниелерді үйрену керек.

Бірден-бір қабылданбайтын тәсілдердің вариантары: кадрда мәтінді айтып отырып, қателесіп әрі ыңғайсызданып қалдыңыз да, алдыңыздағы қағазға қарадыңыз. Оның бәрін ашықтан ашық жасасаңыз, оқып отырсаңыз, көрермен сізді ұрлық үстінде ұстап алғандай болмай, қысылмай, еркін отыра- сыз. Сондықтан да кадрда сөйлейтін сөзініздің бөліктерін жаттап алу маңызды да емес.

Егер де мәтіннің мазмұны соншалықты жауапты әрі кез келген екпінді өзгерткенде оқиғаны басқа қырынан көрсететін болса оны жаттап алған өз тиімділігін көрсетеді. Оның өзінде де қағазға телміріп қарап тұрған қаншалықты шынайы шығатынын ескерген жөн.

Егер де айтатын сөзіңіз өзге тілден енген болса, географиялық атаулар мен есімдер ретінде сирек кездесетін не болмаса БАҚ беттерінде естілмеген сөз болса кадрда блокноттан да қарап оқып беруге болады, оның сөкеттігі жоқ. Оның үстіне ол бір сандық дерекке қатысты түйін болып жатса. Шындап келгенде, егер сіз бұрыннан қолданып келе жатқан шет тілдік атаулар мен есімдерді қайта оқысаңыз, әрине, ерсі көрінеді. Тағы бір жағдай, ол сіздің айтып түрған сөзіңізде бағалау, сараптау мен болжамдар жеткізілетін болса сіз кадрда тұрып блокнотқа үңілуге болмайды.

Көрермен бұл кісінің өзі қағаздан қарап тұрғанда қалай бағалап, сараптап әрі болжамдар жасай алады деген ойға қалады. Негізінде, ең бастысы - асыра кетуге болмайды. Тележурналист үшін басты драмалық шешім, ол әрине, айтып түрған сөзін жеткізу.

Кадрда жұмыс жасайтын тележурналист, не репортер белгілі театр зерттеушісі К.С. Станиславскийдың актерлерге берген кеңесі бойынша жұмыс жасайды: «артист сахнада да уыс ырғағы көмегімен (жоғарылатып әрі түсіріп), екпін және тоқтам (пауза) қойылатын сөз арқылы әрекет етеді». Бұл әрекет екпін өзгерісін, сөздегі дыбыс пен паузаның қойылуын айқындайтын мәтін сипаттамасымен тікелей байланысты. Бұл арада тыныс белгілерін дұрыс қою да маңызды рөл атқарады, сол К.С. Станиславскийдың өзінің айтуынша, «тыныс белгілерінің тікелей міндеті сөздегі бөліктерді топтасты- рып әрі сөздегі тоқтамдар немесе паузаларға назар аударту. Олар үзақтығы жағынан ғана емес, сипаттамасы жағынан да ерекшеленеді.Соңғысы сөздің бітіруін қамтамсыз ететін екпінге байланысты.Басқаша айтқанда, әрбір тыныс белгісі оның өзіне тән екпініне байланысты болып келеді...».

«Сіз буын кеңістігінде маңызды саналатын ерекше бір да уысты көтерместен, онша көбеймеген тесситурасыз, күрделі фонетикасыз, графикасыз қарапайым сөйлем естіп көрдіңіз бе? Дегенмен де, ол элементтердің қатысуынсыз да қарапайым сөйлем қатты әсер ете алады.

Оның құпиясы мен күші қандай? Айтылатын ойдың айқындығы әрі нақты жеткізілуі, миға қонымдылығы, жүйелігі, фразалардың дұрыс орнықтырылуы, әңгіменің топтастырылып әрі дүрыс құрылуы қарапайым сөйлемді әсерлі жеткізеді». Екпін - сөздің нәрінің көрінісі, - деп жазады әрі қарай К.С. Станиславский. «Екпін - сөздегі нақтылық элементі» [4].

Сөйлемнің нақтылығының тағы бір қыры - паузаларда жатыр. Олардың көрсеткіш көріністері тыныс белгілерінің орнықтырылуына байланысты, әрине, олар мәтінде дұрыс қойылған шақта пайдасы зор.

Тыныс белгілерімен белгіленген паузалардың үзақтығы мәтіннің буындарының мазмұны мен мәніне қарай қойылған тыныс белгісіне бағынады. Шындығына келгенде, паузаның ұзақтығы ретінде көрінетін тыныс белгілері ешбір математикалық есепке жатпайтын әншейін тұтастық.

Пайдаланған әдебиет

1.С.Эйзенштейн Изб. Произведения. Том 2., М., Искусство., 1964
2. С.Герасимов Соч. В 3 – томах., М., Искусство., 1988
3. Н.Бернштейн «Физиология движений и активность». М., Наука., 1990.
4. К.Станиславский «Работа актера над собой», М., Искусство., 1985
5. Ғ.Әбілдина «ТВ өнері:теориясы мен технологиясы» Алматы, 2022
6. Г.Абильдина. Терм. Словарь «Экранное искусство и СМИ»., Алматы,2020

ПРОБЛЕМЫ ВОСПРИЯТИЯ ПОЛНОМЕТРАЖНЫХ ФИЛЬМОВ СОВРЕМЕННЫМ ЗРИТЕЛЕМ КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ПРОСТРАНСТВА СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

Пошанов Ж. Қ.
Магистрант 1курс
Казахской Национальной Академий Искусств имени Темирбека Жургенова
Бакеева М. К.
Доктор PhD, Научный руководитель

Аннотация. Современное медиапотребление подверглось радикальным изменениям в результате влияния социальных медиа и коротких видеороликов, популярных на платформах, таких как Instagram и TikTok. Современные зрители, привыкшие к мгновенным, эмоционально насыщенным контентам, могут сталкиваться с вызовами при просмотре полнометражных фильмов. Эта статья исследует влияние социокультурных изменений на восприятие современным зрителем полнометражных фильмов, рассматривая проблемы медленного развития сюжетов, длительности фильмов и отсутствия интерактивности. В заключении предлагаются инновационные решения и предложения для кинематографии с целью удержать интерес современных зрителей и адаптировать индустрию к изменяющимся ожиданиям аудитории. Эта статья подчеркивает важность сохранения вовлеченности и привлекательности полнометражных фильмов в эпоху медиа-современности.

Ключевые слова: Социальная медиа, контент, фильмы, технологий, формат, культурные тренды, элементы.

Аңдатпа. Қазіргі заманғы медиа тұтыну әлеуметтік медиа мен Instagram және TikTok сияқты платформаларда танымал қысқа бейнелердің әсері нәтижесінде түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Лездік, эмоционалды мазмұнға дағдыланған бүгінгі көрермен көркем фильмдерді көргенде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл мақалада әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қазіргі көрерменнің көркем фильмдерді қабылдауына әсері қарастырылып, сюжеттің баяу дамуы, фильмдердің ұзақтығы және интерактивтіліктің болмауы мәселелері қарастырылады. Ол заманауи аудиториялардың қызығушылығын ояту және индустрияны аудиторияның өзгеретін күтулеріне бейімдеу үшін фильм түсіруге арналған инновациялық шешімдер мен ұсыныстармен аяқталады. Бұл мақалада қазіргі заманғы БАҚ-та көркем фильмдердің тартымдылығы мен тартымдылығын сақтаудың маңыздылығы көрсетілген.

Түйін сөздер: Әлеуметтік медиа, контент, фильмдер, технологиялар, формат, мәдени үрдістер, элементтер.

Abstract. Modern media consumption has undergone radical changes as a result of the influence of social media and short videos popular on platforms such as Instagram and TikTok. Today's audiences, accustomed to instantaneous, emotionally charged content, may face challenges when watching feature films. This article examines the impact of sociocultural changes on the modern viewer's perception of feature films, looking at the problems of slow plot development, length of films and lack of interactivity. It concludes with innovative solutions and suggestions for filmmaking to capture the interest of modern audiences and adapt the industry to changing audience expectations. This article highlights

the importance of maintaining the engagement and appeal of feature films in the media modern age.

Keywords: Social media, content, films, technologies, format, cultural trends, elements.

Введение

В современном мире медиа и развлечений с течением времени произошли заметные изменения, которые повлияли на способ, которым мы воспринимаем и потребляем контент. С развитием социальных медиа платформ, таких как Instagram и TikTok, мы стали свидетелями внушительных изменений в наших привычках и ожиданиях как зрителей. В этой статье мы рассмотрим, как именно короткие и емкие видеоролики стали частью нашей повседневной жизни и как это влияет на способ, которым мы воспринимаем полнометражные фильмы.

1. Влияние социальных медиа*

С социальными медиа платформами, заполнившими наши смартфоны и компьютеры, стало возможным мгновенное потребление разнообразных видеороликов и контента. Наиболее яркими примерами являются Instagram и TikTok, где короткие видеоролики часто ограничены считанными секундами. Эта краткость требует от контента быть ярким, заметным и быстрым в передаче идей или эмоций.

2. Влияние визуальной эстетики: Instagram, известный своей акцентированной визуальной составляющей, подталкивает создателей контента к тому, чтобы их работы были визуально привлекательными. Это также формирует ожидания зрителей в отношении визуального аспекта полнометражных фильмов.

- Быстрое перелистывание и внимание: Зрители социальных медиа часто прокручивают сотни видеороликов за короткое время. Это тренирует их внимание и приводит к потребности в мгновенных градациях эмоций. Сравнительно, полнометражные фильмы предлагают длительное и более медленное развитие сюжета.

- Феномен коротких форматов: Взрывной рост коротких форматов видеоконтента на платформах, таких как TikTok, создал культуру быстрого и мгновенного развлечения. Этот феномен стимулирует современных зрителей ожидать непосредственности и сжатости сюжетов.

Анализ влияния социальных медиа на зрителей полнометражных фильмов позволит нам лучше понять, какие изменения происходят во взаимодействии между аудиторией и кинематографией.

3. Проблемы полнометражных фильмов*

С развитием социальных медиа и культуры коротких видеороликов, полнометражные фильмы оказались перед вызовом, который требует внимания и адаптации. Несмотря на свою длительность, они должны удерживать внимание зрителя, который привык к мгновенному и

эмоциональному контенту. Некоторые из ключевых проблем, с которыми сталкиваются полнометражные фильмы, включают:

- Медленное развитие сюжета: Полнометражные фильмы часто характеризуются глубоким развитием сюжета и персонажей. Однако современные зрители, привыкшие к быстрым и кратким историям, могут испытывать терпимость к медленному развитию сюжета.**- Длительность фильмов:** Длительность полнометражных фильмов может быть вызовом для зрителей, особенно для тех, кто привык к более коротким форматам в социальных медиа. Долгие сеансы могут вызвать утомление и соблазн отвлечься.

- Отсутствие интерактивности: В социальных медиа, зрители активно участвуют в контенте, оставляя комментарии, ставя лайки и взаимодействуя с создателями. Полнометражные фильмы, в сравнении, предлагают ограниченные возможности для интеракции, что может вызвать скуку у современных зрителей.

Понимание этих проблем поможет нам рассмотреть возможные решения и изменения в индустрии кино, которые способны сделать полнометражные фильмы более привлекательными для современных зрителей.

4. Решения и предложения*

С учетом вызовов, с которыми сталкиваются полнометражные фильмы в мире социальных медиа, возникает необходимость в поиске инновационных решений, которые могли бы сохранить привлекательность кинематографа. Ниже представлены некоторые предложения и идеи:

- Пересмотр правил драматургии: Киноиндустрия может пересмотреть классические правила драматургии, чтобы сделать сюжеты более динамичными и непредсказуемыми. Можно экспериментировать со структурой сюжета, уменьшая медленные вступления и увеличивая динамику.

- Более насыщенный контент: Полнометражные фильмы могут стремиться к большей насыщенности и вовлеченности зрителя. Это может включать в себя пристальное внимание к визуальным и звуковым аспектам, а также углубление в психологию персонажей.

- Интерактивные элементы: Некоторые фильмы начинают внедрять интерактивные элементы, которые позволяют зрителям влиять на развитие сюжета. Этот подход может помочь сделать фильмы более привлекательными для аудитории, которая привыкла к активному участию.

- Использование технологий: Кинематография может воспользоваться передовыми технологиями, такими как виртуальная реальность (VR) или расширенная реальность (AR), чтобы создать уникальные и впечатляющие кинематографические опыты.

Инновации в киноиндустрии могут помочь сохранить интерес современных зрителей к полнометражным фильмам и удовлетворить их измененные ожидания, сформированные социальными медиа.

5. Заключение

Современная кинематография сталкивается с вызовами, созданными влиянием социальных медиа и коротких видеороликов на восприятие зрителей. Социальные платформы, такие как Instagram и TikTok, формируют новые стандарты для скорости, внимания и интерактивности в потреблении контента. Однако полнометражные фильмы, с их длительными сюжетами и ограниченной интерактивностью, несомненно остаются важной частью кинематографии.

Понимание этих вызовов и проблем, с которыми сталкиваются полнометражные фильмы, открывает двери для инноваций и экспериментов. Пересмотр драматургии, насыщенность контента, интерактивные элементы и использование новых технологий могут помочь сохранить привлекательность кинематографа для современных зрителей.

В заключении стоит подчеркнуть важность адаптации киноиндустрии к современным потребностям и ожиданиям зрителей. Кино всегда было искусством, способным отражать дух времени, и сегодня оно вызвано на поиск новых способов привлечения и удержания внимания зрителей, предоставляя им незабываемые кинематографические впечатления.

Некоторые известные интерактивные фильмы включают:

1. *"Бэндерснэтч"* ("Black Mirror: Bandersnatch") - экспериментальный фильм в рамках сериала "Черное зеркало", предоставляющий зрителю возможность принимать решения, влияющие на ход сюжета.

2. *"Фрэнк Бразерс: Интерактивная комедия"* ("Frankenstein's Army: Interactive Comedy") - интерактивный фильм, в котором зрители могут выбирать, какие направления в сюжете следовать.

3. *"Убийство в мансарде"* ("The Complex") - фильм, в котором зрители могут принимать ключевые решения, формируя исход и развитие истории.

4. *"Вызовите Асада"* ("Asad's Call") - документальный интерактивный фильм, позволяющий зрителям исследовать и влиять на жизнь сирийского беженца.

5. *"Могучие рейнджеры: Мегазорд смерти"* ("Mighty Morphin Power Rangers: MegaZord Madness") - интерактивный фильм, созданный с использованием технологии Branching Narrative, где зрители могут выбирать приключения своих героев.

Эти фильмы предлагают зрителям участвовать в развитии сюжета, что создает уникальный и интерактивный кинематографический опыт.

Список литературы:

1. Jenkins, Henry. "Convergence Culture: Where Old and New Media Collide." New York University Press, 2008.
2. Turkle, Sherry. "Alone Together: Why We Expect More from Technology and Less from Each Other." Basic Books, 2011.
3. Manovich, Lev. "The Language of New Media." The MIT Press, 2001.
4. Thompson, John B. "Media and Modernity: A Social Theory of the Media." Stanford University Press, 1996.
5. Ito, Mizuko et al. "Hanging Out, Messing Around, and Geeking Out: Kids Living and Learning with New Media." The MIT Press, 2009.

ӘОЖ 7.07-05

ДИЗАЙНЕРДІҢ ЖОБАЛАУ ІСІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ БАҒЫТТАРДЫҢ ӨЗАРА САБАҚТАСТЫҒЫ

Наурызбаева А. С.
PhD докторы, «Дизайн» каф. доценті,
Темірбек Жүргенов ат. ҚазҰӨА, Алматы қ.
ainash.designer@gmail.com

Аңдатпа: Мақалада әр түрлі профильдегі дизайнерлерді кәсіби даярлаудағы өнер, мәдениет және ғылым салаларының сабақтастығы зерттеледі. Автор, түс теориясы, әлем халықтарының материалдық мәдениетінің тарихы, адам антропометриясы, скетчинг, конструкциялау және эргономика саласындағы жан-жақты білім олардың сапалы кәсіби дайындығына жан-жақты ықпал ететін, сәулет, ландшафт және өнеркәсіптік орта дизайнерлерінің қызметін талдайды. Пәнаралық байланыс пен жобаланар дизайн нысандарына әсер, сонымен қатар әлемдік сәндік тенденциялардың дамуы атап өтіледі.

Кілт сөздер: дизайн, жоба, ғылым, өнер, қазақ мәдениеті, графика, сәулет өнері, ландшафт.

Аннотация: В статье исследуется взаимосвязь направлений искусства, культуры и науки при профессиональной подготовке дизайнеров различного профиля. Автором анализируется деятельность дизайнера архитектурной, ландшафтной и промышленной среды, где разносторонние знания в области теории цвета, истории материальной культуры народов мира, антропометрии человека, скетчинга, конструирования и эргономики комплексно способствуют их качественной профессиональной подготовке. Подчеркивается междисциплинарная

связь и влияние на проектируемые объекты дизайна, но также развитию модных мировых тенденций.

Ключевые слова: дизайн, проект, наука, искусство, казахская культура, графика, архитектура, ландшафт.

Absrtact: The article explores the relationship between the directions of art, culture and science in the professional training of designers of various profiles. The author analyzes the activities of the designer of architectural, landscape and industrial environments, where versatile knowledge in the field of color theory, the history of material culture of the peoples of the world, human anthropometry, sketching, design and ergonomics comprehensively contribute to their high-quality professional training. The interdisciplinary connection and influence on the projected design objects are emphasized, but also the development of fashionable world trends.

Key words: design, project, science, art, Kazakh culture, graphic, architecture, landscape.

Адамның өмірі мен іс-әрекетінің қазіргі мәдениеті оның барлық көріністерінде қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған. Әрбір жеке тұлға және жалпы қоғам ең көрнекі жағымды, антропологиялық қанағаттанарлық, техникалық жабдықталған инновациялық-прогрессивтік ортаны қалыптастыруға күш салады. Жоғарыда аталған параметрлерді қамтамасыз ету бойынша қоғамның сұраныстары жобалық-көркемдік мәдениеттің бір түрі ретінде «дизайн» қанағаттандыра алады. Көптеген ғылым түрлері мен технологиялық жетістіктер дизайн нысандарында көрініс таба алды. Дизайн түрлері туралы айта отырып біз оның, әрқайсысы жер бетіндегі барлық тіршілік иелері үшін жайлы, эстетикалық тартымды және практикалық жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған, әртүрлілігін атап кеткеніміз жөн. Осыған байланысты көптеген адамдар дизайн тек қоршаған орта объектілерін құру мен өндірудің өзіндік тетіктері бар жеке топтастырылған жобалау саласы ғана емес, сонымен қатар *ғылыми-зерттеу, техникалық-технологиялық, мәдени-тарихи, көркемдік-эстетикалық* мамандықтардың көптеген бағыттарымен белсенді, жан-жақты өзара әрекеттесетін сала екенін ескермейді. Жалпысында «дизайн» – бұл ғылымның, мәдениеттің және өнердің басқа салаларындағы жетістіктер көрініс табатын өзіндік идеялық ойларды жүзеге асырудың пәнаралық сала.

Дизайн саласы кең және практикалық сипаттағы мәселелер де әртүрлі. Дизайн қызметі осындай міндеттерді шешуге бағытталған, мысалы, өнеркәсіптік өнімдердің дизайны материалдар, конструкциялар, өндірістік ресурстар, механика, физика және т.б. салаларындағы прогрессіз мүмкін емес. Сән индустриясы саласы әр түрлі жастағы адамдардың әлеуметтік-мәдени, эстетикалық, дүниетанымдық, психологиялық қалауы туралы жаңа мәліметтерсіз алға жылжи алмайды. Сонымен, мұндай ақпарат fashion-дизайнерлерге тұтынушылардың талғамындағы өзгерістерге уақытында жауап беруге көмектеседі. Сыртқы инновациялармен тығыз байланыста болатын графикалық дизайн бағыты да сұраныс динамикасына өте жылдам

және соншалықты тиімді жауап береді. Баспаның пайда болуы, оның түрлі-түсті баламаға, содан кейін және цифрлық аналогқа ауысуы бір жүзжылдан астам уақыт бойы графикалық дизайн резервін байытты және толықтыруын жалғастырып келеді. Лазерлік станоктар, графикалық компьютерлік программалар, үшөлшемді басып шығару мүмкіндіктері, голографиялық кескіндер және осыған ұқсас көптеген инновациялар бүгінге дейін медиа, графикалық дизайн және жарнама салаларына арналған стандарттық құралдар жиынтығы болып саналады.

Сәулеттік орта дизайны – бұл жобаланған объектінің көркемдік көзқарасы, инженерлік коммуникациялар, құрылыс нормалары мен стандарттары, қала құрылысы аспектілері, қоғамның сұраныстары, сонымен қатар экология мәселелерін шешу және т.б. біріктірілген күрделі жүйе. Интерьер кеңістігін заттық және техникалық толтырымдау да жайлы уақыт өткізуді қалыптастыратын эргономика, түрлі-түсті дақтар мен әрлеу материалдарының үйлесімділігі талаптарына біршама тәуелді.

Ландшафттық дизайн жобалық қызмет ретінде тек көркемдікпен және ыңғайлылықпен шектелмейді. Дизайнның бұл бағытында ботаника, агрономия, дендрология, флористика және т. б. салалардағы ғылыми зерттеулер көрініс табады.

Дизайндың басқа ғылыми бағыттармен пәнаралық байланысын зерттеудің өзектілігі мынада: бір саладағы инновациялар мен жаңалықтар жаңа дизайн нысандарын іздеуде, жобалауда және іске асыруда көмек бере алады, бұл өз кезегінде адамдардың өмірлік процестерін айтарлықтай жақсартады.

Түстер мен реңктер әлемінің құндылық мәндерін ашатын біршама жұмыстар түстерді зерттеуге арналған. Ежелгі сәулетшілер мен Орта ғасырлардағы суретшілер түс объектінің ажырамас қасиеті, оның рухани күйі және көркемдік толтырылымы болатын өз туындыларын жасаумен айналысты. Мысалы, Иоганн Вольфганг Гете өзінің XVIII ғасырдағы «Түс туралы ілім» (Farbenlehre) трактатында «өнер элементі ретінде алынған түс жоғары эстетикалық мақсаттарға ықпал ету үшін пайдаланылуы мүмкін» деп жазған болатын [1, 347 б.]. Бұл бізге кез келген дизайн нысандарын жасау үшін түс ажырамас компонет екендігін көрсетеді. Швейцариялық суретші, жаңа өнер теоретиктерінің бірі, Баухаус құрылыс және көркем конструкциялау жоғарғы мектебінің педагогы Иоханнес Иттен «пішін мен оның түсі трансцендентальдық мәннің тасымалдаушылары болып табылады. Дыбыс айтылған сөзге өзінің нұрын беретіні секілді, түс пішінге ерекше руханилық береді» деп атап көрсеткен болатын [2, 10 б.].

Дизайн нысандарының пішінін қалыптастыруда (жиһаз заттары, киім, ыдыс-аяқ, тұрмыстық техника, белгілер, интерьер, сәулет) материал мен оған сәйкес конструкция біршама маңыз иеленеді. Таңдалған материал – бұл, лекалалар көмегімен объектінің қажетті пішінін бергенге дейін, тек шикізат қана. Дәл осы сәттен бастап пішін бейнеге айнала бастайды. Материал

фактурасы, оның құрамы және түрлендіру қабілеті жаңа дизайн нысандарын құруға ерекше мүмкіндік береді.

Әр түрлі мамандардың өнертабысы мен эксперименттері дизайн объектілерінің ауқымын кеңейтуге көмектесті. Сонымен, 1855 жылы ағылшын металлургы Александр Паркстің ізденісі «өте ерекше болып шыққан – иілгіш және берік - зат» берді [3]. Кейіннен XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы технологиялық зерттеулер дәуірі химиктердің жаңалықтарымен толықтырылды, олардың бірі Лео Бакеланд болды. «Толықтай синтетикалық пластмасса сұранысқа ие тауарлардың кең тізімін тудырды» [4].

Дизайн объектілерін жобалауда тарихи-мәдени құрамдас бөлігі біршама құнды. Әрбір дизайнер өзінің жобалық бейнесін мәдени маркерлермен рухтандырады, соның арқасында стиль пайда бола алады.

Тұрғанбаева Л. Р. пайымдауынша «стиль – бейнелеу өнеріндегі тарихи қалыптасқан көркемдік түр мен тәсіл; халықтың көркем өнердегі жүйеленген ерекше белгісі, ағымы және мектебі» деген мағынаны береді [5, 7 б.]. Біздің түсінігімізде стиль сәндік бөлшектер мен қосымша элементтерге қайшы келмей, дизайн объектілерінің материалын, құрылымын және пішінін біріктіретін фактор болуы керек.

Әрине, бұл дизайн объектілерін жобалаудағы өзара байланысты және өзара әсер етуші факторлардың толық көлемі емес және бұл бағытта әлі де жұмыс жүргізілуде. Өндірістік кешендерге ғана емес, тұтынушылықтан кейінгі процестерге де әсер ететін факторларды зерттеу қажет. Дизайн өнімдерін қайта өңдеу және түрлендіру технологиялары көркемдік-жобалық іс үшін жаңа материалдар бере алады. Кешенді түрде өзара ынтымақтастықтың бұл түрі жан-жақты болуы мүмкін және ғылым мен технологияның дамуын дизайнерлік қызметтің инновациялық түріне айналдыруы мүмкін.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Месяц С. В. Иоганн Вольфганг Гёте және оның түс туралы ілімі (бірінші бөлім) / С. В. Месяц. – М.: Кругъ, 2012. – 464 б., илл.
2. Иттен И. Түс өнері. – М.: Эксмо, 2015. – 90 б.
3. https://zeero.ru/blogs/blog/kak-poyavilsya-plastik - жүгінген күні 19.11.2023
4. https://www.litoplast.by/blog/istoriya-poyavleniya-plastmassy/ - жүгінген күні 19.11.2023
5. Тұрғанбаева Л. Р. Заттар дүниесінің сыры. – Алматы, 2

ANALYSIS OF LORINC BORSOS WORK

Mukanova Zh.
Student; 1st year master's degree Specialty: Painting
Yespenova A.
PhD, Temirbek Zhurgenov KazNAA

Аннотация. Лилла Лоринг и Янош Борсос работают вместе с 2008 года как Лоринг Борсос. Это название описывает сущность, обладающую собственным творческим сознанием. Ее торговая марка — блестящее черное вещество, полученное из черной эмалевой краски, часто встречающейся в ее работах. Диалог с материалом, диалог со средой. Работы, которые зависят от места и ситуации. Он/она размышляет о текущем и в то же время углубляется в более долгосрочные проекты. Для него / нее искусство становится интересным за пределами морали, когда оно все еще существует в нефильтрованном состоянии, сразу после момента рождения идеи. Ключевым направлением художника Лоринг Борсос является исследование сконструированной природы идентичности художников. Их вопрос, заданный с помощью различных средств массовой информации, методов и мотивов, заключается в том, как искусство может стать программируемым составным объектом. Они стремятся сохранить триаду художник-художественное произведение-творчество как органическое единство. Связи Лоринг Борсос с Бэконом, Малевичем, Сулажем, отсылки к теологическим повествованиям. Темы художника об полемику о значении черного цвета.

Ключевые слова: живопись, художественный супрематизм, черный квадрат, критика, идентичность.

Аннотация. Лилла Лоринг пен Янос Борсос 2008 жылдан бері бірге жұмыс істейді Лоринг Борсос сияқты. Бұл атау өзінің шығармашылық санасына ие болмысты сипаттайды. Оның сауда белгісі-оның жұмысында жиі кездесетін қара эмаль бояуынан алынған жылтыр қара зат. Материалмен диалог, қоршаған ортамен диалог. Орын мен жағдайға байланысты жұмыс. Ол ағымдағы туралы ойлайды және сонымен бірге ұзақ мерзімді жобаларға тереңірек үңіледі. Ол үшін өнер адамгершіліктен тыс қызықты болады, егер ол әлі де сүзгісіз күйде болса, идея дүниеге келген сәттен кейін. Суретші Лоринг Борсостың негізгі бағыты-суретшілердің жеке басының салынған табиғатын зерттеу. Олардың әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдары, әдістер мен мотивтер арқылы қойылған сұрағы-өнердің бағдарламаланатын құрамдас нысанға айналуы. Олар үштікті сақтауға тырысады суретші-көркем шығарма-шығармашылық органикалық бірлік ретінде. Лоринг Борсостың Бэконмен, Малевичпен, Сулажмен байланысы, теологиялық әңгімелерге сілтемелер. Суретшінің тақырыптары қара түстің мағынасы туралы дау.

Кілт сөздер: кескіндеме, көркем супрематизм, Қара алаң, сын, сәйкестілік.

Lorinc Borsos. When Kazimir Malevich painted his famous Black Square a hundred years ago a longtime had to pass before the meaning of this piece of art was fully deciphered, it was definitely his most perfect supremacist work the simplest purest and most ideal one it also seemed that the subject of the painting the black square is floating in an absolute cosmic or beyond space without scale and

dimensions entirely free of physical size material and distance and yet precisely owing to this it represents or at least marks reality the one and only true reality the one and only true reality, however Malevich made a gesture in the winter of the same year at the exhibition which caused interpreters of the painting to take a completely different course placed one version of the painting in an upper corner of the room thereby creating the possibility or one of the ever-since prevalent interpretations of this iconic piece of supremacism namely as an actual icon if then the painting should be seen as a kind of modern icon that changes everything: then it becomes a medium on the border between concrete and absolute material and immaterial its most important function to mediate between the two transcendent realms between hither and yonder between man and God. Even if through black instead of gold which means that there is something ultimately mundane in its modernity the predomination the hither perspective owing to which the painting radiates all but a "pure sense" of abandoning all hope of a connection. Malevich's reference to the tradition of the icon was however only the first of his important interpretive gestures. He made the second such gesture three years later when he entitled his second most famous painting Supremacist Composition: White on White. For this title retrospectively interprets the Black Square as well whether or not we want it to: it provides a new type of answer to the question of the square's "position" and it also reveals how the white strip around the black square should be interpreted. If we regard the square from this perspective, we have two squares or at least we have a concrete square-shaped canvas painted white and a black square on it. The painting is concrete rather than abstract and what the black does is cover rather than display or mediate. It is critical which interpretation we choose as apparently we cannot opt for all three at once as proven by the subsequent history of so-called abstract art. Then again the same history also confirms that it is even more impossible to go with just one.

With Lorinc Borsos at least two of these three endeavors coexist and the propelling force of his art which is sometimes pushed to the point of aggression is perhaps precisely the coexistence of these two endeavors. These two aspects are of course the second and the third of the above interpretations. Religion on the one hand omnipresent in all of his works even if it is not always noticed at first glance. In his art authority power, sin, humility and humiliation, politics, money, fame, family, institutions and even tradition, but also Lorinc Borsos himself as an artificially created identity, or the figure of the "world famous Hungarian contemporary artist" seem like masks behind which there lies something beyond reach. This should be phrased more accurately, such rather the case in question is that Lorinc Borsos ceaselessly confronts us with the act that we live in a non-secular world and the main target of his works is the very non-secularized nature of the world. He is not interested in that certain yonder beyond reach any more, but instead in everything that takes shape in this mundane world in its name and as its substitute the sprawling and proliferation which is the main cause of the yonder getting so out of reach. This is why the presence of the third endeavor mentioned above, namely

the exploitation of the possibilities inherent in materiality becomes necessary. This is of course not the only device of this essentially ideologically critical art, but its use has become ever so widespread in recent times. This might be the place to briefly note why the first endeavor is not present. The reason is that the point of departure is always the dense/solid and dangerous world of signs, codes, formats and laws of symbolic language where there are sharp boundaries, ruptures and front lines, and where all we can do is also just break or perhaps deform instead of resolving, combining and abstracting, We can only join heterogeneous elements, which will never truly match and their signification often bordering on grotesque also originates in this discrepancy, This is how the series Courses came to existence in just like the series of hybrid flags started three years earlier and expanding ever since. This makes it clear that there is only one option left or the formless and meaningless: external intervention. This is what black represents in the works of Lorinc Borsos.

әрекеттесуді арттыру арқылы эпидемияға байланысты қиындықтарды тиімді басқарғанын көрсетеді. Burberry мысалы стратегиялық цифрлық трансформация эпидемиядан туындаған ақауларды тиімді түрде жоя алады, шығындарды азайтады және брендтің тұрақтылығын арттырады. Демек, цифрлық трансформацияны енгізу сән компанияларының болашақ стратегиялық бастамаларының ажырамас бөлігі болады деп мәлімдейді[2].

Цифрлық технологияларға виртуалды өлшеу, мета-әлем, NFT, блокчейн, кеңейтілген шындық(AR), виртуалды шындық (VR) және т.б. кіреді. Цифрлық сән тұтынушыларға саналы және ұтымды таңдау үшін жаңа жолдар ашады. Мысалы, виртуалды өлшеу технологиясы сатып алушыларға сатып алудан бұрын киімді, косметиканы және басқа заттарды виртуалды түрде сынап көруге мүмкіндік береді. Виртуалды өлшеу (фитинг) - бұл пайдаланушыларға заттарды физикалық түрде кимей-ақ көруге мүмкіндік беретін технологиялық шешім. Ол өнімді смартфондар немесе айналар арқылы пайдаланушының тікелей бейне трансляциясына қабаттастыру арқылы көрсетеді[3].

Виртуалды өлшемдерді мета-әлеммен біріктіру пайдаланушыларға виртуалды өнімдерді зерттеу және олармен өзара әрекеттесу үшін интерактивті және көрнекі тартымды құралдарды ұсына отырып, тұтынушылардың белсенділігін арттырады. Бұл кеңейтілген тәжірибе пайдаланушыларға виртуалды сатып алуларға қатысты негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл виртуалды тауарларды неғұрлым қызықты және шынайы түрде алдын ала қарауға ықпал етеді. Мета-әлемде виртуалды өлшеу құралдары пайдаланушылардың қалауы, виртуалды сән трендтері және виртуалды тауарлардың танымалдығы туралы деректерді жинау мүмкіндігіне ие. Алынған деректер брендтер мен дизайнерлер үшін құнды ресурс ретінде қызмет етеді. Сондай-ақ, оларға мета-әлемдегі пайдаланушылардың мінез-құлқына жауап ретінде виртуалды өнім ұсыныстарын реттеуге мүмкіндік береді. Жалпы, виртуалды мета-әлем мен виртуалды өлшеу арасындағы байланыс өзара тиімді. Өйткені, виртуалды өлшеу технологиясы мета-әлемнің иммерсивті және интерактивті элементтерін байытады, әсіресе, виртуалды сән мен өніммен өзара әрекеттесу салаларында.

Виртуалды өлшеу сканнерлеу, реалды 3Д симмуляция, виртуалды манекен, виртуалды айна, арқылы жүзеге асады.

Сканнерлеу. Кейбір сканерлер суреттерді оқу үшін веб-камераларды пайдаланады. Ал басқалары пайдаланушының сыртқы деректерін анықтау үшін арнайы детекторларды немесе Kinect сенсорлық массивтерін пайдаланады. Бұл жүйелер негізінен ірі сауда орталықтарында қолданылады. Сатып алушылар сканнерлеу процедурасынан өтуі керек, содан кейін олар интернет-дүкенде киім таңдау кезінде сақталған ақпаратты пайдалана алады.

Виртуалды манекен. The Sims ойынын еске түсіретін тәсілмен пайдаланушы заттарды виртуалды манекенге апарады, онда киім немесе аксессуарлар манекендегі фотосуреттер арқылы көрнекі түрде көрсетіледі.

3Д симмуляция виртуалды манекен өлшеу әдісі максимады түрде жақын болып келеді. 3Д симмуляция әдісі тұтынушының фотосуретіне өте жақын дәлдікпен таңдалған киімді визуализациялау арқылы кигізеді.

Интернеттегі кеңейтілген шындықтың көмегімен өлшем алу қарапайым айнаның баламасы сияқты. Ол пайдаланушыларға бұрылуға және киімнің олардың фигурасына қаншалықты сәйкес келетінін бағалауға мүмкіндік береді. Соған сәйкес, киім де фигураның қозғалысын қайталай алады. Киімнің 3D моделін немесе суретін тұтынушының нақты уақыттағы бейне ағынына қабаттастыруға қабілетті болып табылады. Оған веб-камера, смартфон камерасы немесе 3D камерасы арқылы қол жеткізуге болады[4].

Виртуалды өлшеу технологиялары кеңейтілген шындық (AR) арқылы дүкендерде жиі қолданылатын өлшеу процесінін қайталайды және машинадық оқытуды немесе жасанды интеллекті қолданады.

Виртуалды шындық (VR) көру, есту, жанасу және кейде иіс сезу сияқты сенсорлық сезімдер арқылы адамдарға берілетін ккомпьютерде жасалған интерактивті ортаны білдіреді. Бұл виртуалды әлем техникалық және бағдарлық құралдардың көмегімен жасалады. Адамдар мамандандырылған құрылғылар мен виртуалды шындық жүйелері арқылы өзара әрекеттесе алатын кеңістікті құрайд [5].

Кеңейтілген шындық (AR)реалды әлемді сақтайды. Бірақ оны қосымша виртуалды қабаттармен толықтырады. Ол адамдарға виртуалды кескіндерді көрсету кезінде қоршаған ортамен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Кеңейтілген шындық технологиясы жаңа шаш үлгісін, аксессуарларды, киімдерді немесе бөлме жиһаздарын таңдау сияқты күнделікті әрекеттерде көмектесу арқылы практикалық мақсаттарға қызмет етеді[5].

Жоғарыда аталған инновациялық технологиялар виртуалды сәннің қалыптасуына да ықпал етті.

Виртуалды сән тек цифрлық әлемде бар киімдерді жасауды қамтиды. Киім тек виртуалды әлемде өмір сүретін цифрлық сән үйлерінің пайда болуы ерекше оқиға болып табылады. Бұл материалдық болмыс туралы жалпы қабылданған идеяларға күмән келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар, сәнді киімдерді өндіру мен тұтынудың бүкіл процесін өзгертуге мүмкіндік береді.

Цифрлық сән әртүрлі виртуалды орталарда, платформаларда және кеңістіктерде орын алады. Мұнда пайдаланушылар цифрлық киімдермен және аксессуарлармен өзара әрекеттесе алады және оларды көрсете алады. Мысалы, Roblox, Fortnite, Digital Fashion NFT marketplace, The Fabricant Studio, Dress X, Avtaar, Crypto Fashion Week, Instagram, Snapchat, VR Chat, Digital Fashion Week Events, Known Origin, Open Sea, DIGITALAX, The Dematerialized, Tribute Brand. Онлайн платформаларды пайдалану географиялық шектеулерді асып түседі.

Цифрық киім цифрлық өнер және NFT жобаларына енгізілуі мүмкін. NFT-бұл блокчейнде жазылған ерекше сандық активтер, олар меншік пен

түпнұсқалықтың нақты дәлелдерін сақтайды. Қазіргі уақытта NFT цифрлық өнермен байланысты сән индустриясына әсерін кеңейтті, онда сән дизайнерлері мен брендтері бұл технологияны цифрлық киімдерді, аксессуарларды және толық коллекцияларды таңбалау үшін пайдаланады[6]. Дегенмен, NFT киетін құрылғыларды басқалардан ерекшелендіретін нәрсе-бұл пайдаланушыға ыңғайлы болу үшін жасалған көптеген қолданбалар. Аватарларға арналған цифрлық киімдерді ұсынудан айырмашылығы, NFT киетін құрылғылар кеңейтілген шындық сияқты технологияларды пайдаланады. Бұл пайдаланушыларға нақты әлемде виртуалды киім киюге мүмкіндік береді. Аталған жаңалық бір заттың екі нұсқасын жасап шығаруы мүмкін. Біреуі нақты өмірде қолдануға арналған, ал екіншісі мета-әлем үшін бейімделген[7]. Цифрлық заттарға, соның ішінде киімге меншік құқығы блокчейнде бекітіледі. Блокчейн - бұл тұтынушыларға ұжымдық құжатқа қол жеткізуге және оны жаңартуға мүмкіндік беретін қауіпсіз және орталықтандырылмаған ортақ ресурс жүйесі. Бұл орталық органсыз, бас тартусыз және рұқсатсыз қолданудан қорғалған бухгалтерлік кітапты жасайды [8]. Блокчейн және NFT салалары тұтынушылардың меншіктік сезімін тәрбиелеудің негізгі құралдарына айналудыру көзделген. Сән қоршаған ортаға, экономикаға және қоғамға әсер ететін тауарлар мен қызметтерді өндіруге қабілетті күрделі мәдени жүйе ретінде жұмыс істейтінін ескере отырып, мәдени тұрақтылықты сақтау үшін өте маңызды.

Қазақстанда қазіргі уақытта виртуалды сәнге сұраныс аз. Көптеген адамдар оның мақсаты мен функционалдығына қызығушылық танытады. Қазақстандық дизайнерлер, атап айтқанда, 3D-графикаға инвестиция салудан тартынуда. Өйткені, бұл үлкен қаржыны талап етеді. Жергілікті брендтер үшін суретке түсіру үш өлшемді инновациялық технологияға тапсырыс беруден гөрі оңайырақ болып табылады. Келесі онжылдықта виртуалды шындық көзілдірігімен киімді киіп көру және кию мүмкіндігі шындыққа айналуы әбден мүмкін. Жанара Абраева цифрлық сән біздің күнделікті өмірімізге сәйкес келетін деңгейге жетеді деп топшалауда [9].

Қорытынды. Бұл зерттеу дизайн мен өндіріске бағытталған зерттеулердің айтарлықтай көлемін анықтады. Байланыс және маркетингтік зерттеулер ең кең таралған болса да, сән саласындағы зерттеулер кеңейіп, басқа тақырыптарды қамтиды. Нарықта қол жетімді заманауи мета-әлем пен VR (виртуалды шындық), кеңетілген шындық(AR) технологиялары туралы деректерді жинау үшін академиялық журналдар, салалық журналдар, компания веб- сайттары және басқа да интернет- ресурстар сияқты әртүрлі көздерден ақпарат жиналды және пайдаланылды. Сән индустриясының болашағының траекториясын мета-әлем мен цифрлық бағдарланған өнімдердің революциясы ретінде қарастыруға болады. Алайда, аталған озық цифрлық технология инфрастуктуралары Қазақстанда шектеулі болғануы байланысты бұл бағытта даму тежелуде. Цифрлық технология мен олардың

артықшылықтары туралы түсінік жеткіліксіз. Оған қарамастан, сән индустриясының дәстүрлі түрі мәдениетке терең енгенуіне байланысты жақсы нәтиже көрсетілсе, бұл өзгеріске де қарсылық тууы ықтимал.

Әдебиеттер:

1. Online customer engagement in the post-pandemic scenario: a hybrid thematic analysis of the luxury fashion industry. Авторлар: Duc Hoang, Sofia Kousi & Luis F. Martinez. Journal: Electronic Commerce Research 2022.

2. The Impact of Digital Transformation on the Fashion Industry in the Post-Pandemic Era. Автор: Zhengjia Zhu. Журнал: BCP Business & Management 2023.

3. Virtual Fitting Room Development Using AR & Al Technologies. Автор: Максим Майборода. Электрондық ресурс:https://mobidev.biz/blog/ar- ai-technologies-virtual-fitting-room- development

4. Виртуальные примерочные. Автор: Оксана Корсунг.2023.

5. Анализ возможностей виртуальной и дополненной реальности. Автор. Кузминых Е. С., Маслова М. А. Журнал: Научный журнал №4, 2022.

6. Что такое NFT, и как они работают. Электрондық рестурс: https://www.kaspersky.ru/resource- center/definitions/what-is-an-nft

7. NFT Wearables: what value in Digital Fashion? Элетронды ресурс: https://metav.rs/blog/nft-wearables- digital-fashion/

8. Blockchain-based applications and energy effective electric vehicle charging A systematic literature review, challenges, comparative analysis and opportunities. Авторлар: Khalid Khan, Fadzil Hassan, Jahwan Koo, Mazin Abed Mohammed, Yumna Hasan, Shamsheela, Danish Muhammad, Bhawani Shankar Chowdhry, Nawab Muhammad Faseeh Qureshi. Журнал: Computers and Electrical Engineering.

9. Будущее рядом: Что такое виртуальная мода и как она изменила индустрию? Электрондық ресурс: https:// www.the-village-kz.com/village/ service-shopping/specials-style/ 21597-zhanar-abrayeva-talks- about-digital-fashion

ӘОЖ 791. Б 42

ТЕЛЕСЕРИАЛ КИНО ӨНІМІ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ

Бегежанова І.Т.
Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы қ. (12)
caliwest97@mail.ru *(12)*

Аңдатпа: Бұл мақалада кинобизнестің жаһандануы және нарық жағдайында сала құрылымының трансформациясы нәтижесінде пайда болған кедергілерді еңсеру контекстінде отандық киноиндустрияны және телевизия төңірегін дамытудың серпінін анықтауға арналған. Киножобаның ақша ағындарының ерекшеліктерін зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді, оның негізінде оның қаржылық

нәтижесін кешенді бағалауға көзқарас негізделеді. Отандық киноөндірісті қолдау мақсатында келесі шаралар ұсынылды: нарыққа шетелдік прокатқа қатысуға квоталар, ұсынылған әдістемені пайдалана отырып, жоба туралы ақпараттың ашықтығы негізінде инвестициялық тартымдылықты барынша арттыру, шетелдік дистрибьюторлар үшін театрлық прокаттың мөлшерін кеңейту. Саладағы жағдайды талдау кассалар динамикасы мен нарықтың шоғырлану көрсеткіштерін, сондай-ақ режиссерлер мен шығармашылық топтың жұмысын ашық әдісті пайдалана отырып талқыланады.

Кілт сөздер: Телесериал, кино нарығы , кино және телеиндустрия, медиа мәтіні бұқаралық ақпарат құралдары

Аннотация: Целью данной статьи является определение импульсов развития отечественной киноиндустрии и телевизионной среды в условиях преодоления препятствий, вызванных глобализацией кинобизнеса и трансформацией структуры отрасли в рыночной среде. Особое внимание уделено исследованию особенностей денежного потока кинопроекта, на основе которого базируется подход к комплексной оценке его финансовых результатов. В целях поддержки отечественного кинопроизводства были предложены следующие меры: квотирование участия на рынке зарубежного проката, максимизация инвестиционной привлекательности на основе прозрачности информации о проекте с использованием предложенной методики, расширение объемов кинопроката для иностранных прокатчиков. Открытым методом обсуждается анализ ситуации в отрасли на основе динамики кассовых сборов и показателей концентрации рынка, а также работа режиссеров и творческого коллектива.

Ключевые слова: Телесериал, кинорынок, кино и телеиндустрия, медиатекст, СМИ

Abstract: The purpose of this article is to determine the impetus for the development of the domestic film industry and television environment in the context of overcoming obstacles caused by the globalization of the film business and the transformation of the structure of the industry in the market environment. Particular attention is paid to the study of the features of the cash flow of a film project, on the basis of which the approach to a comprehensive assessment of its financial results is based. In order to support domestic film production, the following measures were proposed: quotas for participation in the foreign distribution market, maximizing investment attractiveness based on transparency of information about the project using the proposed methodology, expanding film distribution volumes for foreign distributors. An open method is used to discuss the analysis of the situation in the industry based on box office dynamics and market concentration indicators, as well as the work of directors and the creative team.

Key words: television series, film market, film and television industry, media text, media

Телехикаялардың қарқынды дамуы мен танымалдылығы ең алдымен медианы тұтыну моделін өзгерткен технологиялық өзгерістермен байланысты. Бұқаралық мәдениеттің ең танымал өнімдерінің бірі – сериалдар. Ол қабілетті деген мағынада адамды әлеуметтік мәдени тәрбиелеуге қатысады мазмұнды тұтынушыға өмір туралы белгілі бір көзқарастарды, белгілі бір құндылықтарды сіңіру, сол арқылы оның әлем бейнесін кеңейту және тіпті

өзгерту. Жаңа американдық сериалдың» ой өрісіне айналғанын ескерсек үлкен аудитория, әртүрлі ұрпақ өкілдері болып табылады. Айта кететін жайт «Просто Мария», «Едемге оралу», «Санта-Барбара» және т.б. телесериалдардан бастау алған сериал теледидарлар мен компьютерлер арқылы тұтынылатын сапалы контентке айналды. Медиа тұтыну, оның ішінде телехикаялар жекелендірілгені айналғаны анық. Ресей ғалымдарының диссертацияларында Ю.М. Беленкий мен С.А. Зайцева, телехикаяның жанрлық табиғатының ерекшеліктерін зерттейді (2013; 2001). Бұқаралық әдебиеттер мен телехикаялар материалдарына негізделген қазіргі мәдениет мәтіндерінің құндылық аспектілері А.В. Норманская (2017)

«Сериал» сөзінің мағынасы «көп бөлімді телефильм» деп түсіндіріледі Яғни, мәні бойынша сериал – көру, есту және ауызша сериалдардың қосындысынан тұратын телеөнім. Әртүрлі байланыс арналары мен кодтарының комбинациясы қатардың креолизациясын анықтайды. Мұнда біз көптеген мәдени кодтарды, мәтінаралық сілтемелерді, сериялардың жанрлық әртүрлілігін қосуымыз керек - және бізде толық түсіну үшін қажет ететін күрделі медиа мәтін бар. Бұл киноресурстардағы шолулар мен шолулардың, блог-платформалардағы телехикаяларды талдаудың көптігін, сондай-ақ БАҚ-та фильмдер мен телехикаяларға арналған айдарлардың болуын түсіндіреді Заманауи сериялар медиамәтіннің типтік ерекшеліктеріне ие интегративті креолизацияланған медиа өнімі болып табылады. Мұндай белгілер бұқаралық сипат, бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуы, интеграциялық және ашықтық болып саналады. Бүгінгі телехикаяларды түсіну үшін баяндау, дискурсивті, семиотикалық, сыни және т.б. талдаудың алуан түрлерінің кешенді тәсілі қажет екені анық.

Ал жалпы сериялық өнімді медиалогия тұрғысынан қарастыру керек. Отандық ғылымда телевизиялық «көп бөлімді фильм» және «сериал» ұғымдары ажыратылады. Сериалды фильм бөліктерге бөлінуге мәжбүр, оның сюжеті хронологиялық сызықты, генезисі классикалық романмен байланысты. Ол толық емес және сызықты емес сюжеті бар бұқаралық мәдениет өнімімен - сериямен қарсы қойылады . Қазіргі уақытта бұл классификацияға жаңа типті қосуға болады – бір жағынан телехикаяның ұрпағы, екінші жағынан интернеттің арқасында өзіндік ерекшеліктері бар веб-сериал. Веб-сериалдың негізгі форматты құрайтын мүмкіндіктеріне мыналар жатады: сериялар мен эпизодтардың ерікті саны, уақытты өзгерту, жоғары динамика және сюжеттік оқиғалардың жоғары тығыздығы. «Орындардың шектелуі, көптеген веб-сериялар тән жақындық бұл пішімді бір ортада бар блогқа ғана емес, сонымен қатар театр, поп және стенд сияқты алыс көрінетін форматтарға жақындатады». Сериялық өнімдер ұялы байланыс желілері, теледидар, интернет және әлеуметтік желілер сияқты бұқаралық коммуникация арналары арқылы таратылатындықтан, олардың жаппай аудиторияға арналғаны және пайдаланылуы сөзсіз. Медиативтілік байланыс арнасы мен медианы таңдаумен анықталады. Бұл тақырыптың бүгінгі күнге

дейін өзектілігін жоймағаны тән. Бүгінгі таңда сериал бос уақытын сериал көрумен өткізуді жөн көретін заманауи адамның өміріне мықтап енді. Әдетте, сериалдарды жасаушылар көрерменде дүниеге белгілі бір көзқарастың қалыптасуына ықпал еткенімен, «көрерменнің шығармашылығын дамытамыз, эстетикалық тәрбие береміз немесе терең рефлексия оятамыз» деп көрсетпейді.Басқа сериалдар арасында мазмұнына қарай бай ақпараттық әлеуетке ие сериалдар бар. Оларға деректі, тарихи және медициналық сериалдар жатады. Осылайша, сериалдар қазіргі әлемдегі медиа коммуникация құралына және қоғамды ақпараттандыру тәсіліне айналады. Орыс философы және мәдениеттанушы В.Куренной «сериалдар тәжірибенің орасан зор кеңеюі және білімді жеткізудің қуатты құралы» дейді .

Көрермендер арасында белгілі бір сериалға деген сұранысты анықтайтын негізгі сипаттамалар сериялардың саны, сондай-ақ сериалдың уақыты екенін атап өткен жөн. Қалай болғанда да, бүгінде телехикаяларды көру - уақытты өткізудің ең танымал тәсілі, демек, сериалдың бұқаралық санаға ықпалының күші мен әлеуетін бағаламауға болмайды. Сериалдың оң әсері - ол көрерменге эмоционалды және психикалық босатуды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, телехикаялар жиі ақпарат көзі ретінде әрекет етеді, өйткені экрандағы кейіпкердің өмірін бақылаудың өзі тәжірибе жинақтауға ықпал етеді. Психологиялық деңгейде «сериялық» тәуелділіктің дамуы байқалады. Кейбір жағдайларда сериалға деген құштарлық шындықты алмастыруға әкеледі, сериалды көру өмірдегі ең жоғары жақсылық ретінде қабылданады.

Ақырында, телехикая бос орын емес екенін көрсетеді. Адам уақытын сериал көрумен өткізіп, өз міндеттері мен істерін ұмыта бастайды. Сондай-ақ, кейіпкерлердің мінез-құлқын бақылау көрерменнің мінез-құлқында өзгерістер тудыруы мүмкін екенін атап өткен жөн. Соңғысы кейіпкердің бойынан еліктеуге болатын идеалды көре бастайды, соның нәтижесінде көрермен оның жаман әдеттерін көшіре бастайды, оның девианттық мінез-құлқына еліктейді, дәл сол кейіпкерге сілтеме жасайды. Өзгеріп, дамып келе жатқан сериал халық мәдениетінің маңызды және ажырамас бөлігіне, күнделікті адам өмірінің нормасына айналды. Серияның көп функционалдығы оны жеке түрлендірудің қуатты құралы ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Телехикаяның танымал мәдениеттегі маңызы туралы әңгіме контексінде айта аламыз: «Телехикаяның феноменальдылығы, бір жағынан, оның қалыптасқан әлеуметтік-мәдени тәртіпті қайта құратын жасанды нысан екендігінде. оның институттарымен, қабаттарымен және т.б. Екінші жағынан, телехикая – тұрақты формацияларды үнемі тудырып, жойып жіберетін әлеуметтік-мәдени үдерістерді бағдарламалайтын объект» Бір мақаланың аясында үлкен көлемдегі эмпирикалық материалды қарастыру мүмкін емес екені анық, сондықтан біздің пайымдауларымыз белгілі дәрежеде жалпылаумен берілген. Сериал тілі кейіпкерлердің, ең алдымен басты кейіпкерлердің сөйлеуінде жүзеге асады.

Сериалдағы кейіпкерлердің сөйлеуін лингвистикалық зерттеу әлеуметтік лингвистикалық және стилистикалық талдауды қамтиды. Кейіпкерлердің сөйлеу ерекшеліктерін экстралингвистикалық компоненттерден бөлек зерттеу мүмкін емес екені анық. Таким образом, являясь продуктом кинематографа и телевидения, сериалы представляют собой сложные медиатексты с аудиальными, визуальными и вербальными кодами. Сериалдың жанрлық сипаты экран өнерінің ерекшелігімен, таралу арнасы оның типологиялық ерекшеліктерімен айқындалады. Сонымен қатар сериалдар қазіргі сериалдардың барлық түрлерінің бастаушылары болып табылады. Сонымен, кино мен телевидениенің өнімі бола отырып, сериалдар есту, көрнекі және сөздік кодтары бар күрделі медиа мәтіндер болып табылады. Сериалдың жанрлық сипаты экран өнерінің ерекшелігімен анықталса, тарату арнасы оның типологиялық сипатын анықтайды. Сонымен қатар, телехикаялар қазіргі сериалдардың барлық түрлерінің ата-бабалары болып табылады. Қазіргі жаһандану әлемінде бұқаралық мәдениет әмбебап мәдени парадигма болып табылады. Ақпарат пен ойын-сауықтың алуан түрлілігі белгілі бір дәрежеде адамның жеке басын өзгертуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Воробец Л.В. Бұқаралық мәдениеттің аксиологиялық негіздері // Диссертация
2. мәдениеттану ғылымдарының кандидаты: 24.00.01., Мәдениеттану. Комсомольск-на-Амуре, 2006.
3. Пеннер Р.В. Телехикаяның эстетикалық феномені және оның қазіргі мәдени континуумдағы орны // Жоғары оқу орындарының жаңалықтары.
4. Орал облысы, Сер. 2. 2015. 8–96 беттер.
5. Рикерт Г. Табиғат туралы ғылымдар және мәдениет туралы ғылымдар.М., 995.413 б.
6. Тулчинский Г.Л. Дүкендегі мәдениет // Нева: Ай сайынғы әдеби журнал, Сер. 2. Мәдениеттану. 2007. 128–149 беттер.
7. Кино: Энциклопедиялық сөздік. Қол жеткізу режимі: Кинотеатр: Энциклопедиялық сөздік. Қол жеткізу режимі: https://cinema.academic.ru/4239/Semiotics_kino
8. Князев А.А. Тележурналистика және телерепортаж негіздері: оқу құралы. жәрдемақы. Бішкек: КРСУ баспасы, 2001 ж.
9. Кузнецов Г.В., Цвик В.Л., Юровский А.Я. Тележурналистика оқулығы. М .: Мәскеу. Университет «Жоғары мектеп», 2002 ж.
10. Беленький Ю.М. Отандық телехикая жанрларының қалыптасуы: телехабар таратудың қазіргі құрылымының қалыптасуының бастапқы кезеңі: тезис автореферат. дис. алады. өнер М., 2012.
11. [Электрондық ресурс]. // Psi факторы. 2001. URL: https://psyfactor.org/kinoprop/serials2.html (кіру күні: 25.19.19.) 7. Попова Л.О., Ромах О.В. Телехикаялар феномені

ПОРТРЕТТЕГІ СТИЛЬДЕУ ӘДІС-ҚҰРАЛДАРЫ

Дендер Д.Н.
Магистрант Темірбек Жүргенов атын. ҚазҰӨА,
Алматы, Қазақстан
E-mail: dulatdender7@gmail.com

Еспенова А. Т.
Ғылыми жетекші. «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы»
кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушысы, PhD докторы,
Темірбек Жүргенов атын. ҚазҰӨА, Алматы, Қазақстан
E-mail: aespenova@mail.ru

Аннотация. В статье представлены художественные средства и приемы стилизации портрета в изобразительном искусстве, которыми пользуются художники. Описаны оптимальные средства для передачи стилизации, художественно образного решения, выразительности рисунка в изобразительном искусстве. Изучение стилизации портретного жанра дает возможность понять упрощенность, четкость, контрастность линейного рисунка, в основе которого лежит пятно, штрих, линия. В настоящее время портретная стилизация очень интересна тем, что можно образно передать «портрет», пронести картину через призму своих чувств и придать ей лаконизм, поэтичность, уникальность.

Ключевые слова: портретное искусство, стилизация, стиль, цвет, штрих, силуэт, контур, пятно, творчество, приемы, средства.

Annotation. The article presents the expressive means and techniques of portrait stylization in the visual arts, which are used by artists. The optimal means for the transfer of stylization, artistic and figurative solutions, the expressiveness of the drawing in the visual arts are described. The study of the stylization of the portrait genre makes it possible to understand the simplicity, clarity, contrast of a linear drawing, which is based on a stroke, spot, line. Portrait stylization is currently very interesting, since it is possible to figuratively convey a "portrait", as if to skip the drawing through the prism of one's own feelings and give it conciseness, poetry, uniqueness.

Keywords: portrait art, stylization, style, color, stroke, silhouette, contour, spot, creativity, techniques, means.

Бейнелеу өнеріндегі стильдеу ежелгі заманнан бері белгілі.Жартастағы суреттер стильдеудің алғашқы және ең жарқын көрінісі болып табылады. Көркем шығармашылықтың әдісі ретінде стильдеу ежелгі Египет пен ежелгі грек ою-өрнектерінде ең жоғары деңгейге жетті. Стильдеуді суретшілер 18 ғасырдың басынан бастап қолдана бастаған. Портрет жанрының стилизациясын зерттеу сызықтық суреттің қарапайымдылығын, айқындылығын, контрастын түсінуге мүмкіндік береді, оның негізінде штрих, дақ, сызық жатыр. Қарапайымдылық, лаконизм-стильдендірілген суреттің басты ерекшелігі. Суретті стильдеу үшін портретте бейнеленетін негізгі,

сипаттамалық белгілерді таңдау керек. Бұл көлем, характерлік сызықтар мен пішіндер.

Стильдеудің әртүрлі тәсілдері туралы айтпас бұрын, «стиль» ұғымына назар аудару керек. Стиль-тарихи дамудың белгілі бір кезеңіне тән көркем ойлаудың ең жалпы категориясы. Стиль көркем шығармашылықтың мәнін, бірегейлігін оның барлық компоненттерінің, мазмұны мен формасының, бейнесінің, суретшінің жеке басы мен дәуірінің бірлігінде білдіреді. Суретші А. Дерен «стиль-бұл біртіндеп адамнан шындыққа және керісінше ауысу» деген екен [1, 89 б.].

«Стильдеу-бұл сәндік жалпылау, бірқатар шартты әдістерді қолдана отырып, нысандардың пішініне, заттардың түсіне тән белгілер мен ерекшеліктерге баса назар аудару» [2, 27 б.]. Қажетті нәтижеге және тапсырмаға байланысты пішінді жеңілдетуге де, күрделендіруге де болады. Бірақ пішінді жеңілдету оны қарапайымдандыруды білдірмейді, жеңілдету – бұл барлық маңызды емес бөлшектерді алып тастай отырып, ең тән және мәнерлі жақтарын атап өту. Басқаша айтқанда, стильдеу - бұл экспрессивтілік пен декоративтілікке ие жаңа көркемдік бейнені жасау тәсілі [3, 228 б.].

С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде бейнелеу өнеріндегі стильдеу «заттарды, фигураларды шартты түрде жеңілдетілген түрде ұсыну» - деп түсіндіріледі. Шекті түрде жалпылау, тіпті пішінннің схемалық болуы және негізгі бөлшектердің айрықша көрсетілуі стильдеу әдісімен жасалған суретке тән болып табылады. Сәнделген кескін жасау барысында элементтердің өлшемдерімен ғана емес, сонымен қатар пропорциялардың да өзгеруімен еркін жұмыс істеуге болады, егер бұл деформация композициялық мақсатпен негізделген болса. Стильдендірілген портрет - бұл қиял мен сыртқы ұқсастық ойынының жемісі. Адамның бет бейнесін салу барысында қылқалам шебері оның пластикалық экспрессивтілігін сақтай отырып, оған тән негізгі және типтік нәрсені бөліп көрсетеді, көмекші бөлшектерден бас тартады. Бет бейне пішінінде байқалған барлық реңктер, әдетте, бірнеше негізгі түстермен ғана бейнеленеді. Тіпті шынайы түстен толық бас тарту да мүмкін. Көркем бейнені іздеу суретшіні белгілі бір шешімге алып келеді. Кейде заттың сипаттамасында кішентай ғана бөлшек негізгі рөл атқаруы мүмкін. Бармақтай ғана бөлшекке саналы түрде назар аудара отырып, оның мағынасын асыра сілтеп, көркемдік бейнені ашуға болады. Бастың пішіні, бет ерекшеліктері, шаш үлгісі және басқада бөлшектер кескіннің экспрессивтілігіне және шығарманың тұтастығына әсер етеді. Форманың жалпылану дәрежесі және көркемдік экспрессивтілік құралдарын таңдау шебердің алдына қойған міндетімен, бастапқыда ойластырылған образбен анықталады. Шығарманың стилі суретшінің ойында шығармашылық еңбек жүзеге асқан кезде пайда болады, нәтижесінде бейнеленген объект қарапайым шындықтан өзгешеленіп көрерменге ерекше әсер ететін жаңа шындыққа ие болады.

Стильдеу принциптеріне: - көлемді пішінді жазықтыққа айналдыру және құрылымды жеңілдету; - абристі өзгертіп форманы жалпылау; - форманы

оның шекара тұстарында жалпылау; - пішінді жалпылау және күрделендіру, табиғатта жоқ бөлшектерді қосу жатады. Алайда, форманы жеңілдету оны қарапайымдандыру дегенді білдірмейді, жеңілдету деген мәнерлі жақтарын еселеп, маңызды емес бөлшектерін тастап кету. Кез-келген көркем шығарманың негізінде оның құрамдас элементтері арасындағы органикалық байланыс жатыр. Осылайша, стильдеуге біз табиғи мотивті өзгерту, қайта өңдеу, көркемдік жалпылау, артық бөлшектерді елемеу, контур сызықтарын «түзету» арқылы қол жеткіземіз, оның мақсаты мотивті көрерменге барынша түсінікті ету, ал кей жағдайларда суретші үшін орындау процесін жеңілдету болып табылады.



1-сурет. ЯрославаТищенко «Ойлар»



2-сурет. Байділда Бауыржан «Досмағамбетов Төлеген Сабитович»

Портретті стильдеудің мәнерлі құралдарына нүкте, штрих, сызық, сұлба, дақ, контур, түс жатады. Нүкте-белгілі бір өлшемдері жоқ, кішігірім дақ ретінде қолданылатын қарапайым бейнелеу құралы. Штрих-графикалық өнердің бейнелеу құралы. Бұл әртүрлі қалыңдықтағы, тығыздықтағы және бағыттағы сызықтардың ортақтығы. Штирхтың сызықтан, нүктеден негізгі айырмашылығы: оның көмегімен көлемді пішінді модельдеуге, жұмыста кеңістіктік, тональды және жарық-көлеңкелік қатынастарды көрсетуге болады. Сызық-негізгі бейнелеу құралдарының бірі. Геометриялық мағынада сызық бір өлшемді және қозғалатын нүктенің ізін білдіреді. Сызықтың бірнеше қасиеттері бар: жұқа, қалың, қисық, толқынды, үзік-үзік, сынған, қиылысатын. Сызық күшін Ярослава Тищенко «Ойлар» (1-сурет) шығармасында керемет қолданған. Сұлба - бұл портрет өнерінде қолданылатын графикалық техниканың бір түрі. Стильдеу барысында суретші кескіндер мен пішіндерді жинақы, жалпыланған кескінге түрлендіру үшін сұлбаны пайдаланады. Дақ-бұл бір-біріне өте жақын орналасқан көптеген нүктелерден тұратын бейнелеу өнерінің құралы. Г.

И. Панксенов былай дейді: «дақ - бұл жазықтықтың немесе көлемнің бетіндегі нүкте, сызық, тон, түс ретінде бейнеленген визуалды із». Көркем даққа мозаикалық кескіндеме деп аталатын әртүрлі модульдің дақтарын жатқызуға болады. Импрессионистердің, пуантилистердің жұмыстары бұл

техниканы айқын көрсетеді.. Стильдеуде дақ жалпылау элементінің рөлін атқара алады. Әр түрлі көлемдегі дақтар арқылы Байділда Бауыржан «Досмағамбетов Төлеген» (2-сурет) портретін жазып шыққан. Контур-бұл заттың және оның бөлшектерінің сыртқы пішінін анықтайтын сызық, сонымен қатар көркемдік экспрессивтілік құралы. Түс суреттің колоритін құруға, көрерменге оның мағыналық және эмоционалды жүктемесін анықтауға көмектесетін заттардың көлемін, кеңістігін, пішінін, жарық дәрежесін, материалдылығын бейнелеу құралы. Түстін қасиетін қылқылым шебері Жұмақын Қайрамбаев «Тасшабар» (3-сурет) жұмысында тамаша қолданған .

Ж. Қайрамбаев әрбір құрал аспаптың мүмкіндігін жақсы білетін тәжірибелі режиссер немесе композитор сияқты кескіндемелік формаларды шебер пайдаланады. Түс жалпы заттылықтың түр жағынан көрінуінің көпке ортақ құралы (Г.В.Ф.Гегель), ал Жұмақын үшін ол негізгі бейнелеу құралы. Жарық пен көлеңкені, яғни қарама-қарсы құбылысты суретші жоғарыда аталған «Жекпе-жек», «Аңсау» картиналарында, жұбайы мен қызының және басқалардың портреттерінде молынан пайдаланған [4, 28 б.].



3-сурет. Жұмақын Қайрамбаев «Тасшабар»



4-сурет. Сабыр Мәмбеев «Терезе алдында тұрған қыз»

Стильдеу барысында портретте жиі қолданатын әдістерге: кесу, пішіндерді геометриялау, сұлба кескіні, декор жатады. Кесу-шынайы пішіндерді өткір, түзу және қыр пішіндерге айналдыру. Бұл әдіс объектінің конструктивті құрылымын анықтауға мүмкіндік береді. Пішіндерді геометриялау-нақты пішіннің құрылымдық элементтерін контурына жақын геометриялық фигураларға түрлендіру. Сұлба кескіні-осы техниканы қолдана отырып, әдемі контурлық кескінге қол жеткізуге болады. Декор әдісі сыртқы дизайнды құрайтын элементтердің жиынтығы, нысанның өзін, пішінін, безендірілген элементтер мен өрнектер арқылы безендіру.

Жоғарыда аталған әдіс-құралдарды, портрет өнерінде тамаша қолданған сурешті Сабыр Мәмбеев шығармашылығында көрсек болады. Жеке адамға тән түс әуеніне деген қызығушылық Мамбеевті портреттік жанрда түс пен мән-мағына поэзиясының формасының қанықтығына әкелді. Бұл картиналар өнерде қандай құбылысты бейнелегендігі емес, оның қалай

бейнеленгендігі маңызды екенін аңғаруға көмектеседі. «Терезе алдында тұрған қыз» (4-сурет) портреті осы жанрдағы ең елеулі шығарма болып саналады [5, 14 б.].

Шығармашылық стильдеу - бейнелеу өнерінің жемісті әдістерінің бірі болып табылады, ол реалистік тәсілден өзгеше, шындықты біріктіру және айналадағы өмірді бейнелеуді түсіну арқылы пайда болатының байқадық. Стильдеу кезінде суретші пішіндердің сәндік заңдылығын анықтайды, кездейсоқтықтардан арылады, бөлшектерді жеңілдетеді, кескіннің нақты ырғақтық негізін табады. Қазіргі заманда стильдеу элементтерін портреттік жұмыстарында керемет қолданатын Қазақстандық суретшілерге: Жұмақын Қайрамбаевты, Ярослава Тищенконы, Байділда Бауыржанды жатқызуға болады.

Бүгінде портретті стильдеу өте қызықты және заман талабына сай шығармашыл жол болып табылады, себебі сіз «портретті» стильдеу арқылы оны тек бейнелі түрде ғана жеткізіп қоймай, суретті өз сезімдеріңіздің объективінен өткізіп, оған лаконизм, поэтикалық, бірегейлік бере аласыз.

Дереккөздер/әдебиеттер тізімі

1. Останина С. А. Творческий стиль художественно-эстетической деятельности: сущность и структура [Текст]: учебное пособие / под ред. С. А. Останина. - М: Молодой ученый - 2012. - №2. - С. 283-286.
2. *Кузин В. С.* Вопросы изобразительного искусства. М.: Эксмо, 2001. 240 с.
3. *Комарова Т. С.* Методика обучения изобразительной деятельности. Просвещение: 1995. 342 с.
4. Жұмақын Қайрамбаев. Zhumakyn Kairambayev. Кітап-альбом. - Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. - 256 бет.
5. Сабыр Мамбеев . Сабур Мамбеев / құраст. Б.К. Барманқұлова – Алматы: «RUAN» баспа компаниясы, 2013. – 176 бет.

Секциялық мәжіліс / Секционное заседание
III – Секция
Актерлік шеберлік - шығармашылық пәндердің синтезі

АКТЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ САХНА ТІЛІНІҢ РОЛІ

Тұранқұлова Д.
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері

Түйіндеме: мақалада болашақ актерді тәрбиелеу оған білім беру барысындағы сахна тілі пәнінің маңызы мен ықпалы жайында айтылған. Кейіпкердің ішкі толғанысы мен жан-күйі сахна және экран алаңында көрермен қауымға сөз арқылы жеткізіледі. Сахнадағы, экран алдындағы әрекет пен әрекетті сөзді үйлесімді шығару үшін арнайы дайындық керек. Сондықтан бірінші курсқа енді ғана келіп түскен студенттерге ең әуелі тілдердің қоғамдағы орнына қатысты маңызды лекциялар оқылып, сахна тілінің басты мақсаты – болашақ өнер саласы мамандарының сөйлей білу шеберлігін және дауыс мүмкіндіктерін жетілдіріп, дамытатын практикалық сабақ екендігін түсіндіруден басталатыны, мәтінмен жұмыс, оқытушы мен білім алушының арасындағы қарым-қатынас үлгісі жан-жақты қарастырылып түсіндірілген.

Кілт сөздер: актер, сахна тілі, студент, спектакль, кейіпкер, экран, ұлт, режиссерлік шешім.

Резюме: в статье рассказывается о значении и влиянии предмета сценической речи в процессе воспитания будущего актера. Внутреннее волнение и душевное состояние героя передается зрителям через речь на сцене и экранной площадке. Действие и действенное слово, перед экраном и на сцене должны быть специально подготовлены для гармоничного воспроизведения речи. Поэтому студентам, только поступившим на первый курс, прежде всего должны быть прочитаны важные лекции, касающиеся роли и значении речи в обществе, а также разъяснено, что основная цель сценической речи – это практическое занятие, где будущие специалисты в области искусства совершенствуют и развивают навыки речи и голосовые возможности, также в статье подробно рассматривается работа с текстом, модель взаимоотношений преподавателя и обучающегося.

Ключевые слова: актер, сценическая речь, студент, спектакль, образ, экран, нация, режиссерское решение

Abstract: the article describes the meaning and influence of the subject of scenic speech in the process of educating a future actor. The inner excitement and state of mind of the hero is transmitted to the audience through speech on stage and on the screen. The action and the effective word, in front of the screen and on the stage should be specially prepared for the harmonious reproduction of speech. Therefore, students who have just entered the

first year, first of all, should be given important lectures on the role and significance of speech in society, and also explained that the main purpose of scenic speech is a practical lesson where future specialists in the field of art improve and develop speech skills and voice capabilities, also the article discusses in detail the work with the text, a model of the relationship between the teacher and the student.
Keywords: actor, stage speech, student, performance, image, screen, nation, director's decision

Актерлік мамандыққа дайындау ісі студент кезден қолға алынады. Театр мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарында «Актер шеберлігі», «Сахна тілі», «Сахна қозғалысы» және «Режиссура» негізгі пәндер болып табылады. Осылардың ішінде актер үшін сахна тілінің орны айрықша екендігіне сан мәрте көз жеткізілген.

Демек, сахна тілінің басты мақсаты актер үшін рольді ойнау барысында сөйлеуге дағдыландыру. Себебі, актердің қанша жерден кәсіби шеберлігі мен сахнадағы қозғалысы келісіп тұрса да, сөйлей білу өнерін жетік меңгермесе оның жаңағы айтылған шеберліктері түкке тұрмай қалуы мүмкін. Сондықтан да, актерлік мамандыққа түскен студенттер «Сахна тілі» пәнін төрт жыл қатарынан өтеді. Әр курстың өзіне лайық бағдарламасын игереді.

Сөзді меңгеру мен тәсілі драма, қуыршақ, эстрада артисі үшін бірдей. Сабақ барысында педагог шығарманың идеялық мағынасын анықтауды үйретуден бастайды. Автордың идеясы шығарманың басынан аяғына дейін анық байқалып отырады. Студент берілген мәтінді толығымен оқып, басты идеяны анықтауы тиіс. Ол үшін шығармадағы әрекет арқауын анықтау қажет. Әрбір көріністе автордың ойы қылаң береді. Әдеби материалда жекелеген эпизодтарды толығымен түсініп, ойдың, қимылдың дамуын елестету керек. Айталық, М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасындағы қос ғашықтың ролін ойнайтын студент-актер олардың әр сөзіне мән бере отырып, қиялдарымен алысқа самғап, жастардың мөлдір сезімін, болашақ туралы асыл-армандарын ұғынулары керек. Олардан басқа кейіпкерлердің ішкі жан-дүниелерін, мақсаттары мен міндеттерін толық түсінулері шарт. Сөйтіп, әр сабақ сайын шығарманың көркемдік ерекшелігі, түпкі идеясы анық бола түседі. Олардың әр сөзін оқыған сайын, студенттің алдында ары қарай қалай жұмыс жасау керектігі айқындала береді. Әрбір көрініс біртіндеп әрекетке айнала бастайды. Үзіліссіз елестету жүйесін жасау ең күрделі міндеттердің бірі болып саналады. Елестетудің құрылуы, оның үрдісі, эмоциялық сезімдерге толы болғандықтан студенттердің шығармашылық белсенділіктері арта түседі. Елестету - автор мен режиссер айтып жеткізе алмаған материалды жеткізіп, жандандырады. Бұл элемент сахна өмірінде басты орын алады. Актер елестету қабілетін жетілдіру үшін көптеген жаттығулар жасап шынығады. Өйткені, ол өзіне

берілген рольмен жұмыс жасау арқылы драматургтің сөзбен жазған пьесасын спектакльге айналдыруы қиял көмегімен жүзеге асатын үрдіс.

Әдетте, актер жазылған пьесаның сөздерін айтады, телевидение және радио дикторлары тілші жазған мәтіндерге қарап сөйлейді. Демек, олар әдеби тілде дайындалып, сұрыпталған сөзді ауызша айтып жеткізушілер болып көрінеді. Сырт қарағанда, оларға тіл мәдениеті жөнінен салмақ түспейтін тәрізді. Ал шындығына келетін болсақ, тілге қатысты ең үлкен талаптардың бірі – сөйлеу, тіл мәдениетінің бір шарты жазылған материалды немесе айтылмақ ойды дауыс ырғағын дұрыс келтіріп, табиғи түрде оқып немесе айтып беру, яғни сөзді келтіріп дыбыстау болса, бұлардан сол талап етіледі.

Әдеби шығармалармен жұмыс барысында актер сөз бен қимыл арасындағы үзілмес байланысты есте ұстауы керек. Себебі, кейіпкер қимылынан сөз туындайды. Егер сөздің бейнелілігі, нақтылығы, әрекеттілігі болмаса мәтінге жан бітпей, бұрынғыша қала береді.

Әрбір драматургтің мінез-құлық жасауда өзіне тән стилі болады. Спектакльде стильді қалыптастыру режиссерден көп ойлануды, толғануды талап етеді. Автор тілі оның идеясын жеткізетін маңызды құралға жатады. Тіл арқылы кейіпкердің мінез-құлқы, ойы, жан дүниесі айқындалады. Кейіпкер бейнесін жасау үшін актер оның сөзіне мұқият үңіліп, әрбір сөзінің неге айтылып тұрғанын табуы тиіс. Сонда ғана өз кейіпкерінің тамырына қан жүгірте алатын деңгейге көтеріледі.

Рольмен жұмыс жасау барысында актер сөздің дыбысталуындағы айқындықты, дикцияның актер шығармашылығындағы маңызын жақсы түсіне бастайды. Бейнелі, сезімге толы сөздерді меңгеру барысында ол өлеңмен жазылған туындыларды да еркін меңгереді. Өлеңнің ішкі ырғақты кідірісі орындаушының тыныс алуымен байланысуы шарт. Өлеңмен жұмыс істеу кезінде тіл кемістігі түзеледі. Егер сөйлеп тұрған актердің аузынан бір дыбыс дұрыс естілмей қалса, онда сөйлемнің мән-мағынасы жойылады. Себебі сөз астарындағы автордың идеясы, асыл мұраты, сезім қуаты жасырын жатады. Адамның парасат санасы мен психологиялық тебіреніс иірімдерінен пайда болатын сөз арқылы ой мен күй құбылысын тербетіп, толқыныс тудыруға болады.

Өлеңмен жазылған драматургиялық шығармаларда ойнау актерден айрықша күш-қуатпен қоса, дауысынан ерекше ырғақ пен екпінді талап етеді. Себебі поэзиялық тілмен жазылған мәтін өзінің түрі мен мазмұнына, ырғағы мен ұйқасына қарай актерден басқаша сөйлеуді талап етеді. Кейіпкердің ойлау, сезіну, қиялдау үрдісіндегі жан-күйін сомдау сөздің дұрыс айтылуымен тығыз байланысып жатыр. Қаһарман сөзін жаттап айта салу бір басқа да, бейнені жасау ол нағыз шеберлікті қажет етеді. Өлеңмен өрнектелген пьеса мәтінін оқыған кезде ондағы әр сөзге, тіпті әр дыбысқа, тыныс белгілеріне, екпінге

баса назар аударылады. Кейіпкер сөзін өзіндікі етіп оқығанда ғана автордың айтатын идеясы тыңдаушының жүрегіне тура жетіп, көңілін қозғайды. Мәтін астарындағы тереңдікті ашу орындаушының ішкі жан дүниесі мен өмірлік және сахнадағы тәжірибесіне де байланысты болады. Кейіпкер мінезін жасау жолындағы арпалысқа түскен сайын оның құпиясы ашыла түседі. Оның сөз астары мен әрекетінен үйлесілімділік анықталады. Сол пьесаның ерекше тынысымен тыныстап, көзге көрінбейтін нәзік тартылыстың әсері актер ойыны арқылы жеткізіледі. Өлеңмен жазылған пьесаларда ойнаған кезде, актер поэзиямен жұмыс жасау техникасын еске түсіреді. Поэзия - демді жаттықтырудың таптырмайтын құралы болып саналады. Өлеңде дауыс ырғағы сан құбылады, ауыз аппараты да жақсы жұмыс істейді. Актердің дауысы ең төменгі регистерден шығып, ортаны қамтып ең жоғарғы регистрге жетеді. Өлеңдер оқып жаттығулар жасайтын актерлердің дауысын күшейтумен бірге, тыныс алуды да жақсартады. Актер өлең оқу кезінде дыбыс үндестігіне ғана емес, өлең жолдарындағы ырғақты қатаң сақтауға машықтанады. Өлеңдегі логикалық екпін мен кідірісті белгілеуге дағдыланады. Айталық поэмалардың қай-қайсысында болмасын бұрынғы хиссалар сарыны сақталмайды. Керісінше, поэмаларда эпикалық суреттеулер басым келіп, лирикалық шегіністер оқиғаға нәр беріп, психологиялық тебіреністер тудырып отырады. Актер кейіпкердің жан сезіміне терең бойлап, философиялық үлкен түйіндеулер жасай алуы тиіс.

Тілдің интонациялық, тембрлік, өлшем – ырғақтық түрлері, оның динамикалық белгілері дамымаса ашылмай қалады. Сахнаға шыққан актер сөзді қадірлеп, қастерлеп айтуға дағдылануы керек. Өйткені сахнада сөз әрекеті туындайды. Сөйлеу тілін дыбыстық жағынан анықтап алғанда ғана құлаққа жағымды, жүректі тербейтін сөз туындайтынын есте тұтқан жөн.

Актер сөйлегенде дауыстың құбылуы, қатты, орташа не ақырын шығуы, толас табуы, дауыс екпінінің мағынасын арнайы ерекшелеп айтатын негізгі сөзге түсуі, қуаныш пен реніш, жақтыру мен жақтырмау сияқты жайттерді білдіруге қосымша реңк үстейтін дауыс сарыны, мәнерлеп оқу тәсілдеріне орай өзгеріп отырады.

Ең бастысы актер сөйлеудің мінсіздігі, тазалығы, мағыналығы үшін күшін салуы шарт. Сахна арқылы өзінің рухани күшімен, рухани байлығымен көрермендерді өмірді көзімен көріп, жүрегімен тыңдауға шақырады. Ол көпшілікпен байланысқа түсіп, кейіпкердің ойын, мақсаты мен міндетін сөз арқылы жеткізеді. Актер сахнада өзінің сөз байлығын еркін қолдана білсе соғұрлым кейіпкер бейнесінің жан-жақты қырларын айқын көрсете алады. Сөз бен ойлау үнемі байланыста және сөз ойлау қызметінің үрдісіне қатысады. Сөзде ой айқындалады, қалыптасады. Сөйтіп сөз өзінің белгісін, тілдік құрылымын алады. Сөзбен ойлаудың арасындағы байланыс дәлме-дәлдік және

ойға қонымдылық секілді сөйлеу сапасын арттырады. Әр сөз кейіпкердің көңіл-күйімен тығыз байланыста болғандықтан, әр сөздің айтылуына қарай түрлі мағынасы да болады. Бұл жерде сөзге әр беріп, оның мағынасын толықтыратын қарапайым тәсіл интонация, яғни дауыс ырғағымен әр сөздің айтылу мәнері бар.

Сахнадан сөз сөйлеген кезде тыныс белгілерінің де алар орны ерекше. Тыныс белгілері асықпай сөйлеуге, белгілі бір заңдылықтарды сақтауға қалыптастырады. Тіл тазалығын сақтауға ықпал етеді. Демек, осы заңдылықтарды дұрыс сақтаған актердің сөзі мәнерлі шығады. Актер қолына алған пьесаны оқи отырып, оның мән-мағынасын, идеясын, тілдік стилін меңгеруі қажет. Өйткені, сахнадан сөйлегенде дауыс ырғағы өзгеріске түседі. Бірде күшейеді, бірде бәсеңдейді. Кейіпкер бейнесіндегі актер қуаныш пен қайғыны, ашыну мен күйінуді, дауыс ырғағы арқылы жеткізіп бейнелейді, әсерлейді, әрлендіреді. Актер шеберлігінің міндеті - сөз мақсатын ашу, ойналып жатқан бейнені тіл техникасы арқылы сомдау болып табылады.

Актерлік өнер өзінің шынайы, өмірлік шындығымен ерекшеленетін орындаушылардың шығармашылық жетістіктерінің түп негізі сөзді терең меңгеруімен астасады. Ұлттық мінез жасаудың тәсілдері кейіпкердің психологиялық толғаныстарын ашудағы сахналық нақыш-бояулар тіл өзегінде жатыр. Режиссерлік шешім орындаушыларға сахналық бейненің ішкі психологиялық күйін, дауыс ырғағы мен үнін, сөз мағынасын қимыл-әрекетке бағындыруға бағытталғанымен де, оны іс жүзінде жүзеге асыру актердің иығына түседі. Актер өзі сомдайтын кейіпкердің сахналық кескінін дәл мүсіндеумен бірге, сөздің ырғақ екпінін, өзгеше үнін, ең маңыздысы сөздің астарын ашу болып табылады. Сахнадағы актер қандай кейіпкер бейнесін сомдаса да, кімнің ролін орындаса да сахналық сөздің мән-мағынасын ашса ғана, нәтижеге қол жеткізе алады. Ең бастысы, сахналық әрекет-сөз әрекеті екенін жете ұғып, соның сырын меңгеруге ерінбеуі керек. Актерлер сөздің жүйелі айтылуы мен дауыс үніне асқан жауапкершілікпен қарағанда ғана көрермендер құлағына жағымды дауыс туындатуға болады.

Бүгінгі таңда театр қабырғасын енді аттаған жас актерлер алдыңғы буын орындаушылардың сахналық тәжірибесіне, бұрыннан қалыптасқан дәстүрлерді жалғастыруға мән бермейді. Жасыраты жоқ, қазіргі кездегі актерлердің көпшілігі тілмен жұмыс жасауды азайтып бара жатыр. Біздің пікірімізше, сөз шеберлігін жетілдіру үнемі алдыңғы кезекте тұруы тиіс. Қыры мен сыры мол қаһарман күйін дәл басып, кейіпкер бейнесін майдаламай, дамудың шарықтау шегіне сөз күшімен жеткізуді естен шығармаған жөн.

АЖАРЛЫМ БАҚЫТЖАНОВАНЫҢ ТЕАТР САХНАСЫНДАҒЫ АКТЕРЛІК ІЗДЕНІСТЕРІ

Ембергенов Т. Б.
Т. Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы
Алматы қ., Қазақстан
takotakob@mail.ru
Ғылыми жетекші:
Еркебай А.С.
өнертану кандидаты, профессор

Аңдатпа: Мақалада актриса Ажарлым Бақытжанованың М. Әуезов атындағы қазақ ұлттық театры мен тәуелсіз “28 Theatre” қойылымдарындағы сомдаған сахналық бейнелері талқыланады. Сондай-ақ, сахна шеберінің өнердегі өрлеу сатысы да қарастырылған.

Тірек сөздер: театр, актриса, спектакль, штамп, роль, кейіпкер, драма

Аннотация: В статье рассматривается сценические образы созданные актрисой Ажарлым Бакытжановой на сцене Казахского национального театра им. М. Ауэзова и независимого “28 Theatre”. Также рассмотрен этапы развития мастера сцены в искусстве.

Ключевые слова: театр, актриса, спектакль, штапм, роль, персонаж, драма

Annotation: The article examines the stage images created by actress Azharly Bakytzhanova on the stage of the Kazakh National Theater named after. M. Auezov and the independent “28 Theatre”. The stages of development of a stage master in art are also considered.

Key words: theatre, actress, performance, stamp, role, character, drama

«Берілген рольдің сөзін жаттап емес, образын іздеуге тырысамын» - дейді Қазақтың Мемлекеттік академиялық драма театрының және «Theater 28» атты жеке театрдың актрисасы Ажарлым Бақытжанова. Кейіпкер кескінін сырттан іздеуі арқылы ішкі жан-дүниесінің жалынын, құратын жаңа өмірбаянының ең басты дақылын табуға тырысатын сахна шебері бұл күнде көрерменнің көзайымы болып жүргені даусыз. Қажырлы еңбек пен сан қилы ізденіс арқылы өнер иірімінің толқынына соқтықпай зор талап пен мол талантты қатар алып жүр. Қазіргі таңда өзіндік қолтаңбасы қалыптасып келе жатқан жас актриса құдіретті өнер жолында, киелі сахна үстінде тыраштанып еңбек етуде. Қазақстанның халық артисі Есмұхан Обаевтың шеберханасында тәлім алған жас буын өкілі, қазір, екі бірдей театрдың сахнасында басты рольдерді сомдап жүрген ізденімпаз сахнагерлердің қатарында. Сапалы образдары жарқын болашаққа кемелді тарих болып қалыптасуы айдан анық, бесенеден белгілі.

Роль – еңбекпен келетін жемісті дүние. Сонау оқылым кезінен бастап сахнаға шығуға дейін кейіпкердің кейіпіне еніп, жүрек пен жаныңды салып

және ақыл мен есіңді толықтай кіргізесің. Міне, роль немесе кейіпкер келбеті дайын. Ажарлымның осылай жан-тәнін салған бейнелері аз емес. Театр сахнасында жүргеніне аз болсада бірнеше басты рольдерді қанжығасына байлап алғаны тоқтаусыз еңбектің нышаны. Дарынды пенде сыртта қалып қоймауы керек. Дәл осылай бойынан ерекше ынта байқалатын Ажарлымның бағы бес елі. Талантына талап қосқан актрисаның қоржынында әкемтеатрдан Таңсұлу (Ғ. Есім, «Таңсұлу»), Әсел (И. Вовнянко, «Актерді өлтірген кім?»), Зылиха (Д. Исабеков, «Зылиха), Мадина (Д. Исабеков, «Жүз жылдық махаббат»), Джейн (Р. Куни, «Мани-мани»), Беляева (А. Володин, «Қоштасқым келмейді»), Бетти (Л. Толстой, «Анна Каренина»), Дүрия (Ғ. Мүсірепов, «Қыз Жібек»), Сағыныш (И. Сапарбай, «Сыған серенадасы») секілді рольдер болса, жеке театрдан Мария (Г. Бюхнер, «Войцек»), Карина (М. Задорнов, «Күйеуіңізді сатыңызшы») сынды ауыз толтырып айтарлықтай образдары бар. Осы аталған және де басқа жасаған бейнелерінен актрисаның бойында қатып қалған штамп жоқтығын, кескін қалыптастырудағы амплуасының кең екендігін байқаймыз. «Таптаурындылық қашанда қолдан табылатын нәрсе; әрі жеңіл, әрі оңтайлы; көп күш жұмсалмайтын арнаға бұра тартуға ыңғайлы, бойға сіңген әдет сияқты, ал, әдет болса – адамның екінші бір мінезі екені белгілі» [1, 42] - деп К. С. Станиславский таптаурындылықтың әдетпен бірге қатар жүретіндігін баяндаған. Бір-біріне ұқсамайтын рольдерін көріп отырып қуанасың. Ішкі энергия мен сыртқы пластиканы қатар қолдана алатынына да көзіміз жетеді. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген адуынды сөз бар елімізде. Кейбір сахна шеберлеріне тікелей қатысты мағынада айтылып тұрма дейсің. Әупірімдеп құр сөзбен құлшына отыра бермей, дәлел бола алатын іске көшейік...

Лириканы комедиялық, драманы трагедиялық жанрға ауыстыру жалпы актер біткеннің қолынан келе бермейтіні анық. Қалыптасқан бірбеткейлік жан-жақты болуға тосқауыл жасайды. Тосқауыл тұрмақ қарауға пәрменің болмайтын күйге де жеткізеді. Ол дегеніміз ізденістің аздығы. Атқарып жатқан жұмысына бей-жай қарағандығы, қойылған дауыстың ырғағы, ымның білінбеуі, ишараттың көрінбеуі тіпті болмаса қимыл-қозғалыстың да жаттанды түрі дүйім жұртты әбден әбігерге салатынында мойындауымыз керек. «Өмірді көп бақылап, кең зерделемеген актер, шығармашылық жан әлемі мүгедек, шығар төбесі аласа болады. Ал өнерде олай болу деген келіспейді-ақ. Көркемөнер нәзік эстетика оған зорлық жүрмейді. Оңай деп талаптанбай, қиын деп талаптанған адам ғана оның үдесінен шығады» [2, 128] - деген Хадиша Бөкееваның сөзін Әшірбек атамыз өз кітабы арқылы бізге мұра қылып қалдырған. Рас, сахна шеберіне алдымен өзін алдап, кейін халықты алдаудың қажеті шамалы. Үйренген бір образды барлық жанрда көрсете беру қазіргі таңда «оңай талаптанып» жүргендерінің белгісі. Ал Ажарлым, «штамп» деген қағидадан бойын аулақ ұстайтындардың қатарында. Сыртқы әлемнен алатын энергиялық төзімі барынша күш беріп, қанаттандыратыны

анық. Сомдаған бейнелері ұлттық сахнамыздың сүбелі табыстарының қарасын көбейтуде.

Әкемтеатрдың атақты актері Азамат Сатыбалды жеке театр ашқанын білмейтін жан кемде кем. Әртүрлі өнер ошақтарынан артистерді алдыртып және танымал режиссерлерге қолқа салып спектакльдер қоюға ынтасын білдірді. Әрине, көзге айрықша түскен сахнадағы әріптесі осы тізімдер қатарынан тыс қалмады. Театрдың алғашқы қойылымын сахналау режиисер Айдын Сахаманға бұйырған екен. Айдын Михаил Задорновтың «Күйеуіңізді сатыңызшы» пьесасын қазақша нұсқада қойды. Әзіл мен күлкіге толы спектакль тек кассалық мақсатта қойылғаны анық. Ажарлымға сол қойылымнан Карина ролі берілген. Пьесаның түпнұсқасында Карина емес Оксана. Неге екені белгісіз режиссердің шешіміме, әлде актерлардың қалауыма Оксана – Карина, Елена Владимировна – Гауһар Жұмашевна, Андрей – Абзал болып өзгертілген. Бар-жоғы үш кейіпкерден тұратын спектакль қалжын мен сықаққа толы. Гауһар Жұмашевна күйеуімен отасқанына жиырма жыл болғандығын атап өтуге әзірленіп жатқан. Кенеттен Карина есімді әдемі, жас, сүйкімді қыз келіп, күйеуімен көңіл қосып жүргендігіне екі жыл болғанын айтып және оны жүз мың долларға сатыңызшы дегендей ынта білдіреді. Жалпы, қысқа мазмұнда спектакль осылай. Отбасылық комедия болып саналатын шығарманың өзегі мол. Әлқисса, көрерменнің ішек-сілесін қатырған Ажарлым өзін мүлдем бүкпесіз басқа қырынан көрсете алды. Ең бірінші Абзал Айдарұлының әйеліне келген сәттен бастап, жүрген жүрісі мен сөйлеген сөзі Каринаның бойында қандайда бір махаббатқа деген еркелік бар екенін көрсетті. Қолына ұстаған полиэтиленді пакетін құшақтап алғанын көргенде, құдды бір оқымыстының кітапты бауырына басқанындай көресің. Бірақ, Карина құшақтаған пакетте кітап емес, генералдардың суреттері бар папка және бір шөлмек шампан сусыны. Сатиралық образды ұстанған Ажарлым жастық жалынның қандай болатынын, мастық дәуірдің қалай өтетін де байқатты. Көзімізбен көрген екі шөлмек ащы су дем арада ғайып болды. Оны кулисаның артында отырып Гауһар екеуі іщкенін халық аңғарғаны рас. Ішіп болған соң ортаға сыртқы пластикасы өзгерген Карина шықты. Күрмелген тілі мен қимыл-әрекеті және сөйлеген сөздері күлкі тудырады. Өзі жиырма жаста болып «жасым келіп қалды, маған күйеуіңізді сатыңызшы» деген сөздерін естігенде махаббатқа әбден беріліп кетіпті ғой деп қаласың. Абзал Айдарұлы келген кезде «Абзалчик» деп еркелетіп және өзі де еркелеп ынтызар жүректің қылын шертеді. Аңқау қызды сүйікті Абзалчигі итеріп я болмаса ұрып жіберген кезде бөксесі, шекесі, тағы қай жері болмасын «Айбай, көзім» деп еңірей кетендігі Каринаның нәзік екендігін алға тарты. Арзан әзілге құмартқан көзқарақтыларымыздың көңілінен шығу үшін артистер де аянып қалмасы анық. Күлкі қымбатпа, арзанба, әйтеуір халық күлсе болды. «Айбай, көзімді» доғарып Ажарлым тағы бір күлкі қаруын оқтады. Мас адамның ырғақтық интонациясымен «Мен барып су ішіп алайыншы» деген бес ауыз сөзі елең еткізіп отырғаны аса бір

қатты ізденіс тудырмағаны анық. Сахнада тірі адамның рухани тіршілігін сомдауы «кейіпкержандылық өнеріне» сай құбылыс екенін аңғарғанымыз өтірік емес. Бір талып тұрып есін жинаған Каринаның біркүндік өмірі осылай өтті. Оны сомдаған Ажарлым Мағзымқызының комедиялық бейнеге деген тебіреністі естелігі де алғашқы толғаныс түріндегідей болуы мүмкін емес. Комедияға, мейлі ол коммерциялық болсын, кәсіби тұрғыда назар салғанымыз жөн. Бұл сұрақ тікелей режиссерге қатысты. Актерлардың ешқандай кінәсі жоқ...

Талдау жұмысын жеке театрдан бастаған соң келесі талдауды да кезекті спектакльге бұрсақ. Бүгінгі күнде жаңа форматта қойылымдар қойып жүрген даңқты режиссер Дина Жұмабайда Азамат Сатыбалдының театрында өз бағын сынап көрді. Георг Бюхнердің әйгілі «Войцек» шығармасын сахналауда режиссер қазақ театр тарихында болмаған біраз инновациялық жаңалықтарды паш етті. Әп сәтте көрермен көзайымына айналған туындыдының болашағы жарқын екені білініп тұр. Белгілі театр сыншысы Анар Еркебай осы қойылым туралы «Режиссер пьесаның идеялық-көркемдік сипатын өзінше бағдарлап, ой-тұжырымын актер ойыны арқылы жүзеге асыруға күш жұмсаған. Оқиға болмысын шиыршық атқан әрекеттермен ашуға, кейіпкерлердің даралығына, ішкі психолгиялық толғаныстарына физикалық әрекеттермен келу жолдарын қарастырған» [3] - деп тұжырымдады. Сол жаңалыққа толы қойылымнан Ажарлымға Мария ролын ұсынған. Бұл Мария Карина секілді ойнақы жеңіл роль емес. Психиолгиялық серпінде негізделген кейіпкерді Ажарлым осы қойылымда ажарын шашып тұрып ойнады десек артық айтпағанымыз болар. Үстіне киген күпәйкесі, аяғындағы етігі және қолына ұстаған баласы Марияның образын ашып тұр. Тамбурмажор мен дәрігер және басқа да жігіттерді көрген сәтінде «Солдаттар! Сымбатты сұлу жайнақтар!» деуінің өзінде жігіт қауымына деген ынтызарлық құлшынысы байқалады. Тамбурмажордан алған сырғасына бола күйеуінің көзіне шөп салуы әйел мен күйеу арасындағы теңдіктің текке кеткенін аңғартқаны да рас. Түннің көбіне-көп бір ұйықтап тұрғанға ғана келетіні сияқты, кей еркек әйелді күнәкәр болу үшін пайдалана береді. Осы жайтты Мария біліп тұрса да, іштей сезіп тынса да, құдіреті жібермеді. Тамбурмажордың құшағынан бірақ шықты. Оны Войцек білді, біліп тұрып ештеңе істей алмады. «Жалғанда мына жалғызбыз, жауаптымыз бәріміз» деп бір сахнасында ішкі толғанысын жалғыз отырып, баласына айтуы арқылы күйзелістің отына өте қатты күйгендігі байқалады. Махаббат отын тек әйел ғана білдіре алатына шүбә келтіре алмаймыз. «Ганс! Ганс! Берші маған салқын шараптан» деген сөздері Марияның төменгі таптан шыққан дәлелдеп тұр. Ажарлымның образды жасауда темпо-ритмге де аса назар аударғанын айта кетейік. Көңіл-күйге байланысты бірде баяу, бірде жылдам сияқты өлшемдік өзгерістерге түсіп, ұсынылған жағдайын ұстамды қалыппен әдемі шешкен. ***«Сүйікті менің қызым-ау, Қолдан қолға өттің-ау, Тия алмай сен нәпсіңді, Көрінгенмен жаттың-ау!»*** Бұл тікелей Марияға айтылған жігіттердің хормен айтқан өлеңі. Психикалық тұрғыдан аса қатты

соққы алған Мариямның тағдыры кімді болмасын алаңдатпай қойматыны хақ. Сол рольді жоғары деңгейде алып шыққан Ажарлымның халық ықыласына бөленіп, сыншылардың тарапынан оң баға алғаны ізденіс пен еңбектің арқасы деп білемін.

Осыдан біраз жыл бұрын әйгілі Ғабит Мүсіреповтің «Қыз Жібегін» академиялық театрда жас режиссер Елік Нұрсұлтан қойған болатын. А. Шаяхметовті – Төлеген, Салтанат Бақаеваны – Жібек, Асан Қыркабаевты – Бекежан рольдеріне бөліп, Ажарлым Бақытжановаға Жібектің жан құрбысы Дүрияны белгілеген екен. Қазақтың қызына тән еркелікті бойына сіңдіріп, жұлқынып тұрған керемет образ шықты. Сахнаға Бекежан шықса түріндегі эмоциясын өзгертуі арқылы жақтырмағанын білдіртіп, ән айтып жатса аяғынан шалып және сол әнге деген көзқарасын бет-әлпетіндегі мимикасы арқылы Бекежан секілді жағымсыз кейіпкерге деген ықыласын білдіріп тұрды. Оған қарымта ән айтуы кезінде, Ажарлымның әншілік қабілеті де бар екенін аңғаруға болады. Ал, сахнаға Төлеген шыққан кезде ырғақ өлшемі мүлдем күрт өзгерді. Сахнаны жүгіре айналып, бірнеше қыздардың арасынан Жібекті көрсетуінің өзінде салиқалы сезіммен құрбыларына деген қарым-қатынасы айқын көреміз. Әр қимылында ұшып-қонып жеңіл қозғалғанын да Дүрияның пысықтығы мен алғырлығы басқаларынан басым екенін аңғаруға болады. Егерде Ажарлым «Жібек» болса, пысық Жібек болар ма еді?! Әттең, ол Жібек емес...

Ажарлымның «Сыған серенадасындағы» Сағынышы жоғарыда аталған рольдерден мүлдем бөлек. Шәмшіні ойнаған Ерлан Біләлмен өткен сахнасында қыздар қауымына жалпы қандай қасиет тән болса, сол қасиеттің барлығын бір Сағыныштың бойына дарыта білген. Өрілген қолаң шашын сипауы, ер-азаматтың жанында еркелеуі Ажарлымның ажарын шаша түсті. Сүйсіне қарап отырып, қазіргі таңда әлеуметтік желілерді шулатып жүрген қазақтың қыздарын еске аласың. Қыздардың бәрі осы Сағыныштай болса ғой... Инабаттылығы мен ибалығы көзінен ұшқын болып шашылып тұрған бейнені ұмыту әсте қиын. Басты роль болмасада, есте қалар кескін. Өзінің қоңыр даусымен Шәмші әнінің нәзіктілігін көрсетуі арқылы махаббатын жеткізді. Бірақ, сондай пәк жандардың пәтуасыз адамдармен жұптасуы заңдылықпа деймін. Шәмшінің әнін тыңдағаны үшін күйеуінен таяқ жегені жанға қатты батады. Не дегенменде, Сағыныштың сағымы самал болып есіп тұрады.

Қорыта келсек, Аңқау Каринаны психикасы бұзылған Марияға, Пысық Дүрияны инабатты Сағынышқа ауыстыруы арқылы Ажарлымның жеткен жетістіктерінің саны арта түспек. Өнерге қадам басқан адамның, оған бауыр басу керектігі де абзал. Мақсаты мен мұраты қатар жүрсе болғаны. Әр өнер адамы өзінің қолтаңбасын қалдырып кетуге тиіс. Бірақ, сол қолтаңбасы таптаурындық болмаса игі еді. Қазақ театр өнерінің жас буын өкілдерін күтер үміт көп. Барлық сахнампоз жандар «штамп» атты қағидадан алшақ болса екен деймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байсеркенов М. Сахна және актер («Станиславский жүйесі» әм оның тезистері мен негізгі заңдылықтары). – Алматы, Ана тілі. 1993. – 336 бет.)
2. Актер әлемі. – Алматы, «Ан Арыс» баспасы, 2008 ж. Т.1 – 272 б.
3. Еркебай А. Дәстүр мен жаңашылдыққа бай фестиваль. 2018 ж. http://www.oner.kz/theatre/view/11075-anar-ercebaj-dastur-men-zhanashyldykka-baj-festival

АКТЕР ШЕБЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛЬДЫ КОММУНИКАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Карамолдаева Д.О.
Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА доценті,
музыкалық театр кафедрасының меңгерушісі
Карамолдаева Г.Д.
Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА,
жеке ән салу кафедрасының доценті
Ермекова К.Б.
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы,
дирижерлеу кафедрасының оқытушысы

Аңдатпа. Мақалада актер шеберлігін қалыптастыру барысындағы ең маңызды элементтердің бірі – бейвербальды құралдар және оны қолдану жолдары туралы сөз қозғалады.

Аннотация. В статье рассматривается сущность и роль невербальных средств, в формировании актерского мастерства, пути его реализации.

Abstract. The article examines the essence and role of non-verbal means in the formation of acting skills, and ways of its implementation.

Тірек сөздер: Актер шеберлігі, бейвербальды құралдар, ым-ишара, ишарат, паралингвистика, тренинг.

Ключевые слова: Мастерство актера, невербальные средства, жест, мимика, паралингвистика, тренинг.

Keywords: Acting skills, non-verbal means, gesture, facial expressions, paralinguistics, training.

Соңғы жылдарда мимика мен қимыл-қозғалыс тіліне ерекше мән берілетіндігі белгілі. Себебі, бұл белгілі бір ақпаратты жеткізудің табиғи құралы, бірден-бір жолы. Сөйлеп тұрған кезіміздегі өзіміздің қимылымызға назар аудара бермейтініміз анық, ал ол болса, өз кезегінде біздің санамыздағы пайда болған белгілі бір ақпарат арқылы келесі тыңдап тұрған адамға әсер етеді емес пе.

Тілдік құрал адамның бір-бірімен өзара қарым-қатынасы, десек те казіргі кезде вербальді түрде ғана емес, ғылыми зерттеулерде күнделікті

тіршілікте жиі қолданылатын бейвербальді түрімен де жүзеге асырылатындығы «тілге тиек» етілудегі. Яғни бейвербальдік құралдардың үлкен мәні зор. Қазіргі кезде ол өз алдына техникалық-технологиялық деп аталатын құралдар класын құрайды. Сөз тілі тән тілінің мен коммуникативтік актідегі қатар өмір сүруі және өзара сабақтастығын былайша түсіндіруге болады: адам іс-әрекетіндегі вербальді және бейвербальді құралдардың белгілі бір ақпаратты жеткізудегі шын мәніндегі бір-бірімен ұқсастығы, тығыз байланыстылығы.

Егерде сөздік тілдің мазмұнын аша, әсерін күшейте түскіңіз келсе, бейвербальды құралдарды қолдана білудің маңызы өте зор екендігіне күә боласыз. Сөз тілі мен тән тілінің бір-бірімен осындай ұқсастығымен қатар, айырмашылықтары да жеткілікті. Үш айырмашылықты атап кетуге болады:

– біріншіден, табиғи сөйлеу тілінің өзіндік формасы болады, тәндік тілдің тұрақты көрсеткіші болмайды, оның нұсқалары әртүрлі болып келеді;

– екіншіден, тілдің референциялық бірлігінің әсері, қимыл-қозғалыстың референциялық бірлігінен өзгеше әсер;

– үшіншіден, тәндік белгілердің тек көзбен ғана қабылданатыны белгілі.

Вербальдік емес қарым-қатынас жүйесі актерлік қарым-қатынастың маңызды компоненті, өйткені ол сахнада өнер көрсету үдерісіндегі негізгі ойдың, негізгі бөлігін жеткізудің, негізгі көзі болып табылады.

Бейвербальдік қарым-қатынас құралдарын тұңғыш зертеушілердің бірі Чарльз Дарвин оның бұл саладағы ойлары «Выражение эмоций человеком и животными» деген кітабында орын алған.

А.Пиздің пікірінше (Австралиялық ғалым), адамдар арасындағы қарым-қатынастың 7% вербальді (сөздер, сөйлемдер); 33% вокалды (интонация, дауыс ырғағы, дауыс немесе дыбыс әуезділігі, екпіні мен қарқыны, т.б.) және 55% бейвербальді элементтер арқылы жүзеге асады екен [1, 272 б.].

Бейвербальді элементтер көптеген ұлттар мен халықтардың тіліндегі жүйелі әрі кешенді түрде зерттелген, қазақ тіл білімінде М.Мұқанов, С.Татубаев, А.Сейсенова, Қ.Қажығалиевалар ым және ишараттарды әр түрлі қырынан фрагментарлы түрде зерттеген. Қазақ халқының тұрмыс-салтында бейвербальді құралдардың негізгі типтері: кинесика, просодика, такесика, проксемика секілді амалдардың барлық түрі орын алған.

Вербальді емес қарым-қатынастың әр халықтың өзіне сай ұлттық сипаты бар, оның маңыздылығын білу болашақ актерге өте маңызды. Бейвербальді амалдарсыз адам өз ойын ұтымды, сенімді түрде жеткізе алмайды, өйткені вербальды емес амалдар сөзге қосымша мағына беріп тұратын қимыл-әрекет. Өз ұлтымызға байланысты айтар болсақ, саналуан бейвербальды амалдар қазақ халқының тұрмысында, өмір тіршілігінде кездесетін «бір туып, біте қайнасып» кеткен ұлтымыздың салт-сана, тәлім-тәрбие, әдет-әдеп, үлгі-өнеге, тағылым және таным саласындағы ғасырлар бойы жинақталған, дәстүрге еніп, қалыптасқан бай қазыналарының бірі.

Тұнғышбай Жаманқұловтың мына бір ойлары оған дәлел: «Ұлттың мәдени мұрасына ауызша айтылған немесе жазбаша түрдегі шығармалар ғана жатпайды, оның құрамына біртұтас коммуникациялық бірлік ретінде ұлттық ишарат-мәзіреттердің сан-салалы түрлері де кіреді. [2, 180 б.].

Адамдар қарым-қатынасының вербальді емес амалдарына (ым-ишарат, дене іс- қимылдары) қарап, адамның ұлтын, мәдени болмысын анықтауға болады, себебі әр ұлттың дене тілінде өзіне ғана тән ерекшелік қалыптасқан. Б.Момынованың зерттеу еңбектерінде бұл жөнінде былай деп жазылған: «Дене тілі, ым мен ишарат – тілдің әлеуметтік, психологиялық, лингвистика сынды салаларының фактілерін салыстыра, салғастыра отырып, кешенді зерттеуге қол жеткізуге болатын, қазақ тіл біліміндегі теориялық тұғыры әлі толық анықтала қоймаған жаңа сала» [3, 7 б.].

Лингвистиканың бір саласы паралингвистика XX ғасырдың 40-жылдарында пайда болған осы біз қарастырып отырған қарым-қатынастың бейвербальді құралдарын зерттеумен айналысады, грек тілінен аударғанда «para» сөзі «маңайында, жанында» деген ұғымды білдіреді, яғни тілдік әрекеттің кез келген түрінің, атап айтқанда, жазба тіл, пантомимо тілі, өзіндік коды бар ым мен ишаратпен жарыса қолданатын құбылыстар паралингвистикалық болып табылады [3, 5 б.].

Аталған терминді алғаш ғылыми айналымға енгізген американдық ғалым А.Хилл болса, бұл ғылымның зерттейтін міндеттерін айқындаған алғашқы ғалым психолог Дж.Трейгер.

Зерттеуші-ғалымдардың тұжырымдауынша, тілдік (вербальді) құралдар көмегімен дәйекті ақпарат берілсе, тілдік емес (вербальді емес) құралдар арқылы диалогке түскен адамдардың жай-күйі мен сезімі жеткізіледі екен, Күнделікті өмірде көріп жүргеніміздей, ым-ишара, ишарат арқылы ойды жеткізу оңай, тіпті тиімді болып келетіндігі оған дәлел.

Театр сыншысы Ә.Сығай бұл туралы: «Іс-әрекет еркін жетіп жатқан шақта сөзді үстемелеудің не пайдасы бар? Кейде сөзге бергісіз қимыл, көзқарастар бар емес пе?» – жазады. [4, 228 б.].

Біздің көтеріп отырған мәселемізге орай, белгілібір кейіпкер бейнесін сомдаушы артистер, сахна төрінде өзінің қолданатын бейвербальді әрекетін алдын-ала «жүз толғанып, мың ойланып», айтылар сөзбен сабақтастыра алса, ол кейіпкердің мінез құлқына, іс-әрекетіне сай келсе, шынайы түрде бейнеленсе нағыз шебер болғаны.

Біздің халқы негізінде өте сабырлылығымен ерекшеленеді, әсіресе орта жастан асқан соң бұл қасиет жалпылама сипатқа ие. Осылай болған күннің өзінде де бейвербальді құралдарды қолдану, осы уақытқа дейін қалыптасқан дағдыларға байланысты оның еркінен тыс жүзеге асырыла береді, бірақ басқаша сипата болады. Сонымен қатар, айтайын дегеніміз, әр өлкенің тұрғындарының да күнделікті тұрмыс жағдайларына байланысты вербальді емес құралдарының өзіндік ерекшеліктері болатындығы. Білімді актер өзі сомдайтын кейіпкердің өмір сүрген кезеңіне, жасына, жынысына

байланысты ишараттарды тауып, іздеп, орнымен қолдана алса, рольдің шынайылылығы арта түседі.

Ым мен ишараттарға байланысты атқарылған жұмыстар әр түрлі ғылым салаларында да кездеседі. Халық зиялыларының көзқарастарын саралай отырып, бейвербальді қарым-қатынастың маңыздылығын, бейвербальді амалдарсыз, ым мен ишарат, мимикасыз адам өз ойын айқын жеткізе алмайтындығына көз жеткіземіз. Бұл сала зерттеушілерінің жасаған тағы бір түйіні бойынша– вербальді немесе тілдік құралдар арқылы нақты ақпарат берілсе, бейвербальді құралдар диалогқа қатысып отырған екі жақтың эмоциясы мен сезімін жеткізудегі нағыз таптырмас мүмкіндік. Әсіресе кейбір жағдайларда, күнделікті өмірде көріп жүргеніміздей, ым мен ишараттың қатысы арқылы ойынды жеткізу оңайға түседі, кейде тіпті тиімді болып келеді.

Ұлтымыздың өзара қарым-қатынасында кездесетін бейвербальді тәсілдердің, өзге халықтардың қолданысындағы ым-ишаралардан айырмашылығы мен ұқсастықтары да кездеседі. Мәселен бас қимылдарын алар болсақ, бір дене мүшесі арқылы берілгенімен, олар жасалуы жағынан әртүрлі болып келеді, яғни бір қимыл екі түрлі мағынада қолданылуы мүмкін екендігі белгілі, сондықтан да оны меңгеру өте күрделі.

Бейвербальді қимыл-қозғалыстарсыз сахнада роль ойнап тұрған актерді көз алдыңызға елестетіңізші, қандай әсерде боласыз? Әннің орындау талаптарына байланысты сахнада өзінің қимыл-қозғалыстарын тежеп ұстайтын опера әншілерінің өзі де вербальді емес амалдарсыз өзі сомдаған кейіпкер бейнесін толыққанды жеткізе алмасы сөзсіз.

Болашақ музыкалық театр актерлерінің күнделікті өздері оқитын пәндер бойынша кездесетін ішкі-сыртқы әрекеттерге, сезім түсінігіне аса көңіл бөле бермейтіні шындық. Оның мәні тереңде.

«Актердің денесі өмірдің образын қабылдайды, соны пластикалық қалыпқа салуға тырысады. Сезімді шақыруға болмайды, сезім – еріксіз келуге тиіс. К.Станиславскийдің ден қойғаны да: адам бойындағы «тән мен жанның» өзгерістері. «Ішкі еркіндік пен сыртқы еркіндік» үйлесім табу арқылы қимыл-әрекет ым-ишара, ишараттар актер қауымына үлкен жетістік әкелетіні ғылымда қаланған құлпытас. Ол үшін актер аттаған әр қадамына жүйелі түрде бақылау қойып дағдылануға тиіс. Бұл актердің қимыл-іс еркіндігін жете меңгеруіне қойылар басты талаптар. Сахналық еркіндік – актердің сахна алаңындағы қалыпты көңіл-күйінің қайнаған тас қайнары десек, сол көзден бұрқылдап аққан қос бұлақтай болып, ішкі және сыртқы еркіндік заңдылықтары кең өріс алады»,- деп көрсетеді А.Құлбаев [5, 16-17 б.].

И.Кох сахналық кимыл-қозғалыстың негіздері жөнінде айта келіп, болашақ актерлерге былай деп кеңес береді: «Ым-ишарат арқылы жасалынатын ымдары, яғни сөздері, тілі көрерменге түсінікті болу керек. Сондықтан да оң және сол қолымен қатар жұмыс істей білу, ишаратты теңдей қолдану – актерлік техниканың бай арсеналдық құрамына кіреді. Актерлік қимыл ишарат пластикалық мінездемесін жасауға көмектеседі. Кейіпкер

сахнаға шығып, өзінің алғашқы сөзін айтпай тұрғанда-ақ оның қорқақ па, өжет пе, ғашық болатын кісі ме, жоқ барлығын жек көретін біреу ме, әйтеуір кім екенінің бірден көрінуі өте маңызды» [2, 191 б.].

Вербальді емес құралдарды пайдалануға ебін тауып, ең қажетті тұстарға қолдануға салғырт қарайтын білім алушылардың да кездесетінін білмейміз, бойымызда бар нәрсе қайда кетер дейсің, өзінен-өзі пайда болады деген ойда болуы да мүмкінғой.

Сахналық қызметін енді ғана бастаған актер немесе білім алушы орындаушылық тәжірибесінің аздығынан, сахнада өз қолдарын қайда жіберерін білмей, бейнені орындау талаптарына сай дәл амал жасай алмай қалатын кездері болады, айтпағымыз, бұл жерде қолдың әрекеті сахнадағы сөзді толықтай алмастырады деген ой емес, сөз кейіпкердің ойын, қимыл мақсатын, сезімін көңіл-күйін жеткізетін болса, қимыл-қозғалыс, ым-ишарат, рольді сомдаушының қандай актер екенін барлауға мүмкіндік беретіндігі. Ым-ишараттың қимыл-әрекеттің, әр актерге тән өзіндік ерекшелігі болуы міндетті. Халқымыз өзінің белгілі сахна саңлақтарын оның қимыл-қозғалысы, жұрыс-тұрысы ешкімге ұқсамайтын ишарат-мәзіреті арқылы таныған, қабылдаған өнеріне тәнті болған.

Қай ғасырдың болсың, театр теориясын зерттеушілердің еңбектерімен таныса отырып, олардың әрқашанда бейвербальді амалдарды айналып өтпегеніне көз жеткіземіз. Себебі актер ойынында вербальды және бейвербальді қимыл-әрекеттер үнемі өзара сабақтаса өріліп, бірін-бірі толықтырып отырады, сахнадағы актер ойынының шынайы қалыпқа түсуіне септігін тигізеді, көрермендерге ой салады.

Т.Жаманқұлов: «В.Мейрхольд ойынның әрбір элементі үш міндетті сәттерден құралатынын атап көрсеткен, олар:

а) ниет;

ә) жүзеге асыру;

б) бағалау.

Ниет – сырттан (автор, драматург, режиссер т.б.) алынған тапсырманы зерделі түрде қабылдау.

Жүзеге асыру – қимыл-ишарат және дауыс сияқты адам еркінің рефлекстерінің циклі.

Бағалау – жаңа ниетке дайындыққа байланысты (ойынның жаңа элементіне ауысу, ұқсау, миметикалық) және дауыс рефлекстерін жүзеге асыруға қатысты адам еркінің рефлекстерінің бәсеңсіп төмендеуі [2, 189 б.].

Белгілі режиссер, Т.Жаманқұлов В.Мейрхольдтің «ниет» элементінің әсіресе шешендік өнерге байланысты рольдерді сомдауға өте қажет екендігіне тоқталады. Себебі, шешен оқиғаның желісіне ықпал ететін үлкен тұлға деп көрсетеді ғалым-ұстаз, – ол мүмкін игі мақсатқа қарсы, жағымсыз күшті қолдайтын болар? Ондайда әрине, ойын да, қимыл-ишарат та өзгеше сипат алады. Оның мысалы ретінде В.Шекспирдің «Король Лир» трагедиясындағы Лирдің үлкен қызының ролін көрсетеді.

Қимыл-ишарат адамның бар болмысымен ішкі жан дүниесімен, жүрегімен және ақылымен тікелей байланысты, сахналық әрекет, сөз, қимыл-ишарат бір-біріне табиғи түрде сабақтасып, уақиға желісін өте дәл суреттеуі тиіс. Ишараттармен жұмыс істеу өте табандылықпен машықтануды, тиянақты дайындықты талап етеді, оған актерлік шеберліктің кейде жеңіл болып көрінетін әдісі, жолы, импровизация, яғни табан асты ойлап табу, жат. Бір ғана дөрекі, байқаусызда кетіп қалған ишарат актердің бүкіл ойынын жоққа шығарады, осыған дейінгі еткен еңбегі зая кетеді.

«Бүкіл дүние жүзіне ортақ дене тілі, яғни, ым-ишара, ишарат емеурін, қозғалыс тілі. Мысалы біз бір ғана қол сермеу арқылы нені меңземейді екенбіз? Бәрін де. Атап айтсақ, талап етеміз, уәде етеміз, шақырамыз, қуамыз, үркітеміз, өтініш етеміз, т.б. толып жатқан күнделікті өмірімізге қатысты қимыл-әрекетке мағына береміз. Бір, ғана бас изеу арқылы келісеміз де, қарсы да боламыз, мойындаймыз, сұраймыз, сендіреміз т.б. толып жатқан мән-мағына білдіреміз. Олай болса, сөйлемейтін қозғалыс, өзіндік бір мағына бермейтін бірде-бір іс-әрекет, қимыл-қозғалыс болмайды», – деп көрсетеді А.Құлбаев [5, 19 б.].

Бейвербальді коммуникация, оның ішінде ым-ашара, ишарат тілі адамның ішкі жан дүниесінің, ойының, эмоциясының, тілегінің индикаторы десек болады.

Сонымен, бейвербальді құралдарды вербальді құралдардан өзгешелендіріп тұратын осы амалдар. «Ым-ишаралармен адам сол сәтте өзінің сөзбен айта алмағанын немесе ешнәрсе айтқысы келмегенін көрсетеді. Жаратылысы жағынан ым-ишара үнемі әрекет үстінде болады, ол үнемі нақты бір мақсатта жұмсалып, адам көңіл-күйінің сезінушілігін білдіріп тұрады. Ым-ишара қолмен ғана көрсетілмей, бағыт- бағдар, иек қағумен, не бас шұлғумен көрсетіледі» – деп жазады А.Құлбаев [5, 40 б.]. Кезкелген адам жәйбарақат тұрған кезінде, әрқашан да өзінің ішкі көңіл-күйін білдіретін дене қалыбында тұрады. Осындай кезде өзінің және өзгенің қимыл-қозғалысын бақылау – адамның қарым-қатынас үдерісіндегі коммуникация тәсілдерін зерттеудің бірден-бір, әрі дұрыс жолы болып табылатындығы анық.

Ресми қарым-қатынаста қолданылатын бейвербальді құралдарды білу және орынды пайдалана алу да, пікірлесу барысында оң нәтижесін беріп, тиімді байланыс орнатуға септігін тигізеді, өйткені бейвербальді қимылдар бетпе-бет жүздесу барысында іске асады. Өз кезегінде вербальді құралдарға қосымша мағына беріп, үстемелеп тұрушы ретінде де, өз алдына бөлек те қолданылады. Сондықтан да бейвербальді құралдарды толығымен туа бітті келетін қасиеттер деп түйіндеу орынды, бірақ оның мынадай жағына да назар аударған жөн. Қайсы бір тұлға болмасын өзі секілді адамдармен араласқұралас барысында олардың бейвербальді әрекеттеріне қызығушылық танытып, оған еліктеу арқылы туындап, қалыптасуы мүмкін. Бұл заңды нәрсе «ақыл ауысады, ырыс жұғысады» демей ме халық мақалы.

Қорытындылай келе айтпағымыз, біз вербальді, бейвербальді құралдарды зерттеуші ғалымдар еңбектерінен коммуникацияға байланысты бірнеше сілтемелерді келтіріп отырған себебіміз, актер өнері өзінің сахналық өмірінде әртүрлі деңгейдегі, қатынастағы рольдерді сомдауына тұра келетіндігіне орай. Себебі өз ісінің шебері-кәсіби артист сахналық өнердің барлық қыр-сырын білуі, роль сомдауда ешнәрсені қалт жібермеуі керек. «Көркемдік сұлулыққа бастар сара жолдың тар жол тайғақ кешуінде актердің осындай қым-қиғаш қимыл-қозғалыстар легіне құлшына ұмтылғаны абзал болар» – деп түйіндейді А.Құлбаев. [5, 46, 47 б.].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Пиз А. Язык телодвижений. Как читать мысли окружающих по их жестам, 2003. М., 272 б.
2. Тұңғышбай әл-Тарази. Сөз. (Ғылыми-теориялық зерттеу). – Алматы: «Нұрлы әлем» 2008 – Том 1. 272 бет – 16 бет жапсырма
3. Момынова Б., Бейсенбаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша сөздігі. Казахско-русский толковый словарь мимики и жестов в казахском яхыке.– Алматы, 2003. – 136 б.
4. Сығай Ә. Сахна саңлақтары. Алматы: Жалын, 1998. – 512 б.
5. Құлбаев А.Б. Сахнадағы сымбаттылық: монография / Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 374 б.

АКТЕР ШЕБЕРЛІГІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ (Тренингтер жасаудың мысалында)

Дуанбекқызы А.
Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨ академиясы
Театр өнері факультеті
Драма театры және кино артисі мамандандыруының 1-курс студенті
Алматы қаласы, ҚР
aigerim230606@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада актер өнеріндегі тәжірибелік жұмыс пен теориялық жұмыс жасаудың байланысы жайлы айтылды. Жыл басынан бергі өткен оқу процессінің жаттығулар арқылы дамып, күрделене түсуі тәжірибе жүзінде зерттелді. Жасалған тренинг-жаттығулардың алдын-ала ұстаздан берілген мақсатқа қарай жасалып, білімалушылардың фантазиясына орай түрленуі айтылды. Мақалада бірнеше тренингтер мысалға келтірілді. Актер өнеріндегі сіресу, бұлшық еттердің қатаюы, тағы сол сияқты сахнада еркін жұмыс жасауға кедергі келтіретін кемшіліктерден-жаттығулар, тренингтер арқылы арылуға болатындығы анықталды.

Кілт сөздер: актер, тәжірибе, актер өнерінәі теориясы, актерлік шеберлік.

Аннотация: В статье рассказано о взаимосвязи практической работы и теоретической работы в актерском искусстве. Экспериментально изучено развитие

учебного процесса с помощью упражнений. Было высказано предположение, что подготовленные тренинги были разработаны с учетом заданной цели и преобразованы в соответствии с фантазией обучающихся. В статье приведено несколько тренингов. Установлено, что в актерском искусстве можно избавиться от недостатков, препятствующих свободному функционированию на сцене, с помощью упражнений, тренингов.

Ключевые слова: актер, практика, актерское искусство, теория актерского мастерства, актерское мастерство.

Summary: The article discusses the relationship between practical work and theoretical work in the art of acting. It was experimentally studied the development and complication of the past educational process since the beginning of the year through exercises. It was noted that the training exercises were developed in accordance with the goals set by the teacher in advance, and were transformed in accordance with the imagination of students. The article exemplifies several trainings. It was found that in the performance of an actor, it is possible to get rid of such shortcomings that prevent him from working freely on the stage-through training, training.

Key words: actor, experience, theory of the art of the actor, acting.

Актерлік мектеп шеңберінде шығармашылық даралықты қалыптастырудағы маңызды бағыт-актерлік қабілеттерді дамыту. Актерлік тренинг - бұл дамудың негізгі құралдарының бірі. К. С. Станиславский өз жүйесін құра отырып, актердің тренинг жасау қажеттілігі туралы қорытындыға келді. Театрда және студияларда жаттығудың жаңа тәсілдерін практикалық тұрғыда үнемі жасау керектігі айтылғанымен,ол мұндай жинақты құра алмады. Бізге Константин Сергеевичтің көптеген жаттығуларын замандастарының естеліктерінен оқып, ұстаздар қайталауымызды қадағалайды. Оқыту әдістемесі мен тренинг жаттығулары бойынша жұмысты оның тікелей оқушылары мен серіктестері жалғастырған: Е. Б. Вахтангов, В. Э. Мейерхольд, М.А. Чехов, Г. В. Кристи, М. О. Кнебель, Л. П. Новицкая.

Актерлік тренинг-актерлік өнердің маңызды бөлігі. Тренингтің пайда болу себебі К.С. Станиславскийдің пікірінше: «Шабыт шақыруға қолайлы жағдай туғызатын, кездейсоқ емес, бірақ білімалушының өз еркімен құрылған» сахнада актердің қалыптастырудың техникалық әдістерін табу қажеттілігі болды. Актерлік тренинг актерлік психотехниканың ажырамас бөлігі ретінде әзірленді. Ал тәжірибеде теориялық болжамдарды тексеру құралдарының бірі болды. Бірінші кезең – өзін-өзі танудың бастауы, актер шығармашылығының заңдылықтары. Бұл таным физикалық әрекеттер мен сезімдерге арналған есте сақтау жаттығуларынан басталады. Бұл жаттығулар сахнадағы өмірлік процесті шындықта, нақты, белгілі бір ойдан шығарылған жағдайларда өтуге үйретеді. Бұл жаттығулардың мәні мен мақсаты болашақ актерлердің кәсіби сахнада өз бетінше роль сомдауына ықпалын тигізу. Актер осы жаттығулардың барлығын тек абстрактілі түрде түсініп ұстаз алдында

жасап қана қоймай, өзі сезіне алатындай етіп жасауға дағдыланғаны дұрыс. Актердің заманауи дамуы үшін күнделікті жаттығулармен айналысуы керек. Бейнелеуден аулақ болған жөн, өйткені сахнада өмірдің қандай да бір үзіндісін қайта сомдауға келгенде, неге екені белгісіз, адам бірден оны бейнелеуге, көрсетуге бейім болады. Оқу барысында ұстаздар «бақылау» жаттығуына көбірек көңіл бөлді. Кафеде, метрода, базарда, қоғамдық көлікте бақылау жүргізу; кімге ұқсайды, қалай киінеді, бет пішіні қандай, бірнеше адам бір-бірімен қалай таласады, т.б. Бұл жаттығу актердің ақыл-ой қабілеттерін дамытады, есте сақтау қабілетін дамытады және оның қиялын кеңірек пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «жануарларды бақылау» жаттығуы қиялды дамытуға бағытталғанын атап өткен жөн. Жаттығудың мәні - жануарлардың мінез-құлқының табиғатын түсіну және роль сомдау барысында сол мінез-құлықты пайдалануымыз әбден мүмкін.

Актер өнерінің алғашқы кезеңдері-көбіне жаттығулар және театр өнері жайлы терең ақпараттар. Лекция барысында зейін, әдеп, әдептің түрлері, зейін шеңбері, зейіннің түрлері, бақылау, өлшем-ырғақ, ұсынылған тосын жағдай, оқиға, оқиғалар легі, бағалау, қарым-қатынас, әрекет арқауы сынды актер өнерінің элементтерін өту барысында да тренингтер қолданылады. Жалпы актер өнерінде тренингсіз, жаттығусыз элементтерді меңгеру мүмкін емес. Өйткені айтылған ақпараттарды тәжірибе жүзінде жасау екінің бірінің қолынан келетін іс емес. Жаттығулар арқылы үнемі қайталау барысында іске асатын дүние. Станиславский жүйесі бойынша актерлік тренинг тек шыңдау үшін ғана емес, ол үлкен маңызға ие актерлік шеберліктің өзі. Тренингтер арқылы адамның кез-келген кәсібін шығармашылық деңгейіне көтеруге болады.

Есте сақтау, қиялдау, фантазия. Топтағы кез-келген студент: бір-бірімен байланысты емес бірнеше адамды атауы тиіс. Қалғандары оларды бір гармоникалық суретке біріктіріп, оны өз қиялымен толықтыруы керек.Олар туралы сурет пен оқиғаны қиялдау үшін бірнеше заттар беріледі. Алдын-ала берілген шарттарда қиялдау: актерлердің уақыты, орны және саны анықталады. Суретті осы заттармен қиялдаңыз, суретті өзгертіңіз немесе сәйкесінше қиялды өзгертіңіз.Таныс тұлғаның жарқын мінезін еске түсіріңіз және оны этюд жүзінде көрсетіңіз. Сіздің серіктесіңіз қандай да бір жағдайды айтсын, ал сіз бұл сезімді тудыруға тырысасыз. Сіздің сезіміңіз іштей ақталуы керек. Бес сезімге байланысты келесі кез-келген сөздерді жазып оны дәм, иіс, сипап сезу,есту, көруге байланысты бөліп шығыңыз және жасауға міндеттісіз: қызыл, тәтті, виолончель, жасыл, қарбыз, түтін, қайың, аспан, теңіз, гүл, алма, шу, музыка, дәптер, иіс су т.б. Біз қарапайым әрекеттерді жасаймыз. Мұны елестетіп, қарапайым әрекеттерді орындаңыз: Еденді сүртіңіз. Қолмен немесе аяқпен тігіңіз. Бақшаны тазалаңыз. Гүлдерді суару. Күзет бекетінде кезекшілік етіңіз. Кір жуыңыз. Шұңқырдан су алыңыз. Балық аулаңыз. Сурет салумен айналысыңыз. Жазда орманда серуендеу. Скрипкада ойнаңыз. Тауықтарды тамақтандырыңыз. Бетіңізді жуыңыз. Мысықпен ойнаңыз. Итті

жуындырыңыз, онымен ойнаңыз, кенеттен ол сізді тістеп алды. Бақшада жұмыс жасаңыз. Суда жалаң аяқ жүріңіз. Міне осындай тапсырмалар берілгеннен кейін-ойланып әрекет етуге міндеттісіз.

Ұстаз монетаны бізге көрсетпей жасырды. Тапсырма монетаны іздеу. Бәріміз іздей бастадық. Шынымен берілгеніміз соншалық бірінші болып табуға тырысып жүрміз. Сахнада монета іздеп жүрген білімалушыларды бір тобы сырттай бақылап тұрды. Монетаны А есімді білімалушы тауып алды. Көңілі көтеріңкі. Ұстаз А-ның зейінін айтып біраз марқайтып тастады. Сосын тағыда монетаны іздейсіңдер бірақ жасырған жерді көрсетемін деді. Бәріміз монеттаның қайда екенін білсек те іздей бастадық. Бағанағы қарқын жоқ. Әрекетіміз өтірік бола бастады. Результат деген осы- деді ұстаз. Сахнадағы сенім осылай бірінші шынайы жасап көріп, кейін еске түсіру арқылы жасалатынын ұқтық. Сахнадағы әрекеттің шынайылығы -қайталаудан тұратынын ескертті. Тренингті болашақ актерлер әдіс ретінде қолдана алады. Өзін-өзі зерттеу, өз денесінің мүмкіндіктерін және оның ерекшеліктерін зерттеудің шығармашылық құралы ретінде. Тренинг студенттерді тұрақты жаттығудың қажеттілігі мен пайдасын түсіндіріп жүйелі, кейде тіпті күнделікті қайта-қайта жасауға дағдыландыру қажет. Осал актердің өзін тренинг жасату арқылы ашуға болады. Әр актердің табиғатына келетін арнайы тренингтер болады. Оны ұстаз бақылап, өзі ретімен жасатып отырады. Топқа арналған тренингтердің ерекшелігі-коллективтік жұмыста, партнермен қарым-қатынаста, массалық сахналарда көрінеді. Қаншалықты теория тұрғысында айтылса, соншалықты тәжірибе жүзінде әр элементке тренинг-жаттығулары жасалып отырады. Есте сақтау қабілетінің дамуына столды жылжытып орнын ауыстырып жасайтын жаттығу жақсы көмектеседі. Әр әрекетті есте сақтап, оны іске асыру үшін үлкен зейін мен байқағыштықты сонымен қатар шыдамдылықты талап етеді.

Жансыз заттарға жан бітіру процесінде де байқағаным сол еске түсіру болды. Заттың көлемі, түсі, формасы дегендей. Егер де мен холодильник болсам, егер де мен шәйнек болсам деп ұсынылған жағдайда әрекет ете бастайсыз. Егер сіз отқа қойылған шәйнек болсаңыз қандай әрекеттер жасаған болар едіңіз, темпо-ритміңіз, мінезіңіз қандай болған болар еді. Барлығын сол шәйнектің айналасында егер де элементі арқылы құрастырып шығасыз. Сырт көзге түсініксіздеу болып көрінгенімен актер өнеріндегі тренингтер өте қызықты әрі шынымен пайдалы. Біз жатақханада сабаққа шығардан алдын жасаған әрекеттерімізді сахнада еске түсірсек кішігірім этюд болған болар еді. Этюдті ойдан құрап, алыстан іздегеннен гөрі, өз басыңнан өткен оқиғаны еске түсіріп, ойлана отырып жасаған әлде қайда шыныйы шығады.

Сахнаға курстың барлық қызын шығарып шеңбер бойымен тұруларын тапсырды. Ұсынылған тосын жағдай бәріңіз бір гүлдің жапырағысыздар. Бұл топтық этюд түріне жатады. Және болашақ актерлерді бір ансамбльде жұмыс жасап үйренуге дағдыландырады. Бәрінің тамыры бір. Күн шығып тұр. Тып-тыныш анда-санда самал жел есіп сипап өтуде. Егерде сіз гүл болсаңыз

осындай тамаша табиғатта қандай көңіл күйде болар едіңіз. Әрине көтеріңкі көңіл күй. Сондай рахат сезім. Терең тыныстап алуға болады. Тіпті ән айтасыз, билейсіз. Кенет күннің бетін бұлт торлай бастады. Шамасы жауын жауатын сияқты. Әр жерден тамшылап жауын себелегендей болды. Ыстық күннің соңынан жаңбыр суына жуынып алам деп ойлап тұрған кезіңізде әп сәтте жауынды көтеріп құйынды орап өтті. Сіздің әрекетіңіз қандай болмақ. Алғашында түсінбей қалдыңыз, бірақ бір орап өткен құйын екен ғой деп қайта жауын тамшысын күтіп аспанға қарадыңыз. Сөйтіп тұрғанда тағы құйын тұрды бірақ осы жолы алқапты шайқап кей гүлдерді майыстырып жұлқығандай астаң кестеңін шығарды. Сіз күтпеген тосын жағадай орын алды. Бұл сіз үшін оқиға. Жаңағы әдемі самал, күншуақ, арасында себелеген жауын тамшысы лезде жоғалып, осындай аласапыран желге ұласты. Жаңа ғана жайнап тұрған гүл алқабының сәні кетті. Сіздің көңіл күй қандай болмақ. Қуанышыңызға су сепкендей болмайма. Енді бәрі бітті деп тұрғанда аспан ашылып айнала жарқырап кетті. Сіздің қайта көңіл күйіңіз.... Міне осындай жаттығуды сұрақ қоя әрі мән жайды өзгерте отыра этюд желісін құрып аламыз. Дәптеріңізге түртіп жүрсеңіз тіпті жақсы. Өсімдіктер әлеміне ұсынылған тосын жағдайда мақсатыңызға қарай бірнеше этюд жасауыңызға болады. Осындай кішігірім тапсырмаларды теория жүзінде түсіндіре отырып сахнаға шығарып бірнеше рет қайталап практика жүзінде іске асырып отырамыз. Оған қоса актердің әдебі, жақсы актер болып қалыптасуына байланысты лекциялардыда тыс қалдырмаймыз. Мысалы актер адамына көп айтылатын тақырып актердің әдебі. Актердің бойынан табылуға тиісті әдептер. Алдымен әдеп жайлы түсіндіріп өтейік. Әдеп: Этика (лат. Etnika-etnos) латын грек сөзі. Қоғамдық өмірде тарихи жылжудың мән-мазмұны мен ролінің және оның заңдылықтары саласында, қоғамдық сананың белгілі бір формасы ретінде қалыптасқан мораль туралы ілім. Тәлім-тәрбие туралы ілім. Сөздің қазақша баламасы – әдеп. Әдеп адамдардың ара-қатынасын қалыптастырып, олардың рухани дүниесі азып тозудан, азғынудан арашалайтын мөлдірлік тазалық ұғымы.

Қорытынды

Актер өнеріне қатысты еңбектер жетерлік. Бірақ барлығы жалпылама түрде жазылған. Ал қазіргі заман талабына сай мамандарды даярлау үшін әр элементке бір оқулық жазылу қажет. Тіпті болмағанда мысалдармен келтірілген нұсқаулық кітапша. Теориялық тұрғыда барлық актер өнеріне қатысты еңбектерді тізіп және соны практика жүзінде қалай пайдалануға болатынын көрсетіп жазу керек. Егер алға қойған мақсат айқындалса, зерттеліп өз дәрежесінде анықталса мақаланың маңызы артпақ. Кәсіби театр актерін дайындау барысында Тренинтер тақырыбына жазылған мақала мақсатына қол жеткізеді егер: актер өенріне қатысты ғылыми еңбектер қажетінше зерттелсе; қазақ театр сахнасындағы актер өнерінің рөлмен жұмыс жасау тәсілдері анықталса; қазақ театр өнері ғалымдарының ғылыми-

тұжырымдамалары салыстырмалы түрде негіздемеге пайдаланылса;актер өнері мамандығының даярлау әдістемесі зерттелсе, сол кезде кәсіби актерді дайындау барысындағы актердің импровизациялық іс-әрекеті практикамен қатар теориялық негізде қатар дамиды. Білімалушылардың сахнаға деген ынтасын кәсіби тұрғыда дамыту үшін уақытылы мақсатқа орай тренингтер жасатылуы тиіс деп есептеймін. Жаттығулардың дұрыс жасалуы және берген бағыттың дұрыс болуы да маңызды. Қазіргі уақытта бакалавр бөліміндегі білімалушыларға ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуына көбірек мүмкіндік жасалған. Пайдаланатын әдебиеттер картасы да толықтырылған. Тек зерттеу тақырыбын мейлінше меңгеріп алсаңыз жеткілікті. Театр реформаторларының айтқан ережелеріне өз ойыңды қосып оны түсінің болашақта сахна санаткері болуыңа жәрдемін тигізбек. Актер өнерінің екі қанаты теориялық және практикалық бағытта түсіндірілетін элементтерді тренинг жүзінде қайталау: сахнада өз бетінше еркін, саналы түрде образ сомдай алатын актер өнерінің негізгі мақсатына жауап беретін маман болу деген сөз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Станиславский К.С. Работа актера над собой -М: АСТ, 2018.- 480 с. ISBN 978-5-17-405462-5
2. А.Б.Құлбаев «Актер шеберлігі» Алматы «New book» 2018 ж.
3. Рахимов Ә.С. Режиссер шеберлігі / Ә.С. Рахимов.- Алматы: Қаз ҰӨА, 2015.- 278 б.

Секциялық мәжіліс / Секционное заседание
IV – Секция
Сахналық сөйлеу актерлік өнердегі көркем сөз негіздері

ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНДАҒЫ СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ

Тұранқұлова Д.
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері

Түйіндеме: тарихи деректерге сүйенсек қазақ театрында сахна тілінен актерлерге дәріс берудің алғашқы кезеңі театр қабырғасында жүргізілгені дәлелденген. Қазақ сахна өнерінің ұлт зиялылары сахна тілінің жетілдірілуіне өз ықпалын тигізген, оның дұрыс қолданылуына мән берген. Бұған белгілі режиссер Ж.Шанин, жазушы М.Әуезов сынды т.б. қазақ театрын негізін қалаушылары мол үлес қосқаны зерттелген. Олар актерлердің өз дауысын меңгеруіне, табиғи үн сақталуына ерекше екпін қойды, әр қойылымдағы сөйлеу мәнеріне тоқталды. Актердің сөйлеу мүшелерінің қызметіне, интонацияға, сөйлеу шапшаңдығына, кідіріске, дикцияға байланысты жұмыстар сол кезден бастап жүргізілгені нақты мысалдар негізінде дәлелденді.

Кілт сөздер: театр өнері, қазақ театры, қойылым, режиссер, актер дауысы, дикция, интонация.

Резюме: согласно историческим данным, первый этап обучения актеров сценическому языку в Казахском театре проводился в стенах театра. Национальная интеллигенция казахского сценического искусства оказала свое влияние на совершенствование сценического языка, уделяя особое внимание его правильному использованию. В этом большой вклад внесли основатели казахского театра, такие как известный режиссер Ж. Шанин, писатель М. Ауэзов и другие. Особое внимание они уделили овладению актерами своим голосом, естественному тону, выразительности в каждой постановке. Доказано на конкретных примерах, что работа, связанная с деятельностью речевых органов актера, интонацией, речевой быстротой, задержкой, дикцией, проводилась уже с самого начала основания театра.
Ключевые слова: театральное искусство, казахский театр, постановка, режиссер, актерский голос, дикция, интонация.

Abstract: historically, the first stage of training actors in the scenic speech in the Kazakh theater was held within the walls of the theater. The national intelligentsia of the Kazakh stage art has had its influence on the improvement of the stage language, paying special attention to its proper use. The founders of the Kazakh theater, such as the famous director Zh. Shanin, writer M. Auezov and others. They paid special attention to the actors' mastery of their voice, natural tone, expressiveness in each production. It is proved by concrete examples that the work related to the activity of the actor's speech organs,

intonation, speech speed, delay, diction, has been carried out since the very beginning of the foundation of the theater.

Keywords: theatrical art, Kazakh theater, production, director, actor's voice, diction, intonation.

Спектакль дегеніміз – сахналық элементтердің өзара бірлігі мен үйлесімі негізінде туған театр өнерінің шығармасы. Мұнда сахналық ойын-сауықтың драматургиялық негізі де, спектакльдің жанрлық және стильдік шешімі де, актердің орындаушылық өнері де бар. Театр – адам өміріндегі табиғилық пен әдемілік заңдылықтарын бойына сақтаған өнер түрі болып саналады. Костюм, декорация, реквизит және т.б театр элементтері сахналық шығарманың заңдылықтарына сай жасалып сол дәуірдің уақыты мен кеңістігін анықтаса, актер - болып жатқан оқиға әрекеті мен кейіпкер мінездерін сомдайды. Алайда актер кейіпкерінің мінезін көрермен қауымға ашып беруде сахна тілінің атқарар қызметі өте зор. Қазақ театр актерлері мен режиссерлерін және телевидение мен радио жүргізушілерін дайындаған кезде ең басты пәндердің бірі «Сахна тілі» болып отыр. «Сахна тілі» пәнін оқытудың негізгі бастаулары туралы зерттеу жүргізген кезде сахна тіліне баулу қазақ театры шаңырақ көтерген кезден басталғанына көз жеткізуге болады.

Сахна тілінен актерлерге дәріс берудің бірінші кезеңі театр қабырғасында жүргізілді. Бұған кәсіби театр алғаш құрылған жылдары режиссерлік еткен Ж.Шаниннның пьеса мәтінімен жұмыс жасау тәсілдерін жатқызуға болады. Пьесаның идеясы мен тақырыбын түсіндіруден бастап, кейіпкерлердің сөздерін қалай айту керектігін репетиция кезінде мұқият түсіндірген. Эпостық тақырыптағы драмалық шығармалар бойынша қойылған спектакльдердегі кейіпкерлердің диалогтарын, оның мәні мен мазмұнын ашудағы сөздің роліне қатысты мазмұнды түсініктемелер берген. М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» трагедиясымен жұмыс жасаған кезде билердің сөзбен сайысатын сахнасындағы сөз шарпысуларынан от ұшқындау қажеттігін дұрыс ұқтырды. Екі рудың мықты билері бір-бірін сөзбен жеңе алмай тіресетін тұсы нағыз сөзбен найзаласқандай әсер тудырған. Актерлер пьесаның мәні мен мазмұнын ашу, қимыл-қозғалыс, қарым-қатынас, психологиялық толғану сәттері арқылы кейіпкерлердің көңіл-күйлерін білдіріп, сөзге салмақ салды. Бұған орындаушылардың ел өмірінің тыныс-тіршілігін, салт-дәстүрін жақсы білулері көп септігін тигізді. Олар кез-келген ұлттық пьесаларда еркін құлаш сермеді.

Ж.Шанин актерлердің өз дауысын меңгеруіне ерекше екпін қойды. Актердің сөйлеу мүшелерінің қызметіне, интонацияға, сөйлеу шапшаңдығына, кідіріске, дикцияға байланысты әр репетиция сайын айтудан,

үйретуден жалықпады. Дауыс техникасын меңгеру, үн тазалығын, оның әуезін қалыптастыру, мінсіз сөз саптаудың жаттығуларын жасауды кестеге кіргізді. Актердің әдемі дауысы мен тамаша дикциясы құлаққа жағып қана қоймай, ең әуелі кейіпкердің ішкі жан дүниесін, күйзеліс-тебіренісін, қуаныш-қайғысын көрерменге жеткізе алатындай дәрежеге көтерілу керектігін сіңірді.

Театрдың екі жылдық жұмысына арналып жазылған «Қазақстан мемлекет театры» деген мақаласында: «Биыл театрымыздың жанында көркем пән, жақсы күйді үйрететін мектебіміз бар. Онда беретін сабақтар: 1) Қысқаша ән-күйдің ғылым жолындағы тетігі; 2) Әннің қағазға жазылатын таңбасы; 3) Ғылым жолымен ән салудың тетіктері.

Машықтану, ән салғанда демді қалай алу, дауысты әдемілеу, әнді әртүрлі дауысқа бөліп айту, тамақта қандай дыбыс шығаратын машыналар бар, соларды ұғу, күйсандық бөлімі, күйсандыққа қосылып ән салу сияқты сабақтар»,-деп [1, 36 б.] актерлер шеберлігін шыңдау жолында жасалып жатқан жұмыстарға тоқталған. Режиссерді айтуынша актерлердің ән салу техникасын жақсарту, оларды нота тануға үйрету оңайға түспегенін жасырмаған. Драма актерлерінің көбісі әнді еркін сала бергенімен де, аспаптардың сүйемелдеуімен ән айту керек болған кезде, ілесе алмаған. Ж.Шанин пьеса мәтінімен жұмыс жасап қоймай, актерлердің сөйлеуіне, ән айтуына ерекше көмектескен. Бұл жөнінде сол жылдары режиссермен қоян-қолтық жұмыс істеген замандастары (Қ.Байсейітов, Қ.Жандарбеков, М.Әуезов, Қ.Бадыров, Ғ.Мүсірепов т.б.) көп естеліктер жазған.

Актерлерге сөздің мән-мағынасын қалай жеткізу керектігі жөнінде үлкен жұмыс жасаған жазушылардың бірі - М.Әуезов. Ол режиссерлер жүргізіп жатқан репетицияларға қатысып, сөздің айтылу ерекшеліктерін кеңінен түсіндірген. Оның театр алғаш құрылған жылдары жарық көрген ғылыми мақалаларында актердің сөзді айту шеберлігіне қатысты құнды пікірлері бар. Ұлы жазушы халықтық тілдің телегей-тегіз мол қазынасын, сөздің мағынасына қарай ондағы өзгерулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылулар мен құлпыруларды қалай ажырата білу керектігін де түсіндірді. Кейіпкердің сөзін зерттеп ойын анық жеткізуге төселу шеберлігін қалыптастыруға бағыттап отырды.

Белгілі театр сыншысы Б.Құндақбаев «Мұхтар Әуезов және театр» деп аталатын кітабын тұтастай М.Әуезовтың театр өнеріне қатысты шығармашылығын жіктеп терең зерттеу жүргізген. Ол: «Бүгінгі мәдениетіміздің үлкен бір арнасы-қазақтың ұлттық театр өнернің дүниеге келуі, профессионалдық үлгіде қалыптасуы мен дамуы М.Әуезовтың есімімен тығыз байланысты. Ол тұңғыш театрдың шығармашылық өміріне ұзақ жылдар бойы араласып, негізгі репертуар қорын жасады, оның бағыт-бағдарын анықтаған драматург. Қазақ драмтургиясының тұңғыштарының бірі

«Еңлік-Кебектен» бастап, М.Әуезовтың барлық пьесалары сахнаға қойылып, ұлттық театрдың әр кезеңдегі даму белестерін айқындады»,-дей [2, 9 б.] келіп заңғар жазушының театрдың әрқилы мәселелерімен білек сыбана айналысқанын зерттеген. Шынымен де, М.Әуезов театрдың репертуарын байыту мақсатында орыс және батыс драматургтерінің пьесаларын ана тілімізге аударып, оның сахнаға шығуына ықпал етті. М.Әуезов өзінің театр спектакльдеріне қатысты жазған мақалаларында актерлік өнерге қатысты құнды ойларын ортаға салып отырды. Белгілі актер Е.Өмірзақовтың ойыны туралы: «Елубай-қызу қанды, ащы мысқыл иесі, ішінде сахна өнерінің қайнар көзі бар, жанды, отты ойыншы. Шынымен бабына келтіретін роль болса, Елубайдың іштен тасып шығатын қызуы өте мол. Мұнда өмір екпіні, өнер оты тіпті күшті сияқты. Сондықтан залды баурап, билеп, бағындырып алатын албастысы барға ұқсайды»,-деп [3, 63-64 б.б.] актердің ойын ерекшелігін білгірлікпен дөп басқан. Жазушының осы мақаласына терең үңілетін болсақ актердің бірінші қаруы тіл болғанын түсіну қиын емес. Ащы мысқыл тілден ғана төгіледі. Олай болса ел арасынан іріктеліп жиналған, сайдың тасындай жарқырап, өнерлерімен көзге түскен кәсіби театрдың шаңырағын көтерген актерлердің барлығы сахнадан тілді ойната білді. Олар ана тіліміздің әрбір сөзін жете түсініп, мағынасын дұрыс ұққандықтан сахнадағы сөз құлаққа жағымды, жүрекке жылы тиіп жатты.

Сахналық тілдің мәнділігі, сұлулығы әртүрлі жанрдағы спектакльдер сайын өркендей берді. 1930-шы жылдардың екінші жартысынан бастап Ресейдің актерлер оқытатын жоғары оқу орындарына өнері икемі бар қазақ жастары іріктеліп жіберіле бастады. Арнайы «Сахна тілінен» білім алған актерлердің сахнада сөйлеу тәсілдері де өзгеріске түсті. Бұл сахна тілін дамытудың екінші кезеңін құрайды.

Қазақ топырағында Мәскеудің А.Е.Луначарский атындағы мемлекеттік театр институтының режиссерлік бөлімін бітіріп елге оралған алғашқы кәсіби режиссер А.Тоқпановтың сахна тіліне деген ерекше қамқорлығы оның алғаш қойған М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Абай» спектаклінен көрінді.

Спектакльді қоюға кіріспес бұрын Абай әлемін толық зерттеген режиссер ақынның төл шығармаларын - өлеңдерін, қара сөздерін, дастандарын ұқыпты түрде оқып танысып шығады. Спектакльге театр ұжымы үлкен жауапкершілікпен қарайды. Бұл туралы А.Тоқпанов: ««Абай» спектаклін алты ай дайындадық. Театр коллективі талай-талай пьесаны сахнаға шығарды ғой, бірақ «Абайды» даярлағанда ерекше творчестволық ықыласпен жұмыс істеді. Оның, әрине, басты себебі-Абай бейнесінің ең тұғыш рет сахнаға шығуы және республикамыздың 20 жылдығына арналуында болуы керек. Бәрінен де басты бір себеп-пьесаның жазушының тебіренген жүрегінен шыққанында еді. Бүкіл коллектив актерлік сезіммен сезініп, іштей асқан

жинақылықпен, ұқыптылықпен іске кірісті. Бірақ ұлы Абай, данышпан Абай көзімізге көпке дейін көрінбеді. Стол басындағы кезеңнен өтіп, сахнаға алғашқы мизансценаға шыққанда да, Абайды таба алмадық»,-деп [4, 19 б.] ұлы бейнені сахнаға шығарудың қиынға соққанын жазған. Ақыры, тәуекелге бел буып, М.Әуезовты репетицияға шақырғанда келіп, Абайдың Оразбайға қаратып айтатын «Сен не дейсің?» деген сөзді Қ.Қуанышбаевтың дұрыстап айтпағанына ренжіген автор: «Сен не дейсің де?» бүкіл Абай бейнесінің кілті тұр. Осы бір сөзінде күйіну де, түңілу де, тебірену де, таңдану да, тағысын-тағы толып жатқан көп астарлы сыр жатыр»,-деп [4, 19 б.] қатты ашуланғанын есіне алған. Ақыры, Абай бейнесі грим жасағаннан кейін барып, сабырлы, салмақты тұлғасымен ойдағыдай шыққанын жазған. Режиссердің бұл айтқандарынан ұлы жазушы М.Әуезов кейіпкерлердің аузымен айтылатын әр сөзді ойға құрғанын, егер режиссер мен актер тарапынан сөз астарын ашу қадағаланбаса, сахналық бейне жасалмайтынын көруге болады.

Алғашқы адыммын осындай күрделі туындыдан бастаған А.Тоқпанов қазақ театрында өзіндік өшпес қолтаңбасын қалдырды. Оның зерек зердесінің сүзгісінен өтіп, жарыққа шыққан спектакльдері өзінің режиссерлік шешімдерінің қызық та сонылығымен, реалистік негізінің беріктігімен, сахна өнерінің заңдылықтарын жетік білетін білімділігімен көзге түсті. Ол ұлы сахна реформаторы К.С.Станиславский жүйесімен жұмыс жасап, осы жүйенің қазақ театрында ірге тебуіне қажыр-қайратын сарқа пайдаланды. Соның заңды жемісі болып табылатын М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин», Ә.Тәжібаевтың «Майрасы», Ш.Құсайыновтың «Алдар Көсесі» мен «Көктем желі», Н.Погодиннің «Кремль куранттары» ұлттық театрымыздың сол кездегі сүбелі табысы дәрежесіне дейін көтерілді. А.Тоқпанов өзінің барлық спектакльдерінде қазақтың құйқалы қара тілінің майын тамызып, бояу-бедерін, бүкіл болмыс-бітімін ашты. Сахна тілінің өзіндік әуенін, тарихи әуезін бар болмысымен түсініп қабылдаған ұстаз-режиссер болды. Театр өнерін шынайы шыңға көтеретін құдіретті күш сахна тілі екенін сан буын актерлер мен режиссерлердің санасына құя білді. Сахна тілінің мәдениеті хақында бірнеше мақалалар жазып қалдырды.

Сахна тілі – драматургиялық шығарманы көркемдеп жеткізудің басты құралы болып табылатынын өз спектакльдерінен көрсеткен режиссерлердің арасында М.Байсеркеновтың орны ерекше. Ол сахна тілін меңгерген актер кейіпкердің ішкі әлемін, әлеуметтік, психологиялық, ұлттық, тұрмыстық сипатын толық ашып көрсете алатынын өз қойылымдарынан көрсете алды. Зерделі режиссер К.С.Станиславскийдің шығармашылығына терең бойлап, оның еңбектерін қазақ тіліне тәржімалап, кеңінен түсіндірді. Қазақ театр сахнасында «кейіпкержандылық» мектебінің терең тамыр жаюына зор үлес қосты.Өзінің ғылыми еңбектері мен оқу-әдістемелік құралдарында актер

мамандығын игерудің әдіс-тәсілдерін таратып жазды. Сонымен қоса актер шығармашылығындағы сөздің ролін алғашқы орынға қойып отырды. М.Байсеркенов: «Сахна тілі-өмірге ізгілік идеясын әкелетін символдық сипат. Сөз, оның ішінде сахналық сөз өзінің ішкі қитұрқы астар-мағынасымен, теңіздей тереңдігімен, пішіндік сымбат-айшығымен символ сабақтастығын тудырады. Анықтап айтқанда, тіл – идеяның символы. Әсілі, ыңыранған ішкі толғанысыңды, шүпілдеген мөлдір сезіміңді сахнадан көрермендерге тасымалдайтын асыл аспабың да, құдіретті қаруың да - сөз»,- деп [5, 248-249 бб.] актер шығармашылығындағы сөздің орнына терең талдау жасаған. М.Байсеркеұлы өз спектакльдерінде сөз құдіретіне айрықша мән берді. Бүгінгі жас буын режиссерлерге сөзбен жұмыс жасаудың озық үлгілерін көрсетті. Одан тәлім алған актерлер мен режиссерлер қазіргі таңда өз ұстаздарының жарқын істерін жалғастырып жатыр.

Сахна тілі – актерлік өнердің бөлінбейтін бөлшегі. Белгілі педагог М.О.Кнебль: «Проблема слова занимает видное место в творческой практике русского актера. Не было, кажется, ни одного крупного деятеля в истории русского театра, который не задумывался бы великой силой воздействия слова, не искал бы средств к тому, чтобы слова на сцене было насыщено правдой, проникнуто истинным чувством, исполнено значительным общественным содержанием. Русские актеры из поколения в поколение повышали свою требовательность к искусству сценической речи, добиваясь в ее звучании глубочайшей верности жизни», - деп [6,С.5] орыс актерлерінің сахна тіліне ыждаһатпен қарайтынын таратып жазған. Оның бұл айтқандары қазақ актерлеріне де тән. Шынында да, сахна тілі – кейіпкердің сахналық қойылым барысындағы мақсаты мен мүддесін көрермендерге жеткізудің басты құралы болып есептеледі. Егер сөйлеп тұрған актердің аузынан бір дыбыс дұрыс естілмей қалса, онда сөйлемнің мән-мағынасы жойылады. Бұл туралы орыстың белгілі режиссері В.Н.Данченко былай деген: «Слово становится венцом творчества, оно же должно быть и источником всех задач- и психологических, и пластических. Если оно с самого начала неверно понятно, неглубоко психологически, неметко в определении характерности, или эпохи, или быта, или стиля автора, актерская мысль пойдет не по верному пути и приведет где-то протяжении роли к художественной трещине, к разрыву с течением пьесы»,-деп [7, С.213] сөз құдіретінің актер шығармашылығындағы роліне кеңінен тоқталған. Ұлы реформатордың пікірінше сөз астарын ашуға көптеген элементтер кіріседі. Сөз астарындағы автордың идеясы, асыл мұраты, сезім қуаты жасырын жатады. Адамның парасат санасы мен психологиялық тебіреніс иірімдерінен пайда болатын сөз арқылы ой мен күй құбылысын тербетіп, толқыныс тудыруға болады.

Қазақтың актерлік өнеріертеден келе жатқан халық шығармашылығынан сусындап, тұтас бір өнерге айналған тіл өнерінен бастау алады. Кез-келген театр жүйесінде сахналық тіл – кейіпкердің мақсаты мен мүддесін, жан-дүниесіндегі арпалыстарды, психологиялық тебіреністерді көрерменге жеткізудің басты құралы болып саналады.

Сахна тілінің басты мақсаты – сахна тілі заңдылықтарын ұстана отырып ойлы, бейнелі сөздің айтылу техникаларын терең меңгеріп және шығарманың жанрлық айырмашылығы мен стильдік ерекшеліктеріне қарай сөз саптау мәнерін келтіріп айту тәртібі деуге болады. Актер драматургтің идеясын, режиссердің мақсатын ескере отырып, қажетінше оны өзінің шеберлігімен дамытуға, шарықтау шегіне жеткізіп орындауға тырысып бағады. Осылайша, қағаз бетіне жазылған әрбір сөздің көрермен құлағына жеткенге дейін сан қырлы астары ашылып, қырланып, сараланып барып негізгі көздеген мақсатына жетуі сахналық тілдің заңдылықтары мен техникасына байланысты. Осы үдерістің жүзеге асуы және де сөздің негізгі атқаратын қызметінің орындалу деңгейі актердің құзырында деп білеміз. Бүгінгі таңда қазақ театрының актерлері сонау ата буын актерлеріміз жасап берген ұлы жолды жалғастырып жатыр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шанин Ж. Қазақстан мемлекет театры. Бел-белестер. (Құрастырған Б.Құндақбаев). Алматы, Өнер, 1987 ж. –288 б.

2. Құндақбаев Б. Мұхтар Әуезов және театр. – Алматы: Ғылым, 1997 ж. –248 б.

3. Әуезов М. Қазақстан мемлекет театры. Шығармалар. 12 томдық. – Алматы: Жазушы, 1996. Т.8 – 451 б.

4. Тоқпанов А. Асқар Тоқпанов. (Құрастырған К.Уәли, Е.Ералы, А.Құлбаев, Г.Ауғанбаева). – Алматы: Өнер. 2005. – 240 б.

5. Байсеркенов М. Сахна және актер. («Станиславский жүйесі» әм оның тезистері мен негізгі заңдылықтары). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 336 б.

6. КнебльМ.О.Слова в творчестве актера.–Москва: ВТО, 2018 г. –С.159

7. Вл. Немирович-Данченко. Театральное наследие: Статьи. Речи. Беседы. Письма. – М.:, 2017. Т.1, С. – 227.

«ІНІМ ЕКЕУІМІЗДІ АМАН АЛЫП ҚАЛҒАН АМАН БЕКЕНҰЛЫ ҚҰЛБАЕВ»

Жұмаш А.Ы.
Өнертану кандидаты,
«Сахна тілі» кафедрасының меңгерушісі,
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Мен Арман Ысқақұлы Жұмаш 1986 жылы Алматы мемлекеттік театр және көркем сурет-өнер институтының, театр факультеті, актер бөлімінің екінші курс студенті едім.

16-шы желтоқсан күні кешке сабақтан келгенде, Республика басшысы Д.А. Қонаевтың орнынан алынып, келімсек Колбин дегеннің тағайындалғанын естідім. Бұл хабарды естіп қатты наразы болдым, сөйтіп белсенді топпен ертенгі алаңға шығу жайында біздің жатаққананың студенттері мен өзге жатаққана жастарын алаңға шығуға үгіттедім. Бір-екі жатақханаға кірген соң, жоғарғы курстың үйымдастырушы топ мүшелері мені жатаққанадағы жазылып жатқан лозунгтарды қадағалауға жұмсады. Содан жатақханаға қайтып, суретші бөлімінің студенттерімен бірге 100-ден астам лозунг жаздық.

17-ші жкльтоқсан күні таңғы сағат жетіде бүкіл жатақхана студенттері сапқа тұрып Республика алаңына қарай бет түзедік. Алаңға жақындағанымызда жолшыбай қосылған өзге жоғарғы оқу орындардың студенттерімен мыңнан асатын үлкен топ болып алаңға жақындадық. Сол кезде алаңда бар болғаны 20-30 адам жеті-сегіз лозунгпен тұр екен. Біз 100-ден астам лозунгімізді жайқалтып көтеріп саяси шерушілер болып алаңға ендік. Олар бізді көріп қатты қуанды.

Ұлт жанды етіп тәрбиелеген әкем Ысқақ Жұмашев осылай шерушілердің алдыңғы қатарында інім Нұржан екеумізді көрсе ғой, камера соны түсіріп алсағой деп армандадым.

Сағат 10-дар шамасында қалалық, аудандық партия комсомол ұйымдарының хатшылары мен нұсқаушылары келіп алаңдағы жастарды «тараңдар» деп үгіттей бастады. Біздер партияның, кең байтақ Қазақстанға келімсекті тағайындағанына қарсы екенімізді айтып біраз айтыстық. Сондай айтыстардың бірінде бір бөлмеде тұратын курстасым Жеңіс Дәулетовпен бірге: «Каждому народу своего вождя» деген лозунгті көтеріп тұрып суретке түсіп қалыппыз.

Үгітші-насихатшылармен айтысып жүріп, біздің Театр факультетінде ТТОС бөлімінде оқитын 1 курс студенті, інім Жұмашев Нұржаннан көз жазып қалдым. Насихатшылармен сөзіміз жараспаған соң «Қазақстан» қонақ үйінде тұратын шетелдіктерге жанайқайымызды жеткізбек болып, сонда бардық. Ол жерде тұрып қанша ұрандатып айқайласақта қонақ үйден ешкім шықпады. Ондай болса шетелдіктер «Отырар» қонақ үйінде деп Ленин даңғылымен

төмен қарай «Отырар» қонақ үйіне бет алдық. Ленин даңғылымен төмен қарай үнсіз кележаттық. Бір кезде Қазақстанның гимінін айтайық деп шештік, бірақ ешқайсымыз Қазақстанның сол кездегі әнұранының сөзін білмейтін болып шықтық. Содан кейін Шәмші Қалдаяқов пен Жұмекен Нәжімиденовтың «Менің Қазақстаным» әнін шырқай кеттік. Бұл әнді бүкіл шеруге шыққан жастар біледі екен. Осылай келе жатқанымызда төтеннен арамызға кірген жас жігіттер лозунгті кезек-кезек үстайық деп лозунгті алған соң, көше бойындағы үйлердің арасына кіріп қашып кетіп жатты. Сөйтіп 100-ден астам лозунгі бар саяси шеруден, қаланы айналып Л.И.Брежнев атындағы Республика алаңына қайтып келгенде бірақ лозунгі бар жай топқа айналдық. Лозунгтарымызды алып қашқан қазақтың жігіттері КГБ-нің қызметкерлері екенін кеш ұқтық.

«Отырар» қонақ үйіне жетпей лозунг алып қашатын КГБ-ның қызметкерлерінің бірі біздерді алдап: «ЖенПИ-дің қыздарын анда орыстар қырып жатыр, қыздарды құтқарындар»,-деген желеумен бүкіл шерушілерді қыздар институтының жатаққанасына қарай бағыттады. Ол жерге келсек ештеңе де жоқ, «қыздарды ұрып соғып жатыр» деген ақпарат жалған болып шықты. Қыздарды қатарымызға қосып қайтадан алаңға беттедік. Космонавтар көшесімен жоғарыға көтеріліп кележатып Октябрьский көшесіне жеткенде жасы 35-тер шамасындағы түрі ұйғыр ұлтының өкіліне ұқсайтын ер кісі келіп; «Сен шерушілерді бастап келе жатқан адамға ұқсайсын, өте белсендісің, сондықтан шерушілерді ескі алаңға қарай бастап жүр. Онда сендерді Колбин мен Қонаев күтіп тұр»,-деді. Өзімізге де сол Колбин мен Қонаевпен тілдесу арман болып келе жатқан қуана-қуана келістік. Біздің ескі алаңға міндетті түрде баратынымызға көзі жеткенсоң ол кісі зым-зия жоқ болыпа кетті. Советски көшесіне жеткенде одан анағұрлым жас, жасы 25-тер шамасындағы өзін КГБ-ның қызметкерімін деп таныстырған қазақтың жігіті; «Өте белсендісің, шеруді басқарып кележатқаның көрініп тұр, енді қалай қарай бағыт түземекшісіндер»,- деп сұрады. Мен: «Ескі алаңда Қонаев пен Колбин күтіп тұр біздерді, қазір солай қарай бұрыламыз»,- дедім. Сөтіп едім ол: «Ескі алаңға барушы болмандар, онда сендерді арнайы жасақ күтіп тұр, қан жоса қылып қырып салады, сендерді онда күтіп отырған ешқандай Колбинде Қонаевта жоқ. Неде болсада шеруді жаңа алаңға бастап бар, онда сендерді қас-қарайғанша ешкім тиіспейді»,- деді. Және: «Сақ бол, шерушілердің қатарынан сыртқа шықсаң, тұтқындаласың, сені КГБ-ның қызметкерлері аңдып келе жатыр»,-деп ескертті.

Жас жігітке алғысымды айтып, шеруді жаңа алаңға бастап кеттім. Алаңға кіріп кележатқанда бір полковник ақсақалдың кеудесінде мегафон асылып тұр екен: «Көке мегафоныңызды беріңізші»,- дегенімде,- көзіне жас алып жыламсырап: «Айналайындар-ай, қырылып кететін болдыңдар ғой»,- деп көзіне жас алып: «Балам мойнымнан жұлып алып кет»,- деді. Мен мегафонды тартып қалсам жұлынып кетті. Содан мен мегафонмен ұрандаттым. Менен кейін қолдан қолға кетті. Үнемі қасымда болған інім Нұржаннан осы кезде көз жазып қалдым. Бір уақытта Колбин мен Қонаевпен

кездесуге делегеттардың тізімін беріндер деген соң мен тізімге бірінші болып өзімді АГТХИ-дің II-ші курс студенті Джумашев Арман деп жазып бердім. Кейін сол қағаз тергеу кезінде алдымнан шықты. Қас қарайған уақытта орталық комитеттің ішінен мұздай құрсанған әскер шығып сап түзеді. Басында дуылғасы, қолында қалқаны бар мұндай жасақты шетел демонстранттарын тарқатқан шетелдік полиция үстінен тек теледидардан көруші едік, өз басым мұндай жасақ советте де бар екінін көріп аң-таң қалдым. Сол сәтте жасақтармен тіл табыспақ болып, қыздар алға шықты. Олар әзілдесіп жасақшыларды әңгімеге тартты, тіпті кейбірі қыздардың әзіліне жымиып күліп тұрды. Осы сәтте қыздар жасақпен жанасып сөйлесіп тұрғанда, оларға шабуыл жасауға бұйрық берілді. Ең сұмдығы алғашқы қатарды тұрып жасақшылармен әзілдесіп тұрған қыздар, сол жасақтың алғашқы құрбанына айналды. Қыздарды басынан ұрған жасақшылардың шоқпарынан шашыраған қан біздің бетімізге шашырады. Жасақтың осы әрекеті бізді қатты ашындырып, теке-тірес кескілескен айқасқа ұласты.

Бір сәтте: «Техас алға!»,- деп жастарды милиция жасақтарына қарсы бастап бара жатқан таңертенгі жасы 35 шамасындағы, түрі ұйғыр ұлтының өкіліне ұқсайтын, КГБ-ның қызметкерін тани кеттім. Ол жастарды ұрысқа бастауын бастап, шегінген кезде қашып баражатқан балдардың аяғынан ұрып құлатып милицияның қолына түсуіне мүмкіндік жасап жүрді. Оны көріп мен: «Мына провокаторды ұстандар!»,- деп айғай салдым. Бір-ақ ол менің айғайымды естіп, қайтып көзге көрінбеді.

Кешкі 22-23-тер кезінде үстімізге су шаша бастады, су шашатын машинаны тоқтату үшін алдына барған бірлі-жарымды жігіттерді судың екпіні лақтырып жатты. Содан кейін қолтықтасып машинаның алдына тұрып алдық, судың екпіні бізге шамасы келмеді. Машина тоқтаған сәтте жігіттердің бірі машинаның багын ашып от қойды. Машина бұрқ етіп жанды.

Ет қызуымен малмандай су болғанымды, айқасып жүріп бірнеше рет арқамнан тиген шоқпарды елемеппін де. Бір-ақ, түнгі бірлер шамасында біржарым тәулік бойы нәр татпағаным, қарнымның ашқанын, жаурай бастағанымды сезіндім. Әлсіреп басым айналған соң жатақханаға қайтпақ болдым. Алаңнан Күләш Байсейітова көшесімен төмен түсіп келе жатқанымда алдымнан бір жігіт шығып: «Анда милициялар ит пен қуылап, алаңнан қайтқан балдарды ұстап жатыр, абай бол»,-деп ескертті. Жатақханаға жете алмасымды біліп абыржып тұрғанымда тура алдыма төртінші тралейбус тоқтады. Есік ашылды мен тралейбуска кіріп отырдым. Сол кезде жүргізуші маған қарап: «Менің орындығымның астына тығыл, милициялар ұстап жүрер»,-деді. Мен орындығының астына бүктеліп тығылып қалдым. Бір аялдамадан соң тролейбусты тоқтатты, арғы жағынан арсылдаған иттердің дауыстары естіліп тұрды. Тролейбустын салонына кірген милицияның бірі: «Ешкім жоқ екен, есігіңді жап та, кет!»,- деп бұйырды.

Әкемнің туған жиені, Қазақстанның халық артисі, әйгілі актер, режиссер Райымбек Сейтметов көкемнің үйіне бармақ болып шештім. Ол

Гоголь мен Фурманов көшелерінің қиылысында тұратын. Есікті көкемнің жұбайы Нейля апам ашты. Мені тамақтандырып алаңдағы оқиға жәйлі тындап жүріп менің шешкен киімімді маған көрсетті. Пышақпен тілгендей киімім тілініп-тілініп жалбырып түр екен. Түнімен ұйықтамай киімімді жуып, кептіріп, жыртығын жамап тігіп Нейля апам таң ертен мені тамақтандырып отырып алаңға қайтып бармауымды не жазым, не мерт болатынымды айтып, ескертті.

18-ші желтоқсан күні Райымбек көкемнің үйінен шыққан соң қайтадан алаңға бардым. Барсам біздің біраз жігіттер Абай мен Фурманов көшелерінің қиылысында милиция жасақтарымен кескілесіп айқасып жатыр екен. Бір сәтте қазақ жастарын милиция жасақтарымен айқасуға үгіттеп тұрған 17-сі күнгі 35 жасар түрі ұйғыр ұлтының өкіліне ұқсас КГБ-ның қызметкерін байқадым. Ол автобустың үстінде тұрып пәрмендеп-екпіндетіп айқайлап сөйлеп тұр екен. Жақындап: «Ей, жігіттер бұл провакатор...», -деп айқай салдым. Сол сәтте екі жігіт қасыма келіп мені сұрақтың астына алды. Мен 17-сі күнгі оқиғаны айтып бердім. Қайтып қарасам жаңағы кісі зым-зия жоқ болып кетіпті.

Өз жігіттерімнің қатарына қосылып, кескілескен топтың ішінде бірде шабуыл жасап, бірде шегініп қашып кележатып аяғым тайып құлап милиция жасақтарының қолдарына түсіп, таяқтарының астында қалдым. Есімді жисам ППМ деген пазиктің ішінде қолым байлаулы жатыр екенмін. Айналама қарасам өзім секілді қазақтың қара көз балдары. Бір уақытта болды толды жүре беріндер деген бұйрық келді, автобус жүріп кетті. Біраз жүрген соң ПАЗик тоқтап ішіндегі үш төрт милиция біздің қолымызды шешіп: «Анда алып барсақ сендерді өлтіреді, қашындар»,- деп бізді босатты. Біраз жерге қашып барған соң олар бізді қайта шақырды. 20-шақты жігіт қайтып бардық, барсақ: «Бізді ұрып байлап кетпесендер, өздерің босатқансындар деп бізге сенбейді»,-деді. Амал жоқ жаңа ғана бізге жақсылық жасаған қазақтың сол милиция жігіттерін ұрып байлап кетуге мәжбүр болдық.

Қас қарая жатақханаға жетсем, жатақхана тола милиция. Кірген бойда: «Мынау алаңнан келді»,- деп бассалды. Жан жағыма қарасам факультетіміздің деканы Аман Бекенұлы Құлбаев ағайым тұр екен. Ағайға қарап: «Ағай мен Сізден нанға барып келейін деп сұранып едім ғой»,- дедім. Аман ағай да шімірікпестен: «Ия мене сұранған»,- деді. Сол кезде бір дәу орыс милиция: «Сен төбелескен адамсың ғой, үстің мыж-мыж кір, оның үстіне наның қайда»,- деп дүрсе қоя берді. Мен: «Көшеде үш-төрт орыстың баласы ұстап алып, жабылып сабады ғой»,- деп ақталдым. Сол кезде әңгімеге киліккен Аман ағай: «Бар бөлмеңе кір»,- деп ұрысқансыды. Содан қайтып жатақханадан біздерді шығармады.

Бөлмеге келсем, бауырым Нұржан аман-есен бөлмеде екен. Сөйтсем оны факультетіміздің деканы Аман Бекенұлы Құлбаев көріп, танып: «Тез жатақханаға қайт, 1 сағаттан кейін барып тексеремін! Жатақханадан табылмасаң оқудан шығарамын»,-деп ұрсқан соң жатақханаға қайттым деді Нұржан інім... Бауырым екеуіміз – әуелі құдай, екінші Аман ағайымыздың

арқасында, сол қанды күндері аман қалуымыздың басты себепкері екендігін айтқым келеді...

Сөз соңы: Тергеу барысында сотталатынымды сездім, бір-ақ манағы жасы 35 шамасындағы түрі ұйғыр ұлтының өкіліне ұқсас КГБ-ның қызметкерін өзіммен бірге ала кеткім келді. Сөйтіп қара волгамен жатақханаға келіп біздерді алаңға шық деп үгіттеген бірнеше адамның ішінде сол да бар деп Мәскеудің бас прокуратурасынан келіп Жеңіс екеуімізді тергеген Татаркин Александр Сергейевич деген тергеушіге айттым. Тергеушімен бірге оның фотороботын да жасадық. Олар оны ұзақ іздеді. Сөйтіп оны тапты да. Тергеу барысында мені онымен беттестірді. Тергеушіге КГБ-ның падполковнигінің куәлігін көрсетіп, біздерді қалай ақымақ қылғандарын қарқылдап күліп айтып та берді. Жеме-жемге келгенде қазақты қыруды мақсат еткен біздерді тергеп, істі сотқа жіберген тергеушімен бір жүйенің адамдары болып шықты. Өзіммен бірге соттатамын деген ниетім осылайша орындалмай қалды.


Комсомолдар қатарынан және оқудан шығарылдым. Ісім сотқа өтті. Бірақ соттан қашып, Бүкілодақтық іздеуге жарияландым. Соттан қашырып, мені аман алып қалған ұстазым Дариға Тұранқұловаға алғысым шексіз!

Ол күндерді еске алу өте ауыр. Алаңда өңменімнен өткен суық пен, тергеу барысындағы ұрып-соғудың зардаптары қазір денсаулығыма сыр беріп жүр.

Қазіргі таңда мен Республикалық «Желтоқсан-жұлдыздары» қоғамдық бірлестігінің мүшесі болып табыламын.

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, өнертану ғылымдарының кандидаты болып қызмет атқарамын.

Жұмаш Арман Ысқақұы



САХНА ТІЛІНДЕГІ – СӨЗ ӨНЕРІ

Жұмаш Арман Ысқақұлы
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
«Сахна тілі» кафедрасының доценті, өнертану кандидаты
arman_zhumash68@mail.ru

Сабитов Максат Кайратович
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
«Сахна тілі» кафедрасының оқытушысы,
өнер магистрі
otello_maxi@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада болашақ актерлік өнер мамандарының сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың көрсеткіштері мен талаптарын, тіл мәдениетін игеру, қалыптастыру әдістемесін талдап, сөйлеу мәдениетінің көрсеткіштеріне мысал келтірілген.

Кілт сөздер: сөз өнері, тіл тазалығы, тіл мәдениеті, сахна тілі, шешендік өнер.

Аннотация: В данной статье проанализированы показатели и требования формирования речевой культуры будущих специалистов актерского мастерства, методика усвоения, формирования языковой культуры, приведен пример показателей речевой культуры.

Ключевые слова: словесное искусство, чистота речи, культура речи, сценическаяречь, ораторское искусство.

Annotation: This article analyzes the indicators and requirements for the formation of the speech culture of future acting specialists, the methodology of assimilation, the formation of language culture, an example of indicators of speech culture is given.

Key words: verbal art, purity of speech, culture of speech, stage speech, oratory.

Тіл – халықтың айнасы. Тіл белгілі бір халықтың тарихи дамуындағы философиялық көзқарасын көрсететін, уақыт алға жылжыған сайын дамып отыратынын көрсететін құбылыс. Сондықта да, тілді – қай ұлтта да, қай елде де болсын қастерлі, құдіретті. Өйткені, ол әрбір адамға ана сүтімен, қалыптасып дамиды. Тіл байлығы-әрбір елдің, ұлттың мақтанышы ретінде атадан балаға мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра болып табылады.

Тіл – әр халықтың жазба әдебиеті арқылы жүйелі қалыпқа түсіп стильдік тармақтары арқылы сараланып, әлеуметтік қызметі әр алуан қатынас құралы. Ол – халық тілі байлықтарының негізінде қалыптасқан, соның жоғары формасы.

Қоғамдық тіл болмайды, тілсіз қоғам болмайды. Тіл қоғамда билеушілік, бағыт сілтеушілік роль атқарады. Адамдардың өздері де өз тілінің құзырында болады. Тіл адамдарды сыртқа өмірмен байланысқа келтіретін «үшінші әлем», зор күш [1.160].

Бүкіл дүние жүзіндегі тілдер қызметі әрістері жағынан да, қолданушыларының көптігі жағынан да, даму сатысы, даму тарихы жағынан да, зерттелу тарихының қызметі, грамматикалық құрылымдары жақтарынан алуан түрлі болып келеді. Олардың ішіндегі жеке ұлттық тілдің де, ұлт аралық тіл де, хылықаралық басқа тілдер де бар. Көптеген миллиардтаған адам сөйлейтін алып тілдер де, сонымен қатар мыңдаған адамдар сөйлейтін шағын тіл де бар. Біздің жыл санауымыздан көп жыл бұрын жазба тілі болған көне тілдер де, күні бүгінге дейін жазба тілі қалыптаспаған тілдер де бар. Дыбыстық, грамматикалық қалыптасу құрлыстары жағынан алған да әр түрлілік көп.

Бірақ бұл айтылғандардан дүние жүзіндегі тілдер арасында тек бір-бірінен өзгешеліктер ғана болады, олардың арасында ешқандай жақындық, ұқсастық болмайды деген қорытынды шықпайды. Дыбыс тілі жылпы адамдық

құбылыс. сондықтан да адам баласының бәріне де тән орта сапаттардың қасиеттердің болатыны сияқты дыбысты тілде де бірлік.

Қазақ халқы шешендік сөздердің мазмұнына да қатты талап қойған. «Байлауы жоқ шешеннен – үндемейтін есті артық, бәйге алмайтын мүйріктен белі бесті артық»[2.117] - деп бекерге айтпаған.

Сылдыраған көп сөзді – көмір, аз сөзді алтын деп бағалаған. Сондықтан да, айтылатын сөздің тобықтай болса да түйіні болады, соны аз сөзбен көп мағына беретіндей етіп, түсіндіруге әрекет еткен жөн. Сахнада тұрып сөз сөйлеудің өзі үлкен өнер, біреудің ойын, хан сезімі мен жүрек толғанысын өз сөзіңдей етіп, сөйлеу нормаларын бұзбай, драматург ой төбіренісін айна қатесіз көрерменге құлағының құрышын қандырардай өтіп жеткізу қиынның қиыны екенін, тыңдаушы кей-кейде әлестете алмайды. Актер өнеріндегі сөз мәдениеті, сөйлеу техникасына байланысты мәсепьсада әртүрлі құралдар арқылы көрерменге кеткізіледі. Қойылатын шығарманың өзіндік стилистикалық жағынан, кейіпкерлердің орындау шеберлігінің жүйесін сипаттай отырып сөйлеу мәнері мен қатар тағы басқа ерекшеліктері сахнада толыққанды туынды жасауда орасан зор роль атқарады.

Актердың сөйлеу шеберлігін жете меңгеруі кейіпкердің жан дүниесін, уақиғаның бастан кешкендерін кемел көркем образда көрерменге жеткізуіне көмектеседі. Сондықтанда актерлар тек халыққа өнер көрсетіп қана қоймай, эстетикалық ләззат беріп, сонымен қатар сөйлеу өнері қазынаның сақшалыры, дұрыс сөйлей білуді үйретететін, насихаттайтын, нормалайтын адамдар. Бұлардың соңғы қызметінің әлеуметтік мәні ене саласындағы төл міндеттері әсте кем емес. Қазақ тілінің өзге де тілдер сынды ерекшеленіп тұрақталған заңдылықтары бар.

Сауаты ашық, мәдениеті жоғары адамдар үшін дұрыс сөйлеп, сауатты жазу қандай міндет болса, сөздерді дұрыс айтып жеткізу де актерлар үшін сондай шарт.

«Сөйлеу техникасы көбіне – көп өз даусын меңгеруіне байланысты. Ал өз даусын меңгеру оның тынысына, сөйлеу мүшелерінің қызметіне интонацияға, сөйлеу шапшаңдығына, паузаға, дикцияға байланысты болады. Сөйлеу техникасын жете меңгерген актер драматург туындысының қасиетін, асыл құнарын тап басып жеткізуді қамтамасыз ете алады.

Дикция, тыныс, дауыс, орфоэпия, ауызекі сөздің логикалық интонациялық заңдылықтары – міне осының бәрі сөйлеу шеберлігінің маңызды да қажетті қырлары. Кемел сөйлеу техникасын қалай меңгеруге болады? Актердың творчество осында сөйлеу мүмкіндіктерінің аның дағдысын қалай қалыптастыру болады. Сахна тілін меңгерген кезде сөз бен ойдың тығыз байланысын, оның терең мағынасына кете көңіл бөлу қажет. Осыған орай актерды рольдегі кейіпкердің сөз саптауына үңіле отырып, автор ойынан әсте ауытқымай сол ойдың түпкі мәнін айшықты бояумен бере білуге баулу керек. Осыдан келіп, сахна тілі сабағының басты міндеті шығады. Ол актерды рольді орындау үстінде сөйлеу шеберлігін үйрету. Сондықтан да

студентпен бірінші кезден-ақ жұмыс істей бастаған кезден бастап-ақ драматургиялық материалды орындаған кезде олардың сөзін қалт жібермей ылғи қадағалап отыруды талап етеді»[3.37].

Негізі актердың сөйлеу техникасында тек драматургиялық материалды орындағанда немесе сөйлеп жаттығу үстінде оп-оңай қалыптастыруға болады десек, тым артық айтқандық болар еді. Әрине сахна актеры өзінің сөйлеу техникасын шыңдау үшін ұзақ еңбекті қажет етеді. Осы орайда актердың ана тілінің табиғатын, қалыптасу негізін сөйлеу шеберлігін жетік білуі шарт екендігіне өзінше көңіл аударуымыз керек.

Сөздің жеке тұрғандағы айтылып дыбысталуы мен актердың сөйлеу актсіндегі айтылуы әрқашан бірдей бола бермейді. Себебі, сөйлеу кезінде немесе жазылған сөздерді оқып беру процесі кезінде сөздер бір-бірімен «тіл табысып», үндесіп, үйлесіп жатады. Сол үйлесімділік мықты болу үшін сөздердің кейбіреулері бір екі дыбысын «сындыруға», өзгертуге, тіпті кейде жоқболып кетуге дейін барады. Мұндай үйлесімділікті қазақ тілінің ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи қасиеті деп айтсақ болады. Әр тілдің өзіне ғана тиесілі дыбысталу заңдылықтары болады – сол тілді дербес тіл етіп тұратын өзіндік белгілері. Ондай ерекшеліктер сақталмайтын болса, ол тілдің табиғатына нұқсан келді деген сөз. Мысалы, алдыңғы сөздерде А,Е,Ы,І сияқты дауысты дыбыстарға аяқталып тұратын болса, ритмикалық жағынан сол сөзбен тұтасып келіп айтылатын келесі сөздің басты қ, к дыбыстары ұяңдап ғ, г дыбыстарына айналып кетеді. Мысалы, өзіміздің оқу жылында сахна тілі пәнінен алған қара сөздеріміздің ішінде де осындай сөздер кездеседі. «Қамқа жиыннан шошып кетті. Бұған дейін дәм деп жауаптаспай келген Қамысбай енді ғана тіл қатты. Ішінде удай қайнаған мза мен ашу бар. Бұ не қырсығың? – дей берген де Майбасар әулекі жуандар, т.с.с.[3.24]»

Негізі алғашқы сөйлемде Қамқа жиынды көріп шошып кетті болып айтылады, сонымен қатар қалған сөйлемдерде де не қылмақсыңдар – не ғылмақсыңдар, тіл ғатты ғайнаған, неғырсығың болып айтылады. Сол сияқты екінші сөздердеде басында кездесекен дауысты дыбыстарда да өзінің алдындағы қатаң қ, к, п дыбыстарын «сындарып» жұмсартады, яғни ұяңдап жіберіледі. Мысалы алғанда Алакөл – Алагөл, кеше келді ге – кешегелді деп, келін-кішігелін. Ботакөз негізі – Ботагөз болып айтылуы керек. Тағы бір екі мысалға алатын болсақ: ұ,ү,і,ө деген еріндік дыбыстарды қазақша сөздерде не сөз басында, сонымен қатар, тек біріші буында келеді де, айтылуы кезінде өзінен кейінгі буындардағы ы, і, е деген дыбыстардың мысалы, «тізесін батырып» өздеріне икемдеп, оларды ү, ү, ө дыбыстарына жақын етіп шығарады. Мысалы: күмісті-күмүс, күдісті-күдүс, ұзынды-ұзұн. Екі сөздердің өз арасында, яғни түйісер жеріне келгенде екі дауыстының соңғысы алдыңғысын «жұтып» қояды. Мысалы: Сарыарқа да – Сарарқа, келе алмады да – келалмады, т.с.с. Міне осындай сөздер сияқты сөйлеу үстінде сөз ішіндегі немесе сөздер аралығындағы дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, бірін-бірі өз ыңғайына иіп, өзгертіп айтылуына тән. Оның үстіне дыбыстардың да

үндестігін сақтап айту үшінде – сол тілде сөйлейтін адамдардың құлағына жұмсақ тиіп, сөзге әуенді үн беруі тиіс. Тілдердің мұндай әдемі үйлесімді үндестігімен қатар, құлаққа жағымды әуенділігімен де қазақ поэзия ілінде пайдаланылады.

Тілдің орфоэпиялық нормасының функциясы өте кеңейді. Ол тек сөздерді ғана дұрыс айту емес, оған қосылатын қосымшаларды да жалпы сөйлемдегі сөздерді дұрыс құрау, табиғи әуенмен айту, тиісті дауыс өкпінін өз орнында қолдана білу сияқты күрделі мәселелерді де қамтыйды. Қазақ тілінің айтылу нормасы жөнінде әр түрлі пікірлер де жоқ емес. Біреулер айтады, қазақ тілі айтылса солай жазылады, айтылу мен жазылудың ортасында айтарлықтай алшақтық жоқ деп қарайды. Әлбетте мұндай пікірмен келісуге болмайды. Орфоэпиялық норма қазақ тілінің орфографиясымен де тығыз байланысты. Орфография тілдегі сөздердің дұрыс жазылуы мен әріптердің дұрыс қолданылу жүйесі. Қазақ тілінде орфография мен орфоэпияның ұқсастық жақтары да аз емес, бірақ дәл айтылуынша жазылады, керісінше, жазылуынша айтылады деуге болмайды. Орфографиялық норманы сақтап жазған сөздер орфоэпиялық оқылмауы да, айтылмауы да мүмкін. Мысалы түлкі, жүрек, шекара, Амангелді, жұмысшы, колхозшы болып жазылса да түлкү, жүрек, жұмысшы, колхозшы болып айтылуы мүмкін [3.45].

Сол сияқты болашақ актер да оқу көзінде осы сахна тілі пәнінен орфографиялық сөздерді және орфоэпиялық сөзді дұрыс оқылуына арналған тізім жасау тізбегін жасаған болатынбыз. Міне сол таблицаға кішкене көңіл бөлсек.

Ы-Ү дыб	**К-Г дыб**	**Қ-Ғ дыб**
Жазылуы айтылуы	Түк жоқ-түгжоқ	Ара қашық-арағашықтық
Жұмырық-жұмұрұқ	Қалалы көл-қалалыгөл	Көшеге қарай-көшегеғарай
Жұтым-жұтұм	Көше келді-көшегелді	Қанқысымы-қаңғысымы
Құйғыш-құйғұш	Керек еді-керегеді	Айқайлап-айғайлап
Құлын-құлұн	Қадірі кетті-қадірігетті	
Құрыш-құрұш[4.8]		

Міне осы сөз тізбектеріне сүйене отырып, қазіргі қазақ тіліндегі жалпы сингармонизм мәселесіне, әсіресе дауыс үндестігін, ассимиляцияның прогрессивтік және регрессивтік түрлеріне байланысты айтылу мен жазылудың қағидаларын аша түсеміз.

Қазақ тілінің сөйлеу орфоэпиясына, яғни бұрыннан қалыптасып кележатқан тәртібін сақтап сөйлер болсақ қана сахнадан әдеби тілдің үлгісін көрерменге дұрыс жеткізіп мәдениетті тілде сөйлеп, ана тіліміздің байлығын арттырар едік. Бүгінгі біздің сахна тілі пәніндегі ұстазымыздардың негізгі бізден талап өтіп отыратын бір мәселесі осы дұрыс сөйлеу нормасында болып тұр. Алайда біз оқушылардың оқу, іздену салғырттығынан тілімізге орфоэпия – яғни, дұрыс сөйлеу нормасы толыққанды енбей келеді. Бүгінгі күнде қазақ тілі мәдениетін жоғарылату барысында үлкен кемелді мәселелерді көтіріліп жатқан кезде, біздер болашақ актер режиссерлерді сахнадан, көгілдір

экраннан, радиодан жиі-жиі хабар беріп жастарға үлгі боларлықтай болуға тырыспауымыз, мүмкіндік іздемеуіміз өкінішті.

Дикция, дыбыс, орфоэпия, ауыз екі сөздердің интонациялық заңдылықтарын сақтау, осының барлығы сөйлеу шеберлігінің маңызды қырлары болып табылады.

Сөздердің анық, ашық және таза айтылуы. Сөз сөйлегенде отыз екі тістің арасынан сайдың сақасыңдай домаланып, анық таза айтылуы ауыз аппаратының үлкен дайындығын қажет етеді. Ауыз аппаратына өрін, тіл, тілшік, тіс, таңдай, жұтқыншақ шымылдықтары желбезек, өңеш және мұрын қуыстары жатады[3.44]**.**

Рольдің сөйлеу шеберлігі.

Сөйлеу кезінде немесе жазылған мәтінді оқып беру процесінде сөздердің бір-бірімен үндесіп және үйлесіп жатуы тиіс. Сол үйлесімділікті мықты ету үшін сөздердің кейбірі бір-екі дыбысын сындыруға, өзгертуге, тіпті алып тастауға мәжбүр болады. Бұл үйлесімділік қазақ тілінің ескіден кележатқан табиғи қасиеті. Кез келген тілдің өзіне тән дыбысталу заңдылықтары сол тілді дербес өтіп тұратын ерекшеліктің бірі болып табылады. Бұл ерекшеліктер сақталмайтын болса сол тілдің табиғатына нұқсан келтіріледі.

I. Мысалы алдыңы сөз а,е,ы,і сияқты дауысты дыбыстарға дыбысты дауыстарға аяқталып тұрса, ритмина жағынан сол сөзбен тұтасып айтылатын келесі сөздің к,қ дыбыстары ұяңдап ғ, г дыбыстарына айналады, бала кезде – балагөз күні кеше – күнікеше, Алматы қаласы –Алматығаласы, Меңдіқыз-Мендігыз.

II. Сол сияқты орфоэпиялық сөздер өкінішті сөздің басында келген дауысты дыбыстарда өзінің алдындағы қ, к, п дыбыстарын жұмсардады яғни ұяңдатып жібереді. Шекара-шегара, көк ала-көгела, сатып алды-сатыбады болып айтылады.

III. ұ, ү, о, ө деген еріндік дыбыстар қазақ сөздеріне не сөз басында, не бірінші буында келеді де айтылуда өзінен кейінгі буындардағы деген дыбыстарға тізесін батырып, өздеріне икемдеп оларды ұ, ү, ө дыбыстарына жуықтап шығарады. Мысалы күміс-күмүс, құлын-құлұн, жұтып-жұтұм.

IV. Екі сөздің «өлі арасында» яғни түйісер жерге келген екі дауыстыныңсоңғысы алдыңғысын жұтып қояды. Мысалы: Сарыарқа-Сарарқа, келе алмады-көлалмады[4.5]**.**

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабуснама/ өзбек тілінен аударған және алғы сөзін жазған Т.Айнабеков/. — Алматы, 2005.-160 б.
2. Сыздықова Р. Сөз сазы. — Алматы: Санат, 1995. -117 б.
3. Тұранқұлова Д. Сахна тілі.- Алматы: Білім, 1999. -210 б.
4. Айхенвальд Ю. Александр Иванович Сумбатов-Южин.- Южин. М.:Искусство, 1987.

Секциялық мәжіліс / Секционное заседание
V – Секция
Вокал мен сахналық пластиканы актерлерді даярлаудағы пәнаралық байланыстар жүйесінде интеграциялау

ТЕАТР АКТЕРІН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ПӘНДЕР САБАҚТАСТЫҒЫ
(Музыка – пластика ырғағындағы кейіпкерлік бейне, актерлік монолог интонациясы сөз әуеніндегі ән)

Сапарғалиева Г.Г.
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақстан, Алматы қ.
sapargalieva51@mail.ru

Аңдатпа: Пластикалық қимылға ұсынылған музыканың мазмұндық әуені сюрреалистік, жұмбақ, шындықтан тыс, құпия, беймәлім қиялдық, түсініксіз әлемге жетелейтін, музыкалық мазмұнды болуы шарт. Студент өз денесінің пластикалық ырғақтық қозғалысын саналы түрде игеріп, санасыздық арқылы сезе білуіне нақтыланған қажетті жатығулар арқылы игеруге болады.

Анотация: Содержательная мелодия музыки, предложенная к пластическому движению, должна быть сюрреалистичной, загадочной, сверхреалистичной, тайной, неосознанной фантазии, музыкально содержательной. Обучающийся может осознанно осваивать пластическое ритмическое движение своего тела и осваивать его через определенную необходимость в осознанности**.**

Abstract: The meaningful melody of music proposed for plastic movement should be surreal, mysterious, hyper-realistic, secret, unconscious fantasy, and musically meaningful. The student can consciously master the plastic rhythmic movement of his body and master it through a certain need for awareness.

«Музыка в театре начинается в слове, продолжается в ритме, в мелодии речи. Музыка составляет истинную сущность театрального представления. Можно сказать, если спектакль немузыкален, неритмичен, значит, это плохой спектакль. Музыка нас учит услышать то, что в театральном обиходе называется атмосферой спектакля, то, что воспринимается как внутреннее зерно, как несказанный смысл, то, что заражает, что поселяется в душе, что продолжает расти, расцветать в сознании и в сердце». Ресей театр режиссері, актер әрі педагог Юрий Александрович Завадскийдің осы пікірі театр музыкасы, түрлі жанрдағы музыка өнерінің бір қыры болса да, оны театр өнерінен яғни, драма, пластикалық театрлар жанрынан тыс қарауға

болмайтын ерекше құбылыс деген түсінікті растайды. Драмаға қатысты музыка өзіне тән музыкалық өнердегі орнын сақтай отырып, театр өнерінің маңызды бөлігі болып саналады, оны драмалық қойылымға тән үндестіктегі құндылығынан ажыратып қарауға болмайды, солай бола тұра, музыка, драмалық қойылым заңына да бағынатын шартты жұптастық деп саналады.

Яғни, драмаға арналып жазылған музыка, қойылымның тақырыбын, проблемасы мен идеясын, сахналық тәртібіне сай әректтеріне қосыла алмайтын, өз алдына жеке тұратын әлем емес, драмалық шығарманың ажырамас бөлігі, онымен бірлесе отырып, толықтырып эмоциялық түрлі ауытқудан тұратын ажырамас бөлігі болып саналады. Бұдан туындайтын ақиқат, драмалық спектакльге арналып жазылған музыка тек өзін ғана тыңдату болып табылмайды, оның атқаратын рөлі, драмалық қойылым оқиғасын, драмалық құрылу заңдылықтарын үндестікте біріге отырып орындау. Бұдан мынандай қортындыға келуге болады, музыка өзін – өзі бағалау қабілетімен бірге, драмалық қойылым құрылымы заңдылығының қисынына бағынуында. Осыдан, драмалық қойылымға арналған өзіндік сапалық әуендік дәрежесі орташа, бірақ белгілі бір драмалық қойылымға арналып жазылған музыка, актердің шеберлігін, спектакльдің драматургиясын айшықтап, сөз мағнасының реңін көрерменге ерекше жеткізуге әсер етеді.

Көп жағдайда музыканың мақсаты сан алуан, спектакльдегі оқиға желісінің қарама - қайшылықтан тұратын сахна әрекеттеріне сай бірнеше функцияны қатар атқарады. Мысалы, кейіпкердің жан толқынысын сипаттаған музыка, келесі сахнадағы әрекет желісін, оқиғаның көңіл күйінің ары қарай дамуын тұспалдауы мүмкін.

Бір музыкалық шығарма қойылымның жанрына байланысты, музыкалық драма, драма, трагедия, мюзикль т.б. спектакльдердердегі актер шеберлігінің нәзік сырын, шабыт құпиясының жанрлық ерекшелігіне байланысты түрлі функцияларды атқарады.

Болашақ актерді оқыту XX ғасырдағы би өнері негізінде **үш мақсат**: ***өзіндік денесін зерттеу***, ***денені кеңістікке сай орналастыру және кейіпкермен жұмыс жасау мүмкіндіктері***, **үш түрлі - музыка, қозғала алу, және актер шеберлігінің көмегімен жүзеге асырылды**. Болашақ актерлерді дайындауда би өнері тек қолданбалы рөл атқарады. Оның оқу бағдарламасында тек дене тәрбиесіне, икемділікке, үйлесімділікке, назар аударылады.

«Негізі, ырғақты анықтауда өмір ағымына сәйкес әрекеттермен процесстердің пайдасы орасан. Ырғақ кез келген өнердің басты (ұстанымы) принципі; поэзияның, музыка мен бидің, т.б. Актер өнері уақыт кеңістігне

жатады. Осы тұстары метр /өлшем/ сахналық тәртіпті оңай әрі тез қабылдаудың толық формасы, бола тұра актер шеберлігі элементтерінің үндестігінің табуы сахналық көркемдіктің эстетикалық жемісі болуында».[4.31 б.]

Танымал орыс композиторы, әйгілі орыс музыка сыншысы, музыкатанудың негізін қалаушылардың бірі Александр Серов музыканы «адам жанының тілі» деп атайды. Себебі ол адамның сезіміне, түпсанасына, қияалына зор ықпал етеді. Ол сезімді түрткілеп, адам психикасына әсер етеді, қиялын оятып, шарықтатады.

Пластикалық қимылға ұсынылған музыканың мазмұндық әуені сюрреалистік, жұмбақ, шындықтан тыс, құпия, беймәлім қиялдық, түсініксіз әлемге жетелейтін, музыкалық мазмұнды болуы шарт. Студент өз денесінің пластикалық ырғақтық қосғалысын санасыздық арқылы сезе білуі қажет. Музыканың ырғағы ауыспалы өзгерістерге толы айқын болмаған жағдайда, сонда ғана әр студент сахналық көңіл күйі мен тек өзіне сай ырғақты қиял мен елестету арқылы табуында болмақ.

«Музыка» сөзі грек тілінен тікелей аударғанда «музалар өнері» дегенді білдіреді. Ежелгі эллиндер музыка мен биді егіз өнер деп санаған, сондықтан екі құдайға бір түбірден тарайтын атау берген: Евтерпаи – ежелгі грек мифологиясында лирикалық поэзия мен музыка музасы. Терпсихора – ежелгі грек мифологиясында би музасы. Музыка мен театрдың негізгі көрнекті құралы – сөз бен дене плактикасының өзара ықпалы, театр «ерекшелігіне» жатады. Бұл тұрғыда түрлі жанрлы театрлардан, физикалық яғни, пантомима театры ерекше орын алады. Ол драмаға тән қасиеттерді де қамтиды, солай бола тұра пантомиманың негізгі тілі – дене пластикасы, музыканың ырғағымен өрілген актердің орындау барысындағы кейіпкердің мінез – құлқына байланысты тапқырлық актерлік әрекетінен туады.

Пантомимада музыка қолдану, бір жағынан, драма заңына тән, өйткені ол драмалық процесске қатысса, екінші жағынан, пантомимадағы қозғалыстың өз тазалығы мен символдық мәні арқасында көзге көрініп тұрған музыка деп айтуға болады. Пантомимадағы музыка екі тұрғыда көрінеді ол естілетін музыка (дыбыс) және көрінетін музыка (қимыл - қозғалыс).

Әр түрлі жанрдағы театрлардың музыкамен байланыс орнату әдісі әртүрлі болғандықтан спектакльге музыка тағайындау концепциясы да әртүрлі болады. Кейде драмалық іс - қимыл кезінде композитор оркестрленген музыкалық шығарманы да ұсынады.

«Осы тұста айта кету керек; қойылымның түр сипаты жалаң сөзден гөрі, музыкалық әрекеттермен әсерлі. Музыкалық бояуы бар сахна ойындары қашанда тартымды, ұтымды. Демек, ритмикалық әрекеттерттерді қашанда музыкалық акценттер жасайды. Бұл дегеніңіз, абстракциялық әрекеттердің негіз болатын жайттар. Бұған , сөз (фразировка) музыкалық өлшем, қара өлеңге қарағанда тармақтарды бөлінуге бұйырмайды. Бұл тұрғыда, музыка

өлеңен гөрі прозаға жақын және топтық әдеп деген бар. Әдептің түрлі ұзақтығындағы ноталары ритмикалық суреттермен топтасып, үйлестік табуында тұр». [4. 27 б.]

Осы мәселені қарастырудың бірінші аспектісі пантомима спектакліне музыка енгізу принциптері жайлы қолданыста бар тұжырымдарға қатысты. Спектакльге музыка таңдауда бірқатар факторлар ықпал етеді, ол драматургия мен театр ерекшелігіне қарай анықталады. «Актерге өзінің сезімін қаншалықты көрсету қажет болса, соншалықты жоғары деңгейде кейіпкердің мәнерлі қимыл – қозғалыстарын түзіп, ым – ишараларын, арғақты сөйлеу, қарым – қатынас мәнерін және т.б. табиғи түрде құруы керек». [4.32 б.]

Соның бірі – музыканың пластикалық іс-қимылға, орталық идеяға қарым-қатынасы. Пантомимадағы музыка мазмұны әркез бағыттаушы рөлін атқарады.

Яғни, спектакльдің кез келген құрамдасы сияқты музыка да шиеленіске жұмыс істеп, оны «ширата» түсуі керек. Музыка драматургияның белсенді элементі ретінде ғана қамтылуға тиіс, актерлердің іс - қимылына «дәм беретін» жеңіл-желпі компонент деп қарауға болмайды. Спектакльдегі музыка «әрекет иесі, көрініске қатысушы» қызметін атқаруға тиіс, ол айналасын өзгертіп, басқа кейіпкерлердің іс - қимылына ықпал етуі қажет.

Бұл мақалада спектакльдің музыкалық шешімімен пластикалық спектакль мен пантомиманы музыкамен әрлеу заңдарына жауап бере отырып, Қазақстанның Т.Қ. Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академясында актер өнері мамандығы бойынша қандай жетістіктер мен жаңалықтарды қолдану арқылы жүргізілуде, енді осыған тоқталайық.

Қазақстанда сахна өнеріндегі «Сахна пластикасы» пәнін зерделеген, жоғарғы және орта білім беретін өнер ордаларына танымал ғалым, осы саладағы көптеген оқулықтар мен мақалалардың авторы профессор А.Б.Құлбаевтың еңбегі орасан зор. Театр өнеріндегі дене пластикасы, сахна сайысы, сахна қозғалысы актер шеберлігінің орындаушылық пластикасы аталып бірінің ісін екінші, одан үшінші болып тоғысып нақтыланған жаңартылған оқу бағдарламасының жетекшісі, «Сахна қозғалысы және дене шынықтыру» кафедрасының профессор Аман Бекенұлы Құлбаевевтың ғылыми шығармашылығына тоқталайын.

Т.Қ.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аман Бекенұлы Құлбаев 1973 жылдан бастап «Сахна қозғалысы», « Сахна сайысы» пәндерінінің ұстазы қызметін атқарады. Осы жылдары Мәскеу, Ленинград өнер оқу орындарында ұстаздық етіп, аталға пәннің негізін қалап, өрлеп, өсуіне зор үлес қосқан, ғылыми практикалық ұстанымдарға толы оқулықтардың авторлары белгілі профессорлар, А.Б Немеровский, А.В Вербитская, Т.Кудашева, К.Н Черноземов, А.П Богданов, И.Г Рутдбергтердің еңбектерімен танысып шыңдалу мектебінен өтеді. Оқу орнында түрлі лауазымды қызметтерді атқара жүріп, актер дайындау мамандықтарындағы «Сахна қозғалысы», «Сахна

сайысы», «Актер шеберлігі», «Сахна тілі», «Жеке ән салу» пәндері бойынша және сахна пластикасы кафедрасының оқу бағдарламаларына едәуір өзгерістер мен толықтырулар енгізген профессор Аман Бекенұлы.

«Актер өнері», «Режиссура» мамандықтары мен мамандандырулары бойынша шет елдердің жеткен жетістіктері мен методикалық оқу әдістемелеріндегі жетістіктерді негізге ала отырып, академия оқу бағдарламасына жүйелі түрде сахна пластикасы пәндеріне, ұлттық сипаттағы қимыл-қозғалыс әрекеттеріндегі ұлтымыздың «ым - ишара», «ишараттар» тізбегі бойынша ғылыми тұрғыда зерттеп, осы саладан алғашқылардың бірі болып кандидаттық диссертация қорғаған ғалым.

Қазіргі заман құбылысына тән, бір қалыпта тұрмайтын мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және ойын-сауық саласындағы өзгерістер театр өнеріне өз әсерін тигізуде. Саяси және әлеуметтік тенденциялар ықпалынан, дәстүрлі театр өнері трансформацияға ұшырап, заманауи театры бағыты қалыптасты. Театр әлеміндегі бұл кезеңді ұлы неміс театртанушысы Ханс-Тис Леман Постдрамалық театр деп атады. Постдрама театры өнердің жаңа көкжиегін ашып қана қоймай, театр мен оның қоғамдағы қызметі туралы дәстүрлі түсініктерді қайта қарастырды. Жаңа театр бағыты классикалық драма немесе біз үйренген дәстүрлі театр заңдылықтарына мүлде бағынбайды. Сызықтық сюжетті оқиға немесе нақты белгіленген кейіпкерлер мен диалогтардың орнына, замануи театр сан алуан эмоцияларға, символизмге және визуалды аспектілерге ерекше назар аударатын замануи өнер бағытына жатады. Бұл театр - актер мен көрермен арасындағы байланысты алдыңғы қатарға шығырып, қоғамда орын алып жатқан актуалды проблемалар жайлы ашық дискурс құруға қабілетті. Сондай-ақ, заманауи театр бағытында режиссер, актер және сахна суретшісі драмалық театрдағыдай, автордың ойын

жеткізуші функциясын атқару міндетті емес. Енді олар автор ұсынған драматургияны тыс қалдырып, мәтінді(текстi) өзгертуге құқылы. Бұндай шығармашылық тәсілдеме күрделі тақырыптар мен идеяларды зерттеуге, мүмкіндік береді. Ал көрермен тек сахнадағы актерлердің іс-әрекеттін бақылап қана отырмай, енді оның белсенді қатысушысына айналып, шығарманы интерпретациялауға үлен еркіндік алады.

Постдрамалық театр жайлы соңғы уақытта жиі айтылып келеді. Бұл еңбек 1999 жылы неміс тілінде жарық көрді. Кітап басылып шыға салысымен әлем бойынша өнер саласындағы зерттеушілердің назарын өзіне аударды. Сонымен қатар, бір жыл өтпей кітап еуропаның бірнеше тілдеріне бірден аударылды. Леманның анықтамасына сүйенсек, «Постдрамалық (Постдрамтический) сын есімі - қазіргі уақытта, театр өнерінде, драмадан тыс жасауға құқылы деп саналатын театр. Бұл драмалық театрды абстракті түрде теріске шығару деген сөз емес, бұл драма дәстүрінен бас тартуға деген ниет.»[1,36]

Заманауи театрдың басты ерекшеліктерінің бірі - текстің доминантты рөлде болмауы және сахна көркем құралдарының арасындағы қатаң байланыстың жойылуы. Бұл жайлы Леман «Постдрамалық театр сахнасында қойылатын мәтін (текст) (егер ол болса), іс-әрекет, музыка және визуалды элементтермен бір қатарда, бір деңгейде тұрады» деп заманауи театрдағы, тексттің рөлін басқа да сахна элементтерімен теңестірді. [1,42] Бұндай заңдылық (әдетте өзгертуге болмайтын) драматургия шеңберінен шығып, актер мен режиссерге текстпен эксперимент жасауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл мәтіннің(текст) күшінің сахнадан мүлде жойылып кетуі деген сөз емес, бұл оның қатаң заңдылықтарға байланбауы. Кейінен Ресей театртанушысы О.В.Рябова постдрамалық театрдағы тексттің рөлін нақтылай келе «Постдраматический театр: проблема сценического языка» мақаласында: Жаңа театр сөзден бас тартпайды, бірақ оның рөлін түбегейлі өзгертеді. Мәтін (ең алдымен, вербалды тіл) енді қойылымның іргесі болып табылмайтынын» айта кетті.[2,3].

Постдрамалық театр - қазіргі уақыттағы қоғам арасында қызу тақырыптар жайлы дискурс жасайтын алаң болып табылады. Ол күннен күнге ауқымды тақырыптарды қамтып, батыл қадамдар жасап келеді. О.В.Рябованың замануи театрда сахналанатын қойылымдар тақырыбының ерекшелігі жайлы өз мақаласында: «Постдрамалық театр үшін тыйым салынған тақырыптар жоқ, керісінше бұл театр бағыты, адам баласы әдетте айтпайтын, тіпті ойлауға қорқатын проблемалар қарастырылады. Жыныстық қатынас, зорлық-зомбылық, гендлік тепе-теңдік, адам бойындағы комплекстер мен фобиялар…»-деді[2,3]. Бұндай тақырыптар жайлы спектакль қою, қазіргі күделі әлемнің шындықтарын түсінуге, сонымен бірге оны қабылдауға айрықша септігін тигізеді. Көрерменге қаншалықты ыңғыйсыздық тудырған жағдай болмасын, театр адамның бойындағы барлық қырларын танып, көрсетуге бағытталған алаң.

Замануи театр бөліміндегі постдрамалық театр мен постмодерндік театр бағытын, бір театр түріне жатқызып жатады. Өйткені 20 ғасырдың 70 жылдарынанда, театр радикалды өзгерістер мен мәдени трансформацияларды басынан өткізген уақыттан бері, бұл екі бағыт бірге қарқынды дамыды. Тіпті постмодерндік театр сол жылдары постдрама театрының басты бәсекелесі деп қарастырылған болатын. Леман өз еңбегінде постмодерндік театры жайлы..«Екі мағыналық; өнерді фикция(жалғандық) ретінде дәріптеу; театрды процесс ретінде дәріптеу; үздіксіздікті жою; гетерогенділік; мәтіндік емес; плюрализм; бірнеше оқу кодтарының мүмкіндігі; диверсиялық сипат; бірнеше әрекет ету орындары; перверсия; актерді тақырып және негізгі тұлға ретінде қарастыру; деформация; тек базалық қызмет ететін мәтін; деконструкция; авторитарлық және архаикалық нәрсе ретінде назардан тыс қалған мәтін; перформансты драма мен театр арасындағы үштілік ретінде қарастыру ;антимиметизм; ұғындыруға қарсылық»деп жазды. Дегенмен бұл сипаттау постдрама театрының ерекшеліктеріне де келеді. Постмодерндік театр бағытының басты әлсіздігі жайлы Леман «Постмодерндік театр өзінің дискурсынан айырылған, сондықтан ол жерде медитация, іс-әрекет, ритм мен тон билік етеді деп жазды». Басты функциясын айрылған бұл театрды, постдрама театр түріне жатқыза алмаймыз.

Қазіргі замануи театрдың пайда болып, қалыптасуына әсер еткен маңызды есімдердің бірі, әрине ол ұлы неміс режиссері, театр новаторы, драматург Бертольт Брехт. Оның эпикалық театр идеясын 19 ғасырдың басынан бастап, қазіргі уақыттағы постдрама театр қойылымдарынан кездестірсек болады. Леман «Постдрамалық театр - бұл постбрехт (постбрехтовский) театр деді»[1,44]. Брехеттің "қашықтық" (Distanz) тұжырымдамасы көрерменді сахнада болып жатқан сюжеттен саналы түрде алшақтатуды көздейді. Актермен кейіпкер арасындағы қашықтық, көрермен мен сахна арасындағы қашықтық, спектакль оқиғасын бірге бастан кешірудің орнына, көрерменнің аналитикалық талдау қабілеті мен критикалық ойлау қабілетің артуына бағытталады.

Постдрамалық театр өкілдеріне мына есімдер жатады: «Роберт Уилсон/ Роберт Уилсон/, Ян Фабре /Ян Фабр, ЯнЛауерс /Ян Лауверс/, Хайнер Геббельс /Хайнер Геббельс/, Ай - нар Шлеф /Эйнар шлиф/, Юрген Мантей / Юрген Мантей/, Ахим Фрайер /Ахим Фрейер/, Клаус Майкл Грюбер / Клаус Майкл Грюбер-бер/, Питер Брук /Питер Брук/, Анатолий Васильев, Роберт Лепаж / Роберт Лепаж/, ЭлизабетЛеконт / Элизабет Лекомпте….»[1,67] және т.б

Қорытындылай келе, заманауи театр - түрлі бағыттар мен эксперименттерге мүмкіндік беретін, күрделі және сан қырлы құбылыс. Соның ішіндегі, постдрамалық мен постмодерндік театр, замануи тендернциялар ықпалынан қалыптасқан театдың жаңа бағыты болып табылады. Екі бағытта да сахна элементтері арасындағы дәстүрлі заңдылықтар бұзылып, аудиториямен қарым-қатынас алдыңғы орынға

қойылады. Постдрамалық театр драматургияның қатаң шеңберінен босатылып, зерттеу процесіне назар аудара отырып, қазіргі қоғамдағы өзекті тақырыптарды батыл талқылауға жол ашады. Бұл бағыт театр мамандары мен көрермендерге, қазіргі әлемнің күрделі шындықтарын түсінуге ықпал ете отырып, жағымсыз немесе қабылдауға ауыр болуы мүмкін тақырыптарды зерттеуге мүмкіндік береді. Постмодерндік театр өзінің ерекше эстетикасы мен көзқарасына ие болғанымен, көрермен мен сахна арасындағы дисурстің жетіспеушілігіне тап болуы мүмкін. Бұл оны терең талқылау мен талдауға қабілетсіз етеді. Ал ұлы новторлар алып келген театр өнеріндегі инновациялар өз тамырын жоғалтпай заманауи театр сахнасында өз жалғасын таба береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Hans-Thies Leman Postdramatishes theater // Перевод с немецкого, вступительная статья и комментарии Натальи Исаевой «Постдраматический театр» M ABCdesign, 2013 - 312 б.

2. Рябова О.В. Постдраматический театр: проблема сценического языка // Научный журнал «Известия Самар- ского научного центра Российской академии наук. – 2012. – т. 14, No 2(4). – б. 1096–1100.

3 .Барбой Ю.М. Постдраматический театр ипостте- атральный драматизм // Петербургский театральный жур- нал. – СПб., No 2 [76], 2014. – б. 5–9.

АКТЕР ҮШІН САХНАДАҒЫ ОРФОЭПИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Бекмаханова Құралай

Аңдатпа: Бұл мақалада “Актер шеберлігі” мен “Сахна тілі” пәндерінің өзара жақындығын зерттеп, актер үшін ең маңызды құралдардың бірі тілдің тазалығын талдайды. Автор тілдегі сөздердің дұрыс айтылуына жауап беретін орфоэпияны тілге тиек етеді. Авторды мазалайтын жайт–қазіргі театр әртістерінің басым көпшілігі тіл тазалығына салғырт қарайтындығы. Актёр сөзге жан бітіруші болғандықтан,баға жетпес мұрасы тілді актер бес саусағындай білуге тырысып, тынбай еңбек етуі керек екендігін түсіндіреді.

Аннотация: В данной статье рассматривается взаимосвязь «Актерского мастерства» и «Сценической речи» , а также анализируется чистота языка, один из важнейших инструментов актера. Автор знакомит с орфографией, отвечающей за правильное произношение слов в языке. Автора беспокоит то, что подавляющее большинство современных артистов театра пренебрегают чистотой языка. Она объясняет, что, поскольку актер тот который дает словам жизнь, его бесценное наследие состоит в том, что актер должен работать не покладая рук, стараясь знать язык, как свои пять пальцев.

Abstract: This article discusses the relationship between “Acting” and “Stage Speech,” and also analyzes the purity of the language, one of the most important instruments of the actor. The author introduces the spelling responsible for the correct pronunciation of words in the language. The author is worried that the vast majority of modern theater artists neglect the purity of the language. She explains that since the actor is the one who gives words life, his invaluable legacy is that the actor should work tirelessly, trying to know the language like his five fingers

Түйін сөздер: Актёр, актёр шеберлігі, сахна тілі, орфоэпия, үндестік заңы, тіл тазалығы

Ключевые слова: Актёр, актёрское мастерство, сценическая речь, орфоэпия, закон сингармонизма , чистота языка

Keywords: Actor, Acting, Stage Speech, Spelling, Law of Synharmonicism, Purity of Language

"Актер шеберлігі" мен "Сахна тілі “ бір - біріне етене жақын және ажыратылып қарастырылмайтын салалар. Екеуі - егіз ұғым. Сөзді дұрыс ,мәнерлі етіп жеткізу – актердің басты құралы. "Сахна тілі" пәні актердің дауысын,демін қою,тіл тазалығын арттыру,дыбыс регистрлерін,яғни үнін байыту,тағы да басқа техникаларды игеруге бағытталған.Нағыз актер болу үшін тіл тазалығы болу өте маңызды. Сондықтан автор тілдегі сөздердің дұрыс айтылуына жауап беретін орфоэпияны тілге тиек етеді. Авторды мазалайтын жайт–қазіргі театр әртістерінің басым көпшілігі тіл тазалығына салғырт қарайтындығы,көбісі үндестік заңын дұрыс меңгермегені. Автордың ойынша, актер жұрттың алдында айтар ойын дұрыс жеткізу үшін дыбыстың қалай дұрыс айтылатындығына зер салып,үнемі жаттығу жасап отыруы тиіс.

Актер - сөзге жан бітіруші. Ал сол мамандық иелері тілдің тазалығына қатты мән бере ме? Үндестік заңындағы орфоэпиялық нормаларды сақтайды ма?

Сахна тілі пәнінде әрқайсысымыз , актёрлер сөзбен қатты жұмыс жасайды. Қара сөзде болсын, поэзияда болсын әрбір сөзге жан бітіруді көздейміз. Автордың сахна тілінен жетекшісі Әбілмажинов Исбек әрбір білім алушы актёрдің тіл тазалығына баса мен беріп қарап, сөздерінің айтылуын жөндеп, орфоэпияға мән бергізеді. Авторға ұнайтындығы актер шеберлігі мен сахна тілін ұштастырады. Актер үшін ауадай қажет 8 элементтерді игерсе ,оны пьесада, өлеңде қолданса кез келген актер сөзге жан бітіреді. Соның бәріне анализ жасалып,талданылса, сөзді де синтездеп,талдау қажет. Сөздің оқылуы бойынша айтылуға тиісті.Орфоэпия дұрыс сақталатын болса, ұлттық болмыстың іргетасы дұрыс қаланатын болады. Бір өкініштісі,сахнадан естілетін сөздердің мәдениеті қатты төмендеп кетті. Сөздің нақышын келтіретін, сөйлеудің сазын танытатын үлгі тұтарлық жандардың жоқтың қасы.Дегенмен кез келген актер тілдің орфоэпиялық нормасын сақтаудың мәдени-әлеуметтік айырмашылықтары бар екендігіне мән беруге тиісті. Себебі қазақ әдеби тілінің өзіне тән ғасырлар аралығында қалыптасқан орфоэпиялық нормалары бар. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы,

біріншіден, жергілікті ерекшелікке қарама-қарсы қолданылады. Мәселен,жергілікті жерлерде: баладар, көңлі, жылқыдар,маңлай,чач,чай,көпчік,чыбық, мұғалима,құдағай, бопа (сәби) т.б.айтылса, әдеби тілде: балалар, көңді, жылқылар, маңдай, шаш,шай, шыбық, жастық,мұғалім,құдағи, бөпе т.б. қолданылады. . Сөз мәдениетіне ден қойған, әдеби тілдің тазалығын көздеген адам әдеби нормаға сай түрін қолданып, мәдениеттіліктің жоғары үлгісін көрсетеді. Ал мұндайларды талғаусыз жұмсаған жандар өз мәдениетінің, әсіресе сөз мәдениетінің төмен екенін аңғартады. Екіншіден, әдеби тілдің орфографиялық нормасы, бейәдеби қарапайым сөйлеу тілінде мүлдем басқаша қолданылады.Мысалы: бейәдеби қарапайым сөйлеу тіліне отырық,жатырық,ерсей, бересаш, келатыр, баратыр, босашы, бошы, боп атыр , кеп жүр, дұспан, дүния т.б. жатады. Негізінде қазақта бұндай сөздер жоқ. Үшіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы ескі қазақ жазба тілінің дыбыстық элементтеріне қарама-қарсы қойылады: нәсіп айласа, жәмиғат, ғиззатлү, хұрметлү, мақсұт, хас (хас дұшпан) т.б. Кірме сөздер дұрыс айтылмайды. Төртіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына байланысты мәселелердің бірі жазу тәртібімен байланысты, өйткені жазба сөздің өзіне тән жүйесі, ауызша сөздің өзіне тән жүйесі бар. Сондықтан дыбысталған сөз бен қағазға түскен сөздің жүйесі әр түрлі болып келеді. Назар аударсаңыз, жазылуда ақ отау, айтылуда [ағотау]; жазылуда шекара, айтылуда [шегара]; жазылуда қонақасы, айтылуда [қонағасы]; жазылуда дөңбек, айтылуда [дөңбөк]; жазылуда көзсіз, айтылуда [көссүз]; жазылуда жұмысшы, айтылуда [жұмұшшұ] болады.

Қазақ тілінің Орфоэпиялық лұғаттары алғаш рет 1977 жылы жарық көрген. Оны құрастырған Қ.Неталиева. Лұғатта емле бойынша он бес мыңға жуық сөз бен сөз тіркестерінің орфоэпиялық нормаға сәйкес айтылу қағидаттары қарастырылған. Қазақ орфоэпиясының тілдік негізі болып табылатын үндестік заңы, дауыссыздардың үндесімі секілді сөздердің дұрыс айтылу заңдылықтары баяндалған. “ Қазақ тілінің қысқаша сөздігінде”(1981 ж.), С. Мырзабековтың авторлығымен жасалған “ Қазақ тілінің айтылым сөздігінде”(2001ж.), Ә. Жүнісбектің редакторлығымен дайындалған “Қазақ тілінің үлкен орфоэпиялық сөздігінде ”(2000 ж.) елу мыңға жуық сөз бен сөз тіркестерінің орфоэпиялық нормаға сәйкес айтылу үлгілері көрсетілген. Аталған сөздікке әрбір қазақ,әрбір актер мән берсе, айтылымға қол жеткізу жеңілдер еді.

Орфоэпиялық норма тілді пайдаланушылардың басын біріктіреді. Дыбыстаудағы қазақ ортақ заңдылықты сақтамай, әркім өз бетінше сөйлесе, сөзді ұғыну қиынға түседі. Сөйлеушінің сөз мәдениетінің төмендігін, сауатсыздығын көрсетіп, тыңдаушыға жағымсыз әсер туғызады.

Салауатты әрі мәдениетті жұрт үшін дұрыс сөйлеп, сауатты жазу қандай міндет болса, сөздерді дұрыс айту да актерлер үшін сондай шарт. Сөйлеу техникасы көбінесе дауысты игеруден басталады. Ал өз дауысын меңгеруі оның тынысын, интоннациясын, сөйлеу шапшаңдығын, паузасын,

дикциясын үйрену болып келеді. Сейлеу техникасын жете меңгерген актер драматург туындысының мәнін,қасиетін дөп ,айқын жеткізеді. Бұның бәрі— сөйлеу шеберлігінің маңызды да қажетті қырлары.

Сахна тілін игеру кезінде сөз бен ойдың тығыз байланысына, оның терең мағынасына жете көңіл бөлу қажет. Осыған орай ,актерді рөлдегі кейіпкерді сөз саптауына үңіле отырып, автор ойынан әсте ауытқымай, сол ойдың түпкі мәнін тайға таңба басқандай айшықты түрде бере білуге баулу қажет . Сонда актер рөлді орындау үстінде сөйлеу шеберлігін түсініп,үйренеді. Актер ана тілінің табиғатын жақсы білуі қажет. Осыған аса қатты назар аударған жөн.

Әр тілдің өзіне ғана тән дыбысталу заңдылықтары сол тілді айрықша тіл етіп тұратын белгілері бар. Ол ерекшеліктер сақталмаса, сол тілдің табиғатына қиянат келтіреді. Мысалы, алдыңғы сөз а, е, ы, і сияқты дыбыстарға аяқталып тұрса, онда ритмика жағынан сол сөзбен тұтасып айтылатын келесі сөздің басындағы қ, к дыбыстары ұяңдап, г,г дыбыстарына айналады. Мысалы, жазылуы: Қаракөз болса,айтылуы: Қарагөз, жазылуы: ала кеп болса,айтылуы: алагеп, жазылуы: күні кеше болса,айтылуы: күнгеше, жазылуы: Меңді қыз болса,айтылуы: Меңдігыз,жазылуы:бала кезде болса,айтылуы: балагезде болады.

Ал сөздің басында келген дауысты дыбыстар да өздерінің алдыңдағы (бірінші сөздің соңындағы) қатаң қ,к,п дыбыстарын "сындырып", "жұмсартады", яғни, дыбыстар ұяңдап шығады. Мысалы, жазылуы: көк ала болса,айтылуы: көгала, жазылуы: Омарқұл болса,айтылуы: Омарғұл, жазылуы: Жезқазған болса,айтылуы: Жезғазған, жазылуы: сау келді болса,айтылуы: саугелді, жазылуы: айқабақ болса,айтылуы: айғабақ, жазылуы: оймақ ауыз болса,айтылуы: оймағауыз, жазылуы: Аманқожа болса,айтылуы: Амаңғожа, жазылуы: сатып алды болса,айтылуы: сатыбалды, жазылуы: Сәтбаев болса,айтылуы: Сәтпайев болады.

Ү, ұ, о, ө деген еріндік дыбыстар қазақ сөздерінде не сөз басында, не тек бірінші буында келеді де, айтылуда өзінен кейінгі буындардағы ы, і, е деген дыбыстарды өздеріне икемдеп, оларды ү, ұ,ө дыбыстарын жуық шығарады. Мысалы, жазылуы: құлын болса, айтылуы: құлұн, жазылуы: жүрек болса, айтылуы: жүрөк, жазылуы: қулық болса, айтылуы: қулұқ, жазылуы: өрік болса, айтылуы: өрүк, жазылуы: ұшқын болса, айтылуы: ұшқұн,жазылуы: түтін болса, айтылуы: түтүн, жазылуы: күміс болса, айтылуы: күмүс болады.

Екі сөздің түйісер жеріне екі дауысты дыбыстың соңғысы алдыңғысын «жұтып қояды». Мысалы, жазылуы: алты ай, айтылуы: алтай, жазылуы: алты ай, айтылуы: алтай, жазылуы: алты ай, айтылуы: алтай, жазылуы: Сары арқа, айтылуы: Сарарқа,жазылуы: торы ат, айтылуы: торат, жазылуы: көрсе екен, айтылуы: көрсекен, жазылуы: алма ал, айтылуы: алмал болады. [1,13б]

Орфоэпиядағы үндестік заңы бойынша, сөздердің басым бөлігінің буындары мен оған жалғанатын жалғау, жұрнақтардың да бірыңғай жуан болса, оған жалғанатын қосымшаның - жуан, біркелкі жіңішке буынды сөзге -

жіңішке жалғау жалғанатыны және оны айтқанда дұрыс айтылуы басты назарға алынады. Мысалы, орындық-тар-ға, тәлім-гер-лер-ге, егін-ші-лер-ге, т.б. Мұнда, түбір сөздер мен туынды сөз тудырушы жұрнақ және оларға қосылған жалғаулардың бірыңғай жуан не біркелкі жіңішке болып тіркесіп тұрғанын байқаймыз. Мұндай сөздерді айтқанда қалай жазылып тұрса, солай айтылу керектігін ескеру маңызды.

Сондай-ақ, ерін үндестігі, яғни, сөздегі еріндік дауысты дыбыстың өзінен кейінгі езулік дыбысқа әсерінен айтылуында: өзен - өзөн, үлкен - үлкөн, көне - көнө, т.б. күйінде айтылуын да білуіміз керек. [2, 10б]

Міне, осындай сөйлеу үстінде сөз ішіндегі немесе бірін-бірі өз ыңғайына иіп, өзгертіп айтылуы тән ерекшеліктер әрбір сөзде кезігеді.Оның үстіне, дыбыстар үндестігін сақтап айту - сол тілде сөйлейтін халықтың құлағына жұмсақ,жағымды тиіп, сөзге әуенді үн береді. Мысалы, хакім Абайдың "Жарқ етпес қара көңлім не қылса да" деген өлеңінде: "Жарқ етпес қара көңілім не қылса да, Аспанда ай менен күн шағылса да,"— деген жолдары осылай жазылса,айтылғанда: "Жарғ етпес қара көңүлүм неғылса да, Асбанда ай менен гүн шағылса да," — деп өзгереді. Қазақтың “Басынан Қаратаудың” атты халық әнінде жазылуы:

Қарағым айналайын, келдің қайдан,
Ақ үйрек ала мойын ұшар сайдан.
Қарағым, мекеніңді айтып қойшы,
Адамның жат болмағы осындайдан,- болса, оқылуы:
Қарағым / айналайын / келдіңғайдан //
Алүйрек / алмамойұн / ұшарсайдан //
Ейғалқа / мекеніңді / айтыпқойшұ //
Адамның / жатполмағы / осұндайдан // ,— деп болады. “Айман-Шолпан” пъесасынан Жарастың мына сөзінде жазылуы:

Құдаға кел, жамағат, көз
Салайық,
Жарасқан сән-тұрманын
Біз санайық.
Маржаны құмалақтан,
Құрымжелек,
Қамшыны жібек бауға
Шамалайық.
Айтылуы:
Құдағагел / жамағат / көссалайық /
Жарасқан / сәнтұрманын /
Біссанайық //
Маржаны / құмалақтан /
Құрұмжелек
Қамшыны / жібекпауға /
Шамалайық //,— болады.

Әйгілі ақын ,сазгер Біржан салдың “ Жонып алды” деген өлеңінде жазылуы:

Аты еді бұл әнімнің «жонып алды»
Алғандай сұлу жонып өрім талды.
Жасымнан сүйіп айтқан ән болған соң,
Жаңылмай әлі күнге есте қалды.
Жан едім, әсем әнді сүйіп айтқан,
Жағымды көпке бірдей, жұрт ұнатқан.
Келетін нақысына жүз құбылтып,
Кейде өрлеп, кейде шалқып, баяулатқан,— болса, айтылуы:
Атеді / бұләнімнің / Жонұбалды //
Алғандай / сұлужонұп / ерімталды //
Жасымнан / сүйібайтқан / ән болған соң //
Жаңылмай / әлігүнге / естеғалды //
Жанедім / әсемәнді / сүйүбайтқан //
Жағымды / көпкебірдей / жұрт ұнатқан //
Келетін / нақысына / жүзғұбұлұп //
Кейдөрлеп кейдешалқып / баяулатқан //,— болады. “Қарақыпшақ Қобыланды” пьесасынан Қобыландының мына бір сөзінің дұрыс айтылуын қарастырайық.Жазылуында:

Ұлын құл ғып, қызын күң,
Қақсатып болған қызылбас,-болса,айтылуында:
Ұлын / құлғып / қызын / күң/
Қақсатыпполған / қызылбас//

Мәселен, қарымды қаламгер Абайдың “ Білектей арқасында өрген бұрым” деген өлеңінде жазылуы мынадай болады:

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Ал оқылуы мынадай болады:

Білектей / арқасында / өргенбұрұм /
Шолпұсұ / сылдырғағып / жүрсақырын //
Кәмшәтбөрүк / ақтамақ / қарағасты /
Сұлұуғыздың / көрүппең / мұндайтүрүн // Байқасаңыздар қазақ тілінің жазылуы мен айтылуы,яки орфография мен орфоэпия арасы өзгешелеу.

Жалпы , қазақ тілінің ауызекі сөйлеу стилі қашан, қалай бұзылды деген сауалға жауап табу үшін, ең алдымен, хат танытудың әрбір сатыларын ескеруіміз керек. Өкінішті жері, қала, ауыл мектептерін бітірген түлектердің 80-90 пайызы бүгінде қазақ тілінің орфоэпиялық нормасын білмейтін,соны сақтамайтын ұрпақ өсіп келеді. Әсіресе, көбісі тек теория жүзінде ғана біледі. Осы ұрпақ елдің мәдениетіне, өркениетіне араласатын буын болмақ. Сол

себепті бүгінде радио, теледидар, қоғамдық орындардан естілетін сөздердің жартысы «жарымжан», «шала» сөз болып бара жатыр. «Жарымжан сөз» - теле- радиошешендерінің, кадр сыртында сөйлейтін журналистердің, театр сахналарындағы актерлердің қағаздағы мәтінді ауызша тілдің айтылу қалпына келтіріп алмай, бірден, сол сазында айна-қатесіз, дәлме-дәл «әріптеп» оқуы. Осыдан барып тыңдаушылар да ,оқушылар да қағаздағы кескінді көрмесе, берілетін мәліметтердің мазмұны түгіл, дыбыстық жүйесін құлаққа сіндіре алмай отыратын кездер жиілейді. Бұл тәуелсіз телеарналар мен радио журналистерінің тілінен, сахнадағы жас актерлер тілінен көбірек көрінеді,білінеді.Ауызша тілдің табиғаты - бөлек,өзге. Оны дұрыс түсіну, дұрыс қолдану үшін жазылған сөзді ауызша сөзге

Көшіріп алу керектігі ескерілсе жақсырақ болары сөзсіз. Мәселен,жақшаның ішіне айтылуы бірге жазылса, санамызға айтылу нормасы да сіңеріне автор сенеді. Сонымен қатар жазуды оқуға айналдыратын ережелермен бірдей етіп қатар үйретілсе, сол кезде ғана тілдің айтылу сазы бұзылмай,қабылдау оңайға түсер еді.Қазақ тілінің ауызекі жүйесіне аса қатты назар аударылмағандықтан, ауызша сөз бен жазу бір деп ұғынылғандықтан бүгінде теледидар, радио, театр, кинодан естілетін аға буынның сөйлеу мәнері мен жас буынның сөйлеу мәнері жер мен көктей алшақ болып бара жатыр.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні,Қызыл тіл, ең алдымен, эмоция тудыру арқылы ой-санаға әсер етеді. Сөйтіп жұртшылықтың ой-санасына қозғау салып, қоғамдық пікір қалыптастырады. Жағымды, жағымсыз эмоция тудыру арқылы санаға әсер ету тілдік құралдарды, оның амал-тәсілдерін дұрыс пайдалану, шебер қолданумен байланысты екені даусыз. Әрине, тіл мәселесіне келгенде актер білуге міндетті жайттар аз емес. Алайда актер соның бәріне қатаң түрде мән беріп, әр үйренген заты сайын шыңдала түсу керек. Тіл - халық өмірінің айнасы. Ол белгілі бір халықтың тарихи дамуын, философиялық көзқарасын көрсететін құбылыс. Сондықтан да, тіл - қай ұлтта, қай елде болса да,қастерлі, қасиетті,құдіретті. Ал өмірде болып жатқан оқиғаларды, мәселелерді сахна арқылы жеткізіп, әрбір көрерменге ой қалдыру үшін еңбектенетін жан - актёр. Сол себепті елдің,ұлттың мақтанышы,байлығы атадан балаға мирас болып келе жатқан баға жетпес мұрасы тілді актер бес саусағындай білуге тырысып, қыр сырын біліп алуы қажет.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Тұранқұлова Д. Сахна тілі / Тұранқұлова Д. — Алматы — Білім, 2016. — 12-13 б.

2. Белжанова К Сахна тілі. Монолог. Оқу құралы / Белжанова К — Алматы — Арда, 2021. — 10 б.

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Иманғалиев Әсет Иманғалиұлы
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
«Сахна тілі» кафедрасының оқытушысы,
«Серпер» жастар сыйлығының иегері

Түйіндеме: Мақалада автор мәтінін және сараптап, талдау мәселелері көтеріледі.

Кілт сөздер: Көркем мәтін, мәтінді талдау мәселелері, автор мәтінін сараптау, актер шеберлігі, сахна тілі.

Резюме: В статье поднимается проблема разбора и анализа авторского текста.

Ключевые слова: Художественный текст, проблемы разбора текста, анализ авторского текста, актерское мастерство, сценическая речь.

Summary:
The article raises the problem of parsing and analyzing the author's text.

Key words: Artistic text, problems of text parsing, analysis of the author's text, acting skills, stage speech.

Сахналық тілді толық меңгерудің басты мақсаты – рөлді орындау барысында сөйлеуге машықтану, әрбір сөздің мәнін жете түсіну, оның табиғатын тануға баулу. Актер жазушының шығармасын тыңдаушы көрерменге бейнелі, айқын да анық, әсерлі жеткізе алғанға дейін мәтінмен ұзақ жұмыс істеу керек. Автордың айтар ойын, идеясын, шығарманың тақырыбын жете түсініп, терең сезіну қажет. Кейіпкермен бірге «мың өліп, мың тірілуі тиіс» [1, 108 б.].

Сонда ғана көрермен сахна төрінен спектакльді емес, шынайы өмірді көреді, сахнадағы өмірмен бірге қайнасады, кейіпкердің жанын ұғады, оның қайғысына ортақтасады немесе қуанышын бірге бөліседі.

Сөйлеу тәсілі, яғни көрерменге кейіпкердің толғанысын көркем формада жеткізетін және оны іске асыратын қажетті сапа керек. Ал сахналық тілді меңгеру үшін оймен, мазмұнмен тығыз байланысты рөлдердегі сөздермен жұмыс барысында автор ойынан ауытқымаған жөн. Бұл сөйлеу тәсілімен жаттығу кезінде, әдеби материалдармен жұмыс барысында бүкіл жүйені анықтауға мүмкіндік береді.

Көркемсөзбен шұғылдану дұрыс тәсілдік дағдының қалыптасуына барынша көмектеседі. Бұл жөнінде К.С.Станиславский: «Дикция ақауы тілде емес, қиялда түзетіледі» [2, 109 б.], – деген сөзі, осы бағытта жұмыс істеудің нақтылы бағыт-бағдары іспеттес.

Көрерменге актердің оқып тұрғаны өз өмірбаянының бір бөлігін секілді әсер қалдыруы тиіс. Ол бұл өмірді алдымен өзі елестетуі қажет. Қиял күші арқылы оны өзінің басынан өткені етеді. Ол айтып тұрған жай оның өзін терең ойландырып, бәріне оған өзіндік көзқараспен қарауы тиіс. Бұл өткен өмір оған ой мен сезімді тудырып, бүгін, қазір, дәл осы жерде тыңдаушыларымен

сөйлестіреді. Ал бұл шындық, үлкен үміт оның орындауында сенімді шығып, тыңдаушыларын өз қайғысымен, ойымен баурап алады, ол өнерді мағыналы, мәнді етіп, ойдағыдай шығуға ықпал етеді. Ол үшін көркем мәтінді орындайтын актерге дайындық қажет. Ол: көріністі, идеяны талдау, автордың бұл шығарманы жазуына не себеп болды, оған не итермеледі деген сұрақтарға, қоршаған ортамен қарым-қатынастағы оның мінезіне талдау жасау.

Сөзді меңгеру әдісі мен тәсілі драма театр актеры мен көркемсөз шебері үшін бірдей және ортақ. Актер автор сөзінен кейіпкерін тірі адам бейнесінде көруі, мәтіннің астарында жасырынып жатқан «екінші жоспардағың ұсынылатын жағдайды құруы керек.

Сахнада сөйлеу өнерін меңгеру үдерісі тек мектеп шеңберінде ғана шектелмейді. Актердің сөйлеу шеберлігінің формасы мен функциясы өмір бойы шығармашылық қызметінде жалғасып отырады. Мұны өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр. Мысалы, актердің көпшілігі сөйлеу шеберлігіңіздің қалыптасуына не көмектеседі деген сауалға «Театрдағы жұмыс» деп жауап береді» [3, 387 б.].

Яғни, кәсіби актерлік тәжірибе, оның ішінде үнемі дұрыс және қажетті сөйлеуді таңдап алудағы міндеттер – әрбір жаңа бейнені нақты айқындайтын мәнерлі құрал.

Осы орайда, актер бойында көркем сөйлеу айқындылығымен тазалығын тәрбиелеу оның кәсіби өсіп қалыптасуы үшін маңызды екендігін көруімізге болады.

Көркемсөз оқу барысында актер шығарманың идеясын түсініп, оның маңыздылығын тыңдаушысына сол қалпында жеткізуі тиіс. Шығарманың идеясын түсіне білу және сезіну, мәтіннің философиялық, азаматтық мән-мағынасын айқындау – негізгі ізденіс, басты жұмыс. Бұл ой-өрісті кеңейтіп, қалыптастырады, берілген материалдарды қоғамдық тұрғыдан бақылауға үйретеді. Өнерде өмірдің дамуын, оның қиындығы мен тереңдігін қамтып көрсетуге ұмтылады. Ұсынылған материалды талдай отырып, ол туралы біз өзіміздің біліміміздің кеңейтіп, тереңдете түсеміз, біртіндеп автор жасаған әлемді көз алдымызға елестетіп, ойымызды қалыптастыра бастаймыз. Мәтінмен жұмыс барысында актер автордың ойымен тығыз байланыста болады.

Сөйтіп, ол шығарманың идеялық бағытын айқындайды. Автор идеясы шығарманың басынан аяғына дейін анық байқалып отырады, мәтіннің маңыздылығы оны терең ашудан байқалады. Ол үшін мәтінге тарихи-әдеби талдау жасап, эмоциялық толыққанды әңгіменің, сөздің қимылды күшін аша білуі керек. Мысалы: М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасындағы Абыздың монологынан үзінді келтірейік:

«Абыз мекені. Қоңыр, күңгірт үйде күңгірт сәуле. Ауыр мұңға батып Абыз отыр. Қолында қобызы. Жаңа ғана күй толғап тоқтаған.

Абыз: «Көкей кесті», «Көкей кесті» күй не дейсің? Уа, не қыл дейсің? Тынбаған көңіл, талмаған көкей (жымиып) күшік!.. (Қобызына жағын сүйеп,

ырғала толғанып) Пәк пәруәрдігәр!.. Бе-еу! (Ыңыранып, Асан қайғының күйіне үн қосып.)

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер?
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтып күн көрер?

Ащы зарлы Асан сен ең, алыстан сарын қосқан Нысан мен ем...

Тұнығым ылай болды,
Уа, тұнығым ылай болды,
Қуғыншым қуай болды.
Құтылар қайран жоқ,
Сор қамар сыңай болды.
(Асанша толғап)
Алданар жоқ, арман көп,
Кәрің қайтып күн көрер?
Жарастық жоқ, жалын жоқ,
Жарым қайтып күн көрер!
Барары жоқ, байлау жоқ,
Ерім қайтып күн көрер!
Бәріңнің де нәрің жоқ,
Елім қайтып күн көрер!?

Кәрі көңіл о бір зар. Күні еңкейіп, көлеңке басқан бейуақтай.

Самал желі мұздай, көк майсаны сыздай етті. Ызғар сезген бойым бар. Панасыз ел баладай... Аспанда қара бұлт ақ бұлтпен шарпысып, телегей ойнап дауылдап от келеді. Соны білмей бұл бала тас ошақтың басында от шашып ойнайды, от шашып ойнайды. Қамыққан қамқор қаны... Бек буынған бағлан батыр қаны.

Қайта сарындап, қобызды күңірентіп кетеді. Көбей кіріп, үндемей отырады, қасында үнсіз жолдастары – ол Кембай, Матақ. Абыз сарнап отыр.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер?
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтып күн көрер?!

(Ыңыранып бір ырғақты сөзсіз міңгірлеп айтып кеп аяғында.)

Елім қайтып күн көрер?! (деп тоқтайды) [4, 12 б.].

Осындағы Абыздың монологы шығарманың идеялық бағытын айқындайды. Кейіпкер халықпен тілдеседі, оның сөзі философиялық мазмұнға, қорытындыға құрылған. «Кәрі көңіл о бір зар» дей отырып, ол халықтың пікірін жеткізе алатын, елге ақыл-кеңес айта алатын, кемшіліктерін көрсетіп, дұрыс жол сілтей алатын қазақ халқының мәртебесі биік ақсақалы екенін білдіреді. Автор идеясын, Абыз кестелі ой-толғамдары мен өзекті өртейтін сөздерін, сөз өнерінің бір нақышы жұмбақтатып жеткізеді. Әлбетте,

даланың қарт Абызы барлығын да біледі, түсінеді, сөйте тұра күңіренеді. Қарама-қайшы жұмбақты пайдалануының сыры да сонда. Бұл меңзеу-толғау – көпшіліктің пікірін білдіре алатын кейіпкерлерге арналған. Абыздың бұл жұмбақ сөздерін түсінгенде ғана Еңлік пен Кебектің тағдыры шешілмек.

«Абыз монологының лейтмотиві, өзекжарды тілі – ел, халық, соның арманы, соның тілегі, соның күйі, соның мұңы. Абыз елім, халқым, жұртым демей аяқ баспайды. Ел деген көкейкесті қайырмасы домбыраның құлақ күйіндей боп жүрекке жылы тиіп, көкіректі шымыр еткізген әсер береді» [5, 549 б.].

«Еңлік-Кебек» пьесасын талдай келіп Н.Смирнова кейіпкерлер арасындағы басты іс-әрекет ескілікті қолдаушылар мен жаңа күштің қақтығысы деп түйіндейді» [6, 248 б.]. М.Әуезов өзінің шығармаларын ауыз әдебиетінің негізінде жасады. Осы әрекеті арқылы ол өз пьесасының көркемдік дәрежесін көтерді, сонымен қатар Қазақ елінде болып жатқан жағдайдың бет-бейнесін көрсете білді. С.Қасқабасов, «М.Әуезов реалист ретінде фольклордың бүкіл поэтикасын жарқырата көрсету үшін оның барлық мүмкіндігін жақсы пайдаланды» [7, 114 б.], – деп жазады. Мұнда, жаукершілік заманда жау қолына тойтарыс берер Есендей батырдың ауыл арасындағы сотқар тентек деңгейіне түскенін, ақыл-парасаты мен ел арасындағы татулыққа, келісімге қызмет жасауы тиіс билердің қиыс кесіміне нала болған ел кемеңгерінің зарын көреміз.

М.Әуезовтың пьесасында кестеленген сөз өнері мен іс-әрекет арасындағы жүйелі байланыс үзілмейді. Автордың шығармашылық идеясында сөзбен толықтырылып отыратын сахналық әрекет үнемі қоғалыста, кейде күл-талқан болады, кейде қарс айырылады, кейде қайта жөнге түсіп, қазақ елінің сол кездегі тарихи ерекшеліктеріне орай әлеуметтік-қоғамдық жағдайына сай қалыптасады.

Оқылатын шығарманың басты идеясына байланысты, оның бірқатар негіздерін атап өткен жөн. Сонымен, көркем мәтіннің түрлі ассоциацияға толы болуы мәтіннің өзіндік ерекшелігін түсінуге септігін тигізеді. Бұл тыңдаушыға да үлкен әсер етпек. Бұл жерде идеяның нақтылығы басты рөл атқарады. Өйткені идея – жазушының өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ой, сол өмір құбылысына деген көзқарасы. Анығырақ айтқанда, жазушы өзі бейнелеп, суреттеп отырған өмір құбылыстары арқылы оқырман назарын неге аударса, қайда бағыттаса, сол идея болып табылады.

Әрбір драматург сөйлеу бейнесін құруда түрлі жолмен жүреді. Ол кейіпкердің мінез-құлқын бейнелеу барысында оның әдістері мен сахналық жағдайдың жасалуын да қадағалап отырады. Спектакльде стильді қалыптастыру ең қиын болып табылады. Барлық актерлік, шешендік, қойылымдық және режиссерлік міндеттермен шешімін тауып отырады. Тілде кейіпкер мінез-құлқының типтік және маңызды жақтары, оның мәдениеті, ойының қалыптасуы, жан дүниесі айқындалады. Тіл – автор идеясының айтылуында маңызды құрал болып табылады. Онда шығарманың мазмұны

анықталып, айқындалады. Автордың тілі сондай-ақ бейнені қалыптастыруда түрлі мәліметтер үшін актерге қосымша материал да бола алады.

Шығарманың тілі – ұзақ еңбек етуді қажет етеді. Сондықтан ол, көп еңбектенген қызметтің нәтижесі болып табылады. Жазушының стильді және тілді меңгеру барысында туындаған мәселелер мәтінмен жұмыс барысында шешіледі. Құрылған сөзді, сөйлемді мәнерлі оқи отырып, олардың ойлау логикасын терең ойлана отырып, автордың стилін, тілдің негізін сезінуге үйретеді. Поэзиялық немесе прозалық шығармалардың үзінділерінде тура әрекеттің қалыптасуы үдерісінде автор ойын түсіну негізгі рөл атқарады.

Сондықтан, көркем мәтінмен жұмыс істеудің барлық кезеңінде, ондағы дауыс ырғағы туындайтын жолдарды байқап қарастыру, автор стилін талдау қажет. Өйткені, актер сол сезімдерді, яғни авторды толғандырған сезімдерді меншіктеп иеленеді.

Көркем мәтінмен жұмыс істеу барысында сөз астарындағы ойды аша білу үшін, актер мәтінді мұқият талдай білуі қажет. Мәтіннің тілдік құрылымы арқылы шығарманың міндетін, оның идеялық мақсатын айқындай білуді актердің басты міндетінің бірі деп ұғынған жөн. Автор стилін саралай отырып, актер шығарманың идеясын анықтауы тиіс.

Яғни, идея дегеніміз – жазушының өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, ал тақырып дегеніміз – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысының өзі болып табылады. Әрбір шығармадағы идея жазушының суреттеу үрдістері арқылы көркемдік өзінің шешімін табады.

Әдебиеттер:

1.Жұмаш А.Ы. Ауыз жолды з,с,ж,ш дауыссыздарына арналған бірнеше жаттығулар. «Качество педагогического образования: проблемы и перспективы развития» // Международная научно-практическая конференция. – Алматы: 2004. – Б. 90. 93.

2.Тұранқұлова Д. Көркемсөз оқу шеберлігі. – Алматы: Білім, 2001. – 157 б.

3.Чехов М.А. Путь актер. Литературное наследие в 2-х томах. – М.: Искусство, 1986. – Т. 2. – С.160.

4.Әуезов М. Очерктер және әңгімелер. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы» баспа үйі, 1981. – 455 б.

5.Нұрғалиев Р. Арқау. – Алматы: Жазушы, 1991. – 1 т. – 576 б.

6.Титова А.А. Проблемы сценической речи. – М.: Искусство, 1968. – С. 228.

7.Каскабасов С. Родники искусства. – Алматы: Өнер, 1986. – 128 б.

ДЕМ МЕН ДАУЫС

Наремгенова А.А.
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
«Сахна тілі» кафедрасының доценті
Чукиров Е.Е.
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
«Сахна тілі» кафедрасының оқытушысы

Аңдатпа: Мақалада болашақ актердің демін тәрбиелеп дамытудың сара жолдарын ұсынады, бұл еңбекке іс жүзінде өзінің оңды нәтижелерін берген жаттығулар енгізіліп.

Кілт сөздер: актер, сахна тілі, сөз өнері, тіл тазалығы, тіл мәдениеті.

Аннотация: В статье предлагаются пути развития дыхания будущего актера, в этот труд включены упражнения, которые фактически дали его положительные результаты.

Ключевые слова: актер, сценическаяречь, словесное искусство, чистота речи, культура речи.

Annotation: The article suggests ways to develop the breathing of the future actor, this work includes exercises that actually gave him positive results.

Key words: actor, stage speech, verbal art, purity of speech, culture of speech.

Қазіргі заманымыздың көрермендері актер өнеріне үлкен, жоғары талаптар қойып отыр. Олар театр сахнасында сөз әрекеті арқылы ішкі жан дүниесін, ойы мен талап - тілегін жеткізе алатын, яғни белгілі бір мақсат үшін іс - әрекет ете алатын, қазіргі заманымызға сай шынайы кейіпкерді талап етеді.

Актер көрерменнің шығарманы оқыған кезде оянбай қалған қиял - арманын оятып, ести алмаған кейіпкер үнін, дауыс ырғағын естіртіп, түсініксіз ойларды, сөз астарын ашып анықтап жеткізе білуі керек, яғни көрерменнің көрген спектакльден немесе актердің оқыған шығармасынан алған әсері - оның сол пьесаны немесе шығарманы оқыған кездегі алған әсерінен әлдеқайда жоғары болуы керек. Ал егер актердің даусы әлсіз, сөзі түсініксіз болатын болса, ол қаншалықты дарынды болғанымен айтайын деген ойын, ішкі жан дүниесін, талап - тілегін керермендерге толық жеткізе алмайды. Міне сондықтан да әрбір актер боламын деген оқушы – дауыс және сөйлеу аппараттарын ерінбей күнделікті жаттықтыра отырып, сахна тілі оқытушысының көмегімен демі мен даусын өзіне бағындырып дегенін істете білуі, яғни белгілі бір мақсат үшін қолдана білуі керек.

Дауыс және сөйлеу аппараттарын жаттықтырып тәрбиелеу үшін, дауыстың ұзақ жылдар бойы талмай қызмет етуін сактап қалу үшін тыныс жүйесінің жұмысына баса назар аудару қажет, өйткені тыныс - көмейдің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отырады.

Сонымен сахна тілі оқытушысының алдында тұрган ең басты мәселенің бірі - оқушының тынысты дұрыс және толық пайдалана білуін тәрбиелеу.

I. Мүсін түзулігі

Тыныcты жаттықтырып тәрбиелеу үшін оқушы ең алдымен мүсінін, яғни денесін дұрыс қалыпта ұстап үйренгені жөн. Дененің дұрыс қалыпта болмауы организм қызметінің бұзылуына себеп болады, ал адамдардың органдары, яғни қызмет атқаратын мүшелері және олардың қызметі бір - біріне өте тығыз байланысты болғандықтан, организм қызметінің бұзылуы - фонациялық тыныстың, яғни тіл дыбыстарының бұзылуына әкеп соғады. Міне сондықтан да тыныс жаттығулары кезінде әрбір оқушы мойын, иық, қол бұлшық еттерін босатып, кеудені, басты түзу ұстауы керек. Мұндай жағдайда тыныстау да өзгеше болады.

II. Мұрыннан тыныстау

Тыныстау кезінде оқушының демді ішке қарай тек мұрын арқылы ғана жұтқаны жөн. Себебі мұрын қуысының қабырғаларын қаптап жатқан шырышты кабығында оның үнемі жылы температурада болуын қамтамасыз етіп отыратын көптеген жіңішке қан тамырлары болады. Сондықтанда мұрын қуысы арқылы өткен ауа белгілі бір температурада жылып, шаң - тозаңдар мен микробтардан тазартылып, /шаң - тозаңдар мен микробтар шырышты қабықтың бездері арқылы бөлініп шыққан шырышқа жабысып, мұрын қуысының қатпарларында қалады/ жұтқыншақ пен көмей, одан кеңірдек пен кеңірдектің тарамдары арқылы өкпеге барады. Демек мұрын қуысы арқылы өткен мұндай ауа - таңдай перделері мен диафрагманың жұмысын жандандырып, олардың дұрыс қызмет етуін қамтамасыз етеді, яғни тыныс жүйесінің ғана емес, сонымен қатар дауыс жүйесінің де бірыңғайлануына мүмкіндік тудырады.

Адамдардың барлығы дерлік өмірде мұрын қуысы арқылы дем алатындықтан жаттығу кезінде де мұны оқушы әрине ешқандай қиындықсыз орындайды. Бірақ сахнаға шығып белгілі бір шығармадан үзінді оқи бастаған кезінде демді мұрын емес, ауыз қуысы арқылы жұтып, тыныс жүйесі бұзылып, дауыс аппаратының жұмысы төмендей бастайды. Неліктен? Себебі сөз әрекеті кезінде оқушы сөздердің немесе сөйлемдердің арасында жаттығу кезіндегідей еріндерін қымқырып барып мұрын арқылы дем алып жатпайды /бұл біріншіден жасанды дем алу болып көрінеді, екіншіден айтайын деген ойын жеткізуге кедергі жасайды/ ол өмірде сөйлеген кезінде қалыптасып калған әдеті бойынша ауыз қуысы арқылы ауаны ішке тартады да сөзді ары қарай жалғастыра береді. Сөйтіп мұрыннан дем алу жаттығуы іс жүзінде оқушыға ешқандай септігін тигізбейді.

Міне сондықтан да тыныстау кезінде ерінді қымқырмай, жақ бұлшық еттерін босатып, яғни дауыс және сөйлеу аппараттарын сөйлеген кездегідей еркін ұстаған күйде мұрыннан дем алып үйренген жөн. Сонда сөз әрекеті кезінде окушы дұрыс тыныстауға назар аудармай - ақ демді мұрын арқылы ала алатын болады.

III. Өкпені тазарту жаттығулары

Әрине, мұрын қуысы арқылы дем алу әлі дұрыс тыныстау деген сөз емес. Оқушы демді ішке қарай дұрыс тартып, толық шығара білуі керек. Егер бірнеше оқушыны ортаға шығарып, осы жаттығуды жасатып көрсе, олардың әрқайсысы дерлік әр түрлі орындайды. Кейбіреулері, көбінесе қыз балалар, көкірегімен дем алады, яғни демді өкпесінің жоғарғы жағына ғана алады, ал кейбіреулері, көбінесе ұл балалар, ішімен дем алады, яғни өкпесінің төменгі жағына ғана алады. Сөйтіп өкпенің кей жері тыныс жұмысына қатыспайды.

Ленинградтың онкологиялық ғылыми - зерттеу институты өкпе ауруларын зерттей отырып, өкпедегі ісік ауруының пайда болуының бірден бір себебі - демді дұрыс пайдаланбағандықтан деген қорытындыға келген. Дәрігер онкологтардың дәлелі бойынша ісік ауруы өкпенің ауа бармайтын жағында, яғни ауамен тазартылмайтын бөлігінде пайда болады екен. Міне сондықтан да комплексті тыныс жаттығуларын бастамас бұрын өкпені ауаға толық толтырып, өкпеден ауаны толық шығарып үйренген жөн. Бұл біріншіден өкпе ауруынан сақтандырса, екіншіден, өкпені ауамен толық тазарту жаттығуы ретінде тыныс бұлшық еттерін шынықтыру кезінде пайда болатын дем алу процесінің жиілігін, тереңдігін басу үшін қолдануға болады.

1 жаттығу. Бастапқы қалып: екі аяғымыз бір - бірінен сәл алшақтау орналасқан, денеміз тік әрі еркін, қарынның төменгі жағы ішке қарай аздап тартылған, екі қолымыз екі бүйірімізде /иық, мойын, жақ бұлшық еттері бос/.

Орындалуы: Алдымен өкпедегі ауаны толық үрлеп шығарамыз, содан соң біртіндеп өкпеге ауаны толтыра бастаймыз.

1. Диафрагманы төмен түсіріп, қарын бұлшық еттерін сыртқа қарай созыңқырап, мұрын қуысы арқылы өкпенің астыңғы жағын ауаға толтырамыз /көкірегіміз қозғалмайды/.

2. Кабырғаларымызды сыртқа қарай керіп өкпенің орта тұсын ауаға толтырамыз /бұл кезде көкірегіміздің астыңғы жағы кеңейеді/.

3. Көкірегімізді толық керіп өкпенің жоғарғы жағын ауаға толтырамыз /бұл кезде иығымыз сәл көтеріліп, ішіміз тартылады/.

4. Қарын бұлшық еттерін ішке қарай тартып, өкпенің төменгі жағындағы ауаны ауыз қуысы арқылы үрлеп шығарамыз.

5. Қабырға аралық көк еттерді тартыңқырап, өкпенің орта тұсындағы ауаны шығарамыз.

6. Көкірегінізді қысып, иығымызды төмен түсіріп, өкпенің үстіңгі жағындағы ауаны шығарамыз. Ең соңынан қарын және қабырға аралық бұлшық еттерді тағы да қысыңқырап, өкпеде қалған ауаны толық үрлеп шығарамыз. Қарын және қабырға аралық бұлшық еттердің дұрыс жұмыс істеуін тексеру үшін сол қолмен ішті *оң* қолмен *оң* жақтағы қабырғаларды ұстап байқауға болады.

Жаттығуды асықпай, бірінші кезеңнен /фазадан/ екіншіге, одан үшіншіге ауыса отырып жасау керек, яғни ауа өкпеге біртіндеп толық еніп, біртіндеп толық шығатындай болсын.

2 жаттығу. Бастапқы қалып: аяқтарымыз бір - біріне жақын орналасқан, кеудеміз тік, қолдарымыз төмен түсірулі.

Орындалуы:

1. Екі қолымыздың саусақтарын бір - біріне айқастырып, алақандарымызды сыртқа қарата отырып, қолдарымызды жоғары көтереміз.

2. Өкшемізді көтеріп қолдарымызды, денемізді жоғары қарай барынша керіп - созамыз.

3. Осы қалыпта артқа қарай шалқаямыз.

4. Төмен қарай шұғыл еңкейіп, денені, қолды төмен қарай тастай саламыз.

5. Бастапқы қалыпқа қайта келеміз.

Төрт санына орындалады. 1, 2, 3 - терең дем алу, 4 - шұғыл дем шығару /демді толық үрлеп шығару қажет/. 4 - 6 рет қайталау керек.

IV. Тыныс жаттығулары

Оқушы өкпені ауамен толық тазарту жаттығуларын түсініп меңгере бастағаннан кейін бірден комплексті тыныс жаттығуларына көшеміз. Айта кететін жағдай, тынысты тіл дыбыстарының айтылуы арқылы жаттықтырған жөн. Себебі біздің тынысымыз тіл дыбыстарын тудыратан көмей мен артикуляциялық аппараттың ыңғайына қарай қызмет етеді, яғни ауаның мөлшері, оның қандай қысыммен шығатыны әр дыбыстың айтылуына байланысты белгіленеді.

Мысалы дауысты «А» дыбысы мен ерінді жарып шығатын дауыссыз «П» дыбысын алатын болсақ, бұл екі дыбысқа жұмсалатын ауаның мөлшері, қысымы әр түрлі. Дем тек дауысты тиісті энергиямен қамтамасыз етіп қана коймай, сонымен катар әрбір тіл дыбыстарының да дұрыс шығуына, яғни сөздің анық болуына ат салысып отырады. Мысалы алдымен «А» дыбысын, сонан соң «Y»дыбысын айтатын болсақ, «Y» дыбысын айтқанда диафрагма тұсында қаттырақ қысым пайда болады. Өйткені «А» дыбысы сияқты қаттырақ шығуы үшін «Y»дыбысы көбірек энергияны қажет етеді. Міне сондықтан да тыныс пен тіл дыбыстарының арасында ешқандай үзілістің; болуы мүмкін емес, екеуін екі бөлек тәрбиелеуге болмайды.

Алғашқыда тыныс жаттығулары кезінде тіл дыбыстарын ойша, іштей айтуға да болады, яғни демді үрлеп шығарар кезде белгілі бір сандарды санап, немесе қысқа, жеңіл өлеңнің шумақтарын іштей айту қажет. Себебі ғалымдардың көптеген ізденістерінің арқасында іштей, ойша оқыған кезде барлық сөйлеу аппараттарының жұмысқа қосылатындығына көзіміз жетіп отыр. Ойша оқыған кезде дауыс аппараттарына қысым өте аз түседі, ал бұл - дауысты тәрбиелеуде, яғни дыбыстың еркін шығуын жаттықтыруда өте қажет бастама.

Ойша санағанда немесе оқығанда дыбысты дем бұлшық еттерінің көмегі арқылы белгілі бір күшпен жандандыра, бірақ өте жеңіл бастау керек.

1 жаттығу. Бастапқы қалып: аяқтарымыз бір - бірінен сәл алшақтау орналасқан, денеміз тік, екі қолымыз бүйірімізде /иық, мойын, жақ бұлшық еттері бос/.

Орындалуы:

1. Басымызды баяу төмен қарай енкейтеміз.

2. Басымызды баяу жоғары қарай көтереміз/мойын бұлшық еттері еркін қозғалу керек/.

Алты санына баяу орындалады. 1, 2 - басты төмен қарай еңкейте отырып дем алу, 3, 4, 5, 6 - басты жоғары қарай көтере отырып дем шығару. /Бақ - бақты төменнен жоғары қарай үрлеп алыстату жаттығуы/. 4 - 6 рет қайталау керек.

2 жаттығу. Бастапқы қалып: бірінші жаттығудағыдай. Орындалуы:

1. Басымызды төмен қарай еңкейтіп оңға бұрамыз.

2. Басымызды төмен қарай еңкейтіп солға бұрамыз /мойын бұлшық еттері еркін қозғалу керек/.

Алты санына баяу орындалады. 1, 2 - басымызды төмен қарай еңкейте отырып дем алу, 3, 4, 5, 6 - басымызды оңға қарай бұра отырып дем шығару. 1, 2 - басымызды төмен қарай еңкейте отырып дем алу, 3, 4, 5, 6 - басымызды солға қарай бұра отырып дем шығару. /Оң иықтағы және сол иықтағы бақ - бақты жоғары қарай үрлеп алыстату жаттығуы/. 4 - 6 рет қайталау керек.

3 жаттығу. Бастапқы қалып: бірінші жаттығудағыдай. Орындалуы:

1. Басымызды баяу алға қарай ұмсындырамыз.

2. Басымызды баяу кейін қарай тартамыз /кеудеміз қозғалмайды, мойын бұлшық еттері еркін қозғалу керек/. Алты санына баяу орындалады. 1, 2 - басымызды алға қарай ұмсындыра отырып дем алу, 3, 4, 5, 6 - басымызды кейін қарай тарта отырып дем шығару. /Бұл жаттығуды «Тасбақа» деп те атауға болады/. 4 - 6 рет қайталау керек.

Ескере кететін жағдай, барлық тыныс жаттығулары кезінде демді «Қ» әрпін ішке қарай өте жеңіл, дыбыссыз айту арқылы жұмсақ таңдай мен кішкене тілшікті жоғары қарай тартып, ауыз қуысын кеңейтіп, екі ерінді ауа белгілі бір күшпен жарып өтетіндей бір - біріне сәл қабыстырып барып үрлеп шығарған жөн. Сонда біріншіден өкпедегі ауа ауыз қуысына еркін бағытталатын болады, яғни тіл дыбыстарының да еркін шығуына бірден бір мүмкіндік туады, екіншіден, демнің жолында сәл кедергінің пайда болуы тыныс бұлшық еттерінің жұмысын жандандырып, тыныс бұлшық еттері шынығып қатая түседі.

Тыныс бұлшық еттерінің екі түрге бөлінетіні бәрімізге белгілі, Олар: жұқа бұлшық еттер - ауыз қуысының ең сыртқы жұқа қабатын, қан тамырларының қабырғаларын, ішкі органдардың /жұтқыншақ пен көмей, кеңірдек пен кеңірдек тарамдары, ішек т. б. / қабырғаларын қаптап жатады. Бұл бұлшық еттерге тікелей әсер ету мүмкін емес... Олар адамның дегеніне бағынбай өз бетінше жұмыс атқарады. Сондықтан да бұларды жанама жолмен, яғни әр түрлі қимыл - қозғалыстар арқылы тәрбиелеген жөн.

Ал екінші тыныс бұлшық еттері - қарын, қабырға аралық көк еттер. Бұларға тікелей әсер етіп, дұрыс қызмет етуін тәрбиелеуге болады.

Бұлшық еттердің ұзақ жылдар бойы жақсы, дұрыс жұмыс істеуінде қан айналымының атқарар ролі зор. Бұлшық ет босаған кезде оған қан арқылы оттегі және тиісті қорек жеткізіледі де, ал бұлшық ет ширыққан кезде одан қан арқылы керексіз зат та бөлініп шығады. Демек бұлшық еттер бір ширығып, бір босаған сайын қан айналымы да күшейе түседі. Ал егер бұлшық еттер ұзак уақыт козғалыссыз бірқалыпты жағдайда болатын болса, онда одан қан арқылы керексіз заттар бөлініп шықпай, бұлшық еттерде сүт қышқылы жиналып, адам өзінен – өзі шаршап, жүйкесі құри бастайды.

Міне сондықтан да тыныс жаттығуларын тек кана тұрып немесе отырып кана жасамай, оларды әр түрлі кимыл - қозғалыстарға құрған жөн. Бұл біріншіден нерві жүйесі мен бұлшық еттердің күш - қуатын, яғни тонусын жақсартады, екіншіден, окушының назары демді бакылаудан дене қозғалысына ауысып, тыныс бұлшық еттері еркін шынығып, тыныс жүйесі де дамып қалыптаса бастайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Галендеев В.Н. Групповые занятия сценической речью. /Научно - метод. разработка/. Л., 1983.

2. Моисеев Ч.Г. Методические указания по курсу Сценическая речь. М., 1984.

3. Теория и практика сценической речи. Сборник научных трудов. Л., 1985.

4. Абзелбаев М.Н. Радио және теледидар дикторының тіл техникасы. Алматы. 2012.

ҰЛТТЫҢ ТІЛІ – СОЛ ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ, ЖАН ДҮНИЕСІ

Наремгенова А.А.
Өнер магистрі.

Түйіндеме: Сөйлеу техникасы дыбыстау мүшелерінің қызметімен тығыз байланысты. Сөйлеу техникасына жақсы жаттықпаған студент шығарма мәтінін тыңдаушысына мәнерлеп жеткізе алмайды. Мәнерлеп сөйлеп оқи білу үшін тілдің дыбыс шығаратын мүшелерінің қызметін жақсы білу қажет. Сондықтан «Сахна тілі» пәні бойынша тәжірибелік сабақта техникалық жаттығуларды жасау арқылы дамытады.

Аннотаця: Техника речи тесно связана с деятельностью органов озвучивания. Студент, плохо обученный технике речи, не сможет выразительно передать текст произведения слушателю. Чтобы уметь читать выразительно, необходимо хорошо знать функции звукоизвлечающих органов языка.Поэтому на практическом занятии по предмету сценическая речь особенно важно разработать технические упражнения и с помощью них развиваться в правильном направлении.

Abstract: The technique of speech is closely related to the activity of the organs of voicing. A student who is poorly trained in the technique of speech will not be able to

expressively convey the text of the work to the listener. To be able to read expressively, it is necessary to know well the functions of the sound-producing organs of the language. Therefore, in a practical lesson on the subject of scenic speech, it is especially important to develop technical exercises and use them to develop in the

Кілт сөзі: Тіл, сөз, сахна тілі, актер шеберлігі, ұлт,білім, орфоэпия, актер, қарасөз, тыныс.

Ключевые слова: Речь, слово, сценическая речь, актерское мастерство, национальность, знание, орфоэпия, актер, проза, дыхание.

Keywords: Speech, word, scenic speech, acting, nationality, knowledge, orthoepy, actor, prose, breathing.

Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?! -деп жазған жазушы М.О.Әуезовтың мына сөзімен бастағым келіп отыр: Әр адамның «Тіл тазалығы - жан тазалығы» дегендей тіл туралы, тілдің қадірі туралы ел ауызында даналық сөздер көп айтылары анық. Ана тілі – анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған, жүректің терең сырларын, халықтың басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына. Тілді қастерлеу әрбір қазақстандықтың міндеті деп білемін. Тіл – қылдан нәзік, қылыштан – өткір емеспе?. Қазақстан елінің кең байтақ жері бар екені бәрімізге мәлім.

Атап айтсақ: Оңтүстік, шығыс, батыс, солтүстік деп бөлінеді, деседе осы өңірлерден арман қуып актер боламын деп, бойындағы бар өнерін арқалап Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына оқуға тапсыруға талапкерлер келеді. Жас талапкерлерге алдын – ала емтихан талаптары бекітіледі. Бекітілген талаптар бойынша оқуға тапсырушы талапкерлер (қарасөз, поэзия, мысал, монолог) оқиды. Сол кезде қандай мәселелерге тап боламыз. Жергілікті тілдегі диалект және әріптерді дұрыс айтпауы, түсініксіз сөйлеуі, бір сөзбен айтқанда тіл кемшіліктердің түр – түріне кездесеміз.

Талапкерлерді қабылдау емтиханы біткен соң, оқуға қабылданған білім алушылармен 1 курстан бастап «Сахна тілі негіздері I,II»; «Сахна тілі техникасы I,II», « Сахна тілі» пәндері «Актер шеберлігі негіздері I,II» пәнімен егіз, қатар жүріп отырады.Болашақ сахна өнерінің маманы таза, анық сөйлеуге міндетті. Алғашқы сабақтан бастап, білім алушыларға дене мүсінінің түзеулігімен жұмыс жасалынады. Әр студенттің дене бітімінің сымбаттылығы, арқасын түзеу тік ұстау керектігі туралы айтылып, жаттығулар көрсетіліп, бағытталады. Оқытушы бағыттаушы болса, білім алушы дамытушы. Көрсетілген жаттығуларды күнделікті өздігінен жасау арқылы, бойындағы кемшіліктерді жою керектігін санасымен түсініп жасауы қажет. Әр білім алушының өз – өзімен талмай еңбек жасауының арқасында биік белестерді бағындырары анық. Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Театр өнері» факультеті, «Сахна тілі» кафедрасында

профессор – оқытушылар құрамы әр қазақ театрының сахнасында өнер көрсетер болашақ жас мамандармен техникалық жаттығуларды теория және практика түрінде түсіндіріп, көрсетіп бағыттайтыны бәрімізге мәлім.

Ал, мен өз тәжірибем бойынша айтсам, алғаш сабағымның бастамасы дене мүсінділігі және адам бойындағы (анатомия) әр сүйектің міндеттері туралы түсіндірмелер айтылады. Әрине желкедегі жеті омыртқа бас бөлшегінің барлық функциясына жауап берсе, ал сегізкөзден бастау алатын омыртқа сүйегі бүйректен бастап, табанға дейін бес омыртқа жауап береді. Ал ортаңғы омыртқалар ішкі құрлысқа жауап береді. Көрдіңіз бе, егер дене мүсінділігі оқтаудай түзеу болмаса, ол дауысқа, тілге әсері бар екен. Сондықтан білім алушы (асанка) денесін түзеу ұстауға міндетті. Сондықтан академия қабырғасына келген күнен бастап бекітілген оқу бағдарламасы бойынша кәсіби деңгейге жеткізуі керек.

Ол үшін:

-Дене мүсінділігіне арналған жаттығулар;

-Бұлшықет қысылымынан арылу жаттығулары;

-Білім алушының өздеріне ғана тән сөйлеу ерекшеліктерін анықтау. (аймақтық диалектілер, тілдегі кемшіліктер);

-Сөйлеу аппаратының құрлысы және жұмысының негізгі принципттері. Дикция тіл тазалығы;

-Қазақ тілі заңдылықтары. Орфоэпия;

-Физиологиялық дем, фонациалық дем. Аралас диафрагмалық немесе толық дем;

-Тыныс алу жолдарындағы бұлшықеттер,көмекей, жұтқыншақ және ауыз қуысының өзара байланысы;

-Тыныс белгілерінің міндеті;

-Мұрынмен тыныстауды қалыптастыру үшін жасалатын жаттығуларды меңгеруі

-Сахна тілі тренингтерінің негізін меңгеру;

-Тіл, жаққа арналған жаттығуларды меңгеруі;

-Дауысты, дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы тілдік аппарат;

-Дауыс және сөйлеу аппараттарының анатомиясы мен физиологиясы, өзара байланысы;

-Дем мен дауыстың өзара байланысы;

-Оқылатын мәтіндердің оқу техникасы грамматика,орфоэпия,орфография стилистикасы;

- Сөз тізбектерін меңгеруі;

-Мақал – мәтелдердің оқылуын меңгеруі;

-Тіл ұстарту мақсатындағы жаңылтпаштар;

-Жұмбақтар;

-Санамақ тар;

-Балалар өлеңі;

-Ертегілер;

-Шағын мәтін оқығанда үндестік заңдылықтың сақталуы;

-Мысал арқылы адам бойындағы мінді, әлеуметтік ортадағы кемшілікті күлкіге, мазаққа, сықаққа айналдырып айту;\

-Кідірістермен жұмыс істеу;

-Мәтінді қисынды талдау;

-Эпос, батырлар жырларымен жұмыс;

-Әңгімедегі төл сөзбен жұмыс істеу;

-Сахна тіліндегі қарасөзбен жазылған шығармалар тілінің ерекшеліктері.

Міне, 1курста білім алушының меңгеретін тапсырмалары, алғашқы бастамада техникалық жаттығуларды сауатты жасау арқылы меңгерсе, ертеңгі театр сахнасы немесе кино алаңы болсын сөздің майын ішіп, жілігін шағары анық. Актер боламын деген білім алушы тілдің қыр – сырын мүлтіксіз білуге тиіс. Өнер маманы сахнаға аяқ басқанан бастап басты құралы – сөз. Онсыз сахна өнері жоқ.

К.С.Станиславский актерлерден өмір бойы дене мүшесін баптап ұстауды талап еткен. Себебі түсініксіз миңгірлеп, сөйлеген кезде ауызынан әріптері түсіп қалып, аяғы айтылмай қалған сөз бен сөйлемді ол, кембағал адамға теңеген (М.Байсеркеұлы «Сахна және актер»),(249 бет).

Тағы бір К.С.Станиславскийдің мына сөзіне мән берсек, « Тіл ұстарту үшін әріптерді бас – басына жеке – дара зерттеуден бастау» керек екенін айтады. (М.Байсеркеұлы «Сахна және актер»),(251 бет). Өте дұрыс айтылған деп есептеймін. Өздеріңізге мәлім академия қабырғасында оқып жүрген білім алушы, болашақ театр сахнасында және кино алаңныңда сүрінбейді және тыныс белгілерін дұрыс қолдану – актерлерді асығып – үсігіп, қалай болса солай сөйлеуден сақтандырады.Сондықтан өз ана тіліміздің қадір – қасиетін асқақтату үшін, білім алушы 1 курстан бастап сауатты меңгеруі керек. Жаттығуларды қалай болса, солай жасай салуға болмайтының басынан түсінгені абзал. Болашақ театр сахнасында , кино алаңыныңда тіл заңдылықтарына қалай болса, солай қарамай, өмір бойы зерттеп, зерделеп жүруі тиіс. Сөз сұлуы, үн әуезділігі, тіл тазалығы актер творчествосында басты рөл атқарады.

Әдебиеттер:

1.Д.Т.Тұранқұлова «Сахна тілі» Т1: оқу құралы Алматы:Білім,/2016ж.-214б.

2.Д.Т.Тұранқұлова «Сахна тілі» Т.2: оқу құралы Алматы: Білім, /2016ж.-234б.

3.Д.Т.Тұранқұлова «Сырлы сөз – сахна сәні».Т3: оқу құралы Алматы: Білім,/2016ж. 192б.

4.Д.Т.Тұранқұлова «Сахна тілі» Т.4: оқулық Алматы: Білім, /2016ж.-216б.+8б.

5. М.Байсеркеқлы «Сахна және актер» оқудық, Алматы, «Ана тілі» баспасы,1993ж.

САХНАЛЫҚ ӘРЕКЕТТІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Сейтметова А. М.
Аға оқытушы
Түркістан қаласы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Жұмабек Е.Ә.
«Орындаушылық өнер» кафедрасы, Актерлік өнер білім беру бағдарламасының 2 курс студенті,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түйіндеме. Бұл мақалада сахналық әрекеттің ең басты белгілері мен мақсатын айқындап, студенттердің сахналық іс-әрекетін құруға, дамытуға тәрбиелейтін әр түрлі жаттығулар қарастырылған. Болашақ маманның ішкі және сыртқы техникаларын шыңдап "тапсырыс" арқылы әрекет етуге үйретеді.

Түйін сөз: актер, әрекет, қимыл-қозғалыс, сахна, дағды, мимика, роль.

Резюме. В данной статье рассмотрены различные упражнения, которые определяют основные черты и цель сценической деятельности, воспитывают у учащихся формирование, развитие сценической деятельности. Обучает действовать "по порядку", оттачивая внутренние и внешние приемы будущего специалиста.

Ключевые слова: актер,действие, движение, сцена, навык, роль.

Summary. This article discusses various exercises that identify the most important features and goals of stage activity, educate students in the formation and development of stage activity. The future specialist is taught to act by "order", honing internal and external techniques.

Keyword: actor, action, movement, scene, skill, role.

Өмірде әрекет дегеніміз түрлі адами қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процесс. Адам алдына бір мақсат қойып, содан бір нәтиже шығаруға тырысады. Әрекеттің мақсаты – оның жүйесінің немесе нәтижесінің болуы. Адамды әрекет етуге итермелейтін оның әр түрлі қажеттіліктері. Әрекет арқылы адам табиғатқа, заттар мен құбылыстарға, басқа адамдарға әсер етеді. Әл-Фараби "Әрекетіміз дұрыс болу үшін, біздің соған баратын жолымыз қандай болу керек екенін ...анықтап алуға тиіспіз"-дейді [1].

Әрекет - күрделі процесс. Әрекеттің ең басты белгілері саналылығы, мақсаттылығы, жоспарлылығы, жүйелілігі, ал алда тұрған міндетті шешу, яғни ойлаған істен бір нәтиже шығару оның екінші бір басты белгісі. Ал осы әрекет – «...театрдың «тілі мен жағы», актер өнерінің ең басты құралы»[2]. Әрекет арқылы актер алдына қойған мақсатты орындайды. Әрекет арқылы талдау барысында үстел басындағы жұмыс пен әрекетке көшу негізінде үстел басында тапқандарын жүзеге асырады. Бұл алынған шығарманың өзекті мәселелерін іздеп, тартыстың басы неден басталып, шарықтау шегі мен түйіні қалай шешілетіндігін анықтайды. Бұл жерде актер өз кейіпкерін ашу үшін

психофизикалық ұмтылысқа жүгінеді. Ұсынылған шартты жағдайға бейімделіп, өзіне сұрақ қою арқылы әрекет кілтін табуға тырысады. Мақсатқа жету жолында қақтығыс тудыратын кедергілерді айқындап, фактілерге жүгініп, сахналық әрекеттер мен кейіпкерлердің сезіміне түрткі болатын басты қозғаушы күшті анықтайды. Сахналық әрекеттің ең биік сатысы – үнсіздік. Ішкі толғаныс, ішкі монолог, тосын жағдайлар актер бойындағы барлық шынайы іс-әрекеттерді тудырады. Сөз таба алмай қалған адамның іс-қимылы мен жүзінен қаншама ойларды оқуға болатынын бәріміз өте жақсы білеміз.

Сахналық іс-әрекет - актерлік өнердегі негізгі тәсілдердің бірі. Спектакльдегі кез келген образ «...негізінен, актердің қимыл-қозғалысы мен әрекеті арқылы жасалады. Актер мәнерлі Сахналық әрекеттің көмегімен көрермендерге өзі орындайтын кейіпкерінің мақсат-мұраты мен ішкі жан дүниесін ашып жеткізеді»[3]. *Сахнада жасалынған әрбір іс-қимыл, әрекет актердің оған деген көзқарасы, ішкі сезім дүниесінің толқын-тербелісі.* Сол себепті де болашақ актерлерді тәрбиелеуде олардың қандай да бір әрекеттеріне кәсіби бағыт беріп, бұл мамандыққа ерекше көзқарасының қалыптасуына жағдай жасау өте маңызды.

Әл-Фараби: «оқыту дегеніміз - үйрету, дағдыландыру, әрекеттендіру»,- дейді. Оқыту - оқытушы мен студенттердің белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған, реттелген, бірлескен іс-әрекеті, студенттердің танымдық іс-әрекетін арнайы ұйымдастыру. Ол студентті дамытады. Ол мынадай бөліктерден тұрады: мақсат, міндет, мазмұн, нәтижелері, оны бағалау. Қандай маман иесін нәтижелі оқытуға қол жеткізу жолында мынадай сұрақтар туындайтыны заңды деп ойлаймыз. "Нені оқыту керек?", "Қалай оқыту керек?. "Оқыту қалай жүргізіледі, оның заңдылықтары қандай?" Актер шеберлігі пәнінің оқу бағдарламасында сахналық әрекетке және оны дамытуға тәрбиелейтін әр түрлі жаттығулар қарастырылған. Жаттығулардың негізгі мақсаты теориялық даярлық нәтижесінде алынған кәсіби білімді, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру және практикада бекіту болып табылады. Бұл міндеттерді атқару үшін оқытушы озық тәжірибені зерттеу, кәсіби және ұйымдастыру дағдыларын игеру мақсаттарын жүзеге асырады.

Сахналық және өмірлік іс-әрекеттің табиғаты бірдей, өмірдің бір заңымен ағады, ұқсас, бірақ түрлі құбылыстардан тұрады. Өмірлік іс-қимылдағы шындықтың қамтылуы адамның бұл шындықты игеруімен, оны саналы және мақсатқа сай өзгертуімен танылады. Мұнда өмірлік іс-әрекеттің сипаты адамның жеке мінез-құлқымен, жеке ерекшеліктерімен анықталады, олар әлеуметтік-қоғамдық процесте оның өмірінде қалыптасады.

Қимыл-әрекеттер белгілі бір мақсатқа жету үшін жасалынады. Кейіпкердің әрекет етуіне түрткі болатын себеп-салдарлар актер өнерінің әсем де көркем көрінісін тудырып, оның алдына нақты міндет қояды. "Актердің шынайы әрекет етуі оның кім?, қай жерде?, кіммен?, неліктен?, не

себептен? және қалай?" деген сұрақтарға жауап беру жағдайында іске аспақ"[4]. Әрекеттер бірнеше майда әрекеттердің жиынтығынан тұрады. Сахнада дайындық кезінде ең майда әрекеттердің өзі алғашында саналы түрде орындалады. Сол ең майда әрекеттер сахналық мақсат – міндетті шешу барысында зор роль атқарады. Сондықтан актер қимыл-әрекет жасаудан бұрын оның жасалу себебін егжей – тегжейлі ұғып алуы керек.

Сахналық әрекет дегеніміз - актердің бүкіл ақыл-ойы мен кайрат-жігерін, сезім-түйсігі мен оның сыртқы ішкі болмыс-бітімін түгел жұмсауды қажет ететін психофизикалық процесті білдіреді. Актердің сахнада әріптесімен қарым-қатынас жасау қабілеті, қиял-зейіні, ырғақ пен сезім шындығын сезінуі, эмоциялық есте сақтауы мен сөз әрекеті, икемділі, ептілігі, т.б. жатады. Сахнада әрекет ету арқылы шынайы сезімді туғызатын аталмыш элементтерді үнемі жетілдіріп отыру - актердің өз бетімен жұмыс істеу мазмұнын құрайды.

К.С.Станиславский анықтамасы бойынша актер шығармашылығы "егер де..." элементі арқылы туып, шынайы өмір шындығынан қиялдан туған шарты өмір шындығына ауысып отырған. Сахнада туындайтын актер өнерінің ең басты қиындығы қиялдан туған өмір жағдайында әрекет ете жүріп, шынайы өмірде болатын органикалық процесс тіршілігін сақтай білуінде. "Актер шеберлігінің ең маңызды элементтерінің бірі түпкі мақсат пен үзілмес әрекет желісі. Түпкі мақсат анықталып, соған жететін жолда үзілмей жасалған әрекет жағдайлары дұрыс бағаланса ғана актердің нәтижеге қол жеткізе алатыны сөзсіз"[5,51б].

Актер өмір қисынына келетін ойдан шығарылған шындықты роліндегі кейіпкерге айналу барысында жүзеге асырады. Бұл үшін актер:

1.Рөлін өз қоғамымен, өзінің әлеуметтік ортасымен байланыста алып анықтау;

2.Рөлінің мінез-құлқын, қоғамдық, әлеуметтік ортадағы орнын дәл анықтау (кейіпкер қай жерде қалай көрінеді, детальдарды, драмалық тартыстарды пайдалану);

3.Рөлінің болмысын, оның іс-әрекеті, қимылы, диалог, монологы, мінездемесі т.б, арқылы анықтайды.

Ол рөл алған соң рөлмен алғашқы жұмыс жасау сәтінде өз кейіпкерінің әрекеттерін іздейді. Бұл үшін дайындықтың алғашқы сәтінен ол рөлінің көкейкесті мақсатын анықтап алуы қажет. Сахна төрінде өтетін кез-келген әрекет драматургтың немесе қоюшы режиссердің ойы мен қиялынан туындаған шарты дүние. Сондықтан актер оған шындық деп сеніп, өз "егер де..." - элементімен дамытып әрекет етеді.

Актер өзінің әрбір сахналық қимылын, іс-әрекетін, айтқан сөзін:"маған бұл қимылды жасау қажет", "маған бұл сөзді айту қажет", "мен бұл іс-әрекетті жасауым қажет" деп, яғни спектакльдің аяғына дейін, дәл сол әрекеттің, іс-қимылдың, сөздің айтылуы қажеттілігін түсініп, сезінуі, дәл сол сөздің, іс-қимылдың өзіне қажеттілігін және де сол сөзді айтуға, іс-қимылды

жасауға міндеттілігін түсіне білуі керек. Бұл актерге болашақта тірі адами материал жинап, образ жасау үшін қажет. Сахнада жасалынатын әрекеттердің қисынды болып сатылап өрістеуі актер техникасының шеберлігіне байланысты. Сахналық әрекетке роль ойнаушы актердің жүріс-тұрысы, көзқарасы, мимикасы, дене қимылы, дауыс интонациясы, қысқасы сыртқы-ішкі жан дүниесінің бәрі кіреді. Осы істер жалпы істеле салынбайды, кейіпкердің белгілі бір көңіл-күйіне байланысты жасалынады. Сол көңіл-күйдің әсерінен актер әрекет етеді, яғни сыртқы физикалық әрекет ішкі психикалық әрекетпен тығыз байланысқа түседі. Шығармашылық үрдіс негізі актер шеберлігінің ішкі және сыртқы әрекетінің үйлесімділігімен тікелей байланысты. "Сырттағы әрекет іштей қабысып, логикалық тұрғыдан дұрыс өрістеп өмірдегідей болуы керек" деп түсіндіреді К.С.Станиславский. Тағы да "Әрекет - адам өміріне мол көрініс беретін саналы психофизикалық процестер. Әрекет - актерге рольдің ұрымтал тұсын тап басып, тануына мүмкіндік береді",-дейді К.С.Станиславский". Актер рольмен күнделікті жұмыс жасау барысында өзінің ішкі және сыртқы техникаларын шыңдап "тапсырыс" арқылы әрекет етуге жаттықтырады. Сахнада роль ойнау сәтінде актер сахнада болып жатқан жайттың барлығына шын ден қоя қарап, оны нағыз шындық деп сезінуі қажет. Сонда ғана ол сахнадағы ойынына көрермендерді сендіре алады. «Актер сахнада неге сенсе, сол шындыққа айналады» - [6, 34 б], - деген К.С.Станиславский.

Сахналық сенімді арттырудың бұл құралын пайдалануға ұмтылған сайын актер ішкі тәсіл саласында үлкен шеберлікке қол жеткізеді. Актердің бірден – бір қаруы сахналық ақталу болып табылады. Ақталудың көмегімен кездейсоқтық сахналық өмірдің қисынына айналады. Сонымен, өзінің бүкіл сахналық іс-әрекетін ақтау сәтінде және ролін өте шығармашылық байсалдылықпен орындауында, актер өзінің іс-әрекетінің, қимылының дұрыстығына көз жеткізу үшін ол өзінің сахналық өміріндегі бейнесін, соған қатысты шығармалардың барлығын мұқият ақтау әдетін қалыптастыруы керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Іс-әрекет туралы жалпы ұғым және оның түрлері http://euko.kz/publ/referaty_na_kazakhskom_jazyke/psikhologija/is_reket_turaly_zhalpy_ym_zh_ne_ony_t_rleri/25-1-0-569
2. М.Байсеркеұлы «Сахна және актер» Алматы «Жазушы» 1993 ж.169-бет
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005
4. Құлбаев А. Сыр мен сымбат. Алматы."Мектеп-Болашақ",2005 118-бет
5. Нұрпейіс Б.К. Қазақ кәсіби режиссурасының көшбасшысы. Cultural Identification The Problem of Art Studies Совместная коллективная монография ISBN 978-615-525-41-2, 2016 ж.51- бет
6. Станиславский К.С. Работа актера над собой. – М.: Искусство, 1985. – Ч.1: Работа над собой в творческом процессе переживания. Дневник ученика.– 34 с

АКТЕРЛІК ШЕБІРЛІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПӘНДЕРДІҢ СИНТЕЗІ РЕТІНДЕ

Умирбекова Ж.Б.
1 курс магистранты

Султанова Ж. С.
PhD доктор, аға оқутышы
Темірбек Жургенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа: Актерлік шеберлік өнер салалары бойынша жоғары оқу орындарында оқытылатын пән ретінде әдебиет, пластика, хореография және режиссура сияқты түрлі өнер түрлеріне қатысты білім береді. Бұл мақалада болашақ актерлердің жан-жақты шығармашылық дағдыларын қалыптастырудағы осы пәннің рөлі қарастырылады. Актерлік шеберлік өнердің әралуан салаларына қатысты жалпылама білім береді және актерлерді сол салаларға қатысты толыққанды сарапшы етіп жетілдірмейді. Алайда актерлерді өнер түрлерімен таныстырып, оларға өз беттерінше зерттеуге шабыттандырады. Шығармашылық пәндердің синтезі арқылы қалыптасқан бұл пән актерлердің толыққанды және жан-жақты маман ретінде өзін-өзі дамыта алуына жағдай жасап, соған қажет іргелі білім мен қабілеттерді қалыптастырады. Осы тұжырым бұл мақала аясында толыққанды қарастырылады.

Кілт сөздер: актерлік шеберлік, пән, студент, білім алу, актер.

Аннотация: Актерское мастерство, как обучение в творческих вузах, представляет собой уникальное объединение разнообразных искусств, таких как литература, пластика, хореография и режиссура. В данной статье рассматривается роль этого предмета в формировании разносторонних творческих навыков у будущих актеров. Отмечается, что, несмотря на то, что актерское мастерство предоставляет общие знания в этих областях искусства, оно лишь касается их поверхностно, не делая актеров экспертами в каждой из них. Однако, в этой статье рассматрявается то, что эта поверхностная освещенность имеет свою цель – вдохновить актеров самостоятельно погружаться в изучение дополнительных видов искусства. Такой синтез творческих дисциплин стимулирует актеров к саморазвитию, формируя у них фундаментальные знания и способности, необходимые для того, чтобы стать полноценными и разносторонними творцами.

Ключевые клова: актерское мастерство, предмет, студент, обучение, актер.

Abstract: Acting Mastery as a Synthesis of Creative Disciplines explores the unique amalgamation of various arts such as literature, plastic arts, choreography, and directing within the curriculum of acting programs in creative institutions. This article delves into the role of this subject in cultivating well-rounded creative skills in aspiring actors. It acknowledges that, while acting mastery provides a broad understanding of these artistic domains, it only scratches the surface, leaving actors as generalists rather than specialists in each discipline. Nevertheless, the article argues that this superficial

exploration serves a purpose—inspiring actors to independently delve deeper into the study of additional art forms. This synthesis of creative disciplines encourages actors to pursue self-development, establishing foundational knowledge and abilities necessary to become fully-fledged and versatile creators.

Keywords: acting, subject, student, education, actor.

Осы бір мақаланың алты сөзден тұратын тақырыбына зейін салатын болсақ, біз оның «актерлік шеберлік», «шығармашылық пән», «пәндер синтезі» деген үш түрлі терминнен құралғандығын анық байқаймыз. Және осы тақырыпты мақала аясында жан-жақты ашу үшін бізге аталмыш терминдерге анықтама беріп өткен жөн болады. Тек сонда ғана біз мақала аясында қарастырғымыз келген мәселенің өзектілігін де, нысаны мен пәнін де, мақсаты мен міндеттерін де түсіне аламыз.

Ең әуелі «актерлік шеберлік» ұғымына назар аударайық. Оған «актерлік өнер» терминін синоним ретінде жиі қолданылады. Бұл ұғымды біз екітүрлі мағына тұрғысынан қарастыра аламыз. Бірінші мағынасы оған өнер саласы, кәсіп, мамандық ретінде қарауға мүмкіндік береді. Ол жағдайда бұл ұғым театр және кино өнерлерімен тығыз байланыста болады. «Академик» атты орыс тілді онлайн сөздікте бұл ұғымға келесідей анықтама берілген: «Сахналық бейнелерді (рөлдерді) қалыптастырудан тұратын орындаушылық өнер саласындағы кәсіби шығармашылық қызмет, орындаушылық шығармашылықтың түрі» [1]. Яғни актерлік шеберлік – бұл талантты актердің өз кейіпкерін театр сахнасында немесе кинофильмде толыққанды шынайы етіп, көрерменді өз ойынына сендіріп, жоғарғы деңгейге бейнелей алуы. Бұл өнер актер кәсібін таңдаған адамнан өз кейіпкерін жан-жақты зерттеуді, оның психологиясын, конфликттерін, мотивациясын, эмоциясын түсіне отырып, өзінікі қылып көрсете алуды талап етеді. Сонымен қатар, бұл саланы жетік меңгерген маман сахнадағы декорациямен, бутофориямен, өзге де актерлермен өз образына сәйкес әрекеттесіп, жүріс-тұрысын да, сөйлеу мәнерін де, ым-ишарасын да ыңғайластыра алуға міндетті.

Ал «актерлік шеберлік» ұғымының екінші мағынасына оған педагогика саласының тұрғысынан қарауды қажет етеді. Яғни «актерлік шеберлік» дегеніміз өнер саласы бойынша білім беретін арнайы оқу орындарының пәні болып табылады. «Арнайы оқу орны» дегенде біз кәсіби жоғарғы білім беретін академиялар мен университеттерді, арнайы курс оқытатын жеке-меншік мектептерді, жалпы білім беретін мектептердегі үйірмелерді, кәсіби театрлердегі уақытылы өткізілетін дәрістерді қарастыра аламыз. Дегенмен де, біздің тақырып үшін кәсіби білім беретін жоғарғы оқу орындарындағы «актерлік шеберлік» пәні маңыздырақ. Өнер саласы бойынша білім беретін жоғарғы оқу орындарында «актерлік шеберлік» пәні шәкірттерге кәсіби актер болуды үйретіп қана қоймай, сонымен қатар шығармашылық тұлға ретінде қалыптасып дамуға мүмкіндік беретін сабақ болып табылады.

«Актерлік шеберлік» ұғымының екінші мағынасына көңіл бөле отырып, біз «шығармашылық пән» деген түсініктің де қандай мәнге ие екенін айқындай аламыз. Шығармашылық пән дегеніміз – білім алушының шығармашылық қабілеттері мен креативтілігін жетілдіруге бағытталған арнайы сабақ және ол өнер атаулының барлық түрлерін қарастыра алады. Ал «актерлік шеберлік» өнердің бір саласы болғандықтан «шығармашылық пән» ұғымының құрамдас бөлігі ретінде қабылданады. Бір сөзбен айтқанда, «актерлік шеберлік» дегеніміз «шығармашылық пән» болып табылады.

Ал енді біздің назарымызды «пәндер синтезі» деген үшінші термин талап етуде. Оны түсіну үшін ең алдымен «синтез» сөзінің мағынасын ашып алайық. «Синтез – қарапайым ұғымдарды бір күрделі жаңа ұғымға біріктіру арқылы пайымдау тәсілі» [2]. Яғни екібөлек құбылысты біріктіріп, жаңа нәрсе қалыптастыру «синтез» болып табылады. Ендеше осы мағынаға сәйкес «пәндер синтезін» біз әралуан бағытта білім беретін пәндердің бірігуі арқылы жаңа бір пәннің қалыптасуы деп түсіне аламыз. Демек, нәтижесінде нақты бір пәннің ішінде бірнеше пәндер топтастырылып, біріктіріліп, шәкіртке жан-жақты білім беруге мүмкіндік береді.

Осы жерде біз «жан-жақты», «санқырлы», «универсал», «қолынан келмейтіні жоқ», «сегіз қырлы, бір сырлы» сынды ұғымдарға зейін қойып өтсек. Бұл сөздерді біз әралуан бағыттар мен салалар бойынша білім деңгейі және кәсіби біліктілігі жоғары адамдарды сипаттау үшін қолданамыз. Мысалы, кәсіби актер бір мезетте биші, әнші, суретші, жазушы, режиссер, продюсер, менеджер, асаба, жүргізуші, киноактер, оператор, музыкант бола алады. Өйткені ол өз мамандығын меңгеру барысында өнердің өзге де салаларын зерттейді, соған сәйкес теориялық білімі де, кейіннен тәжірибелік тұрғыдағы дағдысы да арта түседі. Яғни жан-жақты, санқырлы, универсал маман ретінде өзін-өзі дамыта алады. Әрине, актердің сантүрлі салалар бойынша өзін-өзі жетілдіруі оның өзіне тікелей байланысты. Дегенмен де, «актерлік шеберлік» мамандығы мен пәнінің әралуан өнер салалары бойынша білім мен біліктілік деңгейін арттыруға мүмкіндік бере алатынын жоққа шығаруға болмайды. Сол себепті де біз оны «шығармашылық пәндердің синтезі» ретінде қабылдай аламыз.

Бірақ соған қарамастан «актерлік шеберлікті» тек бір ғана сала мен бағыт бойынша білім беретін, өнердің өзге түрлеріне қатысты мағлұмат ұсынбайтын, біліктілік арттыруға жағдай жасамайтын пән ретінде қарастырып көрейік. Ондай жағдайда да аталмыш пән өзінің мақсатын толыққанды жүзеге асырып, актер деген маманды қалыптастыра алады. Алайда ондай маман өнердің өзге салалары бойынша білімі жоғары өзге актердің қасында ұтылып қалады. Иә, актер өз мамандығына сәйкес сөздерді жаттай алуды, әралуан эмоцияларды ым-ишара мен жүріс-тұрыс арқылы көрсете білуді, шынайы түрде жылауды жақсы меңгерген болу мүмкін. Бірақ оның қасында осы қабілеттермен қатар би билей алатын, ән шырқай алатын,

музыкалық аспапта ойнай алатын, сурет сала алатын, өзге де дарындарға ие актер шығармашылық даму бойынша көбірек мүмкіндіктер мен ұсыныстарға ие болады. Жоғарғы оқуды бітіргеннен кейін жан-жақты қабілеттерге ие актер кино туындыса кастинг жүргізетін мамандар үшін де, кәсіби театрлардың директорлары үшін де, жалпы жұмыс беретін тараптар үшін әлдеқайда қызықты десек қате айтпаймыз. Сол себепті де өнер салалары бойынша білім беретін жоғарғы оқу орындары үшін «актерлік шеберлік» пәні аясында аталмыш мамандықты таңдаған шәкіртке өнердің өзге салалары бойынша білім беру аса маңызды міндет болып табылады.

«Актерлік шеберлік» пәнін оқу барысында студенттер ең алдымен әдебиет өнерінің қыр-сырымен танысады. Әдебиет өнері қарастыратын драматургия, проза, поэзия, фольклор сынды бағыттар болашақ актерлер тарапынан міндетті түрде зерттеледі. Қазақтың белгілі қайраткері Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде аталмыш терминді сөз өнері ретінде түсіндіріп, келесідей анықтама береді: «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері» [3]. Демек, әдебиет туындылары көркем сөз арқылы іске асады. Ендеше ол кез келген адамнан әріп тануды, оқи білуді, яғни сауаттылықты талап етеді. Яғни әдебиет өнерін зерттеуге кіріскен адам міндетті түрде кітап оқиды, нәтижесінде ол түрлі-түрлі ашық та, астарлы да мағыналарға ие сюжеттер мен қосымша ақпараттарды өз жан-дүниесінен өткізіп, эмоционалды, когнитивті, креативті, әлеуметтік тұрғыдан дами түседі. Және адам әдебиеттің өзіне қалай әрі қаншалықты деңгейде ықпал еткенін сана-сезім арқылы түсініп қабылдай алмайды. Көркем шығарма оқу арқылы адам әралуан эмоцияларды сезініп, катарсиске жетеді, өзге жаратылыстарға деген эмпатиясы артып, олардың жан-дүниесін бірден түсіне алатындай жағдай жетеді, білім деңгейі жаңа сатыға көтеріліп, сөздік қоры айтарлықтай жетіледі, көп кітап оқыған адам өзге адамдармен сөйлескен кезде түрлі-түрлі теңеулерді, мысалдарды, әдемі-әдемі сөздерді бейсаналы түрде қолданып отырады. Сонымен қатар, әдебиет адамды өзінің кім екенін түсінуге, критикалық ойлай білуге, әралуан қиындықтарды креативті жолмен шеше алуға итермелейді. Ал актерлерді әдебиет саласы өз кейіпкерін психологиялық тұрғыдан түсінуге, мотивтері мен конфликттерін сезінуге, диалогар мен монологтарды дұрыс деңгейде образға сай интонациямен, ритммен, темппен, эмоциямен көрерменге жеткізе білуге итермелейді. Сонымен қатар, көркем шығармаларды неғұрлым көп оқитын актердің есте сақтау қабілеті соғұрлым жақсы болады. Ал бұл қабілет кәсіби актер үшін ең алдыңғы қатарда тұрған қажеттіліктердің бірі десек қате айтпаймыз.

«Актерлік шеберлік» пәнін оқу барысында студенттер пластика өнерінің де ерекшеліктерімен жақыннан танысады. Қарапайым сөзбен айтқанда, пластика дегеніміз – актер үшін өз денесін кейіпкер бейнесі мен рөл ойнау сахнасына сай қимылдату өнері. Іс-қимылдың актер үшін аса маңызды

екені аталмыш салада қызмет ететін барлық мамандарға түсінікті. Атап айтар болсақ, өткен ғасырда белгілі педагог Всеволод Мейерхольд пластика өнеріне ерекше зейін салып, «биомеханика» деп аталатын, актерлерге сахнада көркемдік тұрғыдан жоғарғы деңгейде қимылдауды жетілдіруге бағытталған жүйе қалыптастырған [4]. Пластика өнері мен әдебиет саласының актер үшін не беретінін салыстырар болсақ, актер әдебиет арқылы өз кейіпкерінің жан-дүниесін түсініп дамытуға мән берсе, пластика арқылы ол өз жүріс-тұрысына, мимикасына, эмоциясын жеткізу жолдарына көбірек зейін салады. Егер актер өз пластикасына көңіл бөлмесе, онда оның актерлік ойын деңгейі көрермендер үшін төмен болады, себебі образға сай келмейтін іс-қимыл өз жалғандығымен кез келген бақылаушыға біліп қалады.

Пластика өнерімен жұмыс істеу барысында «актерлік шеберлік» пәні хореография саласына мән береді. Хореографияны үйрену актерге бірқатар құнды артықшылықтар береді. Біріншіден, бұл физикалық икемділікті, координацияны және күшті дамытады, бұл актерге сахнада өз денесін еркін ұстауға мүмкіндік береді. Екіншіден, хореография актер іс-қимылдарының экспрессивтілігін жақсартады. Үшінші аспект – үйлесімді әрі түрлі эмоцияларғы бай сахналарды жасау үшін аса пайдалы ритм сезіну қабілетін дамыту. Сонымен қатар, хореографияны үйрену актер денсаулығының мықты болуына, күрделі әрі көп энергияны талап ететін номерлерді орындауға, өз пластикасын одан бетер жақсартуға керемет мүмкіндік береді.

Енді кезекте «актерлік шеберлік» пәні аясында қарастырылатын музыка және ән шырқау өнерлері көңіл бөлейік. Театр және кино саласында «мюзикл» жанрының бар екенін және көпшілік тарапынан сұраныста болатынын жоққа шығара алмаймыз, сол себепті де театрлар мен киностудиялар музыка саласынан хабары бар, ән шырқай алатын актерлермен жұмыс істегенді жөн көреді. Оның үстіне, музыканы түсінетін, ән шырқай алатын актердің бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден, музыканы түсіне және ән шырқай алу актердің эмоционалды диапазонын кеңейтіп, оған кейіпкердің сезімдері мен көңіл-күйін музыка арқылы жеткізуге мүмкіндік береді. Екіншіден, әуен, ритм, интонация сияқты музыкалық элементтерді білу актердің музыкалық сауаттылығын жақсартады және музыкалық шығармалардың дәл орындалуына ықпал етеді. Үшіншіден, вокал техникасын меңгеру - актерлік өнерді байытып қана қоймайды, сонымен қатар вокалдық экспрессивтілікті жақсартуға жағдай жасайды. Ақырында, бұл аудиториямен байланысты нығайтудың, эмоционалды тұрғыдан оларға әсер етудің тиімді әдісі болып табылады. Вокалдық қабілет пен музыкалық түйсік актердің танымалдығын арттып, оның жан-жақты дарын иесі екендігін бірден көрсетеді.

«Актерлік шеберлік» пәні аясында студенттер режиссура бойынша да білім алады десек қателеспейміз. Режиссерлік саланы түсіну актерге өзінің кәсіби тәжірибесін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Біріншіден, бұл актерге

өзге режиссерлермен жақсы қарым-қатынас жасауға және олардың қандай да бір жобаға қатысты көзқарастарын анық түсінуге көмектеседі. Нәтижесін кинофильм түсірілімі, не болмаса театр сахнасында пьеса қойылымы эффективті түрде жүзеге асады. Екіншіден, режиссерлік қызметтің ерекшеліктері мен принциптерін білу актерге өз бетінше режиссер ретінде дамуға, қойылым қоюға, фильм түсіруге мүмкіндік береді. Соның арқасында ол шығармашылық тұлға ретінде өзін-өзі дамыта алады.

Кескіндеме өнері туралы білім мен сурет сала біру өнері де, операторлық қабілет пен фотография өнеріне қатысты мағлұматтарға ие болу да тура режиссура өнері сияқты актерге өзін-өзі дамытуға керемет мүмкіндік береді. Сол себепті де бір ғана өнер мамандығын оқыту барысында өзге өнер түрлері де қарастырылады. Дегенмен де, «актерлік шеберлік» пәні өнердің өзге салаларын тереңінен әрі жан-жақты зерделеуге мүмкіндік бермейді. Иә, ол пәналарық сабақ болып табылады, студенттерге жан-жақты дамуға зор мүмкіндік береді, бірақ сантүрлі бағыттар бойынша толыққанды маман ретінде қалыптастыра алмайды. Шығармашылық пәндердің синтезі ретінде ойластырылған «актерлік шеберлік» пәні қайтқанмен де бірінші кезекте студенттерге актерлік өнерді үйретуге негізгі күшін салады. Ал қалған салалар жалпылама түрде қарастырылады. Егер де студент өзге өнер салаларының қайсыбіріне қызығар болса, онда ол өз бетінше ізденіп, сол бағытта білімін арттырып, тәжірибе ала алады. Пәнаралық пәндердің ерекшеліктері осы жерде десек қате айтпаймыз. Қазіргі кезде өнер саласындағы мамандарды тек бір ғана бағыт бойынша дамыту заман талабына сай емес, керісінше мүмкіндігінше студенттің білім деңгейін барынша жан-жақты жетілдіру керек. Сонда ғана ол басекелестікке қабілетті маман болып қалыптасады. Бірақ пәнаралық, мамандықаралық, салааралық пәндер студенттерді өзге пәндерге, мамандықтарға, салаларға тек қызықтыруды мақсат етеді. Әрмен қарай оқуды, ізденуді, үйренуді студенттің өзіне қалдырады. Сол себепті де негізгісінен өзге пәндерге, салаларға, мамандықтарға қатысты білімді жалпылама деңгейде береді. Ойлап қарасақ, бұл өз алдына дегустация секілді. Ал «актерлік шеберлік» пәні пәнаралық та, салааралық та, мамандықаралық та пән болып табылады, яғни шығармашылық пәндердің синтезі ретінде қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Актёрское искусство // Академик. – URL: https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/308781 (қарастырылды: 10.11.2023).
2. Синтез // Малый энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона. — 2-е изд., вновь перераб. и значит. доп. Т. 1-2. — СПб., 1907—1909.
3. Ахмет Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы : «Ел-шежіре», 2013. – 384 б. – ISBN 978-601-7317-67-6.
В чем суть метода Мейерхольда // Art For Introvert – international educational project. – URL: https://artforintrovert.ru/tpost/uuftmaukr1-v-chem-sut-metoda-meierholda (қарастырылды: 13.11.2023).

ТРУДОВОЙ И ТВОРЧЕСКИЙ ПУТЬ КУЛБАЕВА А.Б.

Михайлова С.Н.
Кандидат педагогических наук, профессор
Наурзбекова С.М.
Старший преподаатель
Казахская Национальная академия искусств
имени Темирбека Жургенова **(1)**

Аннотация. В данной статье освещены основные этапы в трудовой деятельности профессора, академика Кулбаева А.Б. Раскрыты основные достижения в педагогической, учебной, научной и творческой работе.

Ключевые слова: преподаватель, заведующий кафедрой, декан факультета «Тетральное искусство», проректор, доцент, профессор, академик.

Аннотация. Бұл мақалада профессор, академик А.Б. Құлбаевтың еңбек қызметіндегі негізгі кезеңдері баяндалды, педагогикалық, оқу, ғылыми және шығармашылық жұмысындағы негізгі жетістіктері ашылды.

Түйін сөздер: оқытушы, кафедра меңгерушісі, «Тетр өнері» факультетінің деканы, проректор, доцент, профессор, академик.

Annotation. This article highlights the main stages in the career of professor, academician A.B. Kulbaev. The main achievements in pedagogical, educational, scientific and creative work are revealed.

Key words: teacher, head of department, dean of the Faculty of Theater Arts, vice-rector, associate professor, professor, academician.

Кулбаев Аман Бекенович в Казахской национальной академии искусств имени Темирбека Жургенова работает 50 лет. За годы работы внес большой вклад в развитие педагогического, творческого и высшего профессионального образования факультета «Театрального искусства» КазНАИ имени Темирбека Жургенова. В своей педагогической и научной, творческой деятельности применяет новейшие методические и технологические подходы в процессе модульные образовательные траектории.

В 1971 году окончил Алматинскую государственную консерваторию имени Курмангазы по специальности «Актер драматического театра и кино».

Кулбаев А.Б начал свой трудовой путь в 1973 году с должности преподавателя кафедры «Актерского мастерства» в консерватории имени Курманғазы. В 1978 году основал в Театральном художественном институте кафедру «Сценическое движение» и стал заведующим данной кафедры.
Окончил заочную театральную педагогическую ассистентуру в иниституте имени Щепкина в городе Москва у профессора А.Б.Немеровского,1980. Окончил заочную ассистентуру - стажировку в Ленинградском институте театра, музыки и кинематографии имени К.Черкасова, у профессора К.Н.Черназемова на кафедре «Сценическое движение»,1983.

В 1987 году Кулбаеву А.Б. рещением Высшей аттестационной комиссии СССР было присвоено звание доцента. В разные годы Кулбаев А.Б. был заведующим кафедрой «Сценической пластики», деканом факультета «Театральное искусство», проректором по учебно-методической и воспитательной работе. С 1987 по 89 гг- исполняд обязанности ректора Театрального художественного института. В 2008 году стал Академиком КазНАЕН.

В 2012 году Кулбаев А.Б. защитил кандидатскую диссертацию и получил ученую степень кандидата «Искусствоведение». В 2014 году стал обладателем Государственного Гранта МОН РК «Лучший преподаватель Вуза». В 2018 году Кулбаеву А.Б. присуждено ученое звание профессора ККСОН МОН РК по специальности «Искусствоведение».

Кулбаев А.Б. постоянно занимается повышением своего профессионального уровня. Проходил повышения квалификации:

- у Ирина Миллер, профессор Кёльнской Театральной Академии. г. Кельн. Германия./Сертификат 2017г/

- у Глуханюк А.А., ректор Екатеринбурского театрального института, профессор г. Екатеринбург. РФ. /Сертификат 2018г/.

- Российский институт театрального искусства ГИТИС г.Москва онлайн тема: «Сценическое движение. Сохранение и развитие психофизических навыков» /Сертификат 2020/

- Театральный факультет Академии исполнительских искусств в Праге DAMU г.Прага. Тема: «Сценическое движение и постановка театра» /Сертификат 2021г/

- Российский институт театрального искусства ГИТИС г.Москва онлайн тема: "Совершенствование профессиональных навыков актера. Управление эмоциями." / Сертификат 2022 апрель/.

Аман Бекенович Кулбаев автор 3 учебников для творческой специальности утвержденной МОН РК, имеет 4 авторских свидетельства на интеллектуальную собственность. Выпущено 4 монографии, 5 учебно-методических работ. Общее число научных трудов более 60 наименований.

В разные годы под руководством профессора Кулбаева А. Б. защитили магистерские диссертации 4 магистранта по модульной программе М034 «Актерское искусство» /Искуство пластики/.

Кулбаев А.Б. активно участвует в международных научно-практических конференциях в РК. Его студенты становились призерами I, II место XII Республиканской предметной олимпиады среди студентов высших учебных заведений РК по специальности 5В040700 «Актерское искусство» /кафедра «Сценическая пластика»/ за 2019-2020 учебный год.

С 4 по 10 января 2023 года в IX Международном театральном фестивале «KulturOnTour2022» в г. Бремен (Германия) приняли участие выпускники 4 курса ОП «Артист физического театра» под руководством Кулбаева А.Б.

Жюри фестиваля, состоящее из представителей стран Евросоюза, из постановок более восьмидесяти театров, присудили третье место за пластическую постановку «Гамлет” /реж. преп.Е.Төлепберген/ студентам Казахской Национальной академии искусств имени Темирбека Жургенова. Также жюри выделило три гранта на повышение квалификации в сентябре 2023 года в городе Мадриде профессорко-преподавательскому составу КАЗНАИ им Темирбека Жургенова за счет организации Erasmus+ за пластический образцовый успех спектакля. /Сертификат 2023 г.Бремен, Германия/.

За время работы Кулбаев А.Б. неоднократно был награжден за отличие в научно-педагогической и творческой деятельности.

Награжден медалью «Ерен еңбегі үшін» 2005 г. с 2013 г имеет почетное звание «Заслуженный деятель РК», Нагрудным знаком «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2009г.), Званием «Почетный работник образования» (2014 г.), Обладатель серебряной медали А.Байтурсынова за вклад в развитие системы высшего образования» (2014г.), Медаль «25 лет Независимости Республики Казахстан» (2016г.). Почетный гражданин района им.Т.Рысқұлова Жамбулской области (2019г.)

Кулбаева А.Б. отличают высокие личные качества: целеустремленность, инициативность, порядочность, трудолюбие, добросовестность.

Аман Бекенович является интеллигентной и духовно богатой личностью, обладает гражданским и творческим самосознанием. Имеет отличные организаторские, ораторские способности, он коммуникабелен, требователен к себе и коллегам. Своим личным примером завоевал доверие, уважение и авторитет в научно-педагогическом и творческом коллективе КазНАИ имени Темирбека Жургенова.

А.Б. КУЛБАЕВТЫҢ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫ

Михайлова С.Н.
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Наурызбекова С.М.
Аға оқытушы
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы (1)
svetlana17268@mail.ru

Кулбаев Аман Бекенович Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында 50 жыл жұмыс істейді. Осы жылдар ішінде Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА «Театр өнері» факультетінің педагогикалық, шығармашылық және жоғары кәсіби білімінің дамуына үлкен үлес қосты. Ғылыми-педагогикалық және шығармашылық қызметінде Модульдік білім

беру оқыту үдерісінде жаңа әдістемелік, әдіснамалық және технологиялық тәсілдерді қолданады.

1971 жылы Құрманғазы атындағы Өнер институтының «Драма театры және Кино актері» мамандығын бітірген.

Кулбев А.Б. еңбек жолын 1973 жылы Құрманғазы атындағы консерваториясында «Актер шеберлігі» кафедрасының оқытушысы болып бастады. Театр факультетінен институт, академия болып өркендеуіне үлкен үлес қосып 1978 жылы «Сахна қозғалысы» кафедрасын негізін қалаушы және кафедра меңгерушісі атанды.

1980 жылы Мәскеу қаласында Щепкин атындағы педагогикалық институтының театр педагогикалық ассистентурасын сырттай профессор А.Б. Немеровскийдің шеберханасында бітірген. 1983жылы Ленинградтағы И. К. Черкасов атындағы «Театр, музыка және кинематография« институтының сырттай ассистентурасын, профессор К. Н. Черназемов шеберханасында "Сахна қозғалыс" кафедрасында» тәмәмдаған.

1987 жылы КСРО Жоғары аттестациялық комиссиясының шешімімен А.Б. Кулбаевқа Доценті лауазымы берілді.

Кулбаев А.Б. 1987-89 жж. - Театр өнері институтының ректорының міндетін атқарды. Әр жылдары «Сахна пластикасы» кафедрасының меңгерушісі, «Театр өнері» факультетінің деканы және Театр өнері институтының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры болды. 2008 жылы Қазақ Ұлттық жаратылыстану ғылым академиясының академигі болды.

2012 жылы Кулбаев А.Б. кандидаттық диссертациясын қорғады және "Өнертану" кандидаты ғылыми дәрежесін алды. 2014 жылы ҚР БҒМ «ЖОО-ның Үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды. 2018 жылы Кулбаев А.Б. "Өнертану" мамандығы бойынша ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сараптау комитетінің профессоры ғылыми атағына ие болды.

Кулбаев А.Б. үнемі өзінің кәсіби деңгейін көтерумен айналысады. Біліктілікті жоғарылатудан өткен:

- Ирина Миллер, Кельн театр академиясының профессоры. Кельн Германия. / Куәлік 2017ж /

- Глуханюк А.А. Екатеринбург театр институтының ректоры, профессор Екатеринбург қаласы, РФ / Куәлік 2018ж /

- ГИТИС Ресей театр өнері институты Мәскеу онлайн тақырыбы: " Сценическое движение. Сохранение и развитие психофизических навыков " / Сертификат 2020/

- Прагадағы DAMU орындаушылық өнер академиясының Театр факультеті. Тақырыбы: "Сценическое движение и постановка театра"/Сертификат 2021ж/

ГИТИС Ресей театр өнері институты Мәскеу онлайн тақырыбы:

"Совершенствование профессиональных навыков актера. Управление эмоциями." / Сертификат 2022 ақпан/

Аман Бекенович Кулбаев - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен мемлекеттік оқу стандарты бойынша шығармашылық мамандыққа арналған 3 оқулықтың авторы. Зияткерлік меншікте 4 авторлық куәлігі бар, 4 - монографиялар баспадан шықты, 5- оқу-әдістемелік жұмыстары. Ғылыми еңбектердің жалпы саны 60 данадан асады.

Әр жылдары профессор Кулбаев А.Б. жетекшілігімен М034 «Актерлік өнер» / Пластика өнері / модульдік бағдарламасы бойынша 4 магистрант магистрлік диссертацияларын қорғады.

Кулбаев А.Б. Қазақстан Республикасындағы және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға белсенді қатысады. Оның шәкірттері 2020-2021 оқу жылына арналған В027 «Театр өнері- Актерлік өнер» білім беру бағдарламасы «Сахна пластикасы және дене тәрбиесі» кафедрасы пәндері бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасындағы XIII-ші Республикалық пәндік олимпиаданың 1,2 орындарының жеңімпаздары.

2023 жылдың 4-10 қаңтар аралығында Бремен қаласы (Германия) «KulturOnTour2022» IX Халықаралық театр фестиваліне «Гамлет» атты пластикалық қойылыммен бітіруші 4 курс «Физикалық театр артисі» ББББ студенттеріне жетекшілік етіп, фестивальге қатысып Евросоюз мемлекеттерінің шығармашылық ұжымдары арасында сексеннен аса театрлардың сахналанған қойылымдарынан қазылар алқасы тоғыз мемлекеттің қойылымдарының арасынан «Гамлет» /реж. оқытушы Е.Төлепберген/ атты пластикалық қойылым үшінші орынды- жеңіп алды. Сондай -ақ әр мемлекеттен жиналған қазылар алқасы спектакльдің пластикалық үлгілі табысына Еразмус + ұйымының есебінен Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА профессорлық -оқытушылар құрамына әрі қарай білімін жетілдіруге үш грант - Мадрид қаласына 2023 жылғы қыркүйек айына сыйға тартты. /Сертификат 2023 Бремен қ., Германия/.

Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА қызмет істеген жылдар барысында Кулбаев А.Б. бірнеше рет ғылыми, педагогикалық және шығармашылық жұмыстары, мемлекетімізге сіңірген айрықша еңбегі үшін төмендегі марапаттармен марапатталған.

Марапаттары: Қазақстан Республикасы Президенттің жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2005), Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері «төс белгісімен» (2009 ж.), Почетный работник образования "Атағымен (2012 ж.),", 2013 жылы «Қазақстанның Еңбек сіңген қайраткері» жоғарғы марапатының иегері. Жоғары білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін А. Байтұрсынов күміс медалінің иегері (2014ж.), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» медалі (2016 ж.) Жамбыл облысы Т.Рысқұлов атындағы ауданның құрметті азаматы төс белгісінің иегері(2019ж).

Кулбаев А.Б. жоғары жеке қасиеттерімен ерекшеленеді: мақсаткерлік, айқындық, бастамашылдық, парасаттылық, еңбексүйгіштік, адалдық.

Аман Бекенович Кулбаев зиялы және рухани бай тұлға болып табылады, азаматтық және шығармашылық сана-сезімге ие. Тамаша ұйымдастырушылық, шешендік қабілеттерімен ерекшеленді, ол коммуникабелді, өз-өзіне және әріптестеріне жоғары талап қоя біледі. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ғылыми-педагогикалық және шығармашылық ұжымында сенім, құрмет пен жоғары беделге ие.

ӘОК.37,372,578.

МУЗЫКАНЫ ТЫҢДАЙ ЖӘНЕ ТҮСІНЕ БІЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Байгунова Д.М.
Ж.А.Ташенев атындағы Университет,Шымкент қ.

Аңдатпа: Мақалада музыканың негізгі ерекшеліктері және пластикалық өнерден, әдебиеттен, театрдан айырмашылығы оның образдарды түгелдей дыбыстық үн құралдары арқылы суреттейтіндігі жайында қарастырылған. Сонымен қатар музыка бұл– жалпы өмірдің, бүкіл дүниенің, қимыл – іс әрекетін бейнелейтін, диалектикалық құбылыстарды адам сезімімен біріктіріп, өмір қайшылықтарын әсерлі дыбыстардың ұйқаса үндесуі арқылы жүзеге асатындығы жайлы кеңінен айтылған.

Кілт сөздер: музыка,өнер,дыбыс,мәдениет, шығарма, опера, балет

Аннотация: В этой статье рассматриваются основные особенности музыки и то,что она в отличие от пластики,литературы и театра,передает образы исключительно средствами звука. В то же время широко распространено мнение,что музыка представляет жизнь вообще,весь мир,движения и действия,соединяет диалектические явления с человеческими чувствами, реализует противоречия жизни через мелодическую гармонию впечатляющих звуков

Ключевые слова: Музыка,искусство,звук,култура,компазиция,опера,балет

Absrtact: So, in this article we will talk about how to learn to listen and understand music. To do this, every listener must love music and know the artistic qualities of music, which were mentioned above. For example, listening to songs by voice and works dedicated to the choir and musical instruments of older and younger age, it is better to observe and understand the development of melody, the change in harmony and tonality of sounds of polyphonic grace, what rhythms and accents and some graceful qualities. Only then will a person get used to listening to music and look critically at the performer. Indeed, it is good to know musical terms and graces, intonations, accents of pronunciation: listen and understand.

Key words: music, art, sound, culture, composition, opera, ballet

Музыка өнері – әр ұлттың ертеден келе жатқан мәдени талғамының бір арнаға құйылып,асқақты күйімен дамып отыратын көптеген ғасырлық үнінің жемісі.Музыка –жалпы өмірдің, бүкіл дүниенің, қимыл – іс әрекетін

бейнелейтін,диалектикалық құбылыстарды адам сезімімен біріктіріп,өмір қайшылықтарын әсерлі дыбыстардың ұйқаса үндесу жиынтығы.

Музыка –әлемде тіршілік ететін адамзаттың немесе адамдар мүддесіне қызмет жасайтын бүкіл өмір мен оның құбылыстарының өзара қарым–қатынаста сырласа үндесуін сезімге жеткізетін құрал.Музыка өмірдегі динамикалық құбылыстардың айнадан көрінетін үнсіз келбет–кескіні ғана емес, оны сырттай суреттеп қана қоймай,ол–таңғажайып сырлары бар мелодиялық үндесуімен ішкі сезім күйлеріне әсер беріп,тыңдаушысын белгілі нысанаға бейімдеп баурап алады.Былайынша айтқанда,адам жан–күйін тәрбиелейтін, эстетикалық қабілетін дамытатын,сенсорлық мәдениетке баулитын,іске батыл жетелейтін эмоциялық құралдардың бірі –музыка.Ол – адам қоғамымен бірге дамып, қоғамдық формацияларды басынан кешіріп келе жатқан тарихи процестің бірі.Сондықтан да оның туу,шарықтау,даму,өркендеу,биіктеу, шеңберіне жету кезеңдері бар.Әр ұлттың музыкалық біліктілігі мен арнасы әр түрлі уақытта өсіп,дамып жетілді.Бұлардың даму процесі де өмірдің өзі туған сезімдерге байланысты.Музыкада әр қоғам өз көрінісімен ұлттық колорит арқылы көзге елестеп, сезімге әсер етіп жатады.Музыканы тыңдай білу,оны түсініп,ұғыну жеке адамның өмірден алған тәжірибесіне байланысты. Әдебиет сияқты музыка да барлық кәсіп иелерінің сусындай ләззат алатын өмір талшығы.Ләззатты тек тыңдаумен емес,тыңдалған музыкалық үнді сезініп түсіну арқылы ала алады.Бірақ музыкалық әуенді ұқпайтын,оны сезінбейтін, оған елеңдемейтін есту мүшелері жоқ.Есту мүшесінің бірі құлақ болса, музыканы тек құлақ арқылы тыңдаймыз,оны біз барлық ішкі сезімімізбен тыңдап ұғынамыз.Психологиялық процестердің өз ара қатынасымен бірде қабылдап, бірде еске түсіріп,бірде көз алдында елестетіп,қайтадан жаңғыртып, түйсік сезіміне жеткізу арқылы музыканы түсіне аламыз.Музыка құр шуыл, жай ызың ғана емес,оның ішкі бейнесі үшін сезіммен тыңдауға дағдыланған жөн.Музыканы түсіне білуге байланысты ең негізгі де бастапқы қадам осыларға байланысты[1]

Қазақ халқы–ежелден ән-күй өнеріне құштар ұлттың бірі.Олардың қарапайым музыкалық аспаптарының үнінен қазақ ұлтының сыршыл сезімдерінің таңғажайып құбылыстарымен ұштастырыла берілгенін байқауға болады.Өз даласының күн көру кәсібіне тән,өмір құбылыстарының адамдар түйсігімен байланысып жатқанын музыка аспаптары біздің заманымызға дейін жеткізе алды.Халық өнерінің ән-күй алтын қорлары ауыздан ауызға тарап,ел арасында өшпес із қалдырып,ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде тапсырылды. Қазақ елі жаугершілік соғыстарды,шетел феодалдарының басып алушылығын басынан көп кешірді.200 жылдай басып алушылықтан жаншылған,100 жылдай жоңғарлықтан соғысын басынан өткізген қазақ халқының тарихи мұңы музыкада өз өрнегін қалдырды.Бұларды жеткізуші талант иелері халықтың өз ішінен табылды.Олар туралы кейінірек тоқталып,идеялық жағын аша, музыкалық шеберлікті сөз етпекшіміз.Халық

игілігін тонап,қала,қыстық, мәдениетті өртеп,сындырып жоқ еткен жаугершілік соғыстар халықтың ән-күй музыкалық дарынды туындыларын жоя алмады.Оның себебі қазақтың музыкалық туындыларды тыңдап және оны түсіне білетіндігінен еді.Өмір сазынан туған сан алуан өлең,күй,терме,айтыс,жыр,сыңсу,естірту,жоқтау, т.б. музыкалық туындылар өміршең қорға айналып,өзін бағалай білетін ұрпақтарына табыс етеді.

Өздерінің туыстас түрік тектес елдерімен салыстырғанда,қазақтар да сөзге шешенділіктерімен ерекшеленеді.Қазақтар сөз сөйлемдерін белгілі бір дәрежеде әдемілікке ұштастырады.Сондықтан да қазақ халқының поэзиясының дамуы жоғарғы сатыға жеткен Олардың мақалдары да, насихат, нақыл сөздері де әдейі қолданылған ұйқастарға негізделінеді.Тарихи жыр, айтыстар,салт өлеңдері,жоқтаулар т.б. бәрі де жиын-тойларда әрдайым жырланады және оларды жұрт емірене тыңдайды.Қазақ өзінің қарапайым домбырасының,қобызының,сыбызғы-сырнайының үндерімен күрделі тақырыптарға құрылған музыкалық күй туындыларын бере алады[2]

Қазір қазақ музыкасы кәсіби деңгейге дейін өсіп жетілді.Симфониялық шығармалар,опералар,балеттер туды.Халқымыздың музыкалық талғамын жаңа белеске көтерді.Аз уақытта фольклорлық сипаттағы өнер кәсіби талап-талғамға сай биіктен көрінді.Халықтың ғасырлар бойғы ел аузында сақталып келген тамаша әндері мен күйлері қазақ композиторларының шығармашылығына арқау болды.Мысалға,Е.Брусиловскийдің «Ер Тарғын» операсы,М.Төлебаевтың «Біржан Сара»операсы,Мұхамеджановтың «Ғасырлар үні» ораториялық шығармасы – халық музыкасының қайнар бұлағын негізге алған туындылар. Осы шығармалар қазақ халқының әуені әдемі, тынысы кең, мазмұны терең музыкасының халықтың жүрегінен жылы орын алғанын көреміз. Құрманғазы, Дәулеткерей, ЫқыласТәттімбет, Абай, Ақан, Біржан, Мұхит, Ыбырайсияқтыдарындарымыздыңтуғызған шығармалар біздің дәстүрлі өнеріміздің ерекше орын алады.

Қазіргі уақытта музыка өнері өз дамуында жаңа кезеңге жетті.Музыка шығармашылығының түрлі тәсілдермен дамытылуда.Музыка мәдениетінің түрлі салаларында белсене жұмыс істеп отырған композитор жастардың саңлағы өсті.Олардың шығармалары театр және филармония орындаушыларының репертуарына лайықтап шығарылды. Театр мен киноны дамытуда,радио мен теледидардың жұмысында композиторлардың рөлі арта түсті.Халқымыздың сезімі мен ойын білдіретін музыкасы халыққа арналып, халықтың сүйіспеншілігіне бөленеді.Егемендік алған ҚР тұңғыш елінің музыка өнері бүкіл дүние жүзінде кеңінен танылды.Оның халықаралық беделі орындаушыларымыздың аса үздік табыстарымен еселеп арттырылуда.

Музыка мәдениетінің маңызды ерекшелігі оның көп ұлтты сипатында.

Адам баласының өмірінде өнер үлкен орын алатынын ең алдымен айта кеткен жөн.Жас сәби жарық дүниеге келген күннен бастап өнердің ортасында өседі.Өнер–архитектура, скульптура,бейнелеу өнері және графика,көркем әдебиет,би,театр,кино және музыка болып бірнеше салаға бөлінеді.Өнердің

осы аталған салалары әр кезеңде біртіндеп пайда болды.Табиғат құбылыстары мен адамзат қоғамының дамуына байланысты,өнердің түрлері өзгеріп, дамып отырады.Әсіресе музыка өнері үлкен өзгеріске түсті.Сондықтан да қазіргі өнерлі жастарға эстетикалық тәрбие берудің құралы болып саналады.

Біз күнделікті өмірде музыка,концерт,ән-күй кеші,ария,контатасимфония, опера деген сөздерді жиі естиміз деолардың үнінен тамылжыған әр-алуан музыкалық шығармаларды сүйсіне тыңдаймыз.Ерекше бір рахатқа бөленіп, шабыттанып қаламыз.Тіпті жұмыс кезінде де жүрек тебірентерлік жақсы ән мен тәтті күйлер беріліп жатса,оны ынтамен тыңдай отырып істеген ісімізді қалай тез бітіп қалғанын сезбейтінде кездер болады.Өнердің басқа түрлеріне қарағанда,музыканың осыншалық әсері молдығының себебі неде деген орынды сұрақ тууы да осыған байланысты.

Құлақтан кіріп бойды алар
Әсем ән мен тәтті күй,
Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй,- деген Абай сөздерін еріксіз еске алуға тура келеді. Өйткені әсем ән мен тәтті күй,біріншіден,адамның рухани шабытын арттырады, серпілтеді,екіншіден, көңіл кірбіңінің жоғалуына себепші болады.Сондай-ақ,лебімен көңілге жылы тиген музыка сарыны кейде кісінің бастан кешкендерін,жастық шақтары көз алдына елестейді.Кейде тіпті арман асуына жетелеп, ерлікке,батырлыққа бағыттайды [3]

Өзіміз сүйіп оқитын ақын,жазушыларымыз өз басынан өткен күйініш – сүйінішін, өмірге деген көзқарасын, көрген–білгенін,замандастарының еңбектегі ерліктерін оқырмандарына прозамен поэзия арқылы,қалам ұшымен қағаз бетіне түсіріп жеткізсе,композитор да дәл солай еңбек етеді.Бірақ ол өзін тебіренткен жақсылық пен жамандықты,бақыт пен қайғыны,батырлық пен зұлымдықты,бостандық пен теңдікті,табиғат көріністері сияқты құбылыстарды нотаға түсіріп, бейне арқылы музыка тілімен айтып береді.

Музыканың негізгі ерекшеліктері пластикалық өнерден,әдебиеттен, театрдан айырмашылығы–ол образдарды түгелдей дыбыстық үн құралдары арқылы суреттейді.Алайда музыкада табиғат көрінісін көркем бейнелеу кездесіп отырады.Мысалы,табиғат үні (жел гуілі,судың гүрілі,құстың әні,т.б.), адамның дауысы,күнделікті өмірде кездесетін дыбыстар музыкада азды-көпті көрініс табады.Сондай-ақ музыкада заттардың сезім арқылы қабылданатын кейбір белгілері ассоциация(құс әнімен орман суретін меңзеу),аналогия (мелодияның байсалды,кең тынысты қозғалысынан жазық дала көрінісін елестету) және есту,көру сезімдері байланысының көмегімен қиялда қайта жаңғыру арқылы бейнелейді.Музыканың ерекшелігі бұл ерекше эстетикалық құндылық өнердің қолданбалы және көркем мақсаттарының байланысында ашылады.Алғашқы жанрлардың құрастыруы қолдану заңдастырылған суреттеу құралдары түсінетін (қолданбалы музыка) қолданбалы есептердің музыкасының орындауымен байланған.Шарттар музыканың құндылығы бұл

нормативтік үлгілеріне оның формасының типтілігі,жақындықтан тәуелді болды.Автономды музыкалық тіл және музыканың таратуын ерекше саланың құрастыруы,маңызы бірдей емес тұрмыс-салт та,салтанат та,мәдени де,жаңа мақсаттың ұғынуларына келтірді:біртума іске асыру жеке авторлық (композициялық) ойла.Музыканың құндылығы шарт бұл композитор сайланған құралдардың ішкі мағыналы керектігінде музыкалық шығарманың біртума құрылымында бір уақытта тұрады.Автономды музыкадағы көркем сапаның төмендетуі (мысалға, салондық музыка)авторлық ойлауды үйреншіктілік,немесе қолдану біртума эффекттер,шығарманың қарама-қайшы ішкі тұтастығындағы өзіндік мәні бар бағыты да нәтижесі болып табыла алады.

Музыкалық өнердің ерекшелігінің ерекше тұрғысы-оның (кез келген музыкалық құбылыс интонациялар және интонация кешендерінің қайтымсыз тізбегі ретінде бар болады) уақытша табиғаты және көркем-мағыналы бүтіндіктің байланысы.Музыкадағы бүтіндіктің алғашқы түрі импровизациямен елестеткен-белгі үшін музыка тартуды процесспен, рұқсатсыз функционалді айырып танылатын құралдар бастады.Бүтіндіктің әсері интонациямен ағайындас бір-бірі импровизация құрайтын элементтер арқасында бастапқы саранды,ырғақты,гармониялық үлгінің вариант бола осы жағдайда жасалады.Вариациялық форманың импровизациясы жақын, алайда, функциялар өзгешеленеді бастады.Мысалы,музыкалық бүтіндіктің өте күрделі түрі функцияда бастайтын бітірілген музыкалық формалармен дамыту және аяқтау сонат формасында экспозиция,өңдеу,репризаның арнайы музыкалық құралдарымен бейнеленген елестеткен.Уақытша процесс форма бұл себеп және салдарды түр бойынша бір-бірімен сабақтас фазаларға мүшелейді. Мұндай салыстыруға қабілетті тыңдаушыларға тән ықыласының белсенділігінің формаларының қабылдауы жадта арғы-бергі салыстырып, ұстап қалып,дамыту музыкалық келешек таңдандыруға ойлайды ойла. Дыбысталу ұзақтықтың бітірілген формаларында ерекше кеңістікті алады: қабілеттілік байланысының логикасында жиірек музыкалық табандатқан мұздап кету.Осылай форма және кристалдаған форманың диалектикасы пайда болады.Музыкалық шығарманың аяқталғандығы, өз кезегінде, шығарманың бітірілген түрінің тыңдаушының жадында тастап кететін орындаушылық интерпретациядағы іс жүргізетіндігімен аударып қояды.Ол сынағыштықтағы танысуда басқа орындаулар, түсіндірулермен,осы шығарманы әр түрлі ұғынумен процесске жаңадан өрістейді[4]

Музыкалық өнер туралы өте сезгіш өнерлерді ара-арасындалар туралы сияқты айтады. Поэзия немесе кескіндеме, мысалға,мүмкін емес ғана емес деңгейде физиологиялық реакциялар, музыкамен қабылдансын қабылдана алады,керісінше парасаттың қосындысысыз шығарсын, және мұндай тыңдау және музыка тартуды көкжиек жеткілікті (нақтылы сарындар, дискотекадағы билары,сөзді бұзылыстары бар аурулардың ән салуы және логикалық аппараттың бұзылуымен арқылы тиімді ойлауды ажыратуды

медитацияланатын тәжірибе) кең.Музыканың нейрофизиологиялық әсері баяғыдан дәрігерлікте қолданылды.Сонымен бірге, музыкасын баяғы заманнан жүретін әдетіншелерді абстрактілі өнермен - философия және математиканың көркем балама өте қорытылған болып мақұлдайды.Николай Кузанскийдің қайта тууды дәуірінің кардиналы жасауды аспапты музыкада Кеңістік көрді.Мысалы,музыканың қабылдауының ерекшеліктері орын және уақыттың көп факторларынан тәуелді болады Жіктелуі Адамның музыкалық іс-әрекетінің негізгі үш түрі бар.Олар – шығармашылық (музыкалық шығарушылық), орындау,қабылдау.Яғни автор музыканы тудырса, орындаушы қайта жаңғыртады,ал тыңдаушы оны есту арқылы қабылдайды.Музыканы насихаттау,ғылыми тұрғыда зерттеу,музыка сыны, музыка кадрларын даярлау сияқты іс-әрекеттің басқа да түрлерімен қосыла отырып, шығармашылықорындаушылық өнер және қабылдау негізінен қоғамның музыка мәдениеті болып қалыптасады.Осы секілді музыка салаларының әрқайсысының өзіндік құрылысы болады.Мысалы,дамыған музыкалық мәдениеттің алуан белгілерімен дараланатын шығармашылық түрлері бар.Олар:1)Мазмұны жағынан лирикалық, эпикалық, драмалық, қаһармандық,трагедиялық,т.б.;басқаша айтқанда байсалды және жеңіл музыка; 2)Орындаушылық жағынан: вокалдық және аспаптық немесе жеке адам орындайтын, ансамбльдік, оркестрлік, аралас музыка;3)Өнердің басқа түрлері және сөз өнерімен бірге:театр музыкасы,би музыкасы,бағдарламалы аспаптық, мелодрама (музыка фонында көркемсөз оқу)және сөзбен айтылатын вокалдық музыка;4)Дыбыс шығару ерекшелігімен байланысты арнайы жағдайда тыңдалатын музыка (мұнда тыңдаушылар орындаушылардан бөлек болады), күнделікті өмірде дағдылы жағдайда көпшілік орындайтын әрі тыңдайтын музыка.Мұның алғашқысы ойын-сауық және концерттік музыка болып бөлінсе,кейінгісі көпшілік-тұрмыстық және әдет-ғұрып музыкасына жіктеледі. Осы 4 түрлі жанрлық топтың өзі одан әрі ойын-сауықтық музыка,яғни музыкалық театр, драмалық театр және кино музыкасы;концерттік– симфониялық, камералық және эстрадалық музыка; көпшілік-тұрмыстық – ән және би музыкасы;әдет-ғұрыптық дін және дәстүрлі музыка,т.б.болып дараланады.

Әдебиеттер:

1. Нейгауз,Г.Г.Об искусстве фортепианной игры./ Г.Г.Нейгауз; ред. Д.В. Житомирский. – М.: Музыка, 2014. – 299 с.

2. Либерман,Е. Творческая работа пианиста с авторским текстом/ Е. Либерман; ред. Н.Л. Фишман.– М.: Музыка, 2015, - 235 с.

3. Тимакин,Е.М. Воспитание пианиста /Е.М. Тимакин; ред. А.Вустин.–М.: Композитор, 2016 - 193 с.

4. Жарқынбеков М. «Қазақ халық аспаптар оркестрі »- Ш.: Обл. баспахана, 2002.89б.

ҰЙЫМДАҒЫ КОРПОРАТИВТІ МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ НЕГІЗДЕРІ

Батанова А.Б.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.
aruzhanbatanova@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада ұйымдағы корпоративті мәдениеттің қалыптасуы мен даму мәселелері қарастырылады. Автор ұйым үшін корпоративтік мәдениеттің қаншалықты маңызды екендігін анықтайды. Корпоративтік мәдениет ұйымның белсенді және сапалы жұмыс жасауының кепілі екендігі дәлелденеді.

Кілт сөздер: ұйым, қызметкер, корпоративтік мәдениет, бәсеке, сапа, тәжірибе, кәсібилік.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы становления и развития корпоративной культуры в организации. Автор определяет, насколько важна корпоративная культура для организации. Доказано, что корпоративная культура является залогом активной и качественной работы организации.

Ключевые слова: организация, сотрудник, корпоративная культура, конкуренция, качество, опыт, профессионализм.

Absrtact: The article deals with the formation and development of corporate culture in the organization. The author determines how important corporate culture is for the organization. It is proved that corporate culture is the key to active and high-quality work of the organization.

Key words: organization, employee, corporate culture, competition, quality, experience, professionalism.

Корпоративтік мәдениет – бұл белгілі бір ұйымның бет-бейнесі болып табылады. Ұйымның жалпы мақсаттарына жету үшін қызметкерлер мен жұмыс үдерісінің жалпы жиынтығы деп те айтуға болады. Сондай-ақ, корпоративтік мәдениет белгілі бір ұйым ішіндегі қызметкерлер мен ұйым қызметін тұтынушылар арасындағы байланыстарды да реттейді. Ұйымның өзге де қоғам мүшелері арасындағы байланыстарды жүзеге асыру тәсілдері, сонымен қатар қоғам мүшелерінің сол ұйым және ұйым қызметін қабылдау үдерісін де қамтиды. Корпоративтік мәдениеттің негізгі өкілдері – ұйым қызметкерлері болып табылады. Сауатты корпоративтік мәдениеттің артықшылықтары өте көп. Ол алдымен ұйым қызметкерлерінің белсенділігін арттырып, өзінің атқарып отырған жұмысына қанағаттануын және белсенді қатысуын, ұйым қызметкерлері арасындағы бірлік сезімінің қамтамасыз етеді [1, с. 87].

Жоғары корпоративті мәдениеті қалыптасқан ұйымдардың жұмысында нәтижелілік байқалады. Қызметкерлер де ерекше көтеріңкі көңіл күймен жұмыс жасап, ұйым арасында бірлікті жоғары бағалайтын қызметкерлерге артықшылықтар беріліп, жұмысқа да топта жұмыс жасау қабілеті жоғары мамандарды тартады. Осылайша мұндай қызметкерлер өз ұйымының «елшісі»

бола алады. Ұйымның беделін арттырып, сапалы қызмет пен тауар ұсыну дәрежесіне қол жеткізеді.

Көпшілік корпоративті мәдениеттің неге соншалықты маңызды екенін түсіне бермейді. Алайда қазіргі таңдағы жұмыс жағдайларын ескерсек, біз үнемі корпоративтік мәдениетті қалыптастыру, дамыту мәселелеріне назар аударуымыз қажет. Корпоративтік мәдениеттің маңыздылығын бағаламауға болмайды. Тиімді корпоративтік мәдениет табысты жобалар мен ұйым үшін нәтижелі болатын үдерістерді қалыптастыруға мүмкіндіктер береді. Жалпы корпоративті мәдениеттің қалыптасуы өз кезегінде жұмыс жоспарын тиянақты орындауға, алдағы жұмыс жоспарын құруға, рентабельділікті немесе жұмыстың өзін-өзі ақтау дәрежесін арттыруға мол мүмкіндіктер береді. Ең бастысы ұйым жұмысының үздіксіздігін сақтауға жағдайлар жасайды. Сонымен қатар корпоративті мәдениет қызметкерлердің жұмысқа атсалысу дәрежесін арттырады. Әрине қызметкерлердің өз жұмысына тиянақты болуы, жұмысты сапалы орындау, ұсынатын қызмет түрлері мен тауарларды клиенттерге жоғары дәрежеде ұсына алу тараптардың жағымды мәміледе болуының кепілі және қос тараптың да жұмысқа қанағаттану деңгейін арттырады. Сөзсіз мұндай маңызды мәселелердің үнемі назарда болуы өз кезегінде ұйымыңның беделін арттырады және нарықта өз орнын айқындауға мүмкіндіктер жасайды. Сөзсіз ұйым жұмысы бизнес саласымен тығыз байланысты болса, қазіргі заманғы бәсекеге қабілеттілік деген ұғымды толыққанды орындаған болады. Бұл өз кезегінде айқын артықшылық деп айта аламыз. Перспективалы корпоративтік мәдениеттің арқасында серіктестерді, қызметкерлерді де жаңа белестерге жұмылдырып, тиімді орта қалыптастыруға болады.

Жоғары корпоративтік мәдениет жұмыс кеңістігін дұрыс ұйымдастырудың басты кепілі болып табылады. Тұрақты жалақымен қамтамасыз ету, ұйымның беделін үнемі жоғары қою, қызметкерлердің еңбегін бағалау, үнемі жоғары жұмыс ынталандыруын сақтау сияқты корпоративті мәдениеттің маңызды құрамдас бөліктері бар. Зерттеушілер арасында корпоративтік мәдениеттің 4 жалпы түрі бар деген пікір қалыптасқан. Мысалы осы мәселеге қатысты кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізген Роберт Куинн мен Ким Кэмерон корпоративтік мәдениеттің негізгі түрлерін анықтайды:

- Бірлескен жұмыс мәдениеті. Бұл корпоративті мәдениеттің ерекшелігі негізгі сипаты топтық немесе отбасылық мәдениет болып келеді. Корпоративті мәдениеттің бұл түрі ұжымдық жұмыс пен бірлікке баса назар аударады. Қызметкерлер жеке қарым-қатынас, адамгершілік, белсенді жұмысқа араласу және өзара келісім іздеу сияқты құндылықтарға негізгі басымдықтарды береді. Бірлескен корпоративтік мәдениет қызметкерлер, менеджерлер, жоба менеджерлері және жеткізушілер арасындағы өзара әрекеттесуді ынталандыруымен ерекшеленеді.

- Шығармашылық деңгейіндегі корпоративті мәдениет. Мұны кей жағдайда адхократиялық мәдениет деп те атап жатады. Корпоративті

мәдениеттің бұл түрінде кәсіпкерлік рух ынталандырылады. Қызметкерлердің жаңа идеяларды табу еркіндігі мен нәтижелі тәуекелділікке бара алғаны үшін сыйақы алып та отырады. Мұндай мәдениет инновация, жаңаны үйрену және өсу сияқты маңызды қасиеттерді қалыптастырады. Түрлі жобалар мен стартаптар сияқты бастамаларымен танымал.

- Бәсекеге қабілеттілікті арттыратын корпоративті мәдениет. Мұны нарықтық мәдениет деп те атайды. Бұл корпоративті мәдениеттің маңыздысы –нәтижеге жету болып табылады. Бәсекеге қабілетті мәдениеті бар ұйымдағы қызметкерлер табысқа жетуге және жаңаны тануға бағытталған әрекеттерге көп барады. Жаңа жобалар арқылы үнемі қол жеткізген мақсаттарынан асып түсу үшін әрекет етеді. Басшылар да ұйымның алға қойылған жетістіктерге жету үшін қатаң талаптар қоюмен ерекшеленеді.

- Реттеуге бағытталған корпоративті мәдениет. Корпоративтік реттеу мәдениеті бар ұйымдар әдетте иерархиялық құрылымға ие болып келеді. Демек басшыдан бастап, төменгі қызметкерлерге дейін өзіндік атқаратын қызметтері айқындалады. Мұндай жұмыс атмосферасы үшін ережелер мен талаптар, үдерістер маңызды әрі шешуші болып табылады. Қызметкерлер белгіленген ережелерді орындағаны үшін сыйақы алады, ал инновация мен тәуекелдерге бару құпталмайды [2, с. 59-66].

Міне осы сынды маңызды жайттарды біле отырып, біз үнемі ұйымдағы корпоративтік мәдениетті қалай жақсартуға болады деген заңды сұраққа жауап іздеуге талпынуымыз қажет. Мысалы ұйымның менеджері жұмыс орнындағы өзгерістерді жүзеге асыруға қызығушылық танытып отыруы керек. Сол сияқты өзге де қызметкерлер корпоративтік мәдениетті жақсартудың ең жақсы тәсілдерін ұсына алғаны абзал. Солардың бірі әр қызметкер өз құндылықтарын анықтай алуы тиіс. Ең алдымен ұйым басшылығы ұйымның құндылықтарын анықтауға уақыт бөлуі керек. Ол үшін барлық қызметкерлердің өзіндік мақсаттары мен атқаратын жұмысының маңыздылығы анықталып, ол туралы жиі бастама көтеріп тұрғаны абзал. Ұйым басшылығы да өз құндылықтарын дұрыс деп табатын қызметкерлерге артықшылықтар беруі тиіс. Қызметкерлер де ұйымның өз алдына қойған мақсаттарын, стратегиялық саясатын басшылыққа алғаны абзал. Сонда ғана қызметкерлер өздеріне жүктелген жоспар мен атқаратын жұмыстарын жүзеге асырудағы өз рөлін нақты білетін болады. Осы мақсаттарға қол жеткізудің жағымды атмосферасы қалыптасады. Ол өз кезегінде қызметкерлер үшін жаңа бастамаларды қолдарына алуға мүмкіндік береді [3, с. 131].

Кез-келген ұйым өзінің мақсаттары мен стратегиялық бағдарламаларына сай келетін қызметкерлерді жалдауға тырысады. Жұмысқа орналасу кезінде басымдылықтар анықталады. Алдымен осы корпоративті мәдениет дағдылары жоғары болуына мән беріледі. Сондықтан да олардың корпоративті мәдениетінің деңгейін анықтау, сенімді ұсыныстар негізінде сынақ мерзімі беріледі. Жаңа қызметкердің осы саладағы тәжірибесі бар не жоқ екенін, ұйымның корпоративтік мәдениетіне сәйкес келе ме не жоқ па

деген мәселелері анықталады. Егер ұйымның корпоративтік мәдениетіне сәйкес келетін адамдар табылса, олар ұйым тарапынан жеңіл бақылау арқылы жұмыс істеуге және табысқа жетуге ынталы болады. Жаңадан келген әрі тәжірибесі жоқ қызметкерлердің ұйымның корпоративті мәдениетіне сәйкестігін бағалау бірнеше жобалары бар сынақ мерзімі беріліп жатады [4, с. 70].

Ұйымның корпоративті мәдениеті әр қызметкерге өсу мүмкіндіктерін ұсынумен де ерекшеленуі тиіс. Қызметкерлерді қиындықтарды жеңуге және жобаларды орындауға жауапты болуға ынталануы керек. Топтағы жұмыс барысында бастама көтеруге еркіндік пен мүмкіндік беру арқылы оларды жаңа идеялар жасауға және клиенттерге жоғары деңгейлі қызмет көрсету үдерістерін жақсартуға ынталанады. Бейімделу мен икемділікке қабілетті қызметкерлер тағы бір мысал бола алады. Оқытуды ынталандыратын корпоративтік мәдениет ұйымның инновациялық компания мәртебесін арттырады.

Ұйымның корпоративті мәдениеті эмоционалды интеллектті марапаттаумен де ерекшеленеді. Мейірімділік, ыңғайлы қарым-қатынас, белсенді әрекет және мәселелерге жауап беру сияқты дағдылар жеке қасиеттерге жатады. Алайда бұл қасиеттер де корпоративтік мәдениет үшін өте маңызды. Қызметкерлердің тәжірибесіне емес, олардың жеке қасиеттеріне артықшылық берілгені тиімді. Егер тәжірибесі аз, бірақ ұйымның корпоративті мәдениетіне сәйкес келетін қызметкерлер нәтижелі жұмыс жасайды. Ал тәжірибелі, бірақ ұйымның корпоративті мәдениетіне сәйкес келмейтін қызметкерлерге таңдау жасалса, ол топпен тез тіл табысып кетуі қиын болуы мүмкін. Егер ол қажетті қасиеттерге ие болса және әріптестерімен ортақ тіл тапса, онда ол сәттілікке жол ашады.

Ұйымның корпоративті мәдениеті үздіксіз оқуды ынталандыруы да қажет. Қазіргі қарқынды дамуы бар әлемде қызметкерлер мен ұйымдар тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру үшін үздіксіз білім алып, тәжірибе жасап, тәжірибе алмасып, жылдам қызмет көрсетуге дағдылануы тиіс. Корпоративтік мәдениетті қызметкерлерде осы әдеттерді ынталандыру және оларды ұйым ауқымында тарату арқылы жақсартуға болады. Кәсіби мамандар үнемі өсіп келе жатқан және жаңа ұйымдарды таңдайды. Сонымен қатар корпоративті мәдениет технологияға артықшылықтар береді. Қашықтан жұмыс істеу мәдениеті де тәжірибеде қолданыс тапқаны дұрыс [5, с. 96]. Қызметкерлердің өзара әрекеттесуі мен бірлескен жұмысты ұйымдастыру және өнімділікті арттыру үшін қашықтықтан жұмыс жасау технологияларын пайдаланудың маңыздылығы ерекше. Мұндай ынтымақтастық орта қызметкерлердің топпен жұмысты сапалы орындауға, жұмыстың нәтижелігі мен сапасын сақтауға, кез-келген өзгермелі талаптарға жылдам бейімделуге мүмкіндік береді. Ұйым қызметкерлердің мұндай тиімді өзара әрекеттесуді ынталандыруы керек. Сыйластыққа негізделген қарым-қатынас пен ынтымақтастық үшін қолайлы жағдай жасау маңызды. Есте сақтайтын бір

мәселе, асинхронды өзара әрекеттесу мен қашықтан жұмыс істеу өз кезегінде оң ынтымақтастық пен жұмысты сапалы атқаруға септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Селиванова М.В. Развитие мотивации в системе менеджмента качества на основе совершенствования корпоративной культуры. – Диссертация на соискание ученой степени кандидата социологический наук. – Санкт-Петербург, 2016. – 156 с.
2. Рынкевич Н.С., Данилова Т.В. Исследование влияния корпоративной культуры на организационную эффективность // Вестник ПДАБА. – №3. – 2010. – с. 59-66
3. Тху Чанг То. Исследование организационной культуры: методология количественной оценки и анализа // Экономика. – № 2. – 2014. – с. 130-133
4. Николаева Г.Н. Развитие организационной культуры как фактор повышения эффективности управления персоналом // Известия Байкальского государственного университета. – №2. – 2006. – с. 68-70
5. Спивак В. А. Корпоративная культура: теория и практика. – Санкт-Петербург, 2001. – 187 с.

ӘОЖ 7.01:376

БӘСЕКЕЛІККЕ ҚАБІЛЕТТІ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДЕ ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ КАДРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДА ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМНІҢ РӨЛІ

Майра Алим
Аға оқытушы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
alim.maira@mail.ru

Аңдатпа*:* Бәсекелікке қабілетті кәсіби білім беруде өнер және мәдениет саласындағы кадрларды дайындауда әлеуметтік - гуманитарлық білімнің негізгі бағыттары.

Кілтті сөздер: Бәсекелік, қабілет, кәсіби білім, өнер, мәдениет, сала, мамандар, әлекметтік, гуманитарлық, білім, негізгі бағыттар

Аннотация: Основные направления социально-гуманитарного образования в подготовке кадров в области искусства и культуры в конкурентноспособном профессиональном образовании.

Ключевые слова: направления, социальный, гуманитарный, образование, подготовка, кадры, искусство, культура, конкурентноспособность, профессионализм.

Absrtact: The main directions of social and humanitarian education in the training of personnel in the field of art and culture in competitive vocational education.

Key words: directions, social, humanitarian, education, preparation, frames, art, culture, competitiveness, professionalism,

Бәсекелікке қабілетті кәсіби білім беруде өнер және мәдениет саласындағы кадрларды дайындауда әлеуметтік - гуманитарлық білімнің рөлі тақырыбындағы ғылыми жұмысымды бастамас бұрын, алдымен ұлттық бәсекеге ұғымына тоқталғым келіп отыр, бұл тұрғыда УикикипедиЯ келесі ұғымды білдіреді: "ұлттық бәсекеге қабілеттілік - қоғамдық қызметтің барлық салалары бойынша бір елдердің екіншілерінен артықшылықта болуына мүмкіндік беретін факторлардың жиынтығы; мемлекеттің сыртқы күйзелістерге бой бермей, тұрақты қалыпта қалу қабілеттілігі. XX ғасырда ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру көптеген елдердің сыртқы экономикалық саясатында негізгі басымдықтарға, мемлекеттік реттеудегі сыртқы бағдарға айналды. Халықаралық бәсекелестік мәні бойынша әлемдік шаруашылық қатынастар жүйесінде өз орнын алу құралы болып табылады, оған тек ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру арқылы қол жеткізуге болады. Экономикалық жаһанданудың басталуымен бәсекелік қатынастар шын мәнінде ғаламдық сипат алды. Әлемдік шаруашылық жүйе олардың әлемдік экономикалардың жиынтығы ретінде түсініледі."[1]

Яғни, біздің негізгі бағыттарымыздың бірі жастарға әлеуметтік - гуманитарлық білім беру арқылы қоғамдағы қызметтің барлық салалары бойынша ешқандай әлемде болып жатқан өзгерістерге бой бермейтін сауатты қалыпта қабілеттілігі жоғарғы деңгейдегі мамандарды дайындау, осы діттелінген мақсаттарға жету үшін санамыздың, ісімізден озық жүруіне, одан бұрын жаңғырып отыруына мүмкіндік беретін бәсекелікке қабілеттілік бүгінгі күннің талабы. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның барлық салаларында , оның ішінде саясат, экономика, бизнес, білім, ғылым,сонымен қатар өнер мен мәдениет қоғамдық дамудың алдыңғы қатарында тұрған сала деп айта аламыз.

Сонымен қатар жер бетіндегі адамзатқа әлемнің есігі ашылған уақыттан бері миллиондаған жылдарға, мыңдаған ғасырлар тоғысына көз салсақ тілдің, өнердің, мәдениеттің маңыздылығы байқалады. Сондай-ақ, Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА профессоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, өнертану кандидаты, профессор Аман Бекенұлы Құлбаев сипаттаған әлемдегі өресі биік өнерлердің ішіндегі киелі шаңырақ – театр өнерін айтпай кету мүмкін емес, себебі, театр - адамгершілікті, парасаттылықты, ізгілікті, бұқара халыққа жеткізуші өнер ордасы, ал, "өнердің бір ерекшілігі-оның таным күшінде. Танып білуген қызығушылықтан асқан мақсат, соған қол жеткізуден асқан қуаныш болар ма?! Таным-адамның құлшыныс сезімі, құмарлығы. Танып білгенің арқылыайналаңдағы болмысты еркіне бағындырып, өзгелерге ой тастау-өнер мұраты болмақ. Өнердегі таным мен идея үшін күрестің табиғаты өзіндік ерекшеліктерге ие. Суреткер айтпақ ойын бейнелі (образный) түрде жеткізеді. Шығармашылықтың басты шарты-көркем бейне жасау. Сахнагер адам-танып білуге ынтызар, бейнелі ойға жүйрік болуға міндетті. Актердің әлемі - өзі сахналамақ болған кейіпкерінің тіршілік әлемі болмақ. Режиссердің әлемі – астарлы ойы айшықты, бояуы қанық ойы бар, гармониялық үйлесім тапқан қойылымның көркемдік әлемі. «Ең күрделісі-ретсіздік, былық. Өнер-

осы ретсіздікті жеңу»-деп Б.Л.Пастарнак айтқандай былықты ретке келтіру-өнердің, жүйелеу-ғылымның міндеті. Ой тезінен,талғам таразысынан өтпей туындысы дүниеге келмек”[2].

Театртанушы О.Лапин: “ Театр кз келген сабаққа көмекке келеді және оның жасандылыққа қажеттілігі жоқ, тек оның формалық қана емес, әдістемелік мүмкінділігін де тсіну қажет,-деп тұжырымдаған. Театрдың да өнердің өзге салалары секілді өзіне тән ерекшеліктері бар. Ол-әдебиет, музыка, кескіндеме, архитектура, би және кинематографияның мәнерлі амал-тәсілдерін жинақтаған синтездік өнер. Оқушыға театрландырылған іс-әрекет арқылы шығармашылық қабілетін қалыптастыруға білім, бейімділік, қабілет және дағдылар жүйесі ықпал етеді ғылымның міндеті. Ой тезінен,талғам таразысынан өтпей туындысы дүниеге келмек”[3].

Осы мағлұматтарды келтіргендегі мақсатым, ол-нағыз өнер туындысы дарын мен шеберліктің үйлесуінен болатындығын ал, мектеп - шеберліктің негізін қалайды, ұрпақтан - ұрпаққа жалғасқан бірегей дәстүрлер, өмірлік туындалған тәжірибелер арқылы дарынды дамытуға жол ашатындығын атап өту. Шығармашыл бүгінгі жастардың жетістігі, әрине әлеуметтік - гуманитарлық білім берген шебер-оқытушылардың жемісі.

Келесі зерделейтін мәдениет саласы, оның ішінде Жамбыл облысының облыстық халық шығармашылығы орталығы болмақ: ол облыстағы 197 мәдениет үйілері мен клубтардың қызметін зерделеу, талдау, үйлестіру, әуесқой көркемөнерпаздар ұжымдары мен үйірмелеріне әдістемелік-тәжірибелік көмек көрсету жұмыстарын атқарып, сонымен қатар шалғай жатқан елді мекендерде өнерге бейім, тасада қалған тума таланттарды анықтау, таныту, қолдау көрсету мақсатында халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде түрлі конкурстар, фестиваль, айтыс, мүшайра, көрме, тағы басқа да түрлі форматтағы мәдени жобаларды ұйымдастырады.

Бүгінгі күні облыс тұрғындарына мәдени-көпшілік қызмет көрсетіп отырған 197 мәдениет үйлері мен клубтарда 886 үйірмеге 10 897 адам тартылған. Оның ішінде, балаларға арналған 614 үйірмеге 7 832 бала қатысады. Халықтық, үлгілі атағы бар ұжымдар саны 53, оған қатысушылар саны 1647.

Биыл ауылдық клубтарға қосымша 98 штат бірлігі «үйірме жетекшісі» беріліп, 104 маман қабылданды. Нәтижесінде жаңадан 163 үйірме ашылып, 2086 қатысушы қамтылды. Өңірдегі жас таланттарды іздестіру, оларға қолдау көрсету, дарынды жастардың орындаушылық шеберлігінің шыңдалып танылуына мүмкіндік жасау мақсатында дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырылатын «Жаңа Есім» жобасы нәтижесінде шығармашыл жастардың өнер қанаты кеңге жайылып, үлкен сахнаға жол бастап, облыстағы әншілер мен аспапта орындаушылар қатары жаңа жас буын өкілдерімен толықтырылуда. Биылғы жылғы ауқымды жобада өңірлердегі 14 пен 25 жас аралығындағы 500-ге жуық үміткерлер «Вокал», «Би» және «Аспапта орындау» номинациялары бойынша бақтарын сынап, 16 өнерпаз «Жаңа есім

2023» атанды (**5** өнерпаз «Аспапта орындау» номинациясы бойынша; **7** өнерпаз «Вокал» номинациясы бойынша; **4** өнерпаз «Би» номинациясы бойынша). Мәдениет үйі аудан деңгейіндегі ауылдық клуб мекемелерінің ауыл мәдениетінің өсіп өркендеуіне, болашақ ұрпақтың рухани өсуіне, таланттардың танылуына, тұрғындардың бос уақытын тиімді пайдалануына, халық шығармашылығы жанрларының дамуына ықпал ететін орта болып саналады. Осы ретте, өнер баспалдағын шағын үйірмеден бастап жоғарғы шығармашылық деңгейге жеткен өңірдегі барлық көркемөнерпаздар ұжымдары арасында музыкалық-аспапты және вокалды-хор жанрлары бойынша «Халықтық», *(Үлгілі)* атағы бар көркемөнерпаздар ұжымдарының «Өнер көзі – халықта» облыстық фестивалі өтті. Өнер ұжымдарына Ә.Желдібаев бастаған бірқатар өнер және мәдениет саласының өкілдері әділ-қазы болды. Өңірдің өнерлі, шығармашыл ұжымдарын тоғыстырған фестиваль үш күнге созылып, кең ауқымды іс-шараға өңірдің аудандары мен қаладан барлығы 35 ұжым атсалысты. Қатысушылар фестивальге зор жауапкершілікпен қарап, «Өнер көзі – халықта» атты фестиваль өз тақырыбын жан-жақты аша алды. Өлкеміз Жамбыл атында болғаны үлкен мәртебе, зор жауапкершілік. Осы ретте орталықтың ұйымдастырумен абыздың туған күні құрметіне орай дәстүрлі түрде жыл сайын «Жамбыл – менің жай атым, халық – менің шын атым!» республикалық ақындар айтысы өтіп келеді. Биылғы айтыстың нәтижесінде бас жүлдені Жамбылдық Алина Айдаралы иеленді. I орынды Алматы облысынан келген Рүстем Қайыртай жеңіп алса, жүлделі II орынды Батыс Қазақстан облысының намысын қорғаған Жансая Мусина иеленді. III орынға Қызылордалық Нұрмат Мансұров қол жеткізді. Ауылды небір таланттардың түлеп ұшқан алтын бесігі деп білеміз.

Ауыл жағдайы түзелсе, ең алдымен, елдің жағдайы жақсарғаны, ауыл мәдениеті өркен жайса, бүкіл қазақтың мәдениеті шарықтау үстінде деп түсінуге болады. Осыған орай, өнердің ортасына айналып отыруы тиіс қара шаңырақ – ауылдық мәдениет үйлері мен клубтартардың бүгінгі жағдайына мән беріп, ауыл-аймақтардың өнерге деген ықыласын, ұлт мәдениетіне деген ілтипатын байқататын «Ең үздік ауылдық мәдениет үйі-клуб – 2023» облыстық байқауы кестеге сәйкес әр аудандағы ауылдық мәдениет үйлері мен ауылдық клубтарын қамтыды. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, төл тарихымызды таразылап, дәстүрлі дала мәдениетін дәріптеп, мерейін үстем ету мақсатында Жамбыл облысы әкімдігінің қолдауымен «Мәдениет - асыл қазынам» облыс аудандарының мәдениет күндері өтті. Еліміздің өнері мен шығармашылығын жүйелі қалыптастырып, өркендетуде негізгі буын балалардың дарындылықтарын ашуға, дамытуға, олардың арасынан таланттарды іздеуге шын қызығушылық танытсақ мәдениетіміз бен өркениетіміздің болашағы жарқын болары анық. Осы бағытта облысымыздағы мәдениет үйлері мен ауылдық клубтардағы балалар үйірмелеріне қатысушылар қатарының шеберліктерін шыңдап, оларға жан-жақты қолдау көрсету, рухани, адамгершілік және шығармашылық дамуын

қалыптастыру үшін жылы алғаш рет «БалаART» облыстық байқауы ұйымдастырылды. Өнерге деген ықыласы мен қызығушылығы жоғары талантты балалар ұлттық аспаптарда ойнап, әннен шашу шашты. Түрлі ұлт өкілдерінің биімен сахнаны көркемдеп, күмбірлеген күйімен көрермендерді тәнті етті. Өнерге деген ықыласы мен қызығушылығы жоғары талантты балалар ұлттық аспаптарда ойнап, әннен шашу шашты. Түрлі ұлт өкілдерінің биімен сахнаны көркемдеп, күмбірлеген күйімен көрермендерді тәнті етті.

Отандық классикалық музыка әлеміндегі танымал музыканттар мен белгілі әншілердің шығармашылығын насихаттау, жоғары орындаушылық шеберліктерін жергілікті жұртшылыққа дәріптеу. Көрермендердің рухани болмысын классикалық музыканың таңғажайып сырлары мен бояулары арқылы байыту, отандық классикалық музыка әлеміндегі танымал музыканттар мен белгілі әншілердің шығармашылығын насихаттау, жоғары орындаушылық шеберліктерін жергілікті жұртшылыққа дәріптеу бойынша Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Облыстық халық шығармашылығы орталығы «Күзгі әуен» классикалық өнер кешін өткізді.. Кеште әлем операсының алтын дауысы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Майра Мұхамедқызы, опера әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Толқын Забирова, танымал скрипкашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жәмилә Серкебаева, халықаралық конкурстардың лауреаттары Әсел Уашева, Айна Қалмағанбетова, Бахром Муминов сынды өнер шеберлері әлемнің және еліміздің классикалық туындыларын жанды дауыста орындады. Классикалық өнер кешін Шымкент қалалық опера және балет театрының симфониялық оркестрі сүйемелдеді. Өңіріміздің мәдени бірегейлігін сақтау жолында еңбек етіп жүрген мәдениет және өнер саласының қызметкерлерінің басын қосып, тәжірибе алмасу және өңіріміздегі мәдени нысандардың имиджін көтеру бағытында «Рухани қазына 2023» республикалық фестивалінің алғаш рет облыстық кезеңі шеңберінде аудандарда мәдениет үйлері мен клубтардағы әдіскерлер мен клуб меңгерушілеріне қыркүйек айында шеберлік сағаттары өткен болатын. Шеберлік сағатқа 375 қызметкер қатысып, облыстық кезеңге 70-ге жуық үміткер өтінім қалдырды. Облыстық іріктеуге кітапхана, музей, мәдени-демалыс ұйымдары арасынан 17 номинация бойынша сараланып алынған 39 қатысушы бақтарын сынады. Нәтижесінде 14 үміткер республикалық фестивалге номинациялар бойынша жолдама алды. Өнердегі танымал тұлғаларды халыққа кеңінен жеткізу және олардың өнері мен шығармашылығын өскелең ұрпаққа үлгі ету бағыты бойынша «Өнердегі өмірім» интернет бағдарламасы жүзеге асырылуда, бұдан да басқа клуб жұмысының тағы да басқа да көптеген өткізілген жаңа формаларын атап өтуге болады, себебі халық өнір шығармашылығының дамуын білуі тиіс.

Мен неге өткізілген мәдени клуб жұмысының әділ-тәсілдеріне толығырақ тоқталдым, өйткені жастар әлі де жақсы мәдени тыныңу қызметін жіті біле бермейді, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

«Мәдениет және өнер» кафедрасының оқытушысы ретінде жастар арасында кәсіби бағдар бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз, осы мәселелерді зерттеп зерделеудің, оларға берілген әлеуметтік - гуманитарлық білім мен практиканың нәтижесінде біздің түлектеріміз жоғарыдағыдай сапалы мәдени іс-шаралар ұйымдастыруда. Сондай-ақ, өңірдегі халыққа қызмет ететін мәлениет және өнер мекемерінің, оның ішінде облыстық халық шығармашылығы орталығы қазақ, орыс драма театрлары, музей, клуб мекемелеріндегі мамандардың көпшілігі біздің кафедраның түлектері және республика деңгейіндегі түлектеріміз ол басқа тақырып, бұл кафедраның он бес жылдай еңбегінің жемісі. Бүгінгі таңда әлеуметтік-мәдени қызметтің сапасы мәдениет саласы басшылығының назарында, сондықтан кадрларды дайындаудағы әлеуметтік-гуманитарлық білімнің рөлін жұмыс берушілер үнемі бақылауда ұстайды. Кадрлық әлеует оны қалыптастырудың дамып келе жатқан процесіне параллель түрде емес, жүйеде жүзеге асырылуы керек. Бұл ретте ол кадрлық әлеуетін бағалауға жататын белгілі бір функцияларды жүзеге асыратын қызметкерлердің санатын айқындау негізінде қызметкердің тұжырымдамалық, технологиялық құзыреттілігі мен жеке мәдениетінің көрсеткіштері бойынша кезең-кезеңімен өтуі тиіс, сараптамалық жолмен белгіленген белгілі бір үлес салмағын, сондай-ақ құзыреттіліктің барлық түрлерін интегралды бағалауды ескере отырып, қызметкердің тұжырымдамалық және технологиялық құзыреттілігін және оның жеке мәдениетін көрсететін көрсеткіштер жиынтығы негізінде *жұмыс берушілер*:
-кадрлық әлеуетті қалыптастыру жөніндегі міндеттерді шешу үшін кадрлық әлеует туралы дерекқор мен деректер банкін құру абзал секілді;

- кадрларға қажеттілікті орта мерзімді болжау және мамандар даярлау жүйесін енгізу;

- кадрлық қамтамасыз ету мен кадрлық әлеуеттің жыл сайынғы мониторингін қамтамасыз ету;

-оны қалыптастыру жөніндегі ішкі жүйенің ұйымды басқарудың басқа ішкі жүйелерімен өзара іс-қимылы негізінде кадрлық әлеуетті дамытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларын жасау;

-талдау нәтижелері бойынша мәдениет саласы ұйымдары қызметкерлерінің кәсіби өзін-өзі дамытуының жеке траекторияларын әзірлеу және енгізуді

нақты ұсынған жағдайда әлеуметтік - гуманитарлық білімнің негізгі бағыттары да жүйеленеді деген сенімдемін.

Десек те, мәдениет пен өнер - мемлекеттіліктің негіздерінің бірі болғандықтан жоғары деңгейлі адами капиталды қалыптастыруға қызмет етеді, демек ол әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарының біріне айналғандықтан мәдениет пен өнердің қоғам өміріндегі рөліне жаңа көзқарас керек шығар . Сонымен қатар мәдениет және өнер ұжымдарындағы мамандар арасында біліктілікті арттыру бағдарламаларын үнемі іске асыру қажет. Мұндай бағдарламаны әзірлеуге мәдениет, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер ғалымдары, кәсіби мамандар тартылуы тиіс деп ойлаймын.

Тағы бір айтпақ ойым ол: жоғары дамыған шет елдер өздерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін материалдық және зияткерлік ресурстарды күшейтіп, жастар мен белсенді халықты музыкалық және жалпы көркемдік даярлыққа тәрбиелейді. Зерттеу жұмысы бізді таңдалған мәселенің өзектілігіне, сондай-ақ басқа да елдердегі мәдениет пен өнер саласының болашақ мамандарын кәсіби даярлауға қатысты мәселелерді ғылыми тұрғыдан қарау қажеттілігіне сендірді, өйткені шығармашылық адамдар қазақстандық әлеуметтік-гуманитарлық білімнің тағдырына бей-жай қарамайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%B0%D0%BB%D1%82%D1%82%D1%8B%D2%9B_%D0%B1%D3%99%D1%81%D0%B5%D0%BA%D0%B5%D0%B3%D0%B5_%D2%9B%D0%B0%D0%B1%D1%96%D0%BB%D0%B5%D1%82%D1%82%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BA

2. Рахимов Ә.С. Режиссер шеберлігі: оқу құралы/Ә.С.Рахимов.-2-басылым. Алматы:Лантар books, 2022—215 б.

3. Бақтыбаев Ж.Ш. білім берудегі арт-технологиялар: оқу құралы/ Ж.Ш.Бақтыбаев, Ү.Б. Төлешова, Ж.Әбдіқадірқызы.-Алматы: Қазақ университеті, 2023.-98 б.

ЗНАЧИМОСТЬ ПЛАСТИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН В ПОДГОТОВКЕ АКТЕРОВ

Новикова Н.В.

преподаватель кафедры «Сценическая пластика и физическое воспитание» Казахской Национальной академии искусств им. Темирбека Жургенова

Сыдық.Н.С

преподаватель кафедры «Сценическая пластика и физическое воспитание» Казахской Национальной академии искусств им. Темирбека Жургенова

Аннотация. Статья о значимости пластических дисциплин, развивающих пластическую выразительность будущих актеров, о необходимости увеличения времени на данные дисциплины, о внедрении дополнительных физических актерских тренингов. В ней говорится об опыте в зарубежных театральных вузах. Подчеркнута важность обмена опытом, организации мастер-классов, интесивов, повышения квалификации для преподавателей. Говорится о решении назревших

проблем пластической выразительности с помощью упражнений великих театральных педагогов прошлого и современных учителей театрального искусства.

Ключевые слова: актер, пластический театр, психологический жест, физический тренинг, театральное искусство, психология эмоций, выразительное движение

Аннотация. Болашақ актерлердің пластикалық экспрессивтілігін дамытатын пластикалық пәндердің маңыздылығы туралы, осы пәндерге уақытты ұлғайту қажеттілігі туралы және қосымша физикалық актерлік жаттығуларды енгізу туралы мақала.Түйін сөздер: актер, пластикалық театр, психологиялық ым, дене шынықтыру, театр өнері, эмоция психологиясы. Онда шетелдік театр университеттеріндегі тәжірибе туралы айтылады. Тәжірибе алмасу, шеберлік сабақтарын ұйымдастыру, интенсивтендіру, мұғалімдердің біліктілігін арттырудың маңыздылығы айтылды. Өткендегі ұлы театр педагогтары мен қазіргі театр өнері мұғалімдерінің жаттығуларының көмегімен пластикалық экспрессивтіліктің өзекті мәселелерін шешу туралы айтылады.

Тірек сөздер: актер, пластикалық театр, психологиялық ым, дене шынықтыру, театр өнері, эмоция психологиясы, экспрессивті қозғалыс

XIX ғасырдың 70 жылдары бұратана атанған елдерді оқыту мәселесін Халық Ағарту министрлігі қолға алған болатын. Қазан семинариясы Мәскеудегі миссионерлік қоғаммен бірлесе отырып, бұратана халықтарға арнап оқулықтар мен діни-тәрбиелік бағыттағы кітаптарды шығара бастады. Семинария осы қоғаммен бірлесе 210 орыс тілінде және 12 өзге халықтардың басылымдарын көрмеге қойды. Педагогикалық көзқарас бойынша бұл басылымдардың арасынан бұратана халықтарға арналған әліппе мен орыс тілі оқулығы ерекшеленді. Бұратана халықтар оқитын орыс мектептерінде діни-өнегелік тәрбие беру мақсатында осы мазмұндағы кітаптарды шығару мәселесі де жөнге қойылды [2].

Патшалық Ресей үкіметі қазақ халқын отарлау мақсатында Н.Н. Ильминский, А.Е. Алекторов, В.В. Катаринский, Н.П. Остроумов және т.б. миссионерлерді қазақ жеріне жібере отырып жүзеге асыруға тырысты. М. Мырзахметов көрсеткендей, бұл миссионер ғалымдар алдымен қазақ елінің рухани болымысы мен өткендегі тарихи жолын, психологиясын, мінез-құлқын, салт-сана дәстүрінің ерекшелігін, билеу жүйесін, яғни өздеріне қажет буынның ұрымтал тұстарын терең барлап, зерттей, өздерінің миссионерлік саясатының стратегиялық негіздері мен тактикалық әдістерін, мақсаттарын анықтай жүргізді [3;15].

Оқу-ағарту ісінде дін жолына көбірек көңіл бөлінген «қадымдық» (ескілік) жолдан жаңаша бағытта оқытудың қажеттігін насихаттау өріс ала бастады. Бұны Түркістанда өткен мұғалімдер семинариясының жиырма бес жылдық мерекесінде жасаған баяндамасында Н.П. Остроумов айқын дәлелдеп берген еді. Ол: «Русско-государственные задачи - способствовать слиянию киргиз с русскими в один целый политическо-государственный организм»,- деп келтірді

Миссионер Н.И. Ильминский орыс емес ұлттарды орыстандыру саясатын іске асырғандардың бірі болды. Ол орыс емес «бұратана» атанған ұлттарды патша саясатына, дініне тәрбиелеуге құлшыныс жасады. Шығыс халықтарын орыстандыру мақсатында ерекше педагогикалық жүйе жасап, солардың тілінде оқу құралдарын шығарды. Сол арқылы астарлап жеткізе отырып, саналарын улап алуға болатындығын «Станем ли смотреть на инородцев свысока и попирать их понятия как глупость? Чтобы преподаваемые истины глубоко укоренились в сознании простолюдина, надобно войдти в его миросозерцание, принять его понятия за данное и развивать их. Архоически простые и неногосложные понятия шаманствующих инородцев могут быть ассимилированы Христианством, наполниться и освятиться его божественным содержанием», - деп жазғаннан аңғаруға болады [4; 20-21].

XX ғасыр басынан Қазақстанда оқытудың жәдитшілдік бағытта оқыту өріс алды. XIX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген жәдитшілдік терминін «жаңарту» деп ұғыну керек. XX ғасырдың басында жәдитшілдік қозғалыс Қазақстанда – алаш, Әзірбайжанда – мусават, Қырымда – милли-

фирк, Татарстанда – иттифак әл-муслимин деп аталып келсе, ал, Өзбекстанда – жәдидшілдік атауымен дами түскен. Жәдитшілдік қозғалысы Орта Азияны, Қырымды, Еділ бойын қамтыды. Жәдид ағымы мектеп, медреселерде біркелкі оқу жоспарын, бағдарламасын, арифметика, жағрафия, жаратылыстану, тарих және тағы басқа пәндерді енгізе отырып, оқытуды көтерді.

Жәдитшілдік оқыту әдісін қазақ ұлт зиялылары да қолдаған. Жәдид ағымының көшбасшысы ұлт зиялысы, белгілі түрколог-лингвист Ахмет Байтұрсынов болды.

Ұлт зиялыларының бірі Смағұл Сәдуақасов жәдитшілдіктің мәнін 1919 жылы Омбыдағы «Трудовая Сибирь» журналына жариялаған «Нужды аула» деп аталған очеркісінде «дауыстап оқытудың әдісі, діни іліммен қатар дүняуи ғылымдар (арифметика, жағрафия, жаратылыстану және т.б.) пәндері өтеді» деп түсіндіре келе, А. Байтұрсыновтың жазу грамматикасының жарық көруінен қазақтар арасындағы бастауыш білім ісі алға жылжыды деп қорытындылаған [5;8].

Патша үкіметі ағарту саласында аралас мектептер ашу арқылы бұрыннан қолданылып келе жатқан араб жазуын ығыстыра отырып, орыс әліпбиін қолдануды көздеді. Қазақ даласында қазақтар үшін оқытушылар семинариясын, орыс-түземдік мектептерін ашу арқылы ақырындап, төтелік әдіспен оқитын медреселерді жабу, араб графикасымен шығатын кітаптарды тоқтатуды мақсат етті. Бұдан бұрын, яғни 1876 ж. Патша ағзам қазақтар ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб жазуын орыс әліпбиіне алмастыру туралы, 1880 ж. 8 қарашада орыс-түзем мектептерін ашу туралы бұйрықтар қабылдаған болатын. Дегенмен сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты істі сақтықпен жүргізудің қажеттігін сезінді. Оның үстіне 1905 ж. 10 мамыр-3 маусым аралығында өткен Шығыс халықтарын оқыту жөніндегі арнайы кеңес орыс емес халықтардың оқу жүйесін орыстандыру принципін күн тәртібіне қойып, татарлардан басқа түркі халықтарының бәрі де мектепте алғашқы екі жылын өз тілінде, басқасы түгел орыс тілінде оқытылып, оқулықтар орыс әліпбиінде болу керек деген шешім қабылдаған [3;29].

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезінде Қазанда, Уфада, Орынбор сияқты қалалардағы Мұхамедия, Русмания сияқты оқу орындарында діни кітаптармен қатар, дүнияуи пәндер оқытылған. Дегенмен олардың қазақтың ана тілі, қазақ әдебиеті сияқты пәндер болмай, керісінше оқу жүйесі араб, түрік-татар, азын-аулағы орыс тілінде жүргізілді. Түрікшілдік қозғалысының басында тұрған И. Гаспринский «Социальная роль и эволюция ислама в Татарии» деп аталған еңбегінде: «Орыстарды татарлар сияқты бөтенсімейді керісінше орысша білімділікті іздеп мұнысымен ағарту міндетіне бағыттайды. Менің ойымша уақытты босқа жоғалтпай келесі оқу жылынан бастап орыс балаларын да, қырғыз балаларымен қоса оқытатын мүмкіндігінше мұсылмандық діни оқытуды азайтатын мектептер салу керек. Бұл үшін қолайлы орын қырғыздардың қонысында орналасқан орыс қаласы Троицк», - деп жазған болатын [6; 1].

Медреселерде арабша, татарша аралас тілде оқытылуы қазақ жастарына үлкен қиындық туғызды. Мұсылман медреселерінің оқуында араб, парсы тілдерінің де араласып кетуі, көбіне оқулықтарында да осындай түсініксіз, ауыр сөздерге жол берілуі қазақ шәкірттерінің алға жылжуына үлкен тосқауыл болды. «Қазақ» газетінің 2 санында жарияланған «Оренбург, 10 февраль» деген мақалада: «Мұсылман медреселерінде оқығандардың естігені әдеби тілмен жазған кітап, жазғанда да сол кітаптардың тіліне салып еліктеу. Ол әдеби тіл деген қандай тіл? Араб, парсы сөздері көп кіріскен тіл. Неғұрлым араби, парсм сөздері көп қосылса, неғұрлым қара халық түсінуге ауыр, хатта тіпті түсінбейтін болса, соғұрлым әдебилірек болады деп тұтынған жолдан шыққан тіл. Бұл тіл халықтан тумаған, жаны жоқ тіл. Мұсылманша оқығандарымыз әдеби тілмен сөйлейміз, әдеби тілмен жазамыз. Қазақша жазсақ әдеби болмайды деп қазақ тілімен жазуға ұялады, қорынады. Орысша оқығандарымыз қазақ тілімен пікірімізді толық айта алмаймыз, жетпейді, орысша жазғанымыз оңай дейді. Қысқасы, орысша, мұсылманша оқығандарымыз қазақ тілімен жазуға қорынып, біреуі орысша жазады, біреуі әдеби тілмен жазады.

Бұлардың өз тілінен қорынып, жерінетін себебі не? Менің ойлауымша бұл әдеттенуден біреуі орысша оқып, бірі әдеби тілмен оқып қазақша жазу әдетінде болмағандық. Әдетте жоқ нәрсе қалыптан тысқары болып, басында ерсі көрінеді. Қазақ тілімен жазу әдетінде болмаған соң орысша һәм мұсылманша оқығандарымыз қорынады. Бір-біріне жазған хаттарында қазақша жазбайды. Бұлай істеулері ұнамды емес», - дей отырып, «бала сегіз-тоғыз жасынан оқуға түсіп, басқа тілде оқыса, оқитын кітабы да басқа тілде болса, жазғанда да сол кітаптардан үлгі алып жазса, олар қайдан қазақша жазуға әдеттенер» деген қорқыныштың барлығын да жасырмайды. Қазақ жастарын ана тілінде оқытпай, карттарымыз оларға демеу көрсетпесе, онда қазақ тілінің тағдыры қандай боларлығына күмәнданады [7].

1907 жылдың мамыр айынан бастап Ресейдің түрлі қалаларында Қазанда, Петропавлда, Ташкентте, Тблисиде мұғалімдер съезі өткізіле бастады. Қазанда тамызда өткен жалпыресейлік мұсылман мұғалімдерінің мамыр съезінде шығарылған барлық бағдарламалар қарастырылып, мұсылман мектептеріне ортақ бағдарлама жасау және мұсылман мұғалімдері одағын құру жөнінде шешім қабылданған еді. Осы съездің нәтижесінде мұсылман ағартушылық қоғамдары құрылып, мектеп, медресенің оқыту бағдарламаларын, сонымен қатар оқу құралдары мәселесін шығару қажеттігіне қатысты іс-шараларды жүргізе бастады.

XX ғасырдың басында қазақ және башқұрт балалары оқитын мектеп-медреселерге арналған оқулықтар шығару ісі қолға алынды. Татар ғалымы А.Ғ. Каримуллиннің көрсетуінше, Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген 509 қазақ тіліндегі кітаптардың 45-і мектеп, медреселерге арналған оқулық, оқу құралдары, хрестоматиялар болған [9; 206].

Жәдидтік қозғалыстың басты алға қойған негізі діни іліммен қатар, заман талабына сай дүняуи ғалымдардың математика, жағрафия, тарих және т.б. пәндерді оқыту, өсіп келе жатқан жас буынға тәрбие бере отырып, ұлтжандылыққа баулу болғандықтан, осыған сай ұлттық оқу құралдарын шығару маңызды болды. Қазақ жерінде ескі қадымшылдықтан жәдидшілдік жолға түскен медреселерінде бастапқы кезде татар тілімен аралас жазылған оқулықтар оқылды. 1905 жылы Қазанның И.Н. Харитонов атындағы баспаханада екінші сынып шәкірттеріне арналып «Ғақаид» деген атпен оқулық басылып шықты. Бұл кітап медресенің екінші сынып шәкірттеріне арналып, діни мазмұнда болды. Оқулық бес мәселені қарастыруға тырысты. Бірінші ислам дініне тоқталса, екінші таһаратты (тазару) қалай алу, үшіншісінде намаз оқу барысы, ал, төртінші жамағат, соңы бесіншіде рузе закат ушун мәселесіне арналды. Көріп отырғанымыздай, бұл оқулық қадімшілдік бағытта болып, медресе оқушыларын дін мен діннің парыздарын үйретуге арналды. Оқулық 1905 жылы 6 маусымдағы цензура рұқсатымен басылды [10].

1906 жылы Орынбордағы оқу округі комиссиясының құрметті мүшесі Н.А. Бобровниковтың жәрдемдесуімен қазақ, башқұрт мектептеріне арналып оқулықтар жазу қолға алынды. Қазақ балаларына арналған оқулықтар Орынбор оқу округінің қазақ мектептерінің өлкелік инспекторы, Аударма бөлімінің мүшесі А.В. Васильевтің басшылығымен және тікелей бақылауымен дайындала бастады. В.В. Катаринскийдің «Қырғыз (қазақ) грамматикасының» 2 басылымы, Ы Алтынсарин хрестоманиясының 2 басылымы, қазақ-орыс сөздігінің 3-басылымы басылып шығарылса, ал мұғалім Жүрсіновтің орыстың етістік қосымшалары, қазақ әліппесі баспаға әзірленген [11;9].

Қазақ тілінде ағартушылық бағыттағы алғашқы оқулықтар жөнінде жазған Г. Смағұлова 1905-1907 жылғы революциядан кейін саяси өрлеу кезеңінен «әдеби тасқын» туындағандығын, педагогтық тақырыптарда жазатын жазушылар қатарының көбейгендігін айта келе, олардың қатарынан Мақаш Қалтаев, Тайыр Жомарбаев, Байбатыр Ержанұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Байбатыр Ержанұлы, Закария Ерғалиұлы, Әкрам Ғалымов сияқты авторларды атайды.

Мектептерге арнап Мақаш Қалтаевтың «Насихат Қазақия», «Бар уақиға», «Тура жол», Тайыр Жомарбаевтың «Балаларға жеміс», Байбатыр Ержанұлының «Оқуға махаббат», Закария Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі», Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Сарыарқаның кімдігі екендігі», «Хал ахуал», А. Жандыбаевтың «Жас ғұмырым», Әкрам Ғалымовтың «Жастық жемістері», Кенжеғали Абдоллаұлының Сырғалиннің «Қазақтың қамы», «Қазақ балаларына жәрдем» сияқты және тағы басқа кітаптар жарық көрген [12; 14]. Осы кітаптардың көпшілігі діни мазмұнда болғанымен де тәрбиелік маңызы зор болды. Мәселен, Мақаш Қалтаевтың 1912 жылы «Тура жол» деп аталатын кітабының мазмұны діни сарындас болғанымен де баланы жасынан оқуға тарту қажеттігі жөнінде педагогикалық пікір айтылған еді. Ал, Байбатыр

Ержанұлының «Оқуға махаббат» кітабы да баланы оқуға талаптандыру, білімге деген сүйіспеншілігін молайту қажеттігіне үндеді.

Алғашқы сауат ашуға арналған әліппе оқу құралы дыбыстық жүйеге негізделмей, әр сөзді ежелеп, жазылу түріне байланыстыра оқыту негізінде жасалынды. Оқытудың аса тиімді жолын іздестіру барысында сөз арқылы емес, сурет пайдалана, балаларды көрген заттарымен байланыстыра сөйлем құрастыру негізінде жаттықтыру жүйесі қалыптасты.

Кейбір педагогтық бағыттағы оқулықтардың тілі татар сөздерімен аралас шығарылды. М. Нұрбаевтың 1910 жылы Уфада жарық көрген «Әліппе» оқулығы осындай аралас тілде, яғни қазақ пен татар сөздерімен қоса қолданыла жазылды. Оның әліппесі әріп-дыбыс әдісіне негізделе құрастырылды. Оқулықтың кіріспе бөлімінде: «Біз замандарда отандастарымыз болғай ноғай ағайындар жеңіл жолмен балалар үшін өз тілдерінде әліппе кітаптарын тарту қылып, балаларын оқытып, күнбе-күн пайдаланып, бір адым болса да ілгері аяқ басып жатыр», - деп, бұл оқу құралы өмірдің қажеттігінен туындап отырғандығын келтірген [13; 3]. Автор әліппе құралын жасауда екі шартты ұстанды: оның біріншісі, оқытудың жол-жобасы болса, екіншісі, мұғалімге әдістемелік кеңес беру. Әліппедегі әріптерді үйретуде ұстаздың балалардың тиянақты түрде білім алуы үшін ұйымдастыру әдісіне көп көңіл бөлу қажеттігін үндеген. Әрбір әріпті үйретуге бағытталған 42 дәріс арнайы жаттығулармен берілген.

Дегенмен оқу құралында діни сарынның басым екендігін де атап өтуіміз керек. Әрине бұл сол кездегі өмір талабына бағына жазылғаны белгілі. Ақыл-есі енді қалыптасып келе жатқан балаға жаман мен жақсының, зұлымдық пен адамгершіліктің айырмашылығын, ата-анаға, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, оларды құрметтей білу барысын түсіндіру барысында дін ілімі негізінде түсіндіруге тырысқан. Ол оқушы мен ұстаз-мұғалім дегенді ажырата түсіндірді [13; 28-29].

1910 жылы Қазан қаласындағы «Өрнек» баспасынан басылып шыққан Закария Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі» де оқу-ағартуды уағыздауға арналған. Ол қазақ балаларының білім алып, үлкен құрметтен көрінуін үндеген, ғылымға шақырған. «Ғылымсыз кісі – соқыр кісі» деп, сол кездегі оқу жүйесін сынға алып, жаңаша оқытуды насихаттаған.

Қазақ балаларына арнап осындай алғашқы әліппелердің жасалуы елдегі педагогикалық ой-пікірлердің дами түсуіне, алда жасалатын қазақ оқулықтарына қойылатын талаптардың күшеюіне алып келді.

Әліппе оқулықтарының жарық көруі оқу-ағарту саласына жаңа серпіліс әкелді. Қазақ оқығандары арасынан білім-ғылым саласына қарай ұмтылушылардың қатары көбейе түсті. Әліппе оқулықтарына қосымша ретінде хрестоматия мазмұндас, педагогикалық мәні бар, оқу құралдары да жарық көре бастады. Бұл оқулықтардың да негізгі мақсаты – өскелең қазақ балаларын мағынасыз, мәнсіз өмір сүрмей, жаңа өмірге қарай жетелеу, олардың бойында болашаққа аса қажетті нышандарды ұялату еді.

1907-1915 жж. Хрестоматиялық бірнеше оқулықтар жарық көрген. Олардың қатарынан А. Жандыбаевтың «Жас ғұмырым», А. Мамытұлының «Әрбият», С. Көбеевтің «Үлгілі тәржімә», К. Серғалиннің «Өнеге яки намуна», М. Қалтайұлының «Сақ уа Сұқ халдері», М. Кәшімовтің «Үгіт», «Әдеп» және тағы басқа қазақ оқығандарының кітаптарын жатқызуға болады.

А. Жандыбаев XX ғасыр басындағы заман өзгерістерін көре білді. Уақытты оздырып алмай, жастарды оқу арқылы заман талабымен ілестіріп жіберуді жөн санады.

Сонымен қатар барлық еңбектерінде тәрбиелік жолды насихаттап, баланы тәрбиелеудің бірден-бір жолы оқу, білім екендігін міндеттейді.

1910 жылы Спандияр Көбеевтің мектеп оқушыларына арналған «Үлгілі тәржімә» кітабы жарық көрді. Кітапқа Крыловтан аударған 37 өлеңдер енгізіліп, аудармалары халыққа үлгі боларлық, ғибрат етерлік тәп-тәуір үлгілі сөздер деп есептеді. «Үлгілі тәржімә» Крыловтың «Разборчивая невеста» деген мысалымен ашылды. Оны «Күйеу таңдаған сұлу қыз» деп аударған. Ғалым С. Қирабаевтың жазуынша, С. Көбеев Крыловтың мәтінін жолма-жол дәл аудармаған. Дегенмен сол өлеңнің түпкі ойын жеткізуге тырысқан [14;56].

С. Көбеевтің құрастырған екінші қазақша кітабы «Үлгілі бала» деп аталады.

Кітап негізінен С. Көбеевтің педагогикалық еңбектерінің қатарына жатады. С. Қирабаевтың көрсетуінше, кітаптың ішіне енген орыс классиктерінен алынған балаларға арналған шағын әңгімелер Л. Толстойдың «Азбукасы» мен К.Ушинскийдің «Детский мир и хрестоматия» «Родное слово» атты кітаптарынан алынса керек. Осы хрестоматиялық оқулыққа 100 атау кіргізілген. Олардың бірсыпырасы табиғат, география, өсімдік, жан-жануарлар туралы балаларға алғашқы мағлұмат беретін қысқаша материалдар [14;82]. Нақтылай көрсетсек, С. Көбеев бұл кітабында балаларға табиғаттағы бар дүниемен танысуын қалайды. Ол үй хайуандарын, қыр хайуандарын және басқа өзен-суда, құрлықта мекендейтін жәндіктерді енгізе отырып, оқушыларды жануарлар дүниесімен таныстырады.

Жалпы С. Көбеев бұл хрестоматиясын құрастыру барысында негізінен орыс педагогтарының оқу құралдарына көбірек сүйенген. Оның ішінде педагог К.Д. Ушинскийдің оқыту принципін негізге алып, тіпті кейбір шағын әңгімелерді соның әңгімелеріне ұқсас қылып та берген. Оны ғалым С. Қирабаев жоғарыдағы кітабында нақты түрде талдап берген.

Спандияр Көбеевтің бұл оқу құралының маңызы аса зор. Себебі, онда берілген әр өлең, әнгіменің үлкен тәрбиелік мәні бар. Мәселен, кітапта келтірілген 5 шумақтан тұртын «Жетім» деген өлеңінде әке-шешесінен жетім қалған баланың аянышты тағдырын суреттеген. Жазушы С. Мұқанов осы өлең жайында: «Маған, әсіресе, Көбеев жолдастың «Жетім» деген өлеңі ұнады, мұнда бай үстемдігі жүріп тұрған ескі ауылдағы панасыз жетімнің хал-жайы анық суреттелген», - дейді [14;82].

Кітапта келтірілген «Шал мен бала», «Ақымақ теке», «Өсиет», «Түлкі мен тырна» және тағы басқа қысқа әңгімелерінің де астарлы маңызы бар. Бұл әңгімелер жастарды еңбек етуге, адамгершілікті болуға, шыншылдыққа, достыққа берік болуға үйретеді. Мәселен, «Өсиет» деген әңгіме арқылы ол балаға ерте тұрып еңбектенсе ішкен астың тәтті болатындығын көрсетеді. С. Көбеев осы кітаптары арқылы өзі білікті педагог екендігін білдірді. Дегенмен оның педагогикалық қызметі мен педагогика мәселелеріне арналған еңбектері әлі де ғылыми тұрғыда болса да нақты өз бағасын алған жоқ.

1910 жылдың соңына қарай қазақ оқымыстыларының арасында мектептер үшін өз әдеби тілін құруға ұмтылды. Уфадағы «Хусейние» медресесінің шәкірттері қырғыз (қазақ- *С.С.*) тілін оқыту қоғамын құрып, қазақ тілінде қазақ халқының ауызша әдеби ескерткіштерін жариялау, қазақ тілінде мектептер үшін оқулықтар шығару, болашақта қазақ тілінде газет шығаруға жәрдемдесуді мақсат етті. Уфадағы «Ғалия» медресесінің қазақ шәкірттері және Мұхамедораз Нұрбаев пен Мұстақым Малдыбаев «Әліппе» жазуды бастап, оқу мен оқытудың жаңаша жәдидшілдік бағытына қолдау көрсетті.

1911 жылы М. Малдыбаевтың Семейде «Жәрдем» баспасынан «Оқулық» атты кітабы жарық көреді. Қазақ балалары оқулыққа зәру кезеңде жарық көрген бұл оқулық көп адамның білім алуына жетекші құрал болғаны анық.

Мұстақым Уфадағы «Ғалия» медресесін аяқтағаннан кейін мұғалімдік қызметін бастап, бала оқытып, мол тәжірибе жинақтады. 1910-1911 жылдары Жетісудағы Мамания мектебінде әрі оқытушы, әрі директор болып қызмет атқара жүріп, дәріс берудің жаңа жолдарын іздестіре бастады. Мектепте оқытылып жатқан оқулықтардың қазақ оқушыларына лайықты ма, соны анықтап, балаларға ұғынықты әрі жеңіл түрде оқытылатын оқулықтың қажеттігін аңғарады. Сөйтіп, қазақ мектеп, медресесіндегі оқыту жүйесін жақсартуда, сапалы білім беруде қандай әдіс-тәсіл қолдану керектігі жолында көп ізденістер жасап, төте жолмен оқытудың тиімділігін дәлелдеп, нәтижесінде осы жолмен оқытатын қазақша оқулық жазуға кірісті [15; 210]. М. Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппе (төте жазу)» атты оқулық кітабы 1912 ж. Уфада басылды. Бұл оқулық 31 беттен тұрып, автор кіріспе сөзінде жас балаларды оқытудың негізгі бағыттарын нақтылап берді. Біріншіден, дәрісті бастамай тұрып ұстаз оқушыларды тәртіпке шақыра отырып, олардың назарын өзіне қаратуды қолға алу қажеттігін, екіншіден, баланы жазу мен оқытудың әдістемесін меңгеруі шарт екендігін көрсетті

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ графикасын жасауды, қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын

«Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Жалпы, Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Мұндай оқулықтар қазақ үшін аса қажет еді. Қайраткердің «Оқу құралының құндылығы сонда ол араб таңбаларын қазақ тілінің дыбыс жүйесіне икемдеп, 24 таңбадан тұратын жаңа жазу үлгісін жасап шығарып, қазақша жазу-оқуды оңайлатты. Бұл жазуды қолдаған мақалалар, шынымен де оңайлығына, тіл сапалығына көз жеткізіп, қолдау таба бастайды.

А. Байтұрсыновтың жасаған жазу тәртібіндегі тұңғыш реформасы кең тараған «татаризмге» тосқауыл болып, тарихымызға мәлім ұлттық тілдегі «төте жазу» іс жүзінде қолданыла бастады. Оның мақсаты жазуды үйретудің оңай жағын қарастыруы еді. А. Байтұрсыновтың қазақ алфавитін жасауы қалың қазақты патша миссионерлері ықпалынан құтқарды. Ол қазақ тіліндегі барлық дыбыс үндестіктерін сақтай отырып, қазақ тілінің синтаксисі мен этимологиясы жасалды. Араб әрібінде қазақ тілінде мүлде қолданылмайтын он екі әріпін алып тастап, жазу емлесіндегі қиыншылықтарды жойды. Міне, сондықтан оның әліппесін ұлт зиялысы Т. Шонанұлы: «...Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің мәдени өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына мүмкіндік туғызды. Жаңа алфавит әлемдік мәдениетпен араласа түсу жолын жеңілдете түсті. Жаңа алфавит халық мектептерінің өркендеуі жолында алып адым жасағаны анық. Ахметтің жаңа оқулықтары жаңа әдістермен, қазақ өміріндегі жағдайға ғана ойластырып қойылмаған, сонымен бірге ең соңғы жаңа методика мен дидактика әдістері тұрғысынан жазылған», - деп бағалады [16; 241-242]. А. Байтұрсынов қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі – емлені жасау, қазақша сауат ашатын «әліппе жазу», ана тілін танып оқитын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету сияқты шараларды жүзеге асыруда көп еңбектенді. Оның «Оқу құралы» біріншіден, баланың танымдық қабілетін оятыс, екіншіден, сөздік қорлдарын дамытуға көмектесті. А. Байтұрсыновтай қазақ балаларын оқытуға арнап шығарылған оқылықтардың да басты мақсаты қазақ жастарын білімге, ғылымға деген құштарлықтарын арттыру болды. Оның оқу құралы жазу барысында ұлтымызға жат нышандарды енгізбеуге, тәрбиелік мәні зор мәселелерді көтеруге тырысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихынан (Ежелгі дәуірден 1917 жылға дейін). – Алматы: Санат, 1999. – 192 б.

2. ТР ҰМ. 93-қ. 1-т. 712-іс. 85, 154-пп.

3. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра-

Қазақстан, 1993. – 128 б.

4. Ильминский Н.И. Избанные места из педагогических сочинений днях его жизни. – Казан, Типография Императорского Университета, 1892. –136 с.

5. Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Алаш, 2003. – 2-том - 360 б.

6. Гаспринский И. Социальная роль и эволюция ислама в Татарии. - Казань, Татарское книжное издательство, 1979. – 180 с.

7. «Қазақ» газеті. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.К. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 480 б.

8. Жораева Г. Садри Мақсуди және түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысы // Отан тарихы. – 2005. – №3.

9. Кәримуллин Ә.Г. Безнең кардәшлек: Мәкаләләр. – Казан: Татар. кит. нәшр., 2005. – 335 б.

10. Ғақаид. Ибтидай мектептерінің екінші сынып шәкірттері үшін (ғибадат исламиенің) бірінші жазидтары. – Казанъ: Лито-типография И.Н. Харитонова, 1905. – 25 с.

11. Отчет Переводческой комиссии (Братства Св. Гурия) за 1906 год. –Казань, 1907.

12. Смағұлова Г. Алғашқы оқулықтар. –Алматы: Мектеп баспасы, 1976. – 60 б.

13. Нұрбаев М. Әліппе. – Уфа, 1910

14. Қирабаев С. Спандияр Көбеев. Өмірі мен жазушылық қызметі. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. – 160 б.

15. Смагулова С. Қайраткер Мұстақым Малдыбаевтың мақалалары мен оқулықтары // Көрнекті мемлекет қайраткері Д.А. Қонаевтың 100 жылдығына арналған «Нұрпейіс оқулары» аясындағы «тарих және тарихи тұлғалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2012. - 301 б.

16. Телжан Шонанұлы мұралары (шығармалары, зерттеулер және мақалалар). – Алматы: Ел шежіре, 2007. – 368 б.

ӘРЕКЕТТІҢ ӨЛШЕМ МЕН ЫРҒАҒЫ

Айтжанов М.А.

Аға оқытушы, Түркістан қаласы,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жұмабек А.А.

«Орындаушылық өнер» кафедрасы, Актерлік өнер білім беру бағдарламасының 3 курс студенті,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Резюме. В данной статье расматриваются идеологическое содержание книг, опубликованных на казахском языке в 1900-1917 годы в Российской империи и их соответствующая общественная значимость. Исследуется проблемы просветительства и воспитания молодого поколения. А также разносторонне

рассмотрены области просвещения, искусства и литературы на основе казахских книг.

Ключевые слова: Просвещение, школа, воспитание, история, религия, книга, национальное сознание.

Summary. In research work the ideological contents of the books published in the Kazakh language in 1900-1917 in the Russian Empire and their corresponding public importance are analyzed. It is investigated problems of enlightenment and education of young generation. Areas of education, art and literature on the basis of the Kazakh books are versatile considered;

Keywords: Education, school, education, history, religion, books, national

Резюме. В статье темпо-ритм представляется как исполнение движений, осуществляющих действие на ограниченном пространстве, с установленной скоростью и за определенное время. Поскольку в каждом драматическом произведении происходят столкновения характеров и интересов (конфликты), у актеров возникают активные изменения как в темпо-ритме психической деятельности, так и во внешнем поведении. Упражнение в правильном темпо-ритме обеспечивает верное общение с партнерами, а это помогает созданию сценического ансамбля.

Ключевые слова: актер, темпо-ритм, действие, сцена, упражнение.

Summary. The article temporitme simplest physical action is represented as execution of movements engaged in the action in a limited space, at a specified rate and for a specific time. As in every dramatic work clashes characters and interests (conflicts), the actors appear active changes in the tempo-rhythm of mental activity, as well as in the external behavior. Exercise in the right tempo-rhythm ensures correct communication with partners, and it helps to create a theatrical ensemble.

Keywords: actor, tempo, action, scene, exercise.

Студенттің этюдпен, үзіндімен, спектакльмен жұмыс істеуіне ұсынылған жағдай негіз бола алады. Ол әрекет етуші мен оның алдына қойған мақсатының ара қатынасын анықтайды. Пьесада болып жатқан оқиғаға жасалынған түбегейлі талдау белсенді іс-әрекетке апарады. Оқытушы мен студенттің, режиссер мен актердің ойлап тапқан түпкі ойлары дәл табылған физикалық қимыл-қозғалыс пен сөздің өлшем-ырғағында айқындалады.

"...Ол-өтіп жатқан әрекеттің қызу қарқыны мен ыстық ырғақты иірімдерін ретке салып, уақыт пен кеңістік үйлесімін кесіп-пішіп белгілейтін процесс... Өлшем-адамның мінез-құлқының жиі-жиі өзгеріп отыруына байланысты оның көңіл-күйінің де өзгеруін сезімдік тұрғыдан бақылап, бағдарлайтын психологиялық процес. Сахна кейіпкерінің ішкі тебіренісін, тірлік-тынысын, жүрек лүпілін, тамыр-соғысын безбендейтін әрі күрделі, әрі нәзік құбылыс. Демек, "өлшем" дейтін терминөтіп жатқан оқиға мен әрекеттің тынысы мен ырғағын айқындайтын көңіл күй таразысы "[1,290].

Кейіпкердің мінез-құлқын, көңіл-күйі мен әрекетін, оқиғаның уақыты мен кеңістігін мөлшерлеу үшін К.С.Станиславский музыка саласының өлшем-ырғақ терминін пайдаланған. Бұл өлшем-ырғақ драматургтің, режиссердің, оқытушының, актердің немесе студенттің алдына қойған негізгі мақсатына

бағынуы тиіс. Сахнада қозғалыс үстінде кейіпкердің әрекеті-баяу, жай, сылбыр, орташа, ширақ, жылдам өлшемде жасалынады десек, ал "Ырғақ -шапшаңдық немесе баяулық. Ырғақ әрекетті ұзартып не болмаса қысқарта алатын болса, тілді де шапшаңдатып немесе баяулата алады. Өйткені, әрекеттің атқарылуы мен сөйленетін сөзге уақыт кетеді. Ырғақты шапшаңдату деген сөз- аз уақыт жұмсап, тез қимылдап, тез сөйлеу деген сөз. Ал, ырғақты баяулату деген сөз-әрекет пен сөзге көп уақыт жұмсап, баяу қимылдап жәй сөйлеу деген сөз"[1,290]. Студенттердің шығармашылық ізденісін, қиялын, белсенді бейімделуге қабілеттілігін арттыру үшін әрекеттен өлшем-ырғаққа емес, керісінше өлшем-ырғақтан әрекетке ауыстырамыз. Ал К.С.Станиславский: "Біз белгілі бір өлшем-ырғақ бойынша өзімізше ой ойлаймыз, армандаймыз, жасып жабырқаймыз, өйткені тіршілік тоқтап қалмайды. Ал тіршілік бар жерде-әрекет бар,әрекет бар жерде қимыл бар десек, қимыл бар жерде ырғақ та болады, ырғақ болса-өлшем де болады"[2,152].

Сахнадағы "ұсынылған тосын жағдайдың" "өлшем-ырғақ"процесінде алатын маңызы зор. Себебі ол "өлшем-ырғақ" тууына сондай-ақ өзгеріп отыруына тікелей әсер етеді. Мысалы:

1-жаттығу

Әр түрлі өлшем-ырғақта:

а) отыру;

ә) сахнада тұру;

б) жоғалтқан затыңды іздеу;

в) қоршаған объектілерді көру;

г) тыңдау;

д) ойлану;

е) еске түсіру;

з) серіктеспен ара қатынаста болу;

ж) серіктесіне өзінің ішкі көру сәтіңді бере білу;

с) әр түрлі іс-әрекетті көзге көрінбейтін заттар арқылы жасау;

т) киіну;

л) шешіну;

м) үстел дайындау;

н) хат жазу.

2-жаттығу

Әр түрлі өлшем-ырғақта:

а) сахнада өмір сүре білу;

ә) жүру;

б) тұру;

в) бұрылып кету;

г) амандасу;

д) отыру;

е) бір затты алу;

г) киіміңді жөндеу.

Осы жасалған әрекеттер арқылы ішкі сезімдерді білу және түйсіну.

3-жаттығу"Киіну"

Алғашқы үйренген сәтке дейін ол жәй өлшемде, сонан соң оны өмірдегідей қалыпты жағдайға келтіру. Мысалы: мен мектепке бару үшін киініп жатырмын. Жеткілікті бос уақытты пайдалана отырып осы берілген әрекетті шектелген уақытқа жасау. Мен ұйықтап қалдым:

а) жұмыстан не сабақтан қалып қоюым мүмкін;

ә) ыстық үйде киіну.

Өлшем-ырғақтың баяу, бәсең, жәй, ақырын түрін ұсыну:

а) мен өзімнің демалыс күнімде киініп жатырмын. Маған ешқайда асығудың қажеті жоқ;

ә) ұзаққа созылған аурудан соң бірінші рет киініп отырмын.

б) қатты мас сәтімде.

Алдыңғы жаттығуларды меңгере отырып, ендігі жасалынатын әрекеттердің жылдамдығын әр түрлі сәтке белгілеуге болады. Ең жәй әрекеттен ең жоғарғы әрекетке дейін. Ол әрекеттерді метроном арқылы есептеуге болады. Өлшемді белгілеу үшін әр түрлі музыкалық терминологияларды пайдалануға болады. Әр түрлі музыкалық ұзақтықты анықтайтын бірліктерді аталық: largo//, lento//, modehato//, andante//,allerho, phesto, т.б. Сахнада сөзді пайдалану сәтінде актер өлшем-ырғақты дауысты, дауыссыз дыбыстар, буын, кідірістер арқылы анықтайды.

4-жаттығу

Бұл жаттығу студентті бір өлшемнен екінші өлшемге өтуге үйретеді. Бұл музыка тілінде крещендо және демуэндо деп аталады. Алдыңғы жаттығудағы киініп шешуді алайық:

а) алғашқыда асықпай киінуге болады, егерде уақытты жеткілікті деп есептесек. Ал егерде киініп жатқан уақытты анықтап отырған сағат тоқтап қалған деп кедергі туындатсақ, онда ол студентті асығуға мәжбүрлейді. Оның енді тезірек өлшемде әрекетке өтуіне тура келеді. Алайда ол өзінің қалып қойғанына көзін жеткізіп, асығудың пайдасыз екенін біліп, алғашқы өлшемдегі әрекетке қайтып оралады.

5-жаттығу

Актерді өлшем-ырғақты сезінуге тәрбиелеу үшін К.С.Станиславский екі немесе бірнеше өлшем - ырғақта әрекет етуі керектігіне баса көңіл бөледі. Бұл адамның сыртқы мінез-құлқы мен ішкі көңіл күйі сәйкес келмеген жағдайда пайда болады. Айталық:

а) адам ауыр хабардан езіліп, жаншылып жүрсе, бірақ оны сырт көзден жасырғысы кеп, көңілді не ширақ жүргісі келеді;

ә)керісінше, адам қуаныштан жүрегі жарылып билегісі кеп жүрсе, бірақ бір себептермен немқұрайлы, селқос қалуға мәжбүр.

Біз алдыңғы жаттығулардағы "өлшем -ырғақтай " берілген тосын жағдайға бармай, енді берілген ырғақтан сол ұсынылған тосын жағдайды ақтауға тырысайық:

5-жаттығу

Айталық, аллегро өлшемін бір метрономмен белгілейік. Ол қыздың көңіл-күйінің көтеріңкілігін ақтауы тиіс, себебі алдағы кездесуге байланысты.

6-жаттығу

Жай өлшем-ленто, екінші метроном белгілейік. Ата-анасын қырағылығын басу үшін өте салмақты, шыдамды мінез-құлық көрсетуге тырысады. Бір қалыпты өлшем-үшінші метроном өлшемі. Сол берілген жағдайды (іс тігу, үтік басу, үй жинау т.с.) Күнделікті әдетпен автоматты, дағдыланған түрде өткеру.

7-жаттығу

Көпшілік сахнасындағы "өлшем-ырғақтан" үйлесімділігі оны ерекше байыта түседі, атмосферада тірі өмір туғызады, сол кездегі сахнадағы көпшіліктің ырғақты, біркелкілігі, көпшілік мінез-құлқы. Сахналық шарттылыққа не бір схемаға алып келеді. Күнделікті өмірде көптеген адам болған оқиғаны бір мезгілде бір келкі, бірдей қабылдамайды.

а) егер ол оқиғаға қатысушы бір топ өзін үрейлі қалыпта, шиеленіскен ырғақта, дүрлігу сәтке жақын ұстаса;

ә) ал келесі топ жәй төмендетілген "өлшем-ырғақта" яғни, қозғалыссыз күйді, немқұрайлылықты білдірсе;

б) ал басқа топ келесі топты сынап, мінеп, оларды көзге шұқып сахнадағы әрекетті шиеленістіре түссе.

К.С.Станиславский ритмиканың алғашқы сабақтарынан бастап-ақ олар музыканың ырғағымен жүріп қана қоймай, оның мазмұнын және өз әрекетін ақтай білулерін талап етті. Қарапайым өлшем әрекетінің ауысуы, мысалы, жәй жүрістен бүтін нотаға, мысалы, мен жайбарақат бульварда қыдырып жүрмін. Жылдамдатылған қимыл-қозғалысқа ауыстым, себебі танысымды байқап қалдым, оны қуып жетуге тырыстым, оның жолын бөгемек болып 4-тік нотаға немесе 8-дік нотаға ауыстым. Музыка өлшемді ғана білдіріп қоймайды, әрекеттің мінез-құлқын да білдіреді.

Сабақтың алғашқы сәттерінен бастап-ақ музыкалық фразаларды тыңдай білу және соған іс-әрекеттерді сәйкестіре білуді үйрену қажет. Музыкалық фраза тәріздес әректтерде алғашқы бастама өрістеу, шарықтау шегі, соңы болуы тиіс. Музыка белгілі бір ой линиясының үздіксіз өрбу сәтін сезінуге көмектеседі. Әрбір әрекеттің өз legatto-сы, ctakkato-сы, fermato, andante, allegro, piano, forte-сі болады.

Қорыта келе, айтарымыз "Егер актер ырғақты болмаса (не ритмичен), онда ол сахнадағы өз серігінің қимыл-әрекетіндегі қарқын-ырғақтың өзгеруін сезіне алмайды. Актер ырғақты болса, сахнада өтіп жатқан қарқын-ырғақты толық түйсінушілік қабілеті жеңіл пайда болады да, сол қарқын-ырғаққа актер өзінің қимыл-әрекетімен жеңіл араласып кете алады. Қимыл-әрекеттің нанымды қарқын-ырғағын жасау үшін ептіліктің табиғи негізінен кейін актердің өзіндік ырғақтылығы ғана көрініс бермей, оның музыкалық дарындылығы да көрініс береді" [3,151].

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. М.Байсеркенов. Сахна және актер. Алматы "Ана тілі" 1993.
2.К.С.Станиславский. Менің искусстводағы өмірім. Алматы, Казмемкөрәдеббас. 1954.
3. А.Құлбаев. Сыр мен сымбат. Алматы, "Мектеп-Болашақ" 2005.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫНДАҒЫ ТЕАТРДЫҢ РӨЛІ

Оразметов М.У.
Оқытушы-магистр.
Түркістан қаласы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ағайдар А.Т.
«Орындаушылық өнер» кафедрасы, Актерлік өнер білім беру бағдарламасының *3* курс студенті,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түйіндеме. Мектеп оқушыларын театр өнерімен таныстырудың жолдарын, мақсаттарын, рухани-адамгершілік құндылықтарын игеруге және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуына, сахналық қойылымдар арқылы өз елінің тарихын, мәдени мұрасын құрметпен қарауға тәрбиелейді .

Түйінді сөздер: театр, рухани-адамгершілік, сахналық қойылымдар, этюд, тұлға.

Резюме. Воспитывает у школьников стремление к овладению и самосовершенствованию путями, целями, духовно-нравственными ценностями приобщения к театральному искусству, уважительное отношение к истории, культурному наследию своей страны через сценические постановки .

Ключевые слова: театр, духовно-нравственные, сценические постановки, этюды, личность.

Summary. It educates students to master the ways, goals, spiritual and moral values and strive for self-improvement, respect for the history and cultural heritage of their country through stage performances .

Keywords: theater, spiritual and moral, stage performances, etude, personality.

Баланың жеке басының рухани-адамгершілік дамуы қазіргі білім берудің басым бағыттарының бірі болып табылады. Ұлттық білім доктринасы өскелең ұрпақты жоғары мораль рухында тәрбиелеудің негізгі міндеттерінің бірі деп жариялайды. Стандартқа сәйкес бастауыш жалпы білім беру сатысында"білім алушылардың моральдық нормаларды, адамгершілік көзқарастарды, ұлттық құндылықтарды қабылдауын көздейтін рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесі" жүзеге асырылуы тиіс.

Қазіргі қоғамдағы балаларды тәрбиелеу экономикалық және саяси өзгерістер жағдайында жүзеге асырылады. Ақпараттық компьютерлік желілер, баспасөз, теледидар арқылы таратылатын ақпараттың жоғары қолжетімділігі жағдайында балалар мен жастарға бос өмір салтын, зорлық-зомбылықты, қылмысты насихаттайтын өнімдер ағыны түседі, бұл балалар ортасында жағымсыз әлеуметтік-педагогикалық салдардың өсуіне әкеледі.

Жалпы білім беретін мекеме теріс көзқарастарға (құндылықтарға қарсы) және олардың тартымдылығының өсуіне қарсы тұруы керек. Осыған байланысты тәрбие жұмысының нәтижелі түрі Мектеп театры болып табылады. Театр - мұғалімдер мен оқушыларды, мектеп пен ата-аналарды рухани біріктіретін балалардың өзара тәрбиесі мен қарым-қатынасының ең сәтті түрі.

Мектеп театры оқушылардың рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесінің міндеттерін табиғи түрде, мәжбүрлеусіз, кедергісіз, іс арасында, ойында шеше алады. Өйткені, театр-бұл шығармашылықтың ұжымдық түрі, онда қарым-қатынас жасау керек, туындайтын шығармашылық мәселелерді бірге шешу керек, бұл музыка, сөз, әдебиет, кескіндеме, хореография әлемі.

Театр - бұл тірі өнер, қазір, мұнда актерлер көрермендердің алдында шынайы өмір сияқты емес, басқа өмірден көріністер ойнайды. Бірақ содан кейін бұл сіз туралы, сіздің өміріңіз туралы, жақындарыңыз бен жауларыңыз туралы, Сіздің еліңіз туралы, жалпы әлем туралы түсінік пайда болады. Сіз өзіңіздің сүйіспеншілігіңізді, жақындарыңызды бағалауыңыз керек, басқаларға көмектесіп, адал болуыңыз керек. Егер театр, ең болмағанда, спектакльді қарау кезінде адамды сәл жақсарта алса, онда сіз оны жас жандарды қалыптастыру үшін пайдалана алмайсыз. Бұл туралы театр өнерінің көптеген шеберлері айтты. Л.Додин сұхбатында: "жақсы театр көп бола алмайды, тіпті театр да көп бола алмайды, тіпті жаман театр да басқа жақсы нәрседен жақсы",-деді.

Мектеп оқушыларын театр өнерімен таныстырудың екі жолы бар. Ең қарапайымының бірі-мектеп оқушыларының театрға баруын ұйымдастыру, онда әдебиет бойынша мектеп бағдарламасынан қандай да бір шығарма негізінде спектакль қойылады. Балалар охотыласпен барады, өйткені олардың көпшілігі үшін бұл шығарманы тікелей оқуға жақсы балама болып көрінеді. Сәтті қойылыммен бұл оларды оқуға, автордың шығармашылығына деген құштарлыққа итермелеуі мүмкін. Егер балалар театрдың арқасында Достоевский мен Чеховты оқи бастаса, бұл өте жақсы. Бұған көптеген мысалдар бар.

Оқушыларды театрға тартудың тағы бір жолы: бұл тікелей мектепте театр ұжымын құру немесе оқушыларды қосымша білім беру мекемелеріндегі театр студияларына тарту. Барлық балаларды екіжүзділікке қабілеттілігі бар-жоғына назар аудармай шақыру керек. Бірақ басынан бастап мұғалімнің алдында театр студиясына (театрға және т.б.) жазылуға келген барлық оқушыларды осы ұжымда өмір сүруге қажетті дағдыларды игеретініне,

босатылатынына, сахнада өнер көрсететініне, ең үлкендерге қосылатынына сендіру қиын міндет тұр. мәдениеттің жетістіктері, спектакльдер арқылы өз елінің тарихын білу. Адам жақсылық үшін туады және кез – келген іс-әрекет баланы, ең алдымен, жақсылыққа үйретуі керек-жалпы емес, нақты, күн сайын, сағат сайын және әр сабақта.

Оқушылардың театрлық қызметі оқушыларға әлеуметтік білім алуға, әлеуметтік шындық пен күнделікті өмірді түсінуге мүмкіндік береді (адамдар мен қоғамның өмірі туралы Білім: оның құрылымы мен өмір сүру принциптері, этика мен мораль нормалары, базалық әлеуметтік құндылықтар, әлемдік және отандық мәдениет ескерткіштері, ұлтаралық және конфессияаралық қатынастардың ерекшеліктері); балалардың қоғамның базалық құндылықтарына оң көзқарасын қалыптастыру; оқушының ашық қоғамдық ортада әлеуметтік субъектілермен өзара әрекеттесуін ұйымдастырған жағдайда тәуелсіз әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесі.

Тәрбие мақсатын жүзеге асыру үшін Театр арқылы келесі педагогикалық міндеттер шешіледі: рухани-адамгершілік дәстүрлерге үйрету, ұжымда және қоғамдық орындарда мінез-құлық нормаларына үйрету. XVI ғасырдағы көшпелі халықтың мәдени тұрмысын әсем бояулармен айшықтап берген лирикалық «Қыз Жібек» кинокартинасы туралы «Образ Кыз-Жибек в исполнении замечательной актрисы Меруерт Утекешевой на долгие годы стал идеальным женским образом в кино Казахстана: символом женственности, красоты, отваги, справедливости и жертвенной любви. Каждый народ в ходе своей истории создает такие образы носители национального духа и национального характера» [1, 77], – деп жазған.

Оқушыларда қоршаған әлемге моральдық көзқарас қалыптасады; рухани-адамгершілік тұрақтылық және тұлғаның эмоционалды-еріктік қасиеттері. Сондай-ақ, оқу процесінде оқушылар өз елінің тарихына және өз халқының мәдени мұрасына құрметпен қарауға тәрбиеленеді. Әдеп, ғұрып, салт-дәстүр, жол-жоралғыны спектакль барысында көріп, ұлттық рухани құндылықтарымызды бойында сақтап қалады. Неміс зерттеушісі Рау Йоханес: «Он несет в себе невидимые отпечатки давно забытых чувств и событий. Через родное формируется чувство патриотизма и национализма, любовь к своей стране и культуре» [2, 25-26], – деп жазған. Демек, ұлттық болмыс пен сана әрбір халықтың өзіндік этникалық бояуының жеке белгісін сақтап, мәдени, тілдік, менталитеттік ерекшелігін мойындаған кезде ғана дәстүрлік нышандармен тығыз байланыста дамиды. Сөйтіп, жаңа уақыттың сұранысына бағытталған жаңашыл ой-тұжырымды, жаһандық мәдениеттің алғышарттарын қалыптастырады.

Рухани-адамгершілік қасиеттер жетілдірілуде, басқа ұлттар мен діндерге төзімділік үйренеді. Сабақ нәтижесінде балалар ұжымда жұмыс істеуге, шығармашылықпен іске асыруға, ашуға және өздерінің ең жақсы қасиеттерін көрсетуге үйренеді.

Балалар, әсіресе бастауыш сынып оқушылары өте әсерлі, сондықтан эмоционалды әсерге – жақсы кейіпкерлерге жанашырлыққа, жақсылықтың зұлымдықты жеңу тәжірибесіне оңай көнеді. Шынында да, дамыған бейнелі - нақты ойлаудың арқасында сүйікті ертегісіне негізделген қойылым оларға оның негізгі идеясы мен көңіл-күйін жарқын және дұрыс қабылдауға көмектеседі.

Театр ойыны-тарихи қалыптасқан әлеуметтік құбылыс, балаларды кеңістікте шарлауға, диалог құруға, спектакль кейіпкерлерінің сөздерін есте сақтауға үйретететін, көрнекі, есту зейінін, есте сақтауды, байқауды, бейнелі ойлауды, қиялды, қиялды дамытатын, дикцияны дамытатын, адамгершілік-эстетикалық қасиеттерді тәрбиелейтін адамға тән тәуелсіз қызмет түрі.

Театр ойынын өткізу кезінде немесе талдау кезінде мұғалім балаларды бағыттайды, олардың назарын серіктестік, ізгі ниет, әділеттілік, толеранттылық көріністеріне аударады, өзімшілдікті, дөрекілікті, әділетсіздікті айыптайды.

Сюжеттік театрлық ұжымдық ойындардың, этюдтердің мазмұны ("Ойыншықтар дүкенінде", "хайуанаттар бағында", "туған күн", "ауруханада" т.б.) балалардың назарын өзара әрекеттесу мен бір-бірімен қарым-қатынастың моральдық жағына аударуға көмектеседі. Тәрбиенің басты сәттерінің бірі-жаттығуларды, этюдтерді, бақылау көрсетілімдерін талқылау. Мұғалім сахналық жағдайда болып жатқан оқиғаларды өмірдегі ұқсас құбылыстармен салыстырады және бағалайды, салыстыруға деген қызығушылықты дамытады, нығайтады, қолдайды, студенттерге сахнада болып жатқан шындықтың, шынайылықтың критерийі өмір екенін түсінуге көмектеседі.

Осылайша, театр ойыны арқылы бала қарым – қатынасқа байланысты өмірлік жағдайларды шешуді үйренеді, достарымен және ересектермен бірге мәселенің шешімін іздеуді, өзгермелі жағдайларда әрекет етуді, ортақ тіл табуды, келіссөздер жүргізуді, өмірдегі себеп-салдарлық байланыстарды білуді үйренеді; әдебиетте, фольклорда, дінде көрініс табатын халықтың мәдени дәстүрін түсінеді; жақсылықтың екіжүзді маскасы арқылы зұлымдықты тануды үйренеді; ең күрделі ұғымдар туралы ойланады – бақыт, әділдік, жақсылық, адалдық деген не, кемшіліктеріңізбен қалай күресуге болады, достасуды қалай үйренуге болады және т. б.

Эстетикалық тәрбиеден басқа, театр үлкен тәрбиелік мүмкіндіктерге ие. Бала тек көрермен ғана емес, сонымен қатар жасаушы болады, спектакль құруға белсенді қатысады: рөл ойнау, декорация жасау. Белгілі бір жағымсыз қасиеттерге ие кейіпкердің рөлін ойнай отырып, біз балаға өзін байқап, оларды жеңуге тырысамыз. Сондықтан пьесалар мен ертегілер таңдалады, онда сіз бірге күліп, жалқаулықты, қорқынышты, баланың ауыр ұялшақтығын және өзіне деген сенімсіздікті жеңе аласыз.

Балалар театр ұжымындағы мұғалімнің жұмысы, ең алдымен, қойылымды дайындауға емес, әр баланы дамытуға және тәрбиелеуге, шығармашылық әлеуетті, даралықты ашуға, жағымды мінез-құлық

қасиеттерін қалыптастыруға, рухани бай шығармашылық тұлғаны тәрбиелеуге бағытталғанын есте ұстаған жөн. Шығармашылық өзінің бағалау критерийлеріне, өзінің құндылықтар шкаласына, психофизиологиялық құрылымына, жеке тұлға- ның дамуындағы субъективті және объективті мәнге ие. Шығармашылықтың табиғатын түсіну жеке тұлғаның психологиялық - физиологиялық ерекшеліктерін қарастырудан ажыратылмайды [3.158]. Шығармашылық ұғы- мы жеке бастауды болжайды және адамның қызметіне қолданудағы артықшылығы болып табылады. Тұлғаның іргелі сипаттамаларының бірі креативтілік болып табылады. Креативтілік шығармашылықтың жалпы әмбебап қабілеті ретінде қарастырылады, өзіндік тұлғалық құры- лымымен анықталады және ақыл- ой операция- ларын орындаудың жылдамдығы мен дәлдігі, логикалық ойлау дағдысы, вербалды қауымдастықтарының бірегейлігі, шығармашылық ойлау мен қиялдың болуымен сипатталады [4.152].

Әр сабақ жеке тұлғаға бағытталған, белсенді тәсілді қамтиды және әр баламен жақсылық пен махаббат атмосферасында табиғи шығармашылық қарым-қатынас жасауға жағдай жасайды.

Адамгершілік қасиеттердің қалыптасуы, рухани тұлғаның қалыптасуы бірден бағаланбайды,өйткені бұл ұзақ және интегралды процесс. Нәтижені көруге және театр студиясының бұрынғы оқушылары қандай болғанын және мұғалімнің рөлі қандай екенін түсінуге дейін жылдар өтеді.

Шын мәнінде, мектеп оқушыларын рухани-адамгершілік тәрбиелеудің мақсаты-түлек өмір бойы оған көмектесетін моральдық және рухани басымдықтарға ие болып, не істесе де, терең лайықты адам болуы керек. Өз күш-жігері есебінен алынған материалдық игіліктердің қажеттілігі мен қажеттілігін түсіне отырып, жас адам өмірде және рухани-адамгершілік құндылықтарды білуі және басшылыққа алуы, өмірінің барлық салаларында өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абикеева Г. Нациостроительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отображается в кинематографе. – Алматы: ОФ»Центр Центрально-азиатской кинематографии», 2006. – С. 308

2. Рау, Иоханес, О ценности наций и национального языка для человечества // Қазақтану және ұлттық инновация. – Алматы: 2014. – С. 263.

3. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы.: Білім, 1993. -б. 158

4. Клочкова Г.М. Моделирование креативной образовательной среды как необходимое условие создания технологии творчества будущих бакалавров // Научно-практический журнал «Вестник психотерапии» № 34 (39). – Санкт-Петербург: ВЦЭиРМ им. Никифорова МЧС России, 2010. –152с. (С.82–88).

ҚАРАКӨЗ ТРАГЕДИЯСЫНЫҢ СУРЕТКЕРЛІК ШЕШІМІ
(Қазақ режиссерлерінің мысалында)

Абишева Р.Б.
Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨ академиясы
Театр өнері факультеті
Актер өнері мамандандыруының 2-курс магистранты
Алматы қаласы, ҚР
Missabishevarose@gmail.com

Мысалы, дикторлар, тілшілер сөз қалай жазылса солай айта салу немесе сөздің жеке тұрғандағы тұлғасы қандай болса, соны өзгертусіз айта салу. Мысалы: «Сайляу, жайляу, ойляу байланысты - сайлау, жайлау, ойлау байланысты т.б. Қазақтың ауыз толтырып айтаттын «а» дыбысы я-ға айналып сөз құлаққа оқаш естіледі. Екінің бірі «т» дыбысын сөз арасында келетін сөздерді жіңішкертіп жібереді. «Көптеген, көктем, кептер т.б. – Көптьеген, көктьем, кептьер – деп айтып жүр. Көп жағдайда еріндік, езулік дауысты дыбыстарды да дұрыс қолданбай ауыстырып айтатындар көп кездеседі. Мысалы, еріндік (о,ө,ұ,ү,у) дыбыстардың орнына езулік, яғни (а,ә,е,ы,і) дыбыстарды ауыстырып сөйлейтіндер бар. Мысалы «Сүйемін,-деген сөзді алайық «ү» орнына «і» айтылса, қандай сөз шығар еді... Сөз сөйлеудегі

кемшіліктерді айта берсек, тере бересек қазақ сөздерді әбден шұбарланып, ластанып өте нашар халде тұр.

Тіпті сахнада өнер көрсетіп жүрген жүргізуші болсын, әзілкештер болсын, әнші болсын сөзге қатысы бар көпшіліктің алдында сөз сөйлейтін адамдардың сөздері қандай десек жағамызды ұстап, қайран қалып отырамыз. «Жатырғанда, бара жатырық, келе жатырық, отырық, келсей, барсай, отырсай» т.б жағымсыз сөздерді естисіз. Зиялы адамдардың, актерлардың өздері "Ң" дыбысын айтпайды. Қазір адамдардың 70% "Ң" дыбысын айта алмайды. "Ң" дыбысы қазақтың төл дыбысы, сөздің әрін кіргізетін, сөздің көркемділігін, тыңдаушыға әсерлі жетуіне құлаққа жағымды, сазды мәнерлі естілуіне әсерін тигізеді. «Ң» дыбысы айтылмаған сөз, мұрынның ақауы бар, болмаса қазақ айтқандай «пұшықтың сөзіндей» деген сөзге саяды. Қазақ сөзінде «Ң» дыбысынсыз сөз кездеспейді. «Менің–менім, сенің-сенін, оның-онын» - деп айтып жүргендер тіпті ойланбайды, ұялмайды да. Мұндай кемшілікті айта берсек, шегіне жету мүмкін емес.

Әулеметтік желіде (Абай кз сайтна) Қали Жолдасов деген азаматтың «Ң» дыбысын айта алмайтындар жұқпалы ауру таратып жатыр деген шағын мақаласы жарияланды. «Бұл апат емей немене?» Жазылуы мен айтылуы сәйкес келмесе әліпбиіміздің құны қаншалықты? Осындай дыбыстармен ерекшеленіп тұратын тіліміз бара – бара әсем үндестігінен айырылып қалмай ма? Бұл өсімдікті арамшөптен тазартудан қийын, күрделі мәселе. Сақау тележүргізушілерді теледидарға шығармау керек» депті.

Әрине, жалпы айтқанда қай салада қай уақытта да болмасын сауатты сөйлей білу, қарым-қатынаста да, дұрыс сөйлеу адам өмірінде де өте маңызды. Адам қаншалықты білімдар, данышпан болғанымен өз ана тілінде дұрыс сөйлей алмай тұрса, оның көрегендігі мен көсемдігі, данышпандығы бес тиындық құнға ие болмай қалады. Себебі, таза сөйлеу этикалық мәдениеттің бір саласы. Айтайын деген ойдың мағынасын бөліп - жармай таза жеткізе білу, әр сөзді анық айту, дауысты құлаққа жағымды жеткізу - мәдениеттіліктің белгісі.

Театрда басты тұлға – актер. Актерлар талантты, шебер сөйлесе, тілі таза даусы құлаққа жағымды болып, көермендерді баулап алса, сөз арқылы әсер ете білсе, театрдың бағы жанғаны. Сондықтан ана тілімізде сауатты, мәдениетті сөйлеуге, сөзді қадірлеуге үйретететін орын - театр екені түсінікті.

Ал халықты сөз өнеріне, тіл мәдениетіне баулитын күшті құралдардың бірі радио мен теледидар. Қазір осы саладағы мамандар ана тілінің сақталуына өздерінің сөйлеу мәдениетін түзеп, сөз саптауларына, әсіресе сауатты сөйлеуге мән берулері керек. Сөздің айтылу заңына жауапкершілікпен қарап, өте мұқият болу керек.

Әншілеріміздің де сөзге, яғни тілге деген жауапкершіліктері жақсы емес. Әнші болам деген жастар ең әуелі сөздің мән мағынасына көбірек көңіл аударған абзал. Тыңдаушысын ұйытып, баурап алмаса, дауысы жақсы болып, сөзі түсініксіз, анық шықпаса, онда өнердің қадірін жойғаны. Өйткені қазақ

тілінің фонетикалық жүйесінің табиғи тәртібі болып саналатын үндестік заңдарының дұрыс сақталмай, сөздерді қалай жазылса солай айту сауатсыздық. Тек дауысқа көңіл бөліп сөзге мән бермеу – үлкен жауапсыздық. Керісінше, әнді әсерлі, құлаққа жағымды, сөзін анық жеткізетін әншіні жұрт қашанда жылы қабылдайды.

Тіл туралы бұрын да, қазірде аз айтылып жүрген жоқ, әлі де айтыла бермек. Өйткені дәл қазіргі таңда қазақ тілінің жағдайы өте мүшкіл қалге жетіп отыр. Қазақпен қазақ қазақша сөйлесуге, тілдің көсегесін көгертуге мән беріп жатқандар өте аз.

«Тіл салақ сөйлегеннен бұзылады» - дейді халқымыздың ұлы жазушысы Ғабит Мүсірепов. Жазушы бұл ойын дәл бүгінгі жастарға арнап айтқандай... Жастардың шұбарлап түрлі жаргондармен сөйлеуі бүгінде ешқандай масқаралыққа жатпайтын, жәй бір үйреншікті жағдайға айналғаны анық. Сондықтан да жастарды ана тілінде таза, сауатты сөйлеуге дағдыландыру білім ошақтарының, әсіресе өнер оқу орыны оқытушыларының басты мақсатына айналуы қажет. Бүгінгі жастарымыз да тіл мәдениетін жете меңгеріп, тіпті ауыз екі сөйлеуде де мән - мағынаға сүйене сөйлей білсе нұр үстіне нұр болар еді. Сонымен қатар, жастардың тілдік қорының молайып, сөйлеу мәдениетінің дұрыс қалыптасуына халқымыздың бай ауыз әдебиетінің қосар үлесі ұшан теңіз десем артық болмас.

Иә сөйлей білу - үлкен өнер. Өйткені сөз – адам ағзасының жетістігі, логикасы, ойлау қабілетінің тіл арқылы жеткен көрінісі. Сыпайы, келісті сөз – сөйлеушінің абыройын арттырады, жақтастарын көбейтеді көптің ықыласына бөлейді.

Асан Қайғының:

Қазаққа сөз дарыған,
Бір сөз үшін семіріп,
Бір сөз үшін арыған.

Мағжан Жұмабаев:

Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім – деп жырлаған

***

Саналы сөз – салмақты.
Бас кеспек болсада,
Тіл кеспек жоқ.

***

Шебердің қолы ортақ,
Шешеннің сөзі ортақ.

***

Тіземнен сүріндірсеңде,
тілімнен сүріндірме – деген мақалдар сөзге байланысты туған.

Әрбір айтылған сөз арқылы адамның ойлау өрісінің, ақыл парасатының, рухани байлығының қандай екенін білуге болады. Халық даналығында «дүниеде екі нәрсені кейін қайтарып ала алмайсың» дейді. Біріншісі, «өтіп кеткен уақыт», екіншісі, «ауыздан шыққан сөз» Осы бір жалғыз ауыз сөздің құдретті күшін қараңызшы.

Мінсіз сөз саптау жалықпай еңбектенуден, ізденуден, тіпті ізгіліктен, кісіліктен, ойшылдықтан шығады. Қай салада болмасын тілімізді ардақтап, қадірлеп аялай білейік. Бұл - баршамыздың азаматтық борышымыз, қасиетті парызымыз. Сөздің мән мағынасындағы ұлан – ғайыр өзгерумен құбылуларды дәл аңғара отырып, әр адам сөздік қорын мүмкіндігінше толықтырып отыру керек. Тіл байлығы – әрбір халықтың үлкен мақтанышының бірі. Ол – атадан балаға берілген баға жетпес қазынасы әрі мұрасы. Жаһанданудың ұлы көшіне еріп, әлемдік өркениет пен мәдениеттің жоғарығы үлгілерін меңгеріп жатқан қазақ жастарының ең әуелі ұлттық рухы жоғары болу керек.

Ал, сол рухты біз тағы да ана тілінің көмегімен көтере алатынымыз хақ.

Пайдалынған әдебиеттер:

1. М.Ауезов «Мақалалар мен зерттеулер» /Алматы: Жазушы, 1984ж.
2. Р.Сыздықова «Сөз сазы»/Алматы «Ғылым» / Алматы: 1983ж.
3. А.Байтұрсынов «Тіл тағылымы» /Алматы: 1992ж.
4. Р.Қаныбаева «Сахна сәні-сырлы сөз»/ Алматы 1978ж.
5. М.Омарбаева «Дикция және дауыс» / Алматы: 2008ж.

КЕЙІПКЕР ТІЛІНІҢ АКТЕР ҮШІН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Суханова С.С.
Өнер магистрі
Жұмаш А.Ы.
Өнертану кандидаты, доцент
Сахна тілі кафедрасының меңгерушісі

Андатпа: Сөз - актер үшін тек үн ғана емес, бейнені тудырушы құрал. Актердың ең басты міндеті, бірінші кезекте, сөз астарын ашу, екіншіден сөзді түсіне отырып интонация, мимика, қимыл қозғалыс арқылы сыртқы бейнесін шығару. Драмадағы кейіпкер сөйлеу техникасы мен сөйлеу мәдениетін қатар меңгергенде ғана көермендерді бағындыра алады. Актер өз кейіпкерін толыққанды зерттеп, әр сөзді автор қандай мақсатпен жазғандығын түсініп, ой елегінен өткізгенде ғана образ шынайлықпен ұштасып көермен жүрегінен орын алары сөзсіз. Мақалада актердың сөз астарын ашу арқылы көермендермен байланысқа түсе алатындығы айтылған.

Кілт сөздер: интонация, актер, сахна, мимика, техника

Abstract: The word is not just a tone for an actor, but a tool for creating an image. The main task of the actor, first of all, is to reveal the background of the word, and secondly,

to create an external image through intonation, facial expressions, and movement with the understanding of the word. The character in the drama is able to conquer the audience only when he masters the technique of speech and the culture of speech at the same time. Only when the actor fully studies his character, understands and reflects on the purpose for which each word was written by the author, the image, combined with sincerity, will surely take a place in the viewer's heart. The article says that the actor is able to get in touch with the audience by revealing the background of the words.
Keywords: intonation, actor, sahna, facial expressions, technique

Театр тіршілігінде негізгі бейне - актер, оның басты құралы - сөз екендігін ұмытпаған жөн. Әдебиет те, өнер де, драматургия да сөзсіз алдыға жылжымайды. Ал әдебиет , өнер жоқ жерде сахна өнері де жоқ деген сөз. Қақтығысқа құрылған әрекет арқауы және күшті сөз ғана сахнаның шырайын кіргізеді. Демек , сахна тілінің көркемдік ерекшелігі мен саздылық сипаты театр саласында ерекше орын алады. Драмадағы оқиға желісі кейіпкердің диалогына сай негізделіп шешіледі. Сонымен қатар драмалық шығармаларда кейіпкер бейнесі тартыс үстінде ашылады. Спектакльдерде образ жасауда кейіпкерлер тілінің орны ерекше болып келеді. Академик З.Қабдолов "...драмадағы ең басты, ең шешуші, ең негізгі нәрсе - тіл. Пьесаның күші де, әлсіздігі де тілде; пьесадағы әр сөз мірдің оғындай өткір, көздеген жерге дір етіп тиердей дәл , көкейге саулап құйылардай таза, мөлдір , санаға мықтап дарығандай мағыналы, мәнді болып келуге тиіс", - дейді;[1,98бб.]

Актерлерге сөздің мән-мағынасын қалай жеткізу керектігі жөнінде үлкен жұмыс жасаған жазушылардың бірі - М.Әуезов. Ол режиссерлер жүргізіп жатқан репетицияларға қатысып, сөздің айтылу ерекшеліктерін кеңінен түсіндірген. Оның театр алғаш құрылған жылдары жарық көрген ғылыми мақалаларында актердің сөзді айту шеберлігіне қатысты құнды пікірлері бар. Кейіпкердің сөзін зерттеп ойын анық жеткізуге төселу шеберлігін қалыптастыруға бағыттап отырды. Сонымен қоса актер шығармашылығындағы сөздің ролін алғашқы орынға қойып отырды. М.Байсеркенов: «Сахна тілі-өмірге ізгілік идеясын әкелетін символдық сипат. Сөз, оның ішінде сахналық сөз өзінің ішкі қитұрқы астар-мағынасымен, теңіздей тереңдігімен, пішіндік сымбат-айшығымен символ сабақтастығын тудырады. Анықтап айтқанда, тіл – идеяның символы. Әсілі, ыңыранған ішкі толғанысыңды, шүпілдеген мөлдір сезіміңді сахнадан көрермендерге тасымалдайтын асыл аспабың да, құдіретті қаруың да - сөз», - деп **[** 2, 248-249 бб.] актер шығармашылығындағы сөздің орнына терең талдау жасаған. М.Байсеркеұлы өз спектакльдерінде сөз құдіретіне айрықша мән берді. Бүгінгі жас буын режиссерлерге сөзбен жұмыс жасаудың озық үлгілерін көрсетті.

Сахна тілі театр залында қанша көрермен отырса, сонша адамның құлағынан кіріп, жүрегінен орын алады. Тілді әдемі жаза білу бар , сонымен қатар сөйлей білу де бар. Сондықтан да, оны халыққа жеткізе білудің де

жолдары сан алуан. Сол тілді көпшілікке әдемі жеткізе білу үшін актерлерге ауыр жүк артылады. Себебі, сахнада сөйлеу – күрделі әрі үлкен өнер. Оның негізгі мақсаты актерге белгілі бір рольді орындау барысында сөйлеуге жаттықтыру. Ол үшін әрбір сөздің мән-мағынасын жете түсініп, оның табиғатын танып-білуге баулу.Драмалық шығармаларды іріктеп, кейіпкерлердің бейнелерін аша білуге талпындыру, сол бейнені сомдау, тілдік сөз қорын байыту, мәнерін жетілдіру.

Драматургияда көркем шығармалардың міндеті – актер өзінің дауысы арқылы тыңдаушының жанына әсер етеді, оның әр түрлі сезімін оятады. Д.Тұранқұлова: "Сахна тілі – көрермендерге мәдениетті, әдебиетті, өнерді, саясатты, ұрпақты тәрбиелейтін тіл. Ол адамның жүрек сырын шертіп, оны кез келген жағдайда, қуанышта да, қайғыда да тебіреніске түсіре алады ", – деп [3,3б] жазған.

Қазақ халқының актерлік өнері ертеден келе жатқан халық шығармашылығынан сусындап, тұтас бір өнерге айналған тіл өнерінен бастау алады. Кез-келген театр жүйесінде сахналық тіл – кейіпкердің мақсаты мен мүддесін, жан-дүниесіндегі арпалыстарды, психологиялық тебіреністерді көрерменге жеткізудің басты құралы болып саналады. Сол үшін де осынау тілдік құндылығымызды көтере отырып, өнерімізді оның ішінде қазақ театрларының мәртебесін көтеру актерлардың басты міндеті деп білеміз.

Әдебиеттер

1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002 ж. – 360 б.

2 Байсеркенов М. Сахна және актер. («Станиславский жүйесі» әм оның тезистері мен негізгі заңдылықтары). – Алматы: Ана тілі, 1993 ж. – 336 б.

3 Тұранқұлова Д. Сахна тілі. – Алматы: Білім, 1999 ж. – 213 б.

САХНАДАҒЫ СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

Кулетова Ұ.А.
Аға оқытушы
Түркістан қаласы,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Жақыпбек Е.Е.
«Орындаушылық өнер» кафедрасы, Актерлік өнер білім беру бағдарламасының 3 курс студенті,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Аңдатпа. Бұл мақалада сахна тілі сабағында сөйлеу техникасымен жұмыс жасау әдістемесінің негізгі бағыттары, сөйлеу технологиясының өзара байланысы мен оларды орындау жүйелілігі қарастырылған. Актердің сөйлеу дағдыларын

қалыптастыру, тілдің орфоэпиялық ережелері, логикалық және психологиялық кідірісті сақтауы және көрермен алдында сөйлеу тәсілдері зерттеледі. Сонымен қатар, сөйлеу шеберлігімен жұмыс жүргізуде тілдік тәсілдерді, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды, орфоэпиялық заңдылықтарды сақтаумен қатар, логикалық сауаттылықты да талап етеді. Сахнада әрбір сөйленген сөз жүйелі, анық, түсінікті болуы тиіс. Тіл мен сөз бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан да, актердің шығармашылық тұлғасын кәсіби дайындауда жалпы сөйлеу кезінде және жеке орындауда оның жеке мүмкіндіктерін кеңейтпей жұмыс жүргізу мүмкін емес. Сонымен қатар, болашақ драма актерінің кәсіби сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына бағытталған белсенді оқыту шаралары қысқаша сипатталған.

Кілт сөздер: актер, сөз, екпін, кідіріс, интонация, мәтін, орфоэпия, сөйлеу мәдениеті, сахна тілі.

Аннотация

В этой статье рассмотрены основные направления методики работы над техникой речи на уроках сценическая речь, показана взаимосвязь составляющих техники речи и последовательности их выполнения. Исследуются пути формирования речевых навык актера, орфоэпические нормы языка, удержание логической и психологической паузы и способы исполнения речи перед аудиторией. А также, работа над речевым мастерством требует фонетический подход к использованию языка, морфологических, синтаксических, стилистических явлений, соблюдение орфоэпических норм и логическую грамотность. Каждое слово на сцене должно быть систематичным, ясным, понятным. Язык и слова тесно связаны друг с другом. Поэтому профессиональная подготовка творческой личности актера неосуществима без расширения его индивидуальных возможностей в области речи вообще и произношения в частности. Дано краткое описание реализации опытного обучения, направленного на формирование профессиональной культуры речи будущего драматического актера.

Ключевые слова: Актер, речь, ударения, пауза, интонация, текст, орфоэпия, культура речи, сценическая речь.

Abstract

In this article the basic directions of work on the technique of speech technology in the classroom stage speech, shows the relationship of speech technology components and the sequence of their execution. Investigate ways of formation of speech skills actor pronouncing rules of language, holding a logical and psychological pause and ways of speech performance before an audience. Also, work on speech skills requires a phonetic approach to the use of language, morphological, syntactic, stylistic effects, compliance with rules and logic orthoepic literacy. Each word in the scene must be systematic, clear, understandable. Language and words are closely related to each other. Therefore, the professional training of the creative personality of the actor is not feasible without the extension of its individual features in the field of speech in general, and in particular pronunciation. A brief description of the implementation of pilot training, aimed at the formation of professional culture of the future speech dramatic actor.

Keywords: Actor, speech, accent, pauses, intonation, text, orthoepy, culture of speech, stage speech

Өзектілігі

Қазіргі қазақ сахнасында әрбір ролдің сөзін көрермен қауымға өз деңгейінде жеткізу үшін, кәсіпқой актерлерге астарын түсінген мәтін сөзі мен күшті әрі айшықты тіл, әдемі үннің бояуы, нық дикция қажет. Сөз бен тіл техникасының байланысы сөйлеудің көптеген қырларын түсіну үшін аса маңызды. Драмалық шығарманы көрерменге бейнелі, анық және әсерлі етіп жеткізу үшін, сахна тілінің арнайы жаттығуларымен ұзақ жұмыс істеуге тура келеді. Тіл мен сөздің бір-бірімен байланысын ғана алмай, олардың сөз қызметі, мәтін, мәтін мазмұнымен өзара байланысын да қарастырған жөн. Ойлы, қисынды пікірін көркем де шұрайлы тілмен, сезімталдықпен жеткізе білу өнер, баға жетпес шешендік шеберлік саналған. Мәтінді талдап, саралау үшін көптеген иірімдерді талдап өту қажет. Сөз астары, пунктуациялық белгілер, екпін, кідіріс, мәтіннің шарықтау шегі, үн бояуы арқылы мәтіннің сырын түсіне бастайсың. Сахна тілінің басты мақсаты таза тіл, ашық дауысты сөйлеу шеберлігімен үйлестіре отырып, көркем әдебиеттерді мәнерлеп оқу, кейіпкерге өзіндік сөйлеу мәнерін тудыру.

Негізгі бөлім

Қазақ сөз өнеріне аса жетік, сөздің қадір – қасиетіне мән берген халық дейміз. Сөз – мәтіннің сыртқы көрінісі. Мәтінмен жұмыс барысында негізгі сөздерді анықтап, үзілістер жасап, логикалық талдаудың негізін, пунктуациялық белгілердің не үшін қойылғанын анықтаған жөн. Сонда мәтіннің мазмұнын оңай анықтап, қандай міндеттерді атқару керектігін түсінуге болады. Сахнада бір сөзді жібермей, өз мәнімен сөйлеп, әр қозғалыс-қимылын есеппен дәл пайдалану өте шеберлікті қажет етеді. Сахналық образды толық ашатын негізгі құрал – сөзге өте ұқыпты қарау. Сөздің анықтығы, дауыстың мінсіздігі, тілдің тазалығы актер үшін ең қажетті шарт. Актер ең алдымен, автордың тіл ерекшелігін, көркемдігін нақтылы мағынада, образды қалпында жеткізіп, үстемелеп, қайталап келетін сөйлем орамдарынан туатын интонация күйлерін дәл тауып, аузынан шыққан әрбір сөз ішкі ойды қопара, өзімен бірге ақтара ала шығу керек. Сөз сөйлеу мәнеріндегі талғампаздық пен таптауырындылыққа ұрынбау шарт. Дауыстап, мәтінді мәнерлеп оқудағы маңызды құралдың бірі – «қисынды кідіріс» пен «қисынды екпін». Бұл жерде екпін мен кідірістің түрлеріне көңіл бөліп, оның шарттарымен танысу қажет. Сонымен қатар «Төл сөзбен жұмыс» және мәтінмен жұмыс істеу сөз маржанын саралап айтуға үйретеді. Бір сөз екінші сөзге жарығын түсіріп, ой мен сезімге дәл тиіп жатуы керек. Сахна тілінің ең алғашқы қызметі сөйлеу шеберлігін арттыру, атап айтқанда: дикция, тыныс, дауыс, орфоэпия, ауызшы сөйлеудегі логикалық-интонациялық заңдылықтарды сақтау[1]. Әр сөзге ажар беріп, оның мағынасын толықтыратын ең қарапайым тәсіл – интонация. Профессор Г. Әзімжанова: «Интонация мәтінде де үлкен рөл атқарады: Әр түрлі стиль мен жанр түрлерін әр түрлі ыңғайда безендіреді, мәтінді әр түрлі мағыналық бөлшектерге бөледі,

тыңдаушыға эмоционалды – эстетикалық әсер ете алады, фразааралық байланысты қамтамасыз етеді» деп пайымдаған [2]. Әңгімені бірден жаттап алмай, оны бірнеше бөлікке бөлу керек. Әрбір сөздің анықтығын, сөйлемнің мақсатын, ойын тиянақтап жинақтап, интонациясын дәл табуына әкеледі.

Ізденуші актер әр сөз бен сөйлем мағынасындағы ұлан-ғайыр өзгерулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылу мен құлпыруды дәл аңғара білуі қажет. Сахнадан оқылатын шығарма, ол мейлі өлең болсын, қара сөз болсын, мәтінмен нақты, толық жұмыс істелуі қажет. Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында орфоэпиялық және логикалық сауаттылықты талап етеді. Мәтіннің ішкі сыртқы қырларын жетік меңгерген актер ондағы дыбыстарды ойнату арқылы бейне жасап, әрі төгіліп тұрған сөз сазынан тыңдаушыға әдемі де, әсерлі ой қалдырады.

Білімгерлердің ой ұшқырлығын, тіл шеберлігін, ішкі ой астары мен көркемдігін қалыптастыруда сахна тілі көп әсерін тигізеді. Әріптен бастап, анық сөзге, мағыналы сөйлемге, мәнерлі мәтін мен көркем бейнеге дейін жетелейді. Ендеше, сөз құдіреті қазақ халқы үшін бағасы шексіз қазына. Сөйлеу мәдениетін жетілдірмейінше, ақыл-ой парасаты қалыптаспайды. Яғни, дұрыс сөйлей білу дегеніміз – дұрыс ойлай білу. «Жүйелі сөз жүйесін табар» - деп, дұрыс ойлап, дұрыс сөйлей білудің үлкен өнер екенін ұрпақ зердесін ұялатуда үлкен мән жатыр[3]. Болашақ актер қай кезде, кімге, қалай сөйлеу керектігін және сөз астарының салмағы қандай екендігін сезінуі шарт. Яғни, сөз астарының қатпары қалың. «Әрбір әдемі ой, әдемі айтылады, қалай айтуды ойламаңдар, не айтуды ойлаңдар» - дейді Гете. Сөздің жаман, жақсысы жоқ, бірақ қажеттісін саралай білу керек. Кейде, «көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашады»- деген Абайдың сөздері кері ұғым береді. Өйткені, дайындықты қажет етпеген сөз – бос сөз. Іштей пісіп жетілген, зерттелген, толыққанды түсінген сөздеріңді серіктесіңе айтып, оны қабылдау, сенің өткізе білу процесің шыңдалмаса, сөз ойналмайды. «Қазақ халқының тілі бай, әрі көркем тіл. Сан алуан көрікті де, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер мен нақыл сөздер халық тілінде көркемдеп бейнелеуші, өрнектеп мәнерлеуші тәсілдер де сонда..»[4], -деп белгілі ғалым М.С.Серғалиев дөп басып айтқан. Сөзді әдемі жаза білу бар да, сауатты сөйлеу және халыққа оны мән-мағыналы етіп жеткізу бар. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі әріптердің айтылуына зейін қоюмен қатар, айтылу кезінде өзгеріске ұшырайтын кейбір заңдылықтарға мән беру керек және білімгердің ақыл қоржынында керек кезінде пайдалана алатындай сөз қоры мол болуы қажет. Сондықтан оқу процесінің алғашқы жылдарында көркем сөзбен жұмыс жүргізу кеңінен қойылған.

Тілмен жұмыс жасау барысында әрбір сөздің қажеттілігі мен ойландыратыны актерден мәтінге үңіле қарауын талап етеді. Тіл мен сөз бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен бір ұғымды білдірмейді. Тіл – қолданысқа дайын материал, ол сөйлеу барысында дамиды. Тіл мәдениетіне тән нормалар білімгерлердің таза, нақты, әдеби тілмен сөйлеуге, диалект

сөздер қолданбауға, сөйлеген сөздері жатық, әсерлі, түсінікті болуын қадағалайды. Сонымен қатар, олардың мәнерлеп оқуын, сондай-ақ өз ойларын логикалық тұрғыдан байланыстыра, жүйелі айту дағдыларын қалыптастыруға тиіс. Актер оқиғаны тыңдаушысына жеткізуде әңгімелеуші сюжет арқылы емес, өзінің анық тілі мен зерттелген сөзбен жеткізіп түсіндіреді. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысын меңгеру керек[5].

Тілдік норманы қалыптастыру, сауаттылық, тіл тазалығы, сөздерді дұрыс айту, дұрыс жазу тіл мәдениетінің басты талаптары болып табылады. А. Жапбаров тіл мәдениетінің жоғары болуына мынадай талаптар кояды:

- сөздің жүйелі, анық, түсінікті болуы;
- сөздің тілдегі орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай дұрыс құрылуы;
- сөздердің қажет еткенде бейнелі, көркем, эмоциялы болуы;
- сөздердің тыңдаушы немесе ортаның қажеттілігіне сай болуы. [6]

Сөз – актер үшін тек үн емес, бейнені тудырушы. Сондықтан мәтінмен жұмыс жасаудың екінші міндеті – пунктуациялық талдау. Демек, тыныс белгілерімен жұмыс жүргізу. Тыныс белгілері автордың сол кездегі көңіл күйін, айтайын деген астарлы ойын жеткізеді. Тыныс белгілерінің шарттары мен атқаратын қызметін толық білу шарт. Мәтінді талдау тәсілінің басты мақсаты сөз астарын ашу. Актер үшін басты міндет, біріншіден, сөз астарын ашу, екіншіден сөзді түсіну арқылы өзінің сахналық тәртібі бойынша интонация, қозғалыс қимылын, мимика, сөз, сахналық әрекеті арқылы сыртқы кескінін шығару. Сахнада бір сөзді жібермей, өз мәнімен сөйлеп, әр қозғалыс – қимылын есеппен дәл пайдалану өте шеберлікті керек етеді.

Актер мәтіннің астарында жасырынып жатқан құнды сөздің қартпарлы қалыңдығын, мағыналы ойын, көңіл-күйін анықтауы керек. Сөзді мәнерлеп оқып қана қоймай, оны көріп, ойланып, бағалап, жоғары талабын түсіну қажет. Әр сөздің тура мағынасымен қатар бұрма мағынасын да еппен, ұқыппен ұтымды пайдалану шығарманың ішкі-тысқы ажарына ажар қосары даусыз. Материалмен жұмыс барысында студент автордың ойымен тығыз байланыста болады. Монологтағы, диалогтағы, әңгімедегі, рөлдегі төл және төлеу сөздегі тура әрекеттің ортақтығын сезінуге көмектеседі. Логикалық екпіннің қай сөзге түсіп тұрғаныны контекстегі сөз ыңғайына қарай анықталады.

Актердің басты мақсаты – тіл техникасының мақсатын ашу, ойналып жатқан образды тіл техникасы арқылы сомдау болып табылады. Осы арқылы мәтінді бөлшек-бөлшекке бөліп талдап, түсініп, берілген бөлшектің басты ойы, мақсаты, қандай, соған бағынып тұр ма, әлде, басқа қарекетті талап ете ме, негізі ойдың астары ашылды ма, әрбір сөз –өзінің салмағымен өлшенді ме? Логикалық ойлаудың арқасында актер әрекет арқылы сезімге жетеді. Нақтыланған көңіл-күйге қарай кейіпкердің өзіне ғана тән сөз мәнері

ашылады. Әріптердің айтылуы кезінде дауыс бірде күшейеді, бірде бәсеңдейді. Сөздегі әрбір әріп дыбысталғанда құбылып тұрады. Дауыс ырғағы, екпіні өзгеріп отырады. Шығарма тіркесіндегі әрбір сөйлем белгілі бір ойды хабарлап, сұрау мағынасында немесе сан алуан көңіл күй құбылысын білдіріп тұрады. Сол себепті айтылған сөйлемдегі ойдың мазмұн мағынасына қарай сөйлемдегі бір сөзге мағыналық, яғни логикалық екпін түседі. Ол басқа сөздерге қарағанда сәл ерекшелеу оқылып тыңдаушы назарына сол сөздегі дауыс сазы арқылы аңғартады. Сондықтан театр өнерінің, әсіресе, оның сахналық тілінің, бейнелеу құралдарының өзгеріп, жаңғырып отыруы, негізінен уақыт талабынан туады»[7]. Бір-бірімен үндесіп, қиылысып жатқан сөздердің мағынасы мен астарын, көңіл-күйі мен ырғағын, көркемділігі мен шырқау шегін дәл анықтау үшін мәтінмен жұмыс жасау маңызды. Сөйлеу шеберлігін игеру – болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі.

Қорытынды

Ой толғамымызды қорытындылай келгенде айтатынымыз, сахнада сөйленген әрбір әріп, әрбір сөз өз орнымен, өз заңдылығымен қолданылып, айқындалған мақсат пен астарлы ойдың негізінде сахналық тілдің құндылығын үйлестіру. Сахна тілінде студенттердің мақсаты көркем әдебиеттерді мәнерлеп оқу және кешенді талдау, сахналық тәжірибе жинақтау болса, ал оқытушы студенттердің сөйлеу барысындағы қателерін естіп, дұрыс бағыт беріп отыру[8]. Драматургиялық шығарманы немесе көркем сөз туындыларын толыққанды шеберлігімен көрерменге жеткізу үшін сөз өнері мен тіл техникасының сан қырын ұштап, сахнада байланыстыра білу үлкен өнер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сценическая речь: Учебник/ под ред. И.П.Козляниновой и И.Ю.Промптовой. 3-е изд. М.: Изд-во «ГИТИС» 2002. Стр.9

2. Әзімжанова Г. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті.- Алматы, 2006.- 324 б .

3. С.С.Байсарина. ХҚТУ, «Хабаршы» журналы №1, 2007 ж. 234-35 б.б.

4. М.С.Серғалиев, «Қазақ тілінің стилистикасы» Алматы. 1994 ж. 58 б.

5. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері/М.Балақаев.- Алматы: Қазақстан, 1965. 17 б.

6. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту негіздері.- Алматы: Қазақ университеті, 1991.-139 б.

7. Құндақбаев Б. Уақыт және театр. – Алматы: Өнер, 1981. – 38 б

8. А. М. Бруссер. Сценическая речь. Методические рекомендации и практические задания для начинающих педагогов театральных вузов.. - М.: ВЦХТ («Я вхожу в мир искусств»), 2008, 96 с

САХНА ТІЛІ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ФОЛЬКЛОР

Сейтімбет Ү.Ә.
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
«Сахна тілі» кафедрасының оқытушысы, «Құрмет» орденінің иегері

Түйіндеме: Мақалада көтерілетін мәселе: ұлттық фольклордың сан түрлі жанрлық алуандылығымен ұлттық драматургия мен актер өнерінің дамуына әсері және оның бүгінгі ұлттық театр өнеріндегі сахна тілінің негізі екендігін анықтау.

Кілт сөздер: Ұлттық фольклор, ұлттық драматургия, актерлік өнер, сахна тілі өнері.

Аннотация: В статье поднимается: жанровое многообразие национального фольклора как основы сценической речи в современном национальном театральном искусстве и влияние его на развитие национальной драматургии и актерского искусства.

Ключевые слова: Национальный фольклор, национальная драматургия, актерское искусство, искусство сценической речи.

Summary: The article raises: the genre diversity of national folklore as the basis of stage speech in the modern national theatrical art and its influence on the development of national drama and acting.

Key words: National folklore, national drama, acting, the art of stage speech.

«Әріптің жанын сезінбеген адам, сөздің де жанын сезіне алмайды, сондай - ақ сөйлем мен ойдың да жан дүниесін сезінбек емес» [1, 251 б.], – дейді К.С.Станиславский. Демек, айтылар әрбір әріптің, сөздің, сөйлемнің, өзіне тиелесі жан дүниесі болатынын, ал актер міндеті – сол әрбір сөздің, сөйлемнің ішкі ойын, мақсатын ашып, сөз әрекетін, іс-әрекетіне айналдырып, оны сахналық қойылым барысында, сахнадан көрермен көпшілікке жеткізе білуі қажет. Біздің негізгі міндетіміз, сол сөз асылдарының ерекшеліктерін ой елегінен өткізіп, актерлік өнердің қажетіне жарату. Актер сахнадан әдеби тілімізде сөз сөйлеп, соны уағыздайды. Әдеби сөзінің астарында «әдеп» сөзінің жатқанын ескерсек, онда актер сахналық тіл арқылы әдепті сөз сөйлеуді сахнадан уағыздайтын мамандық иесі. Ана тілінің бай қорын көркемдік деңгейде сақтап сөйлесе, соғұрлым өрелі ойлайды, сол деңгейде өрелі сөйлейтін болады. Себебі ұлттың жаны мен өзегі – тіл. Ал тілді меңгерудің басты мақсаты – сөз шеберлігіне жету. Жай ғана темірден сомдалып, ұстаның шебер қолдарынан дүниеге келген туынды – күмістен де, алтыннан да, тіпті қуһар тастан да құнды әрі бағалы затқа айналады. Оның құнын шарықтатып тұрған – өнер. Актердің тілі де сол ұстаның ұстаханасы іспеттес – зергерхана. Актер – әрбір дыбысты сөзге, сөзді сөйлемге, сөйлемді өнерге айналдыратын – зергер.

Ұлттық тіліміздің дамып өркендеуіне ғасырлар қойнауынан бері баға жетпес үлес қосып келе жатқан, сол тілдің сөз қорын байытып, шұрайлы қазақ тілін әдеби тілге айналдырып отырған – халқымыздың фольклоры. Сондықтан

тіл өнерін ұлттық фольклордан бөліп қарауға болмайды. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланыста, бірі-бірінсіз тууы да мүмкін емес құбылыс. М.Әуезов өзінің «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында бүкіл әлем театры мен драматургиясының әуелгі бастауы халық өнерінен туғанын нақты мысалдармен дәлелдеп берген. Қай елдің драматургы болмасын, өз пьесаларында ең алдымен өз елінің өмір тарихын, ұлтының салт-дәстүрін, мінез-құлқын суреттеуді парыз деп санаған. Қай ұлттың өнерін мысалға алсақ та, ол өнердің туатын, туындайтын орны, ошағы болады. Сол топырақта дүниеге келген өнер белгілі бір шартқа, болмысқа, ұлттық құбылысқа бағынады. Ұлттық өнеріміздің, оның ішіндегі тіл өнерінің қайнар көзі – халық. Халқымыздың өз іргесінде пайда болған салт-дәстүр, ел аузындағы әңгіме-аңыздар, той-жиында айтылар ән мен айтыс – тіл өнерінің негізінде туған, қалыптасқан, дамып жетілген.

«Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауғынан, ән-күй, өлең-жырларынан басталған. Театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт елдің өз денесінен шыққан, өнердің іргесін қалайтын елдің өзі» [9, 51 б.], – деген ұлы суреткердің тұжырымы бұған дәлел. Сахналық тілдің де ұлттық фольклордан бастау алатындығын негізге ала отырып, оның дамуын ұлтымыздың алуан түрлі ойын-сауықтарымен, әдет-ғұрыптарымен тығыз байланыстырамыз. Қазақтың ертеден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық халық өнеріндегі тілдің болмысын танып, оның сахналық мәдени керуеніне ілестіріп отыру. Сан түрлі орындаушылық өнер түрлерін қазіргіше сахналық өнер деп атамағанымен, оған негіз боларлықтай «Жар-жар», «Беташар», «Айтыс», «Жыр» мен «Дастаннан» сахналық тіл өнерінің элементтерін молынан кездестіруімізге болады. Салт өлеңдері өзінің тамаша орындалуы мен дүйім елді таң-тамашаға бөлеп отырған.

Ұлтымыздың салт-дәстүрі – дариядай сарқылмас, сан-түрлі. Ақындықтың, жыршылықтың, шешендіктің сұрыптауынан өтіп, ғасырлар қойнауынан бізге жеткен ұлтымыздың небір асыл туындылары тіл өнерінің, әсіресе ана тіліміздің дамып жетілуіне мол үлес қосты.

Ұлттық театр өнеріндегі сахналық тіл – тіл өнері ретінде алғаш ұлттық фольклордың көптеген түрлерінен дамып, өсіп-жетіліп, қалыптасып өркендеді. Тіл өнері оның ішінде, дүйім елді үйіріп әкетер қызыл тілдің шеберлік сипатын «Айтыс» өнерінен де көруге болады. Ол, тіл шеберлігінің ең биік шыңы болуымен қатар, табан астында суырып-салып айтуға, шаршы топтың алдында орындау барысында импровизациялық тәсіл арқылы қызыл тілмен қарым-қатынас жасайды. «Қазақтың ауыз әдебиеті сол эпикалық поэзия арқылы өрбіген шешендік өнер өз тарапынан төл драматургиямызға да, актерлік мектебімізге де ерекше әсерін тигізгенін де ерекше қосып айтқан жөн, және оны ерекше мақтанышпен мойындағанымыз абзал. Әлбетте, орақ тілді би-шешендердің тас жарар сөздері ұлттың ұлылығын, оның тарихы мен танымының, пайымы мен парасатының көрінісі. Қазақ фольклоры ұлттық

өнердің небір інжу-маржандарын сақтап қалып қана қоймай, кейбір аңыз-әңгімелердің тарихи шындығын да дәлелдеп беріп отыр» [3, 107 б.].

Айтыс өнері мен шешендік сөздің табиғи болмыс, бітімінде де өзара бірлік пен ұқсастық мол кездеседі. Екеуі де қасқағым сәтте айтылатын шеберлік пен алғырлық, тапқырлыққа құралған. Бірақ, жеңіске жетудің айлатәсілдері екі түрлі. Ақындар айтысында өлең шумақтары түйдек-түйдегімен ағытылатын ұзын сүре дәлел, бұлтартпас уәжге құрылса, шешендік сөзде дау түйіні жұмбақ аралас келетін бір ауыз сөзбен шешіліп отырған. Бұл екі өнерге де, ой алғырлығы мен қырағылық қажет. Осының барлығын түйіндер болсақ суырыпсалмалық өнерді ұстанған ақындар мен шешендер – сөз тапқырлығы мен өткір тілді, айтылған әр сөзі қарсыласына таза анық жетуімен қатар, әр сөзін мәнерлеп, мазмұнмен байытып, неше түрлі қанатты сөздер, ұшқыр оралымдар арқылы сөз өнерін биік сатыға көтеретін сөз ұсталары, ұтқырлық пен білгірлік, зейін мен дарын иелері. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» [4, 88 б.], – деп жырлаған ақын Абай сөзіне ой тастап айтар болсақ, өлең адам баласының шығармашылық ой өресінен туған ұлы дүние. Ал енді, осы өлең – сөз тартысын шиеленістіре түсетін, бірінен екіншісінің басымдылығын көрсететін, тапқырлығымен қоса, тілінің шешендігін, көркем сөз астарын, сөз өнері тілдің шеберлігін көрсетеді. «Өлең-жырды кітаптан, баспа бетінен оқу мен сахнадан тыңдаудың айырмашылығы аспан мен жердей. Сахна кез келген сөзге жан бітіреді. Тірілтеді. Сахнада біздің бай тіліміз неше түрлі сұлулығымен, сан алуан үнімен құлпырады. Егер ана тіліміздің қадір-қасиетін арттырғымыз келетіні рас болса, онда театрдың бұл саладағы мүмкіндіктерін дұрыс, тиімді пайдалана білу қажет» [5, Б. 129-130].

Ғасырлар бойы халықтың эстетикалық талғамына сай, тыңдаушысын жалықтырмай жеткен жырларымыз – «Қобыланды Батыр», «Алпамыс Батыр», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және т.б. Жыраулық өнер, ертеден келе жатқан ұлттық поэзиямыздың үлкен бір дәстүрлі саласы. Жыраудың, жырды орындау барысында жан дүниесімен күйзелуін, іштей психологиялық күй кешуін, бүгінгі тілмен айтқанда, кейіпке ену деп қабылдаймыз. Бұл үдерістен біз, екі жаққа да ортақ, жыр орындаушыны, шығармашылық шабытқа, тыңдаушысын өнер шабытына бөлейтіндігін көруімізге болады. Бүгінгі тілмен айтқанда, сахна мен көрермен залының арасында, сырттай сезілмейтін бейне бір іштей байланыс орнайды. Орындаушының жыр айту үдерісіндегі мың құбылған кескін-келбетін, шабыттана иілген, сахнадағы актердің кейпімен салыстыруға болады. Өнердің сан түрлі ерекшеліктерін меңгерген жыраудың кейбір дауыс үнділігі, дауыс ырғағы, анық тілі, қызу қимыл-қозғалысы, бетіндегі ым-ишараты мен өзгерістері тыңдаушысын еліктіріп, оларды әлгі тұстарда әр түрлі әсерге бөлеуі – театр құбылысына тән қасиет. Ақын жырауда композиторлық, суырып-салма өнер, қатар дамып, бүгінгі сахналық тілге негізделген өнермен іштей тұтасып жатыр. Олардың шығармашылық өнерінен, бүгінгі актер өнеріне тән қасиеттерді іздеуіміз де, осыған байланысты. Осының бәрін

жинақтап айтқанда, сахналық қойылым барысындағы кейіпкер бейнесін сомдаушы актердің сахна төріндегі өнері мен анық, таза тілі, көз алдыңа еріксіз елестейді. «Артис тілдің қыры-сырын мүлтіксіз білуге тиіс» [1, 248 б.], – деп Станиславский айтқандай, сөз құдіреті сахналық тілді – жырау өнерінен іздеуіміз орынды. Демек, біздің көнеден келе жатқан халықтық өнеріміздің бойындағы сөз өнеріне қатысты сәттері, оның ішінде, тілге тиек етіп отырған, жыршылық өнерге қатысты тілдің шеберлігін, бүгінгі ұлттық театр өнерінде үйреніп, қолдану – сахналық шығарманың көркемдік сипатын көтере түсетіні ақиқат.

Ұлттық театр өнеріндегі сахналық тілдің дамып, өсіп-өркендеуіне, эпостық дастандардың әсері де мол. Ұлттық сахналық тіліміздің өсіп, қалыптасу жолдарына көз жүгіртер болсақ, эпостық негізде жазылған пьесаларды сахналаудың алатын орны ерекше. Бұған, эпостық дастандардағы кейіпкерлердің әр алуандығы, мінез-құлық жағынан айқындығы, типтік бейнелерге айналатын тұлғалардың молдығы, драмалық қимыл-қозғалысқа, іс-әрекеттерге ыңғайлылығы, дайын сахналық шығарма іспеттес. «Еңлік-Кебек», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» т.б., пьесалардың жылдам жазылып, сахнаға қойылуы да, театрлық және актерлік сипаттардың молдығында. «Қарақыпшақ Қобыланды» жыры туралы М.Әуезов былай дейді: «Дастанда сан-алуан мінез, сан-алуан бейне көп. Сараң да күншіл, болымсыз Қараман бейнесі – Қобыланды бейнесіне кереғар. Қобыландымен құрдас бола тұра, Қараман сол атаққа лайық емес, Қобыландының, Қазан, Алшағыр, Көбікті сияқты дұшпандары да – бір-бірінен өзгеше, дербес бейнелер» [6, 247 б.].

Демек қорыта келе, ұлттық фольклор, сан түрлі жанрлық алуандылығымен, драматургиямыздың дамуына қандай әсер етсе, актер өнерінің сахналық тіліне, оның ұлттық пішінін табуға, әрі қарай биік белестерге көтерілуіне ықпал етті. Бүгінгі ұлттық театр өнеріндегі сахна тілі – актерлік өнердің негізі болса, халқымыздың таусылмас қазынасы ұлттық фольклор – сахна тілі өнерінің негізі екендігі анық.

Әдебиеттер тізімі:

1.Байсеркенов М. Сахна және актер. – Аламаты: Ана тілі, 1993. – 253 б.

2.Әуезов М. Мақалалар, пьесалар. 50 томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 3 т. – 391 б.

3.Тұңғышбай әл-Тарази. Сөз. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2008. – 1 т. – 272 б.

4.Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 1995. – 1 т. – 336 б.

5.Сейтметов Р. Режиссер, актер Райымбек Сейтметов. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

6.Әуезов М. Очерктер және әңгімелер. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы» баспа үйі, 1981. – 455 б

АКТЕР ӨНЕРІНДЕГІ САХНАЛЫҚ ТІЛДІҢ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Хожамбердиев О.Х.
Т.Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясының
(Ph.D) докторы, доцент

Түйіндеме: Бұл мақала қазақ театр өнеріндегі сөз өнерінің ерекшелігі қарастырылады. Кәсіби ұлттық театр өнерінің бастаулары сөз бола отырып, сахна тілінің орны мен маңызы айқындалады. Сонымен қатар, мақалада актер шығармашылығындағы сөздің, сөз өнерінің, сөйлеу техникасының, сөйлеу мәдениетінің шыңы саналатын шешендік өнердің де ықпалы зор екендігі мысалдар арқылы зерттеліп жазылған. Тұңғыш актерлар, сахналық тілге деген ерекше көзқарастары мен сөз арқылы актерлық шеберліктің озық үлгілерін көрсете білді. Сахнада нақты сөйлеу – үлкен өнер. Ал, сахнада сөз бен іс-әрекетті өзара байланыстыра жұмыс жасау нағыз маманның ғана қолынан келетін мәселе. Сол себепті де, сахна тілінің қыр – сырын меңгеру актер мамандары үшін басты мәселе десек қателеспейміз. Сахна тілін жетілдіру мақсатында заманауи әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып оны жүзеге асыру заман талабынан туындап отыр. Өлең сөзбен, қарасөзбен, диологтар және монологтармен жұмыс жасау үшін сахна тілінің заңдылықтарын білу өте қажет. Себебі, автордың айтайын деген ойын жеткізумен қатар, кейіпкердің мінез-құлқын, оның қоғамдағы ролі мен орнын айқындау үшін сахна тілін меңгеру ауадай қажет екендігі белгілі. Сондықтанда, сөз ойдың айнасы болып табылады дейміз.

Тірек сөздер: Тіл, сахна тілі, сөз, актер, сахна.

Abstract: In article one of the basic problems of a theatrical art is considered. It is recommended to develop a standard of speech in creativity of the actor. This article is about the some methods of improving the “language of the stage” through exploring the problems and giving the information of nowadays and ancient periods’ language. Speak clearly on the stage is a great art. Speak without changing poet’s thought, to transfer his inner life, his feelings coming from his heart and without breaking the norms of speech so that to win the audience’s heart might be a great talent. Therefore, the word is the mirror of thoughts. The language of stage must not be percept just like an implement of communication; it is the clue of culture. So, it is the mediator, which transfers our culture, style of living to our generation. At the time of creativity, poets create “words” and actors art of “words and feelings”. Other way, the audience could read the text at home without coming to the theatre to watch game.

Key words: language, language of stage, word, actor, scene.

Қазақ ұлттық театр өнерінің тарихына көз жүгіртсек, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап-ақ халық арасыннан жасақталған үйірмелер әдебиет, ән-күй, сауық кештері ұйымдастырылып жүрді. Ал, жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жылдарында бұл өнер ұжымдары шынында да ән-жыр, шешендік өнер, айтыс, көркемсөз сияқты тіл өнерін қайнататын ошақтарға айналды. Осылайша Омбы, Семей,Ақмола, Қостанай, Торғай, Қызылжар, Шымкент, Қызылорда, Жамбыл т.б. жер-жерлердегі

топтасқан өнерпаздар, мәдени-ағарту қоғамдары ұлттық театрдың құрылуына ықпал етті. Бұл жайында белгілі театр танушы Б.Құндақбаев былай дейді: «Халық арасынан шыққан өнерпаздардың басын қосып, сахна алаңына топтастырып, олардың бойларындағы жарқыраған өнер нұрын қалың қауымға жеткізген де осы әуесқойлық сауық кештері. Қазақстанның әр жеріндегі осындай талпыныстар, алғашқы сахналық қадамдар Октябрь революциясымен ілесе келіп, ұлттық театр өнері мен драматургияның дамуына ықпал жасады» [1,50б.]. Сөз жоқ бұл өнерлі ұжымдар тұңғыш қазақ театрының шаңырағын көтерген бір-бір уық десе болады. Әрине, үйірмелерге тіл түсінетін, сөз қадірін білетін, майын тамызып сөйлей алатындар ғана қабылданғаны түсінікті. Осыған қарап алғашқы артистер қойылымдардағы кейіпкерлер бейнелерін шешен сөйлеп, тіл шұрайлылығымен-ақ өз орындарына қоя білген десек артық айтпағандық. Сондай-ақ, сауық – кештер репертуарында көркем сөз өз алдына сахналық жанр болып қалыптасты. Онда Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаев, Крыловтың мысал өлеңдері халықтық бағытта орындалды. Кәсіби деңгейі қандай болмасын әйтеуір, сөз өнерінің маңызды роль атқарғандығы көрініп-ақ тұр. Жалпы, жалаң сөзді жалаулатып сөйлегендей, құрғақ сөзді құтыртып айту да әбестік болған болар еді, сол себепті де кәсібилікке бір табан жақын тұрған сол кездегі шығармашылық топ қазақ, орыс классиктерінің шығармаларына жүгінуді жөн көрді.

Мысал өлең оқудың өзіндік ерекше тәсілдері бар екенін ескере келе, ондағы өнер көрсетушілердің қазіргі сахна тілі заңдылықтарын өзіндік тәсілменен меңгергендіктерін айта аламыз. Себебі, дәл осы жанрдың сахналық пошымы халықты көңілді әсерге бөлейтіндігі ұйымдастырушылар назарында болған. Жәй мәнерлі түрде тақпақтап емес, керісінше өлеңдегі әртүрлі кейіпкерлердің мінез-құлықтарын ашып, олардың дауыс екпіндері мен ерекшеліктерін анықтап, ең бастысы көрерменді сендіру секілді сахналық тілдің қатпарлы міндетін, мақсаттарын орындай білген.

Сонымен, 1) кәсіби қазақ театрының құрылуына дейінгі үйірмелер секілді топтасқан өнерпаздардың сөз өнерін жоғары деңгейде меңгеріп, оны ұтымды пайдалануымен қатар қисынды қолдана білгендігін байқаймыз.Дәл осындай сәтті қадамдар кәсіби театрдың тууына дейінгі тарихында сатылы түрде көрініс береді. Осы сияқты, 2) кәсіби қазақ театрының құрылуы кезеңінде қазақ драматургиясының алғашқы пьесаларына да халық поэзиясы мен тұрмыс-салт, эпостық жырлар негіз болды. Ішкі толғаныс, сезім, махаббат, батырлық сынды адам табиғатындағы бүткіл қасиеттерді көрерменнің көз алдына алып келуде сөз өнерінің маңызы ерекше болды. Себебі, ақындар айтысындағы шешендік пен суырып-салмалық, жар-жардағы ақ тілек, бет ашардағы туған-туыстарды таныстыру,сыңсудағы қимастық пен қоштасу сияқты тұрмыстық жырлар сөз құдіреті арқылы өз міндеттерін (функцияларын) атқарды. Мұнда да жоғарыда айтылып кеткендей, көрерменді белгілі бір шындыққа сендіріп, ұтқыр ойменен олардың сезіміне әсер ету үшін анық сөйлеу, екпінді дұрыс қоя білу, дауыс күші, сөз астарын ашу сияқты сахна

тілінің өзекті мәселелерінің тұруы заңды құбылыс. Мысалы, қазақ театрының тұңғыш қойылымдарында – (М.Әуезов. Еңлік-Кебек, реж. С.Қожамқұлов, 1926 ж. 13 қаңтар; М.Әуезов. Қаракөз, реж. Қ. Жандарбеков, 1926 ж. 8 сәуір; Ж.Шанин. Арқалық батыр, реж. Ж.Шанин, 1926 ж. 2,6 желтоқсан т.б.) өнер көрсеткен артистерге «Сөз тартысын, ақындық айтысты жете білетін артистер сахнадағы сөз, жыр жарыстарынан шоқ шашырата алды. Мұндай тұстағы әрбір сөздің динамикалық ішкі құдіретінен туатын қуат – екпіндерді дауылша соқтыру, әрбір сөздің дыбыстық, ырғақ күйлерін жеткізе айту – артистердің ана сүтімен тапқан өнерлері болатын. Осы өнер театр көрермендерін де шексіз бақытты етті» - деп, баға берген Ә.Тәжібаевта сөз өнерін басты нысанаға алып сөйлейді [1,11б.]. Себебі, актерлардың дауыс қуаттылығы, екпін түсіріп сөйлеу, дыбыстық бояулары, анық-таза сөйлеу сияқты ерекше қабілеттері бұл қойылымдардың жоғары деңгейде өтуіне кереметтей әсерін тигізді. Ал, ана сүтімен тапқан өнерлері болатын дегені, халқымыздың сөзге тоқтаған ел екендігін, сөзге мән беріп, оның астарына үңілетін ерекше талантты ұлт екендігін меңзесе керек. Иә, расында қазақ халқы сөзге тоқтаған халық. Сөз өнеріне зор мән берген. Ертедегі билеріміз ел ішіндегі ру-рулар арасындағы дау дамайды, жанжалдарды бір ауыз сөзбен бітістіріп отырған. «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» деген астарлы терең ұғымды дана халқымыз бекер айтпаса керек. Сан ғасырлар елегінен өтіп, халық көкірегінде жатталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен сұңғыла сөз зергерлері халықтың қамын ойлай білетін парасаты мол ел ағалары, қиналғанда жол табар ақылшысы бола білген. XV-XVIII – ғасырларда өмір сүрген Асан қайғы, Қазтуған, Ақтамберді, Үмбетай, Бұхар т.б. ақын-жыраулар ақпа-төкпе, суырып салма өлеңді қару еткен.

Қайткенмен де, алғашқы артистер сөз өнерінің шеберлері еді. Сахнада сөйлеу аппаратын еркін меңгеріп, дем мен дауысты ұтымды пайдалана білген театр көсемдері бүгінгі өнер майталмандарының үлгі тұтар тұлғаларына айналып отыр. Ол ардагерлер: Қалибек Қуанышбаев, Серәлі Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, Құрманбек Жандарбеков, Күләш Байсейітова, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Жұмат Шанин т.б. Осы тұста, дауыс мүмкіншілігін аса шеберлікпен меңгерген Қалибек Қуанышбаевтың жәрменкелерде (ойын-сауық) бір өзі қыздың сыңсуын, шеше зарын, әкенің жұбатқанын, тіпті бұзаудың мөңіреп, иттің үргенін де жалғыз өзі орындап тындаушыларын тамсандырғанын ерекше атап өткен жөн.

Арада бір ғасырға жуық уақыт өткенін ескерсек, бүгінгі күнгі сахна мамандарының сөйлеу қабілеті қандай деңгейде, қай бағытта деген заңды сауалдардың туындары анық. Ғалым Ғ. Ақпанбек былай дейді: «Адам баласының мәдени мұраларында (мәдениетінде) кездейсоқ нәрселердің болуы мүмкін емес. Ол ғасырлар бойы жинақталып, сұрыптала келе ғұрып – салт па, әуез-саз ба, болмаса әшекей-өрнек түрінде ме, әйтеуір бір белгілі пішінге ие болады» [2,5б.]. Бұдан түйеріміз, кез-келген нәрсе уақыт өте келе пішіндік келбеті айқындала түсіп, көркемдік мәні тереңдеп және де ол адам баласының

қажетіне қызмет етуі керек. Осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, XXI ғасырдағы тіл мәдениетінің пішіні көлемді, салмағы ауыр, өңі тартымды болуы өзінен өзі түсінікті. Міне, осы мәселе қазіргі таңда өнер адамдары арасында, оның ішінде театр және кино актерлары мен теле-радио жүргізушілері, көркем сөз оқу шеберлері, әнші-вокалистер қала берді лекторлар мен мұғалімдер арасында, басқа да сөз өнеріне қатысы бар мамандар үшін заман талабына сай мән берерлік машақатқа (проблемаға) айналып отыр. Яғни, сөйлеу мәдениеті өнер сапындағы кез-келген адамды ойландыруы қажет. Ал, актер шығармашылығы үшін сөйлеу мәдениетінің орны тіпті де ерекше әрі маңызды роль атқарады. Енді, осы турасында біраз мысалдар келтіре кетейік. Мәселен, комедия жанрындағы спектакльде ойнайтың актердың сөйлеу мәнері драма немесе трагедиялық қойылымда өнер көрсететін актердың сөз саптауынан басқаша болуы керек. Сол сияқты ішкі толғаныс, тебіреніс, толып жатқан көңіл-күйге байланысты адам жанын күйзеліске салатын, қайғы қасіреті мен мұң-шерін ақтара баяндайтын монологын айтып жатқан актердың діріл аралас құмыққан зарлы дауысымен, қыран-топан күлкіге кенелтетін, әзілкеш-қуақы образын сомдаушы сахнагердің дауысында әрине айырмашылық болуы тиіс. Мысалы, кейіпкердің мінез-құлқын анықтау үшін оның жас шамасы т.с.с. ерекшеліктеріне байланысты автордың сөзін актер қалай құбылтып айтам десе де өзі біледі. Өйткені, драматург кейіпкердің жас-шамасын т.с.с.көрсетуі мүмкін, бірақ, оның ауызындағы сөздің салмағы мен өлшемін, дәмін, көлемі мен түсін анықтайтын актердің өзі. Сол сияқты, актер монолог айту кезінде автордың қойған тыныс белгілеріне қадалып қалмай психологиялық т.б. кідірістерді өзі жасамай ма? Сондай-ақ, серіктеспен болатын арадағы диалогтар да актерлардың қажетті тональностпен сөйлескенінде ғана тура нәтиже бермек. Былайша айтқанда автор сөзі – шикі зат, ал актер оны қорытып, көрермен қажетіне жарататын зауыт іспетті күрделі алып тұлға.

«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айланасы» – деп, Абай айтқандай, қойылымдағы уақиғаның қай дәуірде болып жатқанына байланысты сөзін бір жұмырлап, қай елде, қай жерде қай уақытта өтіп жатқанына байланысты екі жұмырлап, атмосферасына байланысты үш жұмырлап, рольдің мақсатына т.с.с. байланысты тағы жұмырлай алу шебер әрі шешен актердің ісі. Яғни, актердің сөйлеу мәдениеті - сөзді кәсіби тұрғыда дұрыс жолға қойып, спектакльдің идеясын ашудағы үлкен қолғанат сияқты мазмұнды, мәнді, жоғары деңгейде сөйлей алушылықты айтамыз. Міне, осындай күрделі мәселелердің түйінін шеше білу қай кезде де болмасын шебер актердың сүйікті ісіне айналуы қажет.

Сонымен, актер ойыны нәтижесінің жемісті болуы оның сөйлеу мәдениетіне – дауысына, сөз саптауы мен техникасына байланысты. Бұл

мақсатқа жетудің қайнар көзі, алтын діңгегі және сөйлеу мәдениетінің мүддесіне жұмылған жұдырықтай жұмыс істейтін бірден-бір тетік – **сахна тілі** пәні. Сахна тілінің негізгі функцияларының бірі – анық сөйлеу. Ал, анық сөйлеу – актердың кәсіби шеберлігін шыңдап, көрерменге айтайын деген ойын айшық жеткізудің негізгі құралы. Бір-бірінен бөліп қарауға келмейтін **дикция, орфоэпия, тыныс, дауыс, мәтінмен жұмыс істеу** сияқты бес бірдей бөлімді қамтитын сахна тілін меңгеру, кәсіби актердың жауапты ісі болып табылады. Бұл бөлімдердің әрқайсысының өзіндік өзгешеліктері бар.

«1. Дикция – сөздің таза айтылуы, яғни дауыс шығарып сөйлеудегі ерекшелік. Анық сөйлеу-дыбыс артикуляциясының жемісі болып табылады.

2. Орфоэпия – тіл нормаларын сақтау яғни, сингармонизм заңдылығын ұстана отырып, дыбыстардың өзара үндесуі, жазылған сөздің айтылу тәртібі болып табылады.

3. Тыныс **–** адам анатомиясы мен физиологиясының табиғи заңдылығы. Тыныс алу немесе дем алу – адамның ауа алмастыру үдерісі болып табылады.

4. Дауыс – сөйлеу аппараты қызметінің нәтижесінде пайда болатын құбылыс. Бұл да табиғи заңдылық.

5. Мәтінмен жұмыс жасау – сөздің таза айтылуын, дауыс шығарып сөйлеудегі ерекшелігін, тіл нормаларын сақтап, яғни сингармонизм заңдылығын ұстана отырып, дыбыстардың өзара үндесуін, адам анатомиясы мен физиологиясының табиғи заңдылығын, сөйлеу аппараты қызметін меңгере отырып, көркем сөйлеуге машықтану» [3,15б.]. Тіпті, сөйлеу мәдениетінің біздің дәуірімізге дейінгі қоғамдарда қалыптасқандығын ескерер болсақ, сахна тілі пәнінің тамыры өте тереңде екендігін түсінеміз. Ежелгі Греция, Рим империяларында (б. д. д. V-I ғ.) «Риторика» - негізгі пәндердің бірі ретінде оқытылғаны белгілі [4,5-6б.]. Онда болашақ ел басқарушыларды, заң қызметкерлерін, қоғам қайраткерлерін ешқандай қағазға қарамай-ақ шешен сөйлеуге үйреткен. Дей тұрғанмен, XXI ғасырдағы тәуелсіз Қазақстанның өнер саласындағы, оның ішінде театр өнерінің негізгі мүшесі – актердің өз кәсібін заман талабына сай меңгергені абзал.

Сахна тілінің негізгі функциясы актерлерге сөйлеу техникасын үйрету ғана емес, сонымен қатар жалпы адамзаттың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру болып отыр. Бұған дәлел ретінде бүгінгі күнгі қоғам қайраткерлерінің, зиялы қауым өкілдерінің, жоғарғы оқу орындары ұстаздарының, т.с.с. сахна тілінен дәріс алуға ниет білдіріп отырғандығын айтуымызға болады. Қазіргі уақытта сахна тілі мәселесінің уақыт өткен сайын күрделеніп келе жатқандығы жасырын емес. Қоғамдық дамудың белгілі бір бағытына сай дамуды қажет ететін тіл техникасын меңгеру өз алдына, оны актерлік шеберлікпен ұштастыра білу көп еңбек пен ізденісті талап етері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Қазақ театрының тарихы. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. – Алматы., Ғылым., 1975ж. 398 бет.

2. Ғ.Ақпанбек. Адам. Болмыс. Жан. Дүние. – Алматы., Өнер., 2003ж. 144 бет.
3. О.Хожамбердиев. Сахналық тіл – сөз әрекетінің негізі. – Алматы., Волкова., 2015ж. 76 бет.
4. С.Құрманғалиева, М.Жармұқамедов. Қазақтың шешендің өнері /бағдарлама/. – Алматы., Мұраттас., 1994ж. 38 бет.
5. Г.В.Кристи. Воспитание актера школы Станиславского. – Москва., Искусство., 1978г. 430 стр.
6. И.П. Козлянинова, Э.М.Чарели. Тайны нашего голоса. – Екатеринбург., Динамит., 1992г. 320 стр.

АКТЕРДІҢ ПЛАСТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Төреханов Қ.Е.
М.Әуезов атындағы ОҚУ,Шымкент қ.
Жунисалиева А.Б
М.Әуезов атындағы ОҚУ,Шымкент қ.
zhaltynay@mail.ru

Андатпа: Мақалада кәсіби театр режиссері, көрнекті педагог К.С.Станиславскийдің ізбасарларының тәжірибесі мен білімі берілген. Пластикалық сахналық қозғалыстың қажеттілігі, оның маңызы және осы дағдыларды меңгеру тәжірибесі беріледі.

Кілт сөздер: актер, сахна қозғалысы,пластика,тренинг.

Аннотация: В статье приведены опыт и знания последователей профессионального театрального режиссера, видного педагога К.С.Станиславского. Приводиться необходимость пластики сценического движения их значение и практика приобретения этих навыков.

Ключевые слова: Актер. Сценическое движение, Пластика, тренинг.

Absract: The article presents the experience and knowledge of followers of the professional theater director, prominent teacher K.S. Stanislavsky. The need for plastic stage movement, its significance and the practice of acquiring these skills are given.

Key words: Actor Stage movement, Plastics, training

Станиславский жүйесіндегі актер шығармашылығының түпкі мақсаты образға айналу болғандықтан, актердің дене шынықтыру дайындығының мақсаты оның түрлендіру жүйесін жүзеге асыру мүмкіндігін беретіндей дене дайындығы болуы керек. Жүйені жасаушының өзі актердің дене аппаратын «Бейнелеудің дене аппараты» деп бекер атамаған. Өмірде де, сахнада да инкарнация (бейнелеу) ішкі өмірдегі, «адам рухының өміріндегі» өзгерістерге тәннің («тән») барабар табиғи реакциясын болжайтыны анық. Реинкарнация сахналық бейнені жасау процесінің тағы бір сатысын – қасақана ерікті

меңгеруді қамтиды. «Адам ағзасының өмірлік рөлі» және оның ішкі толтырылуы мен негізделуі. Екі процесс де адамның бастапқы тұтастығына – адам актерінің психофизикалық аппаратының бірлігіне, «адам рухының өмірінің» «адам денесінің өміріне» жауап беру қабілетіне және керісінше негізделген. Сондықтан актердің дене тәрбиесінің негізгі, стратегиялық мақсаты оның тұтастығын қалпына келтіру, психикалық және физикалық принциптерінің бірлігін қалпына келтіру болып табылады.Неліктен қайтару? Не жоғалды және неліктен бұл жоғалған мүлікті қалпына келтіру қажет? Кез келген жануар біртұтас және айналасындағы әлемге реакциясында біртұтас. Ондағы болмашы өзгерістерге бүкіл болмысымен жауап береді. Тәтті тағам алғысы келген ит мұрнының ұшынан құйрығының ұшына дейін бүкіл денесімен тілегін білдіреді: ол бүкірейеді, еденге тегіс жатады, секіріп кетеді, секіреді, көзін айналдырады, дірілдейді, ызылдайды - бір сөзбен айтқанда, оған қол жетімді барлық жолмен, ол өзін басып алған сезімдерін білдіруге тырысады. Оның жаны мен тәні бір құмарлықпен, бір тілекпен өмір сүреді.Адам басқа мәселе. Дамудың белгілі бір кезеңінде оған ақыл-ой мен сөйлеу қабілетін бере отырып, эволюция оның психикасын жетілдірді және күрделендірді, ол дербестіктің, денеден тәуелсіздіктің, оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерінің жеткілікті жоғары деңгейіне ие болды. Сонымен қатар, адам ағзасы, жоғарыда айтқанымыздай, табиғи түрде көптеген шектеулерге ұшырайды және қазіргі адамның қозғалыс жүйесі, біздің қозғалыс белсенділігіміздің күрт төмендеуіне байланысты, тіпті осы шектеулі мүмкіндіктердің кейбірін жоғалтты. . Табиғи бірлік, табиғи тұтастық пен үйлесімділік физикалық атрофиямен (көне грек тілінен алғанда,Атрофия-голодание, аштық) психикалық принциптің гипертрофиясымен ауыстырылды. Оның үстіне миллиондаған стандарттары бар әлеуметтік ортада өмір сүру,реттеулер, конвенциялар мен тыйымдар бізді үнемі ішкі күйлеріміздің сыртқы көріністеріне тосқауыл қоюға мәжбүр етеді. Бастықты «кілемде» шақырып, оның әділетсіз сынына құлақ асуға мәжбүр болған біз иштей ашуланамыз, бірақ сонымен бірге мойынсұнушылықпен басымызды изеп, мінез-құлық пен корпоративтік адалдықты көрсетеміз. Жылдар бойы мыңдаған, жүздеген мың бұндай тосқауылдар біздің «Мен» тұтастығын бұзады, ішкі өмірімізді дененің өмірінен барған сайын ажыратып, алшақтатады, экспрессивтік мүмкіндіктерімізді азайтады.Сахналық жағдайларда актер-тұлғаның психофизикалық екі жақтылық, бөліну мәселесі одан әрі күрделене түседі, өйткені рөлді орындай отырып, сахналық кейіпкерге айнала отырып, актер өзінің денесін, бірақ ішкі әлемін, мінез-құлық мотивтерін, оның сахналық әрекетінде жүзеге асыратын мақсаттары, ол тиесілі емес - олар кейіпкерден алынған. Дене сенікі, қимыл-қозғалыстары да, бірақ тапсырмалар, олардың ішкі ойлары, олардың логикасы мен жүйелілігі, ұсынылатын жағдайлары қарызға алынған (К.С. Станиславский). Сондықтан актер үшін психофизикалық тұтастық ерекше мәнге ие болады.Жоғалған тұтастықты қалпына келтіру үшін актер керек «...өз материалыңызды —

денеңізді сырттан (актерден, режиссерден) алған тапсырмаларды бірден орындай алатындай етіп жаттықтыру». Яғни, актер, ең алдымен, сана мен дене арасындағы байланысты қалпына келтіруге, дененің функционалдық мүмкіндіктерін нығайтуға - оның «мақсатты өнімді әрекетті» орындау қабілетін арттыруға тиіс.Дегенмен шығармашылықтың ішкі шарттары бар сияқты және актерде әрекет етуге деген құштарлық табиғи түрде пайда болады, актерге ол рөлдің берілген орнын түсінген және сезінген яғни оған дайын сияқты көрінеді мұны өзінің сахналық мінез-құлқында көрсету. Содан кейін ол әрекет ете бастайды және ... ештеңе болмайды. Оның даусы да, денесі де оған бағынбай, шығармашылық мәселенің шешімін тапқандай жаңа ғана болжағанынан мүлде басқа әрекетке барады... Ішкі екпіннің өзі... дұрыс, мазмұнға бай, ойын дұрыс бағыттаған бұлшықеттер, ол белгілі бір интонацияны және белгілі бір қимылды талап етті және сәйкесінше бұлшықеттерді оларды орындауға шақырды, бірақ оның бұлшықеттері бұл ішкі дауысқа бағынбады, бағынбады, өйткені олар бұған жеткілікті түрде дайындалмаған. Демек, «Актер белгілі бір ішкі импульс, сәйкес қимыл, кідіріссіз,назар аудару түрде орындалатындай ым-ишара мен дыбыс еркіндігін алуы керек...»**, сондықтан денені және қозғалыстарды және барлығын дамытыңыз, бұл суретшінің тәжірибесін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша эмоция инстинктивті, жылдам, айқын түрде жүзеге асырылады.Осы мақсаттарға жету үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет. Олардың кейбіреулері айқын және жалпы қабылданған. Бұл міндеттердің біріншісі – әр түрлі жаттығулар арқылы денені жан-жақты дамыту. Актер дененің бейнелеу аппаратын оның барлық бөліктерін, табиғат оларға арналған міндетке сәйкес келетіндей етіп әзірлеуі және дайындауы керек.Бұл мәселені шешу мыналарды қамтиды:

- білім алушының жеке физикалық және психофизикалық кемшіліктерін жою;
- физикалық және психофизикалық қасиеттерді жақсарту;
- қозғалтқыш мүмкіндіктерін кеңейту;
- жалпы тонусын арттыру, қозғалыс жеңілдігін, ептілік пен ұтқырлықты дамыту.

Келесі міндет - мотор мәселелерін шешу кезінде барлық психофизикалық қасиеттерді біріктіру тәжірибесін алу.Бірдей айқын міндеттер: актерді өз бетімен үнемі жұмыс істеуге арналған бағдарламамен және жаттығулар жиынтығымен жабдықтау; актердің бойына осындай жұмыстың қажеттілігін сіңіру; дене аппаратында жұмыс істеу процесін актердің дене бітімінің табиғатының органикалық азғындауына жеткізу.Психофизикалық тұтастықты қалпына келтіру үшін тағы бір тапсырманы шешу өте маңызды - денені «ояту», өз денесінің неғұрлым өткір және бай сезімін ояту, дене диаграммасының ішкі көрінісін ұштау, өзін сияқты сезінуді үйрену. бүкіл дененің және оның жеке бөліктерінің кеңістіктегі орнын мүмкіндігінше дәл және анық білу, дененің бір бөлігінің екіншісіне қатысты

минималды қозғалысын сезіну, денені жаңа сезімдермен байыту, «ұмытылған», «жоғалған», «елеусіз қалғандарды» қайта ашу бұлшық еттерді және оларды сіздің назарыңыздың аймағына қосыңыз, дененің жоғары, жоғары сезімін әдетке айналдырыңыз. Өзін-өзі тану жолынан өтіп, өзін-өзі тану, мойнына жеткен осындай «оянған» дене ғана шынайы бірлікті қалпына келтіру жұмысында психиканың тең құқылы серіктесі бола алады. Актердің психофизикалық аппаратының тек осындай дене актердің жүйке-бұлшықет аппаратын «бейнелеудің дене аппаратына» айналдыру бойынша одан әрі жұмыста сенімді тірек бола алады. Осындай жоғарылаған өзіндік сезімнің психофизикалық негізі кинестетикалық (артикулярлы-бұлшықеттік) сезім болып табылады. Бұл сана мен дене арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.Актердің психофизикалық аппаратының тұтастығы мен бірлігін қалпына келтіру үшін оның сыртқы әлемдегі ең аз өзгерістерге жауап беру қабілетін жақсарту маңызды емес. Өйткені адамның тұтастығы сахнада, өмірдегі сияқты, ең алдымен сыртқы ортадағы өзгерістерге (ұсынылған жағдайлардың өзгеруі, болып жатқан оқиғалар, серіктестердің әрекеттері және т.б.) барабар экспрессивті реакциясы түрінде көрінеді.Сондықтан тренингтің келесі міндеті актерге осы өзгерістерге реакциялардың жылдамдығы мен жарықтығын қайтару, бұл реакцияларды жанды және мәнерлі ету болып табылады.Мұндай тапсырманы қою қажеттілігі біздің барлық білім беруіміз бен өзін-өзі тәрбиелеуіміз бастапқы реакцияларды блоктаумен байланысты рефлекторлық механизмді дамытуға бағытталғандығы-на байланысты. Байсалдылық, ұстамдылық, біздің күнделікті өмірімізде жалпы танылған ізгі қасиеттер. Өзін тежеу қабілетінен мүлде айырылған адамды елестету қиын, ол әрқашан өзінің алғашқы екпіні бойынша әрекет етеді және сөйлейді. Бір сөзбен айтқанда, өмірде «тежегіштер» қажет және пайдалы ғана емес, олар жай ғана қажет. Ал біз сахнаға шыға салысымен-ақ үлкен кедергі болып шығатындар да солар. Сондықтан «алғашқы реакция ілімін» дамытқан көрнекті театр педагогтарының бірі Н.В.Демидов жазғандай, актердің бойында «бірінші екпінді кідіріссіз орындау» қабілетін барлық жағдайда күшейту қажет.

Сондай-ақ соншалықты айқын емес немесе маңызды болып көрінетін, бірақ іс жүзінде актердің дене шынықтыру сабақтарының тиімділігі үшін өте маңызды мәселелерді шешу қажет.Айталық, жоғарыда аталған бастапқы міндеттерді жүзеге асыру кезінде, жоғарыда аталған «тежегіштерден» басқа, тартылғандардың әрқайсысы әдетте «өзіне кіруді» қиындататын және сәйкестендіруді болдырмайтын бірқатар шектеулер мен кедергілерді анықтайды. Адам рухының өмірінен,демек, тренингтің келесі міндеті алдыңғыларға қатысты көмекші сияқты.Актер осы сәйкестендіруге кедергі келтіретін барлық нәрсені өз бойынан тауып, жеңу.Бұл, ең алдымен, таза физикалық шектеулерді жеңу (мысалы, буындардағы ұтқырлық); ішінара психикамен байланысты физикалық шектеулер (мысалы, барлық түрлері «қысқыштар», сондай-ақ олардың айқын қарама-қарсылығы - бұлшықеттердің тыныштық болмауы); толығымен психикалық себептерге байланысты

физикалық шектеулер (құлаудан қорқу, мүмкін жарақат алу, жаңалықтан қорқу; дене бітімінен ұялу, ебедейсіздігі туралы және т.б.).Қозғалыс сабақтары осы қорқыныштар мен шектеулерден арылудың тамаша түрі болып табылады.Барлық түрдегі ингибиторлар(тоқтату,тежеу) мен шектеулерді жеңу жұмысында актер бойында жинақталған кейбір пластикалық стереотиптерді жою - пластикалық мінез-құлық, әдеттер, мінез-құлық, жақсы игерілген, өмір сүрген формаларын жоюдың көп еңбекті қажет ететін міндетін атап өту керек. Бұлшықет жадында сенімді түрде бекітілген. Бұл жад оларды орнына және орнынан жылжытады, актердің тірі реакцияларына кедергі келтіреді, сахналық мінез-құлықтың ерекше формаларының туылуын қиындатады.

Ең маңызды және типтік стереотиптерден арылу керек:

- Бұрын алынған сол немесе басқа пластикалық мамандануdан туындаған стереотиптер, мысалы, бір кездері хореографиямен айналысқан актерлердің позалары мен ым-ишарасының жоғарылауы және шамадан тыс пластикалығы, қозғалыстардың толқын тәрізді пластикасы және бұрынғы мимдардағы ым-ишараның түсіндірмелі пластикасы, ерекше пластикалық спортшылар;

- Тежеу тәрбиесінің кемшіліктерінен (ағашқа шықпа, қолыңды серме, айналма, жүгірме) дұрыс көңіл бөлмеуден туындаған стереотиптер баланың жан-жақты физикалық дамуына, әлеуметтік пікірлердің ықпалы және кейде қысымы (тұратын кез келді, енді ұл емес, жасыңда және т.б.), өркениет жағдайлары киім байлау және аяқ киім, шектеулі кеңістік: пәтер, кеңсе, сынып, бұл физикалық шектеулі мінез-құлық, ұялшақтық, ыңғайсыз қозғалыстардың барлық түрлеріне әкеледі;

- күнделікті пластикалық хирургияның белгілі бір түрлеріне тән сәнге байланысты стереотиптер, мысалы, кейбір заманауи жастардың жалқау, бос жүрістері, баяу қимылдары мен ым-ишарасы;

- танымал актерлердің, атақты спортшылардың немесе басқа кумирлердің мінез-құлқына еліктеуден туындаған стереотиптер.

Актерлік ойлауға тән кейбір ерекше стереотиптерді де жеңу керек. Мысалы, актердің өз мүмкіндіктерінің шектен тыс шектеулілігіне деген сенімін жою қажет. Мен мұны ешқашан жасамаймын, есімде жоқ, мен бұған шыдамаймын және т.б.

Актер-жасаушыны тәрбиелеу үшін өте маңызды және стратегиялық сипаттағы бұл мәселені шешу үшін оған кәсіби технология позициясынан қарау керек - жаңа қозғалыстарды оңай меңгеру, кез келген жаңа нәрсені игеру қабілетін дамыту. дағдылары мен дағдылары және маңыздылығы кем емес, мұндай жұмысқа ішкі дайындықты, оған деген талғамды, құмарлықты тәрбиелеу.

Әріптеске деген сезімді дамыту сияқты оқыту міндетін бөлек атап өту керек. Сабақтар актерлерде серіктес туралы сенсорлық қабылдауды оятуы керек, яғни оның көру, ұстау, бұлшықетті сезіну - бір сөзбен айтқанда, серіктестің әрекетін дәл сезіну және бағалау, өзара әрекеттесу және өзара

әрекеттесу дайындығын күшейту керек. Ақырында, театрдағы өндірістік және консультациялық жұмыс тәжірибесі бізді мына нәрсеге сендіреді: егер қозғалыс қасиеттері жоғары деңгейде дамыған актердің белгілі бір моторикасының жетіспеушілігін бір реттік кеңес беру арқылы жеңуге болады. Маман болса, онда моторикалық қасиеттердің дамуының төмен деңгейін жеңу қысқа мерзімді күш-жігермен мүмкін емес. Жетілген адамның физикалық қасиеттерін өзгерту көптеген сахналық қозғалыс мұғалімдері ойлағаннан әлдеқайда көп уақыт пен күшті қажет етеді. Көбінесе олар бұл жұмысқа 15-20 минут сабақ бөледі (оны спортпен салыстыра отырып, оны «жылыту» деп атайды) бұл болашақ актердің дене аппаратының күйінде сапалы өзгерістерге қол жеткізу үшін мүлдем жеткіліксіз.

Қорытындылай келе әсіресе, сахналық қозғалыс сабақтары әдетте аптасына екі рет қана өткізілетінін ескерсек, К.С.Станиславский мұндай сабақтарды күнделікті өткізу керек, өйткені адам ағзасының бұлшықеттері олардың дамуы үшін жүйелі тұрақты жаттығулар арқылы ұзақ мерзімді дамуды қажет етеді деп есептеді.Бұл ұсыныстарда біз бүгінгі әлемдік театр тәжірибесіне «Актер дене шынықтыру» жұмыс тақырыбымен көбірек еніп келе жатқан дайындық бөлімін оқыту әдістемесін қарастырумен шектелеміз. Бұл өте маңызды міндет, өйткені театр сахнадағы өзара әрекеттен тыс өмір сүрмейді.

Әдебиеттер:

1.Құлбаев А.Б Сахна қозғалысы пәнінің негіздері. IV Актердің сыртқы техникасы мен оның маңызы.104 б.

2.Физический тренинг актера по методике А.Дрознииа.- М.: ВЦХТ(«Я вхожу в мир искусств»), 2004, - 160 с., ил.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ, АКТЕР ИІСБЕК ӘБІЛМӘЖІНОВТІҢ ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕННІҢ «ҚАЙРАН, ЕЛІМ!» ӘНІ БЕЙНЕБАЯНЫНДАҒЫ КАДР СЫРТЫНДАҒЫ МОНОЛОГЫ

Бельжанова К. А.

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
«Сахна тілі» кафедрасының профессоры,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, актер Иісбек Әбілмәжіновтің Димаш Құдайбергеннің «Қайран, Елім!» әні бейнебаянындағы жұмысы кадр сыртындағы монологтарына талдау жасалады. Актердің образ жасауда үнін, даусын өте дәл тауып, сенімді түрде, шеберлікпен орындап жеткізе білгені жайлы айтылады. Сөз әрекетін жақсы меңгеріп, пайдаланады.

Аннотация: В этой статье дается анализ работе над закадровым монологом заслуженного деятеля Республикик Казахстан Исбека Абильмажинового в клипе Димаша Кудайбергенова на песню «Қайран, Елім!». Он очень тонко и точно находит тон, речевую характеристику, с большим мастерством передает образ, хорошо использует действенное слово.

Abstract: This article analyzes the work of the Honored Worker of the Republic of Kazakhstan Isbek Abilmazhinov on the off-screen monologue in the video clip by Dimash Kudaibergenov on the song called “Kairan elim”. He very subtly and accurately finds the tone, speech characteristics, conveys the image with great skills, uses the effective word well.

Түйін сөздер: Монолог, сөз, үн, сөз астары, кейіпкерге тән үн, дауыс, әрекетті сөз.

Ключевые слова: Монолог, слово, тон, голос, подтекст, речевая характеристика, действенное слово.

Keywords: Monologue, word, effective word, tone, subtext, speech characteristic, voice.

Бейнебаян басталарда оқылатын кадр сыртындағы монолог мәтіндер ән мен оған түсірілген бейнебаянның жалпы мазмұн-мағыналық, идеялық табиғатын ашып беретін кіріспе іспетті.

«Қайран, Елім!» әнінің бейнеклип көріністері бастала бергенде: **«Ұлы Дала! Төрт құбылаң тең түскен жеріңді айтам...» –** деп келетін, ән табиғатымен астасып жатқан кең тынысты әдемі **монолог оқылады.** Міне, алғашқы екі ауыз сөзден бастап, Ел мен Жер туралы көп нәрсені айтуға, аңғаруға болады. Әнді естиміз, ал, бейнебаянды әнді тыңдай отырып оның жеткізбек болған ой жиынтығын, астарын бейнелі түрде көзбен көреміз. Сөйтіп, көз алдымызда санамызда ой қорытуға көмекші әсем көріністер көрініс табады. «Жүз рет естігеннен гөрі, бір рет көрген артық» дегенге сүйенгендіктен шығар, кейде, әншілер көрерменге өз орындауындағы әнді оған бейнебаян түсіру арқылы жеткізуді жөн санайды. Бұл – дұрыс та...

Сонымен, Димаш Құдайбергеннің «Қайран, Елім» әнінің бейнеклипінде:

«Ұлы Дала! Төрт құбылаң тең түскен жеріңді айтам... Алтай мен Атырау, Жайық пен Іле, Алатау мен Сарыарқа – Дәуірімнің дәурені болған Жерімнің кеңдігін айтам!

Алқалы көшті бастаған Түркі дүниесінің бесігі – Ұлы Даланы айтам! Е-е, тым-тырыс Дүние, деміңді ішіңе жұтпа! Талас пен тартыстың аламан бәйгесінде шабандап қалмаған ұрпағың бар. Құбылған дүниенің құйтұрқы қылығы аздыра да алмаған, тоздыра да алмаған, мінезі – мәрт, көңілі – жомарт, дархан иесі бар, Ұлы Даланың бөгделер біле бермейтін, өзгелер де сезе бермейтін Киесі бар!» – деген, *бейнебаянның алғашқы 1 минут 18 секундында орындалатын* мәтін жолдарын пайдалану арқылы, аталған **монолог актер Иісбек Әбілмәжіновтің оқуында**, ән орындалмас бұрын көрерменнің ойына бірден: әншінің қазақтың ұлан-байтақ жерінің кеңдігі мен

дархан даласына деген ұрпақтық парыз, пейілін, аманат сөзін жеткізіп тұрғанын мегзейді. **Монологтағы ойлар арқылы** әнді орындаушы басты **кейіпкердің ой-тұжырымдары** айтылып, оның **жай-күйі** – елге, жерге, туған өлке, Отанға деген сүйіспеншілігі, **қарым-қатынасы аңғарылады.**

Монолог арқылы актерға бейнебаянда әрі қарай кейіпке ену қажет емес, іс әрекетке ауысады. Яғни, әншінің негізгі ән мәтіні басталады. Демек, әнші өз көрермен-**тыңдарманын** әнді қабылдауға **монолог арқылы дайындап** алды.

Ән төркіні поэзиядан, өлең-сөзден тұрса, кейде, сол өлең-сөздің өзі монологтан құралады. Мәселен, Абай, Махамбет, Мұқағали, басқа да көптеген ақындар шығармаларында **монолог** сипатындағы **көркемдік құралы** кеңінен, мейлінше еркін қолданылады. Оған: Абайдың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі кымбат!», «Болыс болдым, мінеки» **лирикалық монолог** өлеңі; Махамбеттің «Мен – мен едім, мен едім!» деп, **арнау монологы** ретінде келетін өршіл өлеңін; Мұқағалидың: «Бақыт деген не өзі?», «Ей, өмірім, зымырап барасың ба!?», т.б. өлеңдерін мысал етуге болады.

Сол секілді, бүгінгі таңда әншілік шеберлігімен әлемге танылған Димаш Құдайберген орындайтын **«Қайран, Елім!»** *(сөзі: Д.Алдаберген, О.Байсеңгір, әні: Р.Ғайсин)* әнінің өзі, тұрысымен **монолог.** Ән шумақтарына зер салсақ:

«Жанарымда жас бар ма?
Тамшы тамса жасқанба.
Елімді сүйіп,
Көтердім биік,
Алақанымды аспанға!

Сынақ түспей әліңе,
Бұл өмірдің мәні не?
Сындар шыңдайды,
Шыңдар сынбайды.
Уақыт ем болар бәріне...»

Сол сияқты, әндердің негізі, яғни, сүйегі өлең-сөз болғандықтан, монологтан құралатын әндер кездеседі. Бар айтар ойы, жеткізер сөз төркінінің **тұжырымдық мәні, ішкі ой-сарын, сыр-толғау, тебіреністен тұратын әндер жеткілікті.**

Енді, бейнебаянға қолданылған жоғарыда келтірілген монологтың жазба жұмыстарына тоқталар болсақ, кадр сыртындағы дауыстың таза жазылуы **дыбыстардың акустикалық және артикуляциялық қарым-қатынасы** қызметіне тікелей байланысты.

Актер **Иісбек Әбілмәжінов артикуляциялық қимылдар**, яғни, **қозғалыс актілерін** дұрыс қолданып, жүзеге асыруда жоғары кәсіби біліктілік танытқан. Өйткені, сөз анық, сөйлемнің, жалпы мәтіннің мағыналық бояуы қанық, тыңдаушыға өте жатық естіледі.

Сондай-ақ, актер кадр сыртындағы мәтінді оқу кезінде дыбыс жазу орнының **акустикалық ерекшелігіне** де баса мән беріп, оның өзіндік қарым-қатынасын сезіне білгені жөн. Дауыс жазу құрылғыларын пайдалана білу, оны өзіне тым жақын немесе қашығырақ ұстау керектігін, дыбыстың тербеліс күші мен жиілігін сезімталдықпен аңғару, мұның бәрі актердың кәсіби біліктілігіне қосымша талап етілетін техникалық қажеттіліктер. Актер осы жағынан да дұрыс кәсіби жұмыс жасай білуі арқылы, өз үнінің бояуын, сөйлеу нақышын анықтай біліп, дауысының одан ары жағымды шығуына оң ықпал етіп, шебер де тиімді қолдана алған.

Актер өз дыбыстау аппаратындағы **тербеліс ағынын** (резонатор) игере білуі керек. Кеудедегі ауа ағынымен шыққан әлсіз дыбыс тербелісін көмей мен ауыз қуысында, ерін мен тілдің қатысымында сөйлеу нақышына қарай икемге келтіріп, қажетті жағдайда күшейтіп, керексіз тұста ешқандай артық дыбыс шығып кетпеуін жіті қадағалауы тиіс. Бұл жағынан келгенде де, актер өте білікті, таза жұмыс жасаған.

Бейнебаянның кіріспе сөзін актер Иісбек Әбілмәжіновтің оқуында, көз алдымызда: қазақтың кең даласы, асқарлы биік таулары, айдынды шалқар көлдері мен ну жасыл орманы, жап-жасыл егістік алқабы мен кең жазық мидай даласы елестейді. Бұл – әсерлі монологқа құрылған көркем сөздің құдіреті және де соны аса шеберлікпен оқып, жеткізе білген актердың қарымды еңбегінің көрсеткіші.

Ән мәтініндегі ең есте қалатын **фразалық тіркестер:** «Қайран, менің, туған жерім! Аман бол, елім! Ғасырлардай мәңгі соқсын, сенің жүрегің! Жалғыз сол ғана – тілегім!» секілді тіркестер болса, ән басталардағы қазақтың кең даласы жайында оқылған монологтік мәтін жалпы әннің мәніне нәр үстеп, мазмұн-мағынасын айрықша ашып, оның үстіне, тыңдаушыны көркем ән **кіріспе-монологымен психологиялық тұрғыда** дайындап алуға септесіп тұр.

Актер Иісбек Әбілмәжінов монолог оқу шеберлігін: мәтіндегі біртұтас ой бірліктерінің шашауын шығармай, интонациялық құралдарды бір-бірінің көмегімен тиімді қолдана біліп, жеткізілетін ой тұтастығына зер салып, **сөйлеу әуені, сөз сазымен,** қазақы ұғымға сай **қоңыр әуезді үнмен сөйлеу нақышын** келтіре мағыналық реңк беріп, **кіріспе-монологтың** да, **әннің** де, жалпы бейнебаянның; тыныс белгілеріне қарай **қысқа кідірістер жасау,** ыңғайына қарай **көтеріңкі-төмен екпін, дауыс сарыны, қарқын, күші, сөйлеу әуені,** т.б. секілді **сөйлеу техникасын** құдды бір, сұлу сөздерден өрнек-иірімдер жасап, әуезді ән салып тұрғандай, орнымен **сәтті қолданған.**

Жоғары дәрежедегі сандық технологияларды қолдана отырып, кәсіби деңгейде түсірілген бейнеклипте монолог мәтініндегі әр сөз кадрдағы көріністерге **дыбысталуы** және **уақыттың мезеттік өлшемдері** бойынша да **өте дәл келуі** талап етіледі, **нақты, анық айтылып, мағынасы айқын болуы** тиіс. Соған сәйкес, орындалатын әннің мазмұнына кіріспе-монолог пен ондағы көріністер үйлесімді келіп, бәрі бірлікте іштей қабысып, көзделген

мақсатты үдеден шығуға болады. Міне, сонда ғана күтілген жалпы көркемдік шешім, композициялық құрылымы аса дәлдікпен оң шешімін береді.

«Қайран, Елім!» әнінің бейнебаянында актер Иісбек Әбілмәжінов оқыған кадр сыртындағы дыбыстаулар біз атаған шарттардың межесінен еселеп көріне білген. Өте әсерлі, құлаққа жағымды, қоңыр үн. Әнді тыңдай бастағанда-ақ, құдды қазақ даласына тіл бітіп, адамзат баласына үн қатып жатқандай күйге бөленесіз. Ары қарай, сол көңіл-күйімізді әлемді әсем күйге бөлеген Димаш Құдайбергеннің әні шарықтап іліп әкетеді.

Бұл туындыда **монолог** елеулі **стильдік қызмет атқарып, әншінің ой-мақсатын тыңдарманға тиімді жеткізудің бір тәсілі** ретінде қолданылған.

Сонымен, біз ән бейнебаянында **кадр сыртындағы монолог** мәтінді оқығанда әуелі, әннің **не туралы екенін** біліп алуымыз; екінші, оқылатын **мәтін не жайында**, оның айтпағы не екенін, яғни, айтылатын ойдың **жай-жапсарын ажыратып** алуға тиіс екенбіз. Содан кейін, күтілетін нәтижеге қарай сөйлеу дағдысын қалыптастыра жаттығып, **сөйлеу техникасы** тәсілдерін дұрыс қолдана жұмыс жүргізе білуіміз керек екен.

Әрине, кадр сыртындағы монолог мәтінді оқитын актердың табиғи дауыс бояуына мән беру де аса маңызды. Олай болмаған жағдайда, күтілетін нәтижеге қол жеткізе алмаймыз. Өйткені, біреудің дауысы, сөйлеу нақышы – табиғатынан қоңыр үнді, майда, жұмсақ келсе, енді бірінікі – жіңішке немесе тым ащы, шаңқылдақ әлде, аса гүрілді, жуан, т.б. болуы да мүмкін. Міне, бұл да талап етуші тараптан ескерілуі тиіс қажеттіліктер.



«Қайран, Елім!» ән бейнебаянына кадр сыртындағы мәтін жаздыру сәті. Әнші Димаш Құдайберген мен актер Иісбек Әбілмәжінов жұмыс ретін талқылауда (2020 жыл).

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІҢ РӨЛІ

Алимжанова А.Ш.
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының меңгерушісі, филос.ғ.к., профессор

Ұлттық тәрбие – жаһандану дәуірінде ерекше сұранысқа ие болып отырған мәселелердің бірі. Жаһандану әлемнің алпауыт елдерінің тек саяси ғана емес, мәдени ықпалының күшеюін білдіретін үдеріс. Дамыған елдердің мәдени құндылықтарын сіңіру ұлт үшін аса қауіпті. Әсіресе ұлттық болмысы кеңестік билік жылдарында қатты өзгеріске ұшыраған қазақ сияқты аз ұлттар үшін жаһандану үдерісі жаңа сынақ болып отыр. Ғалым С.Пірәлиев өзінің «Ұлттық тәрбие пәні не үшін керек?» деген мақаласында «Алдымызда үлкен сұрақ тұр: ұлт болып қаламыз ба, жоқ па? Ал жаһанданудың жал-жал толқындарында жағаға шығуға қайрат қыла алмай жұтылып кетпейміз бе? Өйткені, жаһандану жағдайында батыс өркениеті, оның қауіпті ықпалы жан-жағын жалмап келеді. Осы үрдіс барысында батыс мәдени-рухани құндылықтарының басымдық танытуы жергілікті халықтың байырғы ұлттық сипатының жоғалуына түрткі болуы мүмкін. Батыстың білімі, ғылымы, техникасы мен технологиясы біздер үшін қажет-ақ. Ал ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдылық сезімімізді олар басып-жаншып, «жұтып» қоймай ма?» деген заңды сұрақтар қояды. Біздің пікірімізше, жаһандану үдерісіне қарсы тұрудың бір жолы өз ұлтының рухани негіздерін дәріптеп, мәдени құндылықтарын өскелең ұрпақ бойына сіңіру болып табылады. Осы тарихи міндет те қоғамдық пәндер алдына жаңа жауапкершілік жүктеуде. Өйткені қоғамдық пәндер ұлттық тәрбиенің тарихи бастаулары мен оның салалық ерекшеліктеріне қарай оқыту ісін тікелей ұйымдастырады. Мысалы жоғары оқу орын студенттері үшін міндетті оқылатын пәндердің ішінде Қазақстан тарихы, Философия, Саясаттану, Құқық негіздері, Қазақ және Орыс тілдері және тағы да басқа пәндер өздерінің кәсіби білім мазмұнынан бөлек, ұлттық тәрбие ерекшеліктеріне де көңіл аударады. Студенттерге қоғамның инновациялық даму талаптарына сай білім беру, ұлттық тәрбие құндылықтары тұрғысынан тәрбиелеу еліміздің жоғарғы оқу жүйесіндегі өзекті міндетке айналуда. Сөзсіз студент жастардың бойында ұлттық сананың қалыптасуы, ұлттық тәрбиеге сай болуына септігін тигізетін факторлар өте көп. Соның бірі – қоғамдық пәндер деп айта аламыз.

Философия – «ғылымның атасы» саналады. Философия пәні болмыс пен таным, рухани құндылықтар мен адам шығармашылығы, дұрыс ой-қорыту және тағы да басқа өзекті тақырыптарды қамтиды. Ұлттық тәрбие

тұрғысынан келгенде философия ілімі студенттердің тұлғалық қасиеттерін гуманистік, ұлттық құндылықтар бағытында дамытуды көздейді. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің негізі адамгершілік қағидаттары жатыр десек, адамның мүмкіншілігінің шексіздігі, өзін-өзі жетілдіру қабілеті, сенім мен ерік бостандығы, абырой, адамның бақытқа жетуі сияқты асыл қасиеттер дәріптеледі. Қазақ халқы үнемі парасаттылық пен данышпандықты, адамшылық пен тәрбиені ерекше қастерлеген. Міне осы ұғымдардың ғылыми астары, оның көрінісі студенттер бойында осы қасиеттерді қалыптастыру тетіктері сияқты мәселелер қарастырылады. Студент-жастар неғұрлым өз өмірі мен тағдырына жауапкершілігін ерте сезінсе, соншалықты өмірін, кәсіби мансабын дұрыс құруға талпынады. Осы тұрғысынан келгенде қоғамдық пәндер ұлттық тәрбиені насихаттау мен оның тиімділігін арттыруға қол жеткізеді.

Қазақ тарихындағы саяси құрылымдар, далалық демократия, дәстүрлі мәдениет, жаңұя құндылықтарына арнайы тоқтала отырып қоғамдық пәндер дана бабаларымыздың асыл сөздері мен ұлттық мәдениетті дәріптеу арқылы жастар бойында ұлттық ділді, Отаншылдық пен ұлтжандылықты, ата-ананы сыйлау, үлкенге көрсетілер құрмет пен кішіге ізет, экологиялық мәдениет сынды қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Жоғары оқу орнының студенттері Қазақстан тарихы, әлеуметтану, саясаттану, мәдентттану пәндерін оқу барысында осы руханият мәселесіне арналған арнайы тақырыптарды талдап, ой қорытуға мүмкіндік алады. Мысалы Қазақстан тарихы сабақтарында ақын-жыраулар шығармашылығы, би-шешендер мұрасы, Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметімен қатар, руханият саласындағы еңбектері, Кеңестік билік жылдарындағы қазақ әдебиеті мен мәдениеті сияқты тақырыптар арнайы қарастырылады. Мұның өзі қоғамдық пәндердің ұлттық тәрбие мәселесін оқытып, дәріптеудегі орнын анықтайды.

Ұлттық тәрбиенің қайнар көздері, қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы оның халық ауыз әдебиетінде сақталған. Мәдениеттану, Қазақ әдебиеті сабақтарында студенттер осы рухани мұрамен тікелей танысуға мүмкіндік алып, ұлттық болмыстағы адамгершілік пен сыйластық, Отансүйгіштік пен толеранттылық сынды ұлттық асыл қасиеттеріміздің үлгісімен танысады. Ұлттық тәрбиенің қайнар көздері болып табылатын фольклор, халық ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдерде екендігі баршамызға белгілі. Осы айтқандарымыздың ішінен үлкен ойды аядай қалыпқа түсіріп мәдениеттану, қазақ әдебиеті пәндері студент бойына ұлттық сананы қалыптастырады.

Сонымен қатар «Қазақ тілі» және «Орыс тілі» пәндерінің де ұлттық тәрбиені насихаттау мен қалыптастырудағы маңызы жоғары. Қазақ тілі мен орыс тілі сабақтарында әдебиет сабағымен байланыстыра отырып, ұлттық тәрбиенің негіздерін оқыту ұйымдастырылады. Мысалы «Қазақ тілі» сабақтарында бұйрық райды түсіндіргенде халқымыздың тыйым сөздерін

ұтымды пайдаланады. Олардың ішінде «Үлкеннің сөзін бөлме», «бөркіңді теріс киме», «бұлақтың көзін жаппа» сияқты тыйым сөздерді келтіріп, оның мәнін ашу студенттерді ұлтымыздың ізгі қасиеттерін дәріптеуге болады. Морфологиялық, синтаксистік, фонетикалық талдаулар жүргізу кезінде де тақырыптарды бекіту үшін жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, жаңылтпаш, қанатты сөздер, ертегілер, ұлттық ойын түрлері, әдеби шығармалардан үзінділер пайдаланылады.

Қоғамдық пәндердің студенттерге ұлттық тәрбие берудегі маңыздылығы жоғары. «Құқық негіздері» пәні бір қарағанда заңнамалық астары басым пәндер санатында болғанымен, сабақ барысында қазақ даласында билік еткен хандарымыздың заңдар жинағы, оның мәні ұлттық тәрбие тұрғысынан қарастырылады. Халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ұлттық құндылықтарымыз туралы топтық сайыс, рөлдік ойындар, зияткерлік викториналар, баяндама, эссе және тағы басқа жұмыстар түрлері орындатылады. Мысалы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сияқты заңдар жинағында ұлттық болмысымыз толыққанды бейнеленген. Бабаларымыз өз заңдарында ата-ананың қадірі, Отанды сүю, ел аралық байланыстар, ағайын арасындағы сыйластық, отбасылық қарым-қатынастар сынды маңызды ұлттық болмысымызды сипаттап, заңдастырады. Міне осындай бірегей заңнамалық ерекшеліктерімізді оқыту да студенттер бойында ұлттық құндылықтардың қалыптасуына түрткі болады.

ХХ ғасыр басында өмір сүріп, сол заманның саяси үдерістеріне белсенді араласқан, ұлттық тәрбие мен болмысқа қатысты өзіндік ойын білдірген жандардың бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің бір өлеңінде:

Алты әңгіме оқуға жайың бар ма?
Ұсындым жаңа өспірім ғалымдарға.
Әншейін бос сөз демей ғибрат ал,
Ой жібер ішкі сырын пайымдарға -

деп жырлайды. Дана бабамыздың бұл сөзі студент жастарымызды шабыттандырып, алдағы уақытта өздерінің өміріндеде, кәсіби салада да пайдалы болатын білім мазмұнын игеруіне түрткі болуы тиіс. Өйткені білім мазмұнына тек оқытушының айтқанын ғана тыңдау арқылы қол жеткізу қиын. Ең бастысы студенттер белсенділігі мен ынтасы да болғаны абзал.

Еліміздегі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында қоғамдық пәндердің ролін күшейту жұмыстары жүруде. Қоғамдық пәндердің жеке тұлғаны қалыптастыруда, тұлғаның әлеуметтенуіндегі маңызы өте жоғары. Өзінің кәсіби таңдауы бойынша білім мазмұнына ғана ие болып қана қоймай, студенттер білім көкжиегін кеңейте алуына назар аударылғаны өте дұрыс. Тарихи тәжірибе мен ұлтымыздың қалыптасу жолдарын біліп, қазіргі замандағы әлеуметтік және саяси үдерістерге баға бере алуы, тілдік құзіреттіліктерінің қалыптасуы сияқты міндеттер қоғамдық пәндердің құзырындағы мәселелер болып табылады. Бүгінде еліміздің білім беру

бағдарламасы өз пікірін еркін білдіріп, оны дәлелді түрде қорғай алатын, өзіндік көзқарасы қалыптасқан қоғамның белсенді мүшесін даярлауға бағытталған. Бұл дегеніміз қоғамдық пәндер және олардың жоғары оқу орындарында оқытылу мәселесі мемлекеттік маңызға ие екендігін білдіреді. Ең бастысы қоғамдық пәндер тек азаматтық қоғамның белді мүшелерін ғана қалыптастырып қоймайды, ол өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықтарға берік, өз елінің патриоты болып жетілуін қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда еліміздің жоғары оқу орындары, оның ішінде Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы да студенттердің жан-жақты білімді, әрі ұлттық құндылықтарды терең меңгерген маман болып қалыптасуына үлкен көңіл бөледі. Адам тұлғасын қалыптасыруға ықпал ететін білімдердің алуан түрлі болатындығын тәжірибеден көріп жүрміз.Тек осы алуан түрлі формалардың ішіндегі ең парасаттысы, өміршеңі – халықтың ғасырлар бойы жинақталған тәлім-тәрбиесі екеніне шек келтіре алмаймыз. Ұлы Аристотель «Тәлім-тәрбиенің негізі – халық тәжірибесінде» деген екен. Ұлы ойшылдың бұл сөзінен-ақ ұлттық тәрбиенің негіздерін оқыту ісінде қоғамдық пәндердің орны мен ролі жоғары екендігін аңғаруға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие пәні не үшін керек // Егемен Қазақстан. – 2016 жыл 17 қараша

2. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. – Астана: Фолиант, 2007.– 400 б.

3. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. − Алматы: Дарын, 2006. – 480 б.

4. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. - 2 т. − Алматы: Рауан, 1998.− 416 б.